



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2005

«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ

КІТАП СЕРИЯЛАРЫ

БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*

Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*

Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*

Әбділдин Ж.М.

Әуезов М.М.

Байпақов Қ.М.

Зиманов С.З.

Кәлетаев Д.А.

Кекілбаев Ә.

Кенжеғозин М.Б.

Қасқабасов С.А.

Қойгелдиев М.Қ.

Қосыбаев Е.М.

Құл-Мұхаммед М.А.

Мағауин М.М.

Мәмбеев С.А.

Нұрпейісов Ә.К.

Нысанбаев Ә.Н.

Рахмадиев Е.Р.

Сұлтанов Қ.С.

Сүлейменов О.О.

Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Діни дастандар



ББК 82.3 (2 Қаз)

Б12

**«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Әзібаева Б. (*жауапты редактор*), Әлбек Т.,
Қасқабасов С., Қосан С., Нарымбетов Ә.

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:

Әзібаева Б., филология ғылымдарының докторы,
Әлбек Т., филология ғылымдарының кандидаты,
Қосан С.

Жауапты шығарушы: Салтақова Ж.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 15: Діни дастандар. — 2005. — 344 бет, суретті.

ISBN 9965-619-20-4

«Бабалар сөзі» сериясының он бесінші томына «Қисса Салсал»,
«Әзірет Өлидің соғысы», «Қисса Әбушахма», «Хикая Әбушаһыма»
атты діни дастандар енді.

Б 4702250105
 00(05)—04

ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-619-20-4 (т. 15)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2005
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты — халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Оның негізгі принципі — шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, фольклорлық шығарманың сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді таңдап оқырманға ұсыну. Керек болған жағдайда бірнеше варианттары жарияланады.

Әрбір том қосымшалармен толығып отырады. Қосымшаларда ең алдымен, томға енген нұсқалардың түсініктемелері және олардың варианттары жөнінде толық мәлімет беріледі. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер кіреді. Ең соңында дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер және ағылшын, орыс тілдеріндегі резюме жазылып, пайдаланылған әдебиеттердің тізімі көрсетіледі.

«Бабалар сөзі» атты серияның он бесінші томы алдыңғы 10-14-томдары тәрізді діни дастандарды қамтиды. Олар — көлемді, оқиғасы шытырман «Қисса Салсал» мен «Әзірет Әлидің соғысы» және «Қисса Әбушахма», «Хикая Әбушаһыма» атты дастандар.

Діни дастандар өткен ғасырларда халықтың рухани азығы ретінде ұлы міндет атқарғаны белгілі. Дін тақырыбындағы шығармалар XIX ғасырдың екінші жартысында жүйелі түрде

араб әрпінде мыңдаған данамен кітап болып басылды. Мысалы, «Қисса Салсал» дастаны тоғыз мәрте баспа жүзін көрген. Төрт басылымның жалпы таралымы — 23200 дана.

Мыңдаған данамен жарияланған діни дастандар ел арасына тарап, ықпалын онан сайын күшейтті. Кітап болып шыққан шығармалармен бірге, жарияланбаған, әр түрлі мұрағаттарда, қорларда сақталып, бізге қолжазба күйінде жеткен дастандар да аз емес. Солардың ішінде томға ұсынылып отырған XIX ғасырдың аяғында хатқа түскен «Әзірет Әлидің соғысы» мен «Қисса Әбушахма» және XX ғасырдың басында жазылып алынған «Хикая Әбушаһыма» дастандары.

Томды дайындау барысында XIX ғасырда араб әрпінде жазылған қолжазба мен Қазан төңкерісіне дейін кітап болып шыққан дүниелерді дұрыс оқу үшін мәтіндерге мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді. Түпнұсқада қате жазылған сөздер қазақ тілінің жалпыға ортақ жазу нормаларына және контекстке сәйкес өзгертіліп отырды, ал кейбір шумақтарда жекелеген сөздер мен жалғаулықтар түсіп қалған жағдайда қажетті сөздер тік жақшаға алынып берілді.

Томға енгізіліп отырған «Қисса Салсал» дастаны 1909 жылғы кітаптан, ал «Әзірет Әлидің соғысы», «Қисса Әбушахма» мен «Хикая Әбушаһыма» М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба орталығында сақтаулы тұрған қолжазбалардан еш өзгертусіз дайындалды.

Томның көлемі — 21,5 б.т.



МƏТИНДЕР





قصه صال صال

Қисса Салсал

Әуелде жад етемін Тәңірім атын,
Сұрасаң, Мәулекей-дүр — менім атым.
Түмен менен Омбы арасында,
Һеш адамнан кем емес салтанатым.

Сөйлей бер, қызыл тілім, өлмей тұрып,
Һеш адамнан қорлықты көрмей тұрып.
Тіл менен жақ, сөйлей бер мына тойда,
Жең, жағасы жоқ тонды кимей тұрып.

- 10 Сөйлей бер мына тойда, өлмей тұрып,
Басы жоқ бір атқа мінбей тұрып.
Сөйлеп қал мына тойда, байғұс тілім,
Түңліксіз қараңғы үйге кірмей тұрып.

Тіл берді сөйлесін деп Жаппар Құда,
Құдайға құлдық қылып тұрсақ та мұнда.
Мәңгі бақи тамұқта қалмас едік,
Құлдыққа болсақ машғұл бұ дүниеде.

- 20 Сөйлей бер алмай тұрып, жақ пенен тіл,
Жыл қисабын айтайын, жақсылап біл.
Бұ дүниеде Хақ Тағала жаратыпты
Баршасы санап көрсек, он екі жыл.

Әуелі Құдай жаратқан тышқан жылын,
Кей адамның алады өз пейілін.
Жыл қисабын жазамын бұ орында,
Аралап келіп едім Омбы жерін.

Мұнан соң келетұғын сиыр жылы,
Жамағат, жақсылап білің мұны.
Һәрқайсысын жазайын һәрбір жолға,
Осылайша жазайын мен де мұны.

- 30 Барыс келді мұнан соң айғай салып,
Көп хайуандар барыстан қалған талып.
Қабылан болар барыс дегендері,
Бұ сөздерді қазақтан келдім алып.

Төртінші жыл қисабы болұр қоян,
Құданы есіңе алсаң, шошып оян.
Көп кәпірді исламға кіргізем деп,
Көп сахаба соғыста шаһид болған.

- 40 Бесіншісі санасам, аты — ұлу,
Томскі губерне бізден бұру.
Қисаптап осылайша мен жазайын,
Баспашылар, қағазға басың сұлу.

Алтыншы жылан болұр қисабында,
Келтірген он екі жыл есебінде.
Қағазға өлең жазып, шимай салдым,
Ақылы қысқа Мәулекей сондай пенде.

Жетіншісін тағы айтсам, жылқы жылы,
Жүгірер тау жағалай қызыл түлкі.
Он екі жылды халім келсе мен жазайын,
Соңғыға бізден бұлай қалсын үлгі.

- 50 Сегізінші қой жылын тағы жазсам,
Біле тұрып лайық па, жолдан азсам?
Жат елдерді қыдырған мен бір ғаріп,
Өлең айтып көңілімді өзім бассам.

Тоғызыншы жыл болды, аты — мешін,
Һәр адам ақыреттің қамын жесін.
Бұ дүниеде жақсылық һеш қылмаса,
Ақыретте жауабын не дерсің?

- Оныншы жыл болар, білсең — тауық,
Айтамын осылайша ебін тауып.
Рузе тұт, жігіттер, намаз оқы,
60 Әлі-ақ бір күн қаларсың топырақ қауып.

Он бірінші жыл болұр деген ит-ті,
Көп адам бізден бұрын өтіп кетті.
Құдайға құлшылық қылмағандар,
Ақылы жоқ, ойласам, сірә, тіпті.

Айтайын он екінші жылы — доңыз,
Боқ астынан шықпайды қара қоңыз.
Тәкбір айт, зікіри деген сөз бар,
Дүниені айналыпты мұхит-теңіз.

- Осылайша он екі жыл тамам болды,
70 Көкірегі даңғыл адам ұғып алды.
Бәрін де ақылменен ойлап көрші,
Ата-бабаң, баршасы дүние салды.

Жасыңды ұмытпассың, мұны білсең,
Жазғанды білерсің енді оқысаң.
Он [екі] жыл аттарын жазып қойдым,
Білерсің жақсылап оқып көрсең.

- Мәнжілдің медресесі — тұрған жерім,
Омбыда Атығай — жүрген жерім.
Жетпіс тоғыз жылында, қоян жылы,
80 Өзімнің мешін болұр туған жылым.

Көріп тұр, енді бір қисса келер,
Оқығандар бұ сөзден ғибрат алар.
Сахабалар соғысын естігеннің
Көңілі толқып, көзінен жасы ағар.

Май число отызында Омбы келдім,
Ахун ақаң үйіне мейман болдым.
Және бір күн Тасекеңе қонып алып,
Сол түнде бұ қиссаны тамам қылдым.

- Дамолла Абдолла жолдас болды,
90 Тарсудан параходпен бірге келді.
Тасекең баласы да Абдолла-дүр,
Қасымда азырақ отырды да ұйықтап қалды.

Ахун менен Тасекең мейман қылды,
Біздей ғаріп жанменен ғалам толды.
Жоқ-барды көп сөйлеп не қылайын,
Хазірет Әли қиссасы енді келді.

Қисса Салсал

- «Салсалды» Түменде таба алмадым,
Омбыға баруға енді ойландым.
Жүйткіген параход аралымнан,
100 Он бес күнде Омбыға келіп қалдым.

Соның үшін Омбыға барып қалдым,
Салсалды біреуден тауып алдым.
Олай-бұлай қатасын түзеп алып,
Заказной почтальонға айтып салдым.

Төрт кітап бастырдым мұнан бұрын,
«Сейітбаттал», «Шейх Бұрқы», «Қара түлік».
Төртіншісі «Мінәжат» деген бір сөз,
Енді «Салсал» бастыру — менім ойым.

- Өзім өлсем, өлмей-дүр жазған хатым,
110 Жалытұр оязынан асыл затым.
«Сейітбаттал» қиссасын оқып көрсең,
Сонда енді көрерсің менім атым.

Осы ісім ұнай ма, ағаларым,
Айып қылып жүрмеңіз, бабаларым.
Мұны жазған күнөһар, бейшараға,
Бір дұға қылып қойыңыз, інілерім.

Ғазат Әли әл-Мұртаза

Жәрдем бергіл біздерге, жалғыз Алла,
Тұғры жолды асан қыл барша жанға.
Шариғаттан тысқары сөз сөйлетіп,
120 Шерменде қылып, тозаққа бізді салма.

Бір Алла, тұғры сөйлет тілімізді,
Жаман жолға салдырма көңілімізді.
Бір өзің рақым қылып фазылың бірлөн,
Жарылқа біздік асы құлыңызды.

Жарылқа біздік ғасы құлыңызды,
Шариғатқа тура қыл мойнымызды.
Бұ ниетім қабыл қылып, Жаппар Құдай,
Батин-заһир ашқайсың көзімізді.

Пайғамбар мекен тұтқан Мәдинеде,
130 «Үмбетім» десін бізді о дүниеде.
Бір азырақ Пайғамбардан сөз сөйлейін,
Жағыма жәрдем бергіл, Жаппар Ие.

Жағыма жәрдем бергіл, Жаппар Ие,
Пайғамбарлар баршалары бізді сүйе.
Қырық шілтен, ғайып ерендер, жәрдем бергіл,
Және медет бергейсің, жұмла әулие.

Біздерге жәрдем бергіл, шаһариарлар,
«Шапағат қыл, — деп, — махшарда» қыламын зар.
Бұ сөзімде жәрдемші болыңыздар,
140 Хасен, Хұсайын ол барша сахабалар.

Айтайын баяғыдан біраз кеңес,
Жақсы адам жетімнің хақын жемес.
Бұ кеңесім тыңдасаңыз, әй, жарандар,
Өңге сөз бұ бөріне кеңес емес.

Біздерге жәрдем бергіл, пайғамбарлар,
Имансыздар тамұқта қыла-дүр зар.

Пайғамбарды имам қылып, әй, жарандар,
Бір күн намаз оқыпты сахабалар.

150 Жастары үлкен ішінде кәрі де бар,
Әбубәкір, Омар, Осман, Әли де бар.
Хазіреті азаншы Біләлменен,
Отыз үш мың сахаба бөрі де бар.

Пайғамбардың әуел асыл түбі — араб,
«Хабибім» деп ат қойған Тәңірім қалап.
Тәсбих тартып, намазын тамам қылып,
Фатихасын оқиды қарсы қарап.

160 Патшалық құрды тақсыр салтанатын,
Тұғры жолға бастайды тамам халқын.
Дүр-жауһар аузынан сөз шығарып,
Сахабаға айтады насихатын.

Жылдан-жылға жақындар ақырзаман,
Пайғамбарды артық сүйді Хақ Тағалам.
Уағдасыз дүниеге алданбаң деп,
Насихатын Пайғамбар қылды тамам.

— Жарандар, тыңдап отыр айтқан сөзім,
Аз-маз сөз алып жүрсең өсиетім.
Кім қылар осы айтқан бір қызметім,
Көңіліміз тілеп отыр киік етін.

170 Мен батамды барғанға берсем екен,
Біреуіңіз киік алып келсең екен.
Көңілім түсті, жарандар, әлденеге,
Киік етін бахузур жесем екен.

Пайғамбар осы сөзді айтып салды,
Сахабалар баршасы аң-таң қалды.
Әбілмәжін бір батыр сахабамен,
Сәдуақас алдына жетіп барды.

- Киік аулай шығармыз түзге, — деді,
Бір қызмет етерміз сізге, — деді.
Бұ қызметті жанымызбен қылар едік,
180 Тақсыр, бата бере көр бізге, — деді.

Бұлардың білді енді аттанарын,
Бата берсе біледі шаттанарын.
«Бір Алла оңғарсын, — деп, — жолдарыңды»,
Мүбәрак тақсыр берді баталарын.

Пайғамбар фатихасын берді дейді,
Қуанысып атына мінді дейді.
Саймандарын, баршасын сайлап алып,
Екеуі жолға түсіп жүрді дейді.

- Әбілмәжін, Сәдуақас екі батыр,
190 Олардың айтқан сөзі балдай татыр.
«Пайғамбарға бір қызмет қыламыз» деп,
Киік іздеп екеуі келе жатыр.

Бұларға жолықпай тұр жалғыз киік,
Үш күн, үш түн келеді тынбай жүріп.
Киік іздеп екеуі келе жатса,
Бір тауға жетті дейді тым-ақ биік.

- Киік іздеп екеуі шықты ауға,
Қарсылық қыл, жарандар, нәпсі жауға.
Мұнда киік болар деп, ниет қылып,
200 Екеуі шапқыласып шықты тауға.

Жарандар, құлақ салғыл сөздеріме,
Бір кеңес тыңдатайын өздеріңе.
Киік іздеп ол тауға шыққан екен,
Бір шаһар көрінеді көздеріне.

Шаһар жаққа жол тартып кетті дейді,
Бір күн, бір түн тағы да өтті дейді.
Бір күн, бір түн тынбастан жол жүрісіп,
Сол көрінген шаһарға жетті дейді.

Екеуі шығып кетті мұндай шетке,
210 Сиынады бір Жасаған Құдіретке.
Бір алтынды сарайға жетіп келіпті,
Биіктігі таласқан аспан-көкке.

Ағып жатқан төрт жақта бұлағы бар,
Сайрайтуғын бұлбұлдардың тұрағы бар.
Құбыла тарапында ол сарайдың
Бау-бақшалы, жемісті шарбағы бар.

Мұндай жақсы шарбақты көрді дейді,
Бұрын мұндай көрген жоқ бұны дейді.
«Тамашасын шарбақтың көрейік» деп,
220 Екі батыр ішіне кірді дейді.

Намазға жаман адам ерінеді,
Намаздыға ол ұжмақ беріледі.
Әбілмәжін, Сәдуақас қайран қалды,
Ерамбағы секілді көрінеді.

Ол шарбақтың ішінде ашылған гүл,
Гүл деген иісі жұпар, барыңыз жұл.
Бұлақтары һәр тарапқа ағып жатыр,
Сайрайды және ішінде түрлі бұлбұл.

Жемісі бар ол шарбақтың пісіп тұрған,
230 Жібектен жайылып-дүр көп дастархан.
Алтынды аяқ, алтынды табақ, қасық,
Һәр түрлі ас қазанда пісіп тұрған.

Төсектері бар жақсы салтанатты,
Мұндай жерді көрген жоқ асыл затты.
Дүниедегі ас, жемістің бәрі де бар,
Жеп қараса, бірінен-бірі тәтті.

Сусап бұлақ суынан ішті дейді,
Аттарын отқа қойып түсті дейді.
Алтынды төсектерге шықты дейді,
240 Жылынып киімдерін шешті дейді.

Желпінді киімдерін шешіп салып,
Шарбаққа қарасты қайран қалып.
Екі тақсыр намазға кіріседі,
Ағып жатқан бұлақтан таһарат алып.

Ғеш нәрседен қорықпайды сабаздарың,
Шарбақтың тамаша қылып кезді бәрін.
Шүкір қылып отырды бір Аллаға,
Тамам қылып екеуі намаздарын.

250 Жақ-жаққа ағып жатыр бұлақтары,
Ат асайтын және бар құрақтары.
Аспан-көкті қозғалтқан бір дауысты,
Екі батыр естиді құлақтары.

Екісі орнынан тұрды дейді,
Қарасып, мойындарын бұрды дейді.
Қару-жарақ көкпеңбек темір киген,
Екі жүз атты көпірді көрді дейді.

Жарандар, сол екеуі сондай күшті,
Құдайым душар қылды мұндай істі.
Екі батыр алдына жетіп келіп,
260 Баршасы қол қусырып, аттан түсті.

— Падишамыз өмір қылды бізге, — дейді,
Сізді қарауылшы көріпті түзде, — дейді.
Бұ шарбақ падишамыздың шарбағы-дүр,
«Алып кел», — деп, жіберді бізді [дейді].

Менің падиша екенімді білсін, — дейді,
Падишалық салтанатым көрсін, — дейді.
Падишалық салтанатым айта жүрер,
Мейман болып, қайыр қылам, келсін, — дейді.

Барудан қорқып әсілі бөгелмейді,
270 «Шақырса, біз бармаймыз неге» дейді.
Екеуі атқа мініп, «құп, болар» деп,
Көпірлерге қосылысып жөнеледі.

— Не деген жұрт болады сіздің халқың,
Далада мұндай көрдік салтанатын.
Әбілмәжін көпірлерден сөз сұрайды:
«Шаһарыңмен айтшы, — деп, — патшаң атын».

— Науадир деп аталған біздің жұрт бар,
Патшамыздан көп дұшпан қорқып қайыр тілер.
Науадир-дүр шаһарымыз, білер болсаң,
280 Сұрасаң, патшамыздың аты — Қитар.

Көпір сөйдеп айтады сөзді дейді,
Екеуі көпірлермен кетті дейді.
Көпірлермен қосылып жолға түсіп,
Келіп Қитар шаһарына жетті дейді.

Көпірлермен шаһарға жетіп келді-ау,
Батырлар сондай қорықпас, төтеп кепті-ау.
Биіктігі таласқан аспан-көкке
Падишаның сарайына алып келді-ау.

Екеуін көрген адам қайран қалды,
290 «Көрмедік, — деп, — дүниеде мұндай жанды».
Аттарын екеуі де байлай салып,
Қитар патша алдына жетіп барды.

Алдына падишаның кірді дейді,
Тартынбай екі батыр жүрді дейді.
Патшалық салтанатын артық көріп,
Екеуі қайран қалып тұрды дейді.

Екеуі қайран қалып тұрды дейді,
Ақын жырлап жатыр жырды дейді.
Оңда — хан, солда — сансыз сұлтандар бар,
300 Патшалыққа лайық көрді дейді.

Көп жасаған ішінде кәрі де бар,
Мың түрлі бұлбұлдардың әні де бар.
Өлеңшілер, домбыра, сырнай, қобыз,
Жер жүзіндегі ойынның бәрі де бар.

Екі батыр таң қалды «неткен жер» деп,
Ойын бар ойыңызда қандай керек.
Жер жүзіндегі ойынның бәрін жиып,
Падиша отыр екен қылып ермек.

310 Кәпірлердің неш ұжмақ табары жоқ,
Жаны — кәпір, Хақ дегенде нанары жоқ.
Ойын қылып отырып, жұртын жиып,
Бұ жаһан қайғысынан хабары жоқ.

Екі батыр алдына жетіп келді,
Кәпірлер неш көрген жоқ мұндай ерді.
Ойын қылып отырған падишаның,
Батырларды құп қарап, көзі көрді.

Ойыншылар ойынын қойып алды,
Падиша екеуіне көзін салды.
Патша көрсе мүшелері бұзық екен,
320 Бұлар палуан шығар деп ойына алды.

«Қорыққан болса бұ жерге келмес еді,
Бұларға неш жан теңдес келмес» дейді.
Падиша ішінде бұларды сынап отыр,
«Екеуін адам ұғлы жеңбес» дейді.

— Артық болған секілді заттарыңыз,
Біздің Лат, Манат ерді Жаппарымыз.
Падиша екеуінен сөз сұрайды:
— Батырлар, кім болады аттарыңыз?

Жаһаннам — түбі терең зыңдан дейді,
330 Имансызға оны орын қылған дейді.
— Біріміздің атымыз Науадир-дүр,
Біріміздің атымыз Һуман, — дейді.

— Патшалық берді Құдай, малды, — дейді,
Мен сансыз билеп тұрмын жанды, — дейді.
Тауып берсең, дүние малын аямас ем,
Сіздерге бір тілегім бар-ды, — дейді.

Өле-өлгенше болар ем пенде сізге,
Билейтұғын берер ем елді сізге.
Сол жұмысым-дүр қылып, тауып берсең,
340 Мұқтаждарың берер ем сонда сізге.

— Дұшпан көрсек қайрармыз қылышымыз,
Бір Құдайға ол жақын қылышымыз.
Жанымызбен қызметіңді қылар едік,
Падиша, қандай қатты жұмысыңыз?

— Айтқан сөзім тыңдағын, бөлі, — дейді,
Мәдинеде бар екен Әли, — дейді.
Дүние малын сіздерден аямас ем,
Тірі тұтып әкелсеңіз оны, — дейді.

Әкелсең, ұзын болсын жасың, — деді,
350 Бойыма тұрар еді асым, — деді.
Дүниеде тілектерің берер едім,
Әлиді өлтіріп, әкелсең басын, — деді.

— Бізден қабыл тілегің болды, — деді,
Құдай Тағала оңдасын жолды, — деді.
Әлиді өлтіріп, басын сізге әкелерміз,
Қосып берсең біздерге қолды, — деді.

Олардың ойыны бар алуан-алуан,
Падиша айтқан сөзін қабыл алған.
Бас қылып екі батырды жөнелтеді,
360 Екі мың жандарына қосып палуан.

Екеуі басшы болды мұндай қолға,
Бір Алла, батырларды өзің оңда.
Екі батыр бұларды бастап алып,
Екі күн-түн тақсырлар жүрді жолда.

Жарандар, бұ сөзіме қыласың таң,
Күнәһлі өлсең, қиналар шыбындай жан.
Мәдине тарапына келе жатса,
Будақ-будақ алыстан көреді шаң.

Бұлар бір шаң алыстан көрді дейді,
370 Кәпірлер оған қарай жүрді дейді.
Мәдинеден бір шыққан керуен екен,
Кәпірлер оған қарап келді дейді.

Мәдиненің кісісі бәрі араб,
Кәпірлер білді дейді бәрі қарап.
Бұлар да біздің елге дұшпан ғой деп,
Ат қойып, керуенді алды талап.

Кәпірлер керуенді алды талап,
Ұрып-соғып керуенді қылды харап.
Кәпірлер малын талап алғаннан соң,
380 Керуендер жылайды енді бір Аллалап.

Жылайды: — Жалғыз Алла оңдай көр, — деп,
Кәпірлерден қорлықты мұндай көрдік, — деп.
Зар қылып Мұхаммедті жад қылады,
— Алла досты Мұхаммед, қолдай көр, — деп.

Жылайды: — Харап қылды бұ дұшпан, — деп,
Медет қыл, — деп жылайды, — алыстан кеп.
Керуен жылап, Әлиге сиынады:
— Шер Құда, қолдай көр, Арыслан, — деп.

Кәпірлердің қарап тұр талағанын,
390 Бұйымнан алды кәпір қалағанын.
Құлағымен естиді екі батыр,
Керуеннің бұлайша болып жылағанын.

Жылағанын керуеннің бұлар көрді,
Сөздеріне батырлар іші күйді.
Қылыштарын қынынан суырып алып,
Өз қолына екі батыр өзі тиді.

Мұсылман екендерін көрді дейді,
Бұрын білмей қарасып тұрды дейді.
Аш бөрідей болысып екі шекті,
400 Өз қолын қойдай енді қырды дейді.

Кәпірлерді атады доп секілді,
Қаһарланып көрсетті көп үкімді.
Кәпірлер — қой, бұлар қырды аш бөрідей,
Кәпірлер — қамыс, бұлар — от секілді.

Бастар төннен айырылды, төндер жаннан,
Жаны кәпір айырылған нұр иманнан.
Кәпірлер екеуінен бөрі өліп,
Жандары орын алыпты жаһаннамнан.

Керуен өз малдарын өзі алды,
410 Батырлардың ісіне аң-таң қалды.
Қолы сынық, бастары ол жарылған,
Біраз кәпір Қитарға қашып барды.

— Падиша, арыз етеміз сізге, — дейді,
Құлағыңыз салып тұр бізге, — дейді.
Екі күн-түн біз шықтық түзге, — дейді,
Бір керуен көрінді көзге, — дейді.

Қасына керуеннің бардық, — дейді,
Тұс-тұс жақтан біз атты салдық, — дейді.
Керуенді біз талап алдық, — дейді,
420 Олжаға үлкен батып қалдық, — дейді.

Керуендер «Алла» деп жылайды зар,
«Мұхаммед» деп жылайды бейшаралар.
Қойдай ғана шуласып, айғай салып,
«Медет қыл, — деп жылайды, — Әли Хайдар».

Екеуін басшы қылып шықтық түзге,
Қаһар көрдік олардан, тақсыр, біз де.
Қолдың бәрін екеуі қырып салды,
Біздер қашып бұлайша келдік сізге.

Олар көрген істерін қылды баян,
430 Падиша ашу қылды одан жаман.
«Өлтірмей, тірі тұтып әкелің!» деп,
Жиырма мың палуанды жиды тамам.

Тыңдасаңыз айтайын жақсы кепті,
Көп көпірге осы жолда қаза жетті.
Падишаның қызметін қыламыз деп,
Жиырма мың палуан іздей кетті.

Табайық деп көпірлер жүреді тез,
Ұстаймыз деп келеді жолықса кез.
Әбілмәжін, Сәдуақас екеуінен,
440 Жарандар, бір азырақ есітің сөз.

Екеуі екі мыңды қырған екен,
Қылыш шауып, шоқпарды ұрған екен.
Екі мың палуанды қырғаннан соң,
Бірнеше күн ол жерде тұрған екен.

Жарандар, құлақ салғын сөздеріме,
Тыңдайтұғын келдіңіз кездеріңе.
Бір күні таң намазын оқыған соң,
Бұлардың бір шаң көрінді көздеріне.

Қарап тұрса ол шаңға есі кетіп,
450 Қас жүйрік елең етер екпіндетіп.
Қарап тұрса ол шаңға екі батыр,
Жиырма мың палуандар келді жетіп.

Бұларға Құдай берген таудай талап,
Бір өздерін қашпайды көпке балап.
Жиырма мың көпірлер жетіп келіп,
Айналып батырларды алды қамап.

Аз кісі не қылады мұнша көпке,
Сиынып тұр екеуі Құдіретке.
Көпірден Шимрүк деген бір палуан,
460 Шығыпты күндей күркіреп жекпе-жекке.

Көпірлерден қорқысып тартпайды бас,
Неге қорықсын, оларға Құдай жолдас.
Шимрүк көпір шыққанда «жекпе-жек» деп,
Қарсы шықты алдынан Сәдуақас.

Кәпір қылды сол жерде қайлаларын,
Білмейді бір бөлеге байланарын.
Күндей күркіреп, ақырып осы кәпір,
Сәдуақасқа сілтейді найзаларын.

Жүз көуірді бір-біріне атты дейді,
470 Кәпірдің де қаһары қатты дейді.
Найзамен ол кәпір сілтегенде,
Жеткізбей Сәдуақас қақты дейді.

Сәдуақас сілтеді оған найза,
Бір-біріне жеткізбей қылды қайла.
Сәдуақас найзасын кәпір қақты,
Найзаменен неш нәрсе қыла алмайды.

Бұрынғының бар екен сондай кебі,
Найзамен бірталай күндер өтті.
Бір-біріне неш зарар қыла алмайды,
480 Найзаларын сілтесті отыз екі.

Сәдуақас бек қатты ашуланды,
Ашуланып шоқпарын қолына алды.
Шоқпарын көтеріп ап, оңтайланып,
Шимрүк[тің] қасына жетіп барды.

Шоқпар бірлән Шимрүкті салды дейді,
Кәпірлер таң-тамаша қалды дейді.
Шимрүк кәпір аты бірлән күл-күл болып,
Жаны тура жаһаннамға барды дейді.

Жақсы адам жетімнің хақын жемес,
490 Кәпірлер айтты бұларға нешкім келмес.
Бірме-бірге кәпірлер келмеген соң,
Баршасы жабылуға қылды кеңес.

Кәпірлер «біз көппіз» деп мақтанады,
Қару алып баршасы аттанады.
«Қаулай жасақ бұларды ұстармыз» деп,
Кәпірлер түс-түс жақтан ат салады.

Жердің жүзін ол басқан кәпірлер көп,
Қараңғы болды шаңынан сонда аспан-көк.
Өбілмәжін бір жақтан ұрыс қылды,
500 Ақырып-ақырып «Иә, Расул Алла» деп.

Екі батыр кәпірлерге қылыш шапты,
Кәпірлер қайратына аң-таң қалды.
Түске дейін үш мың кәпірді һәлак қылды,
Кәпір қаны ол жерде судай ақты.

Жарандар, екі батыр мұндай күшті,
Кәпірлерге көрсетті мұндай істі.
Өздері де, тақсырлар, қалжырапты,
Бір-біріне жетпіс жерден жара түсті.

Оларға жабылады сонша дұшпан,
510 Оларды қолтықтай көр өзің, Сұбхан.
Кәпірлер қашарға бет қойған шақта,
Және бір шаң көрінді күншығыстан.

Екі батыр кәпірді қылыштаған,
Кәпірлерден қорқып, қашып жасымаған.
Әлгі шаңнан бірталай қол көрінеді,
Он екі кісі ішінде ту ұстаған.

Олардан да өтіпті бұ дүние сұм,
Кәпірлер оны көріп қуанды тым.
Кәпірлерге қосылды олар келіп,
520 Он екі ту түбінде он екі мың.

Он екі мың ләшкердің бәрі де орыс,
Кәпір өскен жер екен, қылып қуаныш.
Дүние жүзін қап-қара шаңдақ қылып,
Күн батқанша тағы да қылады ұрыс.

Екі батыр бір келмес түсті жолға,
Жаппар Құдай, бұларды өзің оңда.
Сансыз кәпір қырылды күн батқанша,
Сәдуақас жаралы болып түсті қолға.

Қолға түсті Сәдуақас қайран батыр,
530 Кәпірге салған талай заманақыр.
«Патшаға біз алып барамыз» деп,
Бір бөлек байлап алып кетті кәпір.

Сәдуақас батырды байлап алды,
Мақтанысып патшаға алып барды.
Құданың құдіретіне қарасаңшы,
Әбілмәжін ол жерде жалғыз қалды.

Мақтанды патшаға алып барғандары,
Тарту қылып алдына салғандары.
Сәдуақас жағын әзер көтереді
540 Кәпірдің асқан он екі палуандары.

Патша[ның] алып барды жандарына
Жақты салды қайран болып алдарына.
Ол жақты тамаша қылып көрсеңдер деп,
Патша жақты жіберді хандарына.

Тамаша ғып көреді жас пен көрі,
Он екі кәпір көтерді палуандары.
«Дүниеде мұндай жан да бар екен» деп,
Таң-тамаша қалыпты жанның бөрі.

Кәпірлер қайран қалды шуылдасып,
550 Патшаның қызы көрді көзін ашып.
Патшаның қызының аты — Диләфруз,
Жағын көріп Сәдуақасқа болды асық.

Құдай қызға көрсетті тура жолды,
Жақты көріп ішіне қайғы толды.
Сәдуақас батырды, ей, жарандар,
Көрмейінше ошал қыз асық болды.

Кәпірлердің қарап тұр қылғанына,
Сәдуақас ол тұтқын болғанына.
Сәдуақас батырды ол кәпірлер,
560 Алып барып салыпты зынданына.

Бұлар мұндай бөлеге жолықты кез,
Кәпірлер таусылмайды, сірә, һәр кез.
Сәдуақас зынданда жата тұрсын,
Енді Әбілмәжін батырдан естіңіз сөз.

Оларға Құдай берген таудай талап,
Бір өзін ұрыс қылыпты көпке балап.
Ол күні жалғыз өзі ұрыс қылып,
Сегіз мың қол кәпірден қылды һәлак.

Жарандар, көп те шығар сөзден мағынам,
570 Шариғаттан терерсің менің мұным.
Жалғыз өзі кәпірмен соғыс қылып,
Жаһаннамға жіберді сегіз мыңын.

Сегіз мыңын өлтірді жалғыз қырып,
Күн кеш болды ол күні сөйтіп.
Бір құлан атып, етін пісіріп жеп,
Бір далада жатады шүкір қылып.

Сиынады жаратқан Жаппарына,
Бір Алла сақтайды екен сақтарында.
Құтпан намазын сол жерде оқып алып
580 Және Әбілмәжін мінеді аттарына.

Атқа мінді Қитарға барайын деп,
Шаһарға түнде ойран салайын деп.
Сәдуақас хабарын білейін деп,
Тірі болса шығарып алайын деп.

Сиынды бір Жасаған Құдіретке,
«Иә, Расул Алла» деп сиынады Мұхаммедке.
Сахаба шаһариардан жәрдем тілеп,
Түнде тақсыр шаһарға жетіп келді.

Тартынбастан шаһарға келді кіріп,
590 Қорықпайды ұстар деп біреу көріп.
Шаһардың зорлығына таң қалады,
Тамаша қып көреді кезіп жүріп.

Кітапта осылайша айтқан сөзі,
Әбілмәжін қарап жүр жалғыз өзі.
Патшаның үйінің жанында бір алтынды үйден,
Шам жарығы шығады, көрді көзі.

Жарандар, тыңдап отыр айтқан сөзім,
Кәпір толған, ол басып жердің жүзін.
Шам шырағын көрген соң жетіп келіп,
600 Әбілмәжін ол үйге салды көзін.

Ай жүзді қыз ол үйге толған екен,
Ойын ойнап, қызықта болған екен.
Жер жүзіндегі ойынның бәрін жиып,
Патша қызы қызойнақ қылған екен.

Әбілмәжін бек асқан батыр екен,
Шаһардың бәрі де ұйықтап жатыр екен.
Баяғы ашықтықтан шыдай алмай,
Ермек қылып патша қызы отыр екен.

Жарандар, көрдіңіз бе мұндай ерді,
610 Әбілмәжін көріп, оған көңіл берді.
Сол қыз үшін бір жерден қарғып түсіп,
Алдындағы бір бөлек үйге кірді.

Қорықпайды Әбілмәжін өзі мықты,
Ұрыс қылып, көп кәпірді жерге тықты.
Өзге қыздар білмейді ойнап жатыр,
Патша қызы білді де, тысқа шықты.

Не қылсын өңге қыздар ойнап-күлмей,
Патша қызы асық болды ұйқы көрмей.
Патша қызы жылысып тысқа шықты,
620 Шыққанын әлгі қыздар қалды білмей.

— Мен сені біліп едім баяғыда,
Сөзімнен қыз да болсам таямын ба?
Не деп айтсам, мұсылман болармын деп,
Бас қойды Әбілмәжін аяғына.

Сіз мұнда неғып келдің, япырым-ай,
Ай көр, жылаған біз пақырыңды-ай?
Мұсылмандық біздерге үйрете көр,
Дүниеде теңдесі жоқ батырым-ай.

630 Өлең шіркін, қиын ба кемеңгерге,
Жарандар, бұ дүниеге көңіл берме.
Әбілмәжін үйретті, иман айтты,
Қыз мұсылман болады ошал жерде.

Өңге қыздар ол қалды қылып ойын,
Мұсылман болып, әлгі қыз сұнды мойын.
Иман айтып, мұсылман болғаннан соң,
Әбілмәжінге айтады жайын-күйін.

— Кем емес бір кісіден затым, — деді,
Уақасқа болған едім қатын, — деді.
Қитар патша ол менің атам, — деді,
640 Бұл сөзімде һешбір жоқ қатам, — деді.
Түсімде Пайғамбар Уақасқа неке қылған,
Диләфруз болады атым, — деді.

Ошал қыз Құдай оңдап иман тапты-ау,
Жақсы неге көнбесін ынтымаққа.
«Жүр, батыр, Уақасты табайық» деп,
Бастап алып жөнелді зындан жаққа.

Екеуі зындан жаққа барды дейді,
Арқан салып Уақасты алды дейді.
Бір-бірінен есендік-саулық сұрап,
650 Көрісіп, құшақтасып қалды дейді.

Көрісіп, құшақтасып қалды дейді,
Дін үшін біз қинайық жанды дейді.
Ұйықтап жатқан шаһарға, ей, жарандар,
Түнде үшеуі ойранды салды дейді.

Қитар, әслә, білген жоқ қыздың сырын,
Талады көрсе қыздың адам нұрын.

Үшеуі түнде тұрып, ей, жарандар,
Шаһарға таң атқанша қылды қырғын.

660 Кәпірлерді ол [үшеуі] атып доп қылыпты,
Шаһар ішін қып-қызыл от қылыпты.
Шаһарға түнде үшеуі ойран салып,
Екі жүз мың кәпірді жоқ қылыпты.

Падишаның бек артық салтанаты,
Диләфруз, жарандар, қыздың аты.
Таң атып ол шаһардың, ей, жарандар,
Тұрыпты ол қырғыннан қалған халқы.

Үшеуі түн ішінде топты шауып,
Кәпірлерден қылмайды неште қауып.
Патша тұрып шаһарға көзін салса,
670 Шаһар халқы қалыпты қырғын тауып.

Қырылғанын шаһардың көзі көрді,
Қырғын тапқан себін қыздан білді.
Үшеуінен келгенін біліп патша,
Қызға қарап ұрысып жылайды енді.

— Неге мұндай ұрыс қылдың, қызым, — деді,
Сені жақсы көруші ем өзім, — деді.
Бір жаман қарақшылар тілін алып,
Шаһарымды неге мұндай бұздың, — деді.

Жамандық неге қылдың, қызым, — деді,
680 Неге мұндай іс қылдың, қызым? — деді.
Мен де сізден, әй, қызым, бездім, — деді,
Дүниеде қара болсын жүзің! — деді.

— Әй, ата, сен болмассың маған жолдас,
Суретті Құдай қылған һәркез оңбас.
Мен өзім Мұхаммедтің дінін тұттым,
Дінсіз атаға лағынет, өзіңе — тас!

Атасына қыз айтты мұндай кепті,
Бұ сөзі ол көпірге жаман өтті.
Қылатынын ойындағы қылғаннан соң,
690 Үшеуі ол шаһардан шығып кетті.

Бұ сөзімнің қарап тұр соңына енді,
Таусылмас көпірлердің молына енді.
Жақ-жаққа ат шаптырып жеті күн-түн,
Қитар патша жияды қолын енді.

Жарандар, тыңдап отыр айтқан сөзім,
Шаңдақ басты қап-қара күннің көзін.
Жақ-жақтан қисабы жоқ ту көрініп,
Құмырсқадай басты көпір жердің жүзін.

Қарап тұр, қорықпайды екі батырларың,
700 Соғысуға қайрайды қылыштарын.
Айнала жердің жүзін басып көпір,
Жан-жақтан құрды дейді шатырларын.

Қылыштарын екі батыр қайрап алып,
Қайрап-қайрап беліне байлап алып,
Үшеуі бір Құдайға тәуекел қылып,
Соғысқалы тұрады даярланып.

Ол екеу қорықпайды, өзі мықты,
Көп көпірді ұрысып жерге тықты.
Көпір жақтан бір палуан Мешір деген,
710 Ақырып жекпе-жекке жалғыз шықты.

Көпірдің қысым түссін жандарына,
Тәубе қыл, мұсылмандар, жан барында.
Күндей күркіреп ол шыққан шақта,
Сәдуақас шығыпты алдарына.

Бір-біріне қарасып жүрді дейді,
Қылыш шауып, шоқпарды ұрды дейді.
Бір-біріне қарумен көр қыла алмады,
Қайран болып екеуі тұрды дейді.

Шоқпар ұрып, қылыштар шабысады,
720 Жұрт қайран болып аң-таң қалысады.
Қаруларын қойысып, ат үстінен
Жағасынан екеуі алысады.

Ат үстінде табандай тіреседі,
Ат үстінде бірталай күреседі.
Аттары жерге кірді тартқанында,
Бір-біріне болыспады, башаршады.

Ашуын Уақас жиып алды дейді,
Көздеріне толтырып қанды дейді.
Белбеуінен аспанға көтеріп алып,
730 Бұлғап-бұлғап ол жерге салды дейді.

Сәдуақас көтеріп жерге ұрды,
Есі кетіп кәпірлер қарап тұрды.
Сүйектері күлден майда болып,
Жаны тура жаһаннамға барып кірді.

Ол кәпірді көтеріп доп қылышты,
Шоқпармен кәпір басын жоқ қылышты.
Және бір кәпір келіпті соғысқалы,
Оны дағы найзамен жоқ қылышты.

Оларға Құдай берген таудай талап,
740 Үшеуі сиынады бір Алла деп.
Ол [жерде] Сәдуақас бірме-бірге
Сексен палуан кәпірді қылды һәлак.

Күн кеш болып, барабан қақты дейді,
Өз жайына кәпірлер қайтты дейді.
Үшеуі бір жақсы жерге барып,
Құдайға шүкіршілік қылып жатты дейді.

Кәпірлер жиылысып не деседі:
— Бұлар осал болса, бұ жерге келмес, — деді.
Таң атса, біз жабылып ұстайық, — деп,
750 Бірме-бірге болмас, — деп кеңеседі.

Таң көрінді сарғайған көздеріне,
Кәпірлер бет қойды екі ерлеріне.
Жақ-жақтан барабанды кәпір қағып,
Жөнелді ұрысатұғын жерлеріне.

Сәдуақас күркіреді күндей болып,
Жердің жүзін басып тұр кәпір толып.
«Жекпе-жек!» деп ақырып Уақас шықты,
Күркіреді мас болған пілдей болып.

Кәпірлерге болады заманақыр,
760 Кәпірлерді қорқытты Уақас батыр.
Түндегі қаулы қылған сөздері бар,
Жекпе-жекке келмейді жалғыз кәпір.

Уақас тұрды «қайратым көріңіз» деп,
Шақырыпты «ұрыс қыл біріңіз» деп.
Және бұлт секілді күркіреді,
«Жекпе-жекке біріңіз келіңіз» деп.

Сәдуақас күндей болып күркіреді,
Кәпірдің бәрі қорқып, қайғы жейді.
Бірме-бірге келмейді жалғыз кәпір,
770 Даусынан жапырақтай тітіреді.

Уақас тұрды шоқпарын қолына алып,
Кәпір келсе ұруға оңтайланып.
Жекпе-жекке кәпірлер келмеген соң,
Сөйлейді Сәдуақас айғай салып:

— Кәпірлер, жоқ-ақ екен арың, — дейді,
Өлсең кетер жаһаннамға жаның, — дейді.
Бірме-бірге келуге қорқып тұрсаң,
Жабылыңдар, бір маған бәрің, — дейді.

Кәпірлер осы сөзге болады мат,
780 Жақсы қылып жаратқан оларды Хақ.
Үшбу сөзді айтқан соң Сәдуақас,
Барша кәпір жан-жақтан қояды ат.

Құмырсқадай саны көп-ақ орыс,
Барша көпір өскен жер екен қылып қоныс.
Екі батыр қызбенен, әй, жарандар,
Сол күн бесін болғанша қылады ұрыс.

Үшеуі бесінге шейін ұрыс салды,
Көпірлер қайратына аң-таң қалды.
Сәдуақас, Диләфруз жаралы болып,
790 Екеуін дінсіз көпір ұстап алды.

Сондай іс түсті Уақас ерлеріңе,
Білгенімді сізге айтпай керілем бе?
Сәдуақас Диләфрузды ұстап алып,
Күн кеш болып қайтыпты жерлеріне.

Екі батыр көпірмен атысты оқ,
Бір-біріне атады зеңбірек доп.
Қыз бенен Сәдуақас қолға түсті,
Ол күн көпір қырылған қисабы жоқ.

Көпірлер екеуін де ұстап алды,
800 Патшаның шатырына алып барды.
Сірә, отқа табынған көпір екен,
Бұларға «табын» деп қысым салды.

Көпірлерге неш қорқып жалынбайды,
«Табын» деп барша көпір шуылдайды.
«Ауыздарыңа топырақ, бәдбахт» деп,
Ұрысады, көпірлерге табынбайды.

Өздері отты жағып табынады,
Жанған отқа Құдайым деп бағынады.
«Дұшпанымыз тұтамыз бұйрық қыл» деп,
810 Отқа қарап бас ұрып жалынады.

Жарандар, көпір, әслә, таппас сауап,
Отқа жалынып сөйлейді бәрі қарап.
Көпірлердің жамандығы артсын үшін,
От ішінде шайтан келіп берді жауап:

— Төңіріңнің сөзін тыңдап отыр, — деді,
Разы болам сіздерден, халқым, — деді.
Далада ол екеуін оқпен атың,
Оқтан жаңбыр жаудырып өлтір, — деді.

Қитар патша мұны естіп қуанады,
820 Шайтан айтқан сөзіне жұбанады.
Оқтан жаңбыр жаудырып өлтіруге,
Он екі мың көпірлер қамданады.

Он екі мың көпірлер қамданады,
Бас-басына бір-бір садақ оқ алады.
Оқ атқанда ол бұғып қалмасын деп,
Тетіксіз алып шықты бір далаға.

Байлап бір далаға тастайды енді,
Өлтіруден екеуі қашпайды енді.
Он екі мың көпірлер жағын алып,
830 Оқтан жаңбыр жаудыра бастайды енді.

Көпірлер шуылдасып жиылады,
Оқтан жаңбыр бұларға құйылады.
«Ол көпірлер оғынан сақтай көр!» деп,
Бір жаратқан Құдайға сиынады.

— Сақтай көр, — деп айтады, иә, Жағышар,
Және медет қыл, — дейді, — хақ Пайғамбар.
Диләфруз, Сәдуақас осылайша,
Бір Аллаға сиынып жылайды зар.

Иманды құл өлгенде ұжмақ табар,
840 Ол екісі солайша қылады зар.
Ол екеуі солайша жата тұрсын,
Әбілмәжін батырдан алың хабар.

Ол жалғыз көп көпірді шапқан екен,
Көпір қаны судай болып аққан екен.
Түнде құтпан намазын оқып алып,
Бір далада ол ұйықтап жатқан екен.

- Кәпір келер деп қорықпайды ұстарына,
Бір Алламенен сеніп күштеріне.
Өбілмәжін сонда ұйықтап жатқанында,
850 Нұр Мұхаммед кіреді түстеріне.
- Неге жаттың қайғысыз, батыр? — дейді,
Тұрып жылдам, міне көр атың, — дейді.
Сәдуақас, Диләфрузды кәпір — дейді,
Оқтан жаңбыр жаудырып жатыр, — дейді.
- Өбілмәжін ұйқыдан оянады,
«Бұ қалай түс болды?» деп ойланады.
Атына мініп алып төуекел қылып,
Асынып қаруларын сайланады.
- Өбілмәжін қарайды жан-жағына,
860 Бір Құдай, жәрдем бергіл тіл-жағыма.
Қайран болып Өбілмәжін қарап тұрса,
Жылаған дауыс келіпті құлағына.
- Көп кәпірді ол жүрген қырып-жойып,
Бірінің кесіп басын, көзін ойып.
Бұ шулаған несіне болады деп,
Сол жаққа жүрді батыр бетін қойып.
- Барса, екеуі байлауда жатқан екен,
Сансыз кәпір оқпенен атқан екен.
Көз жасын бір Құдайым қабыл қылып,
870 Періштелер оқтарын қаққан екен.
- Жылағанын бұлардың көзі көрді,
Өбілмәжін батырдың іші күйді.
Қылышын суырып алып «иә, Алла» деп,
Сансыз қолға ақырып жалғыз тиіпті.
- Ақырып қалды батыр араласып,
Астын-үстін болыпты кәпір сасып.
Өбілмәжін кәпірді қойдай қырды,
Қалғандары шаһарға кірді қашып.

Әбілмәжін соғысты айғай салып,
880 Кәпір кірді шаһарға қашып барып.
Сансыз қолды Әбілмәжін қырып салып,
Қыз білән Сәдуақасты қалды алып.

Пайғамбар үшін қинады олар жанды,
Әбілмәжін сол жерде соғыс салды.
Бір азырақ кәпір шаһарға қашып барды,
Қыз білән Сәдуақасты алып қалды.

Кәпірлерді шоқпарменен төпеледі,
Ол түні сансыз кәпір көп өледі.
Сау-саламат екеуін шешіп алып,
890 Шүкір қылып бұлар да жөнеледі.

Үшеуі жад қылады бір Құдайды,
Амандасып бір-бірінен сөз сұрайды.
Бұлақтары жақ-жаққа ағып жатқан,
Бұлар да тапты дейді бір жақсы жайды.

Кәпірге бұл үшеуі салды бүлік,
Ол түні сансыз кәпір қалды өліп.
Сол бұлақтан су ішіп, тамақ жеп,
Енді үшеуі отырды шүкір қылып.

Оларға жалғыз Құдай қылған жәрдем,
900 Кәпір жаны орын алар тамұқ нардан.
Ол үшеуі сол жерде жата тұрсын,
Біраз кеңес айтайын Пайғамбардан.

Бөлеге қалды киік іздей барып,
Пайғамбар жүр бұларға қайран қалып.
Әбілмәжін, Сәдуақас келмейді деп,
Пайғамбар айтты жұртын жиып алып:

— Жақсы болды жиылып келгендерің,
Бар ма еді ат үстіне мінгендерің?
Көп күн болды екеуі келмейді ғой,
910 Бар ма хабар олардан білгендерің?

Көп күн болды, жарандар, келмей олар,
Тамам сонда жиылған сахабалар.
Пайғамбар жұртын жиып сөз сұрайды:
— Бар ма, — деп, — неш олардан білген хабар?

Пайғамбарды хақ десең таптың сауап,
Күшің жетсе, Меккеге қылшы тәуап.
Өзгелері үндемей тұрған екен,
Бір кісі керуеннен берді жауап.

Иман білмес кәпірлер надан екен,
920 Имансыздар тамұқта қалған екен.
Бір адам Пайғамбарға жауап берді,
Таланған керуеннің адамы екен.

— Керуен едік жүрген түзде, — деді,
Үлкен ләшкер жолықты бізге, — деді.
Кәпір екен, біздерді талап алды,
Біз сиынып жыладық сізге, — деді.

Ләшкер қойдай керуенді талап алып,
Сонда бізді аяды Жаппар Халық.
Мүбәрак атыңызды ауызға алып,
930 Шуылдасып жыладық айғай салып.

Біз таң қалдық екі адам күштеріне,
Жаңа түсті сол уақиға естеріме.
Үшбу істі бастаған, ей, жарандар,
Екі батыр бар екен іштерінде.

Сонда бізге рақым қылды Хақ Тағала,
Жарандар, бұ сөзімді тыңдап қара.
Біздің дауысты естіген соң екі батыр,
Өз қолын қырып салды пәре-пәре.

Жылаған ол аяды халімізді,
940 Ол екеуі қуантты жанымызды.
Сол екеуі өз қолын тамам қырып,
Алып берді ол тартып малымызды.

Керуен болып бір сондай көрдік бүлді,
Екі батыр күшіне көңлім толды.
Екеуінің білмедік кім екенін,
Жарандар, ойлап қара енді соны.

Қайран қалды бұ сөзге шаһариарлар,
Қайран қалды бұ сөзге сахабалар.
«Бастарына мүшкіл іс түскен-ді» деп,
950 Ішінен біледі хақ Пайғамбар.

— Қайда, — деп шақырды, — Әли Хайдар,
Белеге душар болды ғой, жаным, олар.
«Аттан!» деп, ер Әлиге жарлық қылды:
— Екеуінен келші, — деп, — алып хабар.

— Қызметің қылайық, ей, жан ата,
Тыңдамасам қызметің болұр қата.
Зұлшықар мен Дүлдүлін мініп алып,
«Ата, бергіл біздерге, — [дейді], — жақсы бата».

Батасын Хақ Пайғамбар берді сонда,
960 Бір Құдай ер Әлиді өзің оңда.
Осылайша батасын бергеннен соң,
Аллаға тәуекел қылып түсті жолға.

Бір Құдай пана берсін бастарыңа,
Ұзын ғұмыр ол берсін жастарыңа.
Амандасып ер Әли түсті жолға,
Қанбарды жолдас қылып қастарына.

Қанбарды алып ер Әли жүріп кетті,
Ол жолда бес күн, бес түн күндер өтті.
Басы көкке тақалған, ей, жарандар,
970 Бес күннен соң бір үлкен тауға жетті.

Ол тауға жетіп барды Әли батыр,
Бірге барды жолдас болып Қанбар пақыр.
Қарап тұрса, ол таудың арт жағында
Бек тамаша бір бұлақ ағып жатыр.

Ғеш нәрседен қорықпайды Әли сабаз,
Кәпірлер бұ дүниеге болады мәз.
Екісі ол бұлақтан таһарат алып,
Сол жерде алды екеуісі оқып намаз.

980 Қанбарға айтты: — Бұ тауға мінейін, — деп,
Не тамаша бар екен көрейін, — деп.
Қанбарға: — Осы жерде тұр, — деп айтты,
Тауға шығып, айланып келейін, — деп.

Әли кетті ол шығып биік өрге,
Қанбар қалды манағы айтқан жерде.
Тау басында бір үлкен аждаһаны,
Бір күн, бір түн жүрген соң көзі көрді.

990 Демімен ол аждаһа тартып алды,
Жүңдей ұшып аузына жетіп барды.
Жұтылар жерге жеткен соң тақсыр Әли,
Зұлпықарын суырып салып қалды.

Зұлпықар аждаһаны кетті бөліп,
Екі бөлек ол болып қалды өліп.
Бір тамған қаны жүз мыңнан, әй, жарандар,
Ер Әлимен соғысты дию болып.

Зұлпықарын ер Әли қолына алды,
Күн батқанынша диюмен соғыс салды.
Бір тамшы қаны жүз мыңнан дию болып,
Соғысының бәсінен жер қозғалды.

1000 Күн батқанша диюмен соғыс болды,
Дию қырылып, қандары судай ақты.
Жалғыз дию қалдырмай қырып болып,
Тақсыр Әли ол күні сонда қонды.

Бұрынғының қарашы ерлеріне,
Жан көрінбес Әлидің көздеріне.
Таң атқан соң ер Әли жетіп келді,
Манағы Қанбарды қойған жерлеріне.

- Қанбарды іздеп ер Өли келе жатыр,
Кәпірге тұтқын болыпты Қанбар пақыр.
Манағы қойған жерге жетіп келсе,
1010 Қанбарды көре алмайды Өли батыр.

Ол жерге мың сан кәпір келген екен,
Бір күн, бір түн арада өткен екен.
Сансыз кәпір сол жерде душар болып,
Қанбарды ұстап алып кеткен екен.

Ер Өли Пайғамбардың тілін алды,
Тілін алып екеуін іздеп барды.
Осы жерде жоғалып Қанбар кетті,
Қайсы жаққа жүрерін біле алмады.

- Ер Өли осы жерде қайран қалды,
1020 Жанынан қорқып ер Өли аянбайды.
Пайғамбардың бұрынғы жарлықтарын,
Өли Арыслан осы жерде ойына алды.

Расулдың жарлығын қылайын деп,
Бір жаратқан Құдайға жылайын деп.
Қанбарды бір Құдайға тапсырдым деп,
Екі сахаба артынан аяңдайды.

- Ер Өли жалынады бір Құдайға,
Қанбар байғұс ол кетті әлде қайда.
Бір күн өтіп және түн болған шақта,
1030 Бір нәрсе қатты ақырып болды пайда.

Не нәрсе деп қарайды Өли сонда,
Құдай Тағала бастайды мұндай жолға.
Даусыменен жер жарған аждаһадай,
Түнде Өлиге бір нәрсе болды пайда.

Сілтейді ер Өлиге келіп найза,
Түнде Өли не екенін танымайды.
Найзасын сілтегенде қағып қалып,
Денесіне жеткермей қылды қайла.

Зұлпықарменен бұ дағы қалды шауып,
1040 Өлтіргелі ойлайды ебін тауып.
Зұлпықарменен бұ дағы салған шақта,
О дағы тигізбестен қалды қағып.

Бір-біріне екеуі қылды қайла,
Қылыш шауып, сілтейді бек көп найза.
Шоқпарменен және екеуі ұрысады,
Қаруменен һеш нәрсе қыла алмады.

«Япырым-ай, зұлпықарға нетті» дейді,
Қару тастап, бір-біріне жетті дейді.
Ат үстінен бір-бірін аламыз деп,
1050 Жағаларын суырып кетті дейді.

Әли батыр жолықты мұндай ерге,
Жеңілмей олар жүр бірме-бірге.
Таң атқанша екеуі алысады,
Аттары жүр тізеден кіріп жерге.

Таң атқанша екеуі алысады,
Шоқпар ұрып, қылыштар шабысады.
Бір-бірлерін жеңе алмай қоя беріп
Жай-жайына қайтысып барысады.

Жеңілмей бір-бірінен айырылады,
1060 Сөйлесіп бір-біріне қайырылады.
«Зұлпықарменен ол маған не болды?» деп,
Бек қатты Әли Арыслан қайғырады.

Сол қайғыны көңіліне алды дейді,
Өзіне таң-тамаша қалды дейді.
Пікір қылып, қайғырып жатқанында,
Әлидің көзіне ұйқы барды дейді.

Сол қайғыны алып жатты естеріне,
Өзінің көңілі толмай күштеріне.
«Әй, балам, қайғырма» деп хабар берді,
1070 Нұр Мұхаммед ол кіріп түстеріне.

«Ол адамға қайғы жеме, Әли балам,
Әбілмәжін батыр түнде келген саған.
Біріңді-біріңнен сақтады Хақ Тағалаң,
Таң атса жолығарсың тағы да соған».

Әли Арыслан осылайша бір түс көрді,
Нұр Мұхаммед түсінде хабар берді.
Көзін ашса таң атып келе жатыр,
«Иә, Алла» деп орнынан түрегелді.

Бұны дос деп алады көңіліне,
1080 Осындай бір түс көрді Әли сонда.
Екі рақағат шүкіріне намаз оқып,
«Иә, Алла» деп мінеді Дүлдүліне.

Келе жатып қарайды жан-жағына,
Бір Құдай, жәрдем бергіл тіл-жағыма.
Бір адам намаз оқып, азан айтқан,
Естіледі ер Әлидің құлағына.

Азан айтқан ол жаққа түсті жолға,
Бір Құдай батырларды өзің оңда.
1090 Әбілмәжінді көреді жетіп барса,
Намазын жатыр екен оқып сонда.

Ер Әли жетіп оған барды дейді,
О да оқып намазын алды дейді.
Арысланды ол танып сәлем беріп,
Көрісіп, құшақтасып қалды дейді.

Қуанады бір-бірін танып қалып,
Оларды артық жаратқан Жаппар Халық.
Әбілмәжін, әй, жарандар, ер Әлиді,
Жөнеледі бір шаһарға бастап алып.

Кәпірге жалғыз ойран салған екен,
1100 Әбілмәжін бір шаһарды алған екен.
Әбілмәжін шоқпарынан қорыққанынан,
Ол шаһар мұсылман болып қалған екен.

Қалай мықты, жарандар, ол шаһбазың,
Сөге көрме сөзімді, болса жазым.
Ер Өлименен шаһарға жетіп келіп,
Қауым болып оқиды таң намазын.

Һеш нәрседен қорықпайды, батыр олар.
Ашуланып кәпірге ойран салар.
Өбілмәжін батырдан ер Арыслан
1110 «Сәдуақас қайда?» деп сұрды хабар.

— Науадирде қыз білән қойдым, — деді,
Кәпірлермен көп болды ойыным, — деді.
Жалғыз келіп мен мұнда соғыс қылып,
Бұ шаһардың кәпірлігін жойдым, — деді.

— Ер Арыслан, сұрасаңыз бұ хабарды,
Науадирде қойғанмын мен оларды.
Кәпірлер ләшкерінің қисабы жоқ,
Көп те болса оларға жоқ зарары.

Өбілмәжін бұлайша сөз айтады,
1120 Көп кешігіп тұрмайды, тез айтады.
Екеуі осылайша тез сөйлесіп,
Науадир шаһарына жол тартады.

Екеуі жолға түсіп жүріседі,
Науадирге жетіп келіседі.
Науадирде Уақас пенен Диләфрузге,
Сау-саламат бұлар да көріседі.

Сәдуақасты көрді көзі Өли Хайдар,
Бұларды о да көрді бейшаралар.
Кәпірдің көптігінен Уақас қорқып,
1130 Жазғытұрғы жаңбырдай жылайды зар.

Қорлықтар Уақас көрген бірталай-ды,
Арысланды көрген соң зар жылайды.
Есендік-саулық сұрап ол көрісіп,
Көп шүкірлік қылады бір Құдайға.

Шаңдақ басты қап-қара күннің көзін,
Жарандар, тыңдап отыр айтқан сөзім.
Дариядайын толқыны қисабы жоқ,
Кәпір қолы басып тұр жердің жүзін.

- 1140 Жарандар, сол уақытта күн кеш болды,
Кәпірлерге ол жердің жүзі толды.
Есендік-саулық сұрап бір-бірінен,
Үшеуі шүкірлік қылып бірге қонды.

Көрді сансыз кәпірдің қамағанын,
Күнәһлі өлсең, қиналар шыбындай жаның.
Таң атып соғысқалы майдан түзеп,
Кәпірлер қағады ұрыс барабанын.

- Төртеуі сиынып тұр Құдіретке,
«Қолда» деп жалынады Мұхаммедке.
1150 Науафил деген кәпірден бір палуан,
Күндей күркіреп шығыпты жекпе-жекке.

Төртеуі кәпірлерге қаттанады,
Бұлар да ұрысқалы аттанады.
Өзін-өзі көтеріп, әй, жарандар,
Ақырып әлгі кәпір мақтанады.

— Адам болмас қылышым ұрған адам,
Рүстем Дастандайын бар-ды халім.
Бірме-бірге біреуің маған келсең,
Тірі болып қайтпассыз, кетер сәнің.

- 1160 Науафил деген кәпірден шықты бір ер,
Бек қатты палуан екен Пәруардигар.
Ақырғаннан, япырым-ай, ол кәпірдің,
Көк жаңғырып, қозғалды жеті қат жер.

Төртеуін қамап алды мұнша дұшпан,
Кәпір естіп жиылды һәрбір тұстан.
Науафил күндей күркіреп тұрған шақта,
Қарсы шықты алдынан Әли Арыслан.

- Мінгенім астымдағы Дүлдүл еді-ау,
Зұлпықарым көпірді бүлдіреді-ау.
1170 «Пайғамбардың күйеуі Әлимін» деп,
Бұ да өз жайын көпірге білдіреді-ау.
- Нұр Мұхаммед — жәрдемші бабам, — деді,
Тәңірі Арыслан деп ат қойған маған, — деді.
Жұбайым Фатима, жолдасым — төрт шаһариар,
Хасен, Хұсайын — ол менің балам, — деді.
- Кім қорықпай, қайтып маған ұмтылар, — деп,
Көпір қор болып қолыма тұтылар, — деп,
Әли Арыслан аужарын айтып бір ақырды:
— Кімде-кім иман айтса, құтылар, — деп.
- 1180 Әлидің ақырғанын таң көріпті,
Жекпе-жекте Науафил сән көріпті.
Науафил аттан жығылды ақырғаннан,
Он екі мың көпірлер жан беріпті.
- Он екі мың көпірдей қалды өліп,
Әли сондай ақырды көрі келіп.
Науафил жығылғанын көзі көріп,
Әбілмәжін тастайды екі бөліп.
- Әли кетті көпірменен араласып,
Көпір толған ол жердің жүзін басып.
1190 Тамам көпір жабыла ат қояды,
Құрт-құмырсқа, масадай дуылдасып.
- Жердің жүзін басып тұр көпір-доңыз,
Көпір өскен жер екен, қылып қоныс.
Төртеуі де ақырып қолға кіріп,
Бет-бетімен кетіпті қылғалы ұрыс.
- Ой жерлер қыр, қыр жерлер ой болып тұр,
Көпірлерге бұл үлкен той болып тұр.
Көпірлер — қамыс, бұлар от секілді,
Бұлар — қасқыр, көпірлер қой болып тұр.

- 1200 Көп кәпірлер айырылды жандарынан,
Көп бас бөлек болыпты тәндерінен.
Әли Арыслан жығыпты кәпір туын,
Кәпірдің ат жүрмейді қандарынан.

Қитарды Әли Арыслан өлтіріпті,
Төртеуі көп кәпірді зыттырыпты.
Туын жығып падишасын өлтірген соң,
Қалғандары Хаққа иман келтіріпті.
Мұсылман болған төртеуін құрмет қылып,
Бастап алып жөнелді шаһарына.

- 1210 Төртеуі қосылып бірге жүрді,
Шаһардағы бұларды көзі көрді.
Шаһардағы бәрі де дінге кірді,
Патша сарайына барып кірді.

Қызық қылып шаһарда қылды тойды,
Шоқынатын суреттің бәрін жойды.
Мәжид, медресе салдырып, дін үйретіп,
Сарманд деген уәзірді патша қойды.

- Бірнеше күн дін айтып тұрды сонда,
Бір Құдай батырларды өзің оңда.
1220 Отыз түйе жүк жөнелтіп алтын-күміс,
Қанбарды іздей төртеу түсті жолға.

Бір күн, бір түн енді олар жол жүріпті,
Ақылдасып төртеуі бірігіпті.
Бір күн, бір түн жол жүрісіп келе жатса,
Көздеріне бір шаһар көрініпті.

Солардан да өтіпті бір дүние сұм,
Көрінеді бір шаһар бек үлкен тым.
Көрінген шаһар жаққа жол тартысып.
Арасында өтіпті үш күн, үш түн.

- 1230 Жарандар, таусылмайтын бұл не жүріс,
Қолда — шоқпар олардың, белде — қылыш.

Шаһарға кірсе, онда һеш адам жоқ,
Іші толған шаһардың алтын-күміс.

Шаһарға таң-тамаша қалысады,
Түйеге толғанша алтын салысады.
Иесі жоқ шаһарда сол төртеуі,
Жатып біраз тыныштық алысады.

Шаһарға таң қалады бұлар сонда,
Нұр Мұхаммед, бұларды өзің оңда.
1240 Ұйықтап алып, сыйғанша алтын алып,
Аллаға төуекел қылып, түсті жолға.

Шаһардың алтынына қалады таң,
Бұлардан басқа онда һешбір жоқ жан.
Жарты күн жол жүрісіп келе жатса,
Будақ-будақ алыстан көреді шаң.

Бұлардың көздеріне көрінеді шаң,
Жағыма жәрдем бергіл, иә, Сұбхан.
Керкүдөн деген астына мініпті аң,
Ол шаңнан шыға келді [бір] адам.

Қарап тұр ол адамның сөздеріне,
Жетіп келді бұлардың өздеріне.
«Жандарыңнан безген
неткен жандарсың» деп,
1250 Бұларды тіпті алмайды көздеріне.

— Қырармын дию, пері, жын да болса,
Қанжар — белде, шоқпарым — қолда болса.
Ақырады: — Қойман, — деп, — жалғызыңды,
Бір-біріңнің жаныңыз мың да болса.

Ол палуан жолы түсіп жатқан екен,
Жолыққанды шөптей-ақ қаққан екен.
1260 Мұсайып палуан кәпір екен, өзі дінсіз,
Шойын шоқпары сегіз жүз батпан екен.

Шоқпарымен ер Әлиді келді де ұрды,
Әли Арыслан қалқан тұтып, қарап тұрды.
Шоқпардың салмағы қол күшіменен,
Дүлдүлі тізесінен жерге кірді.

Тізесіне шейін Дүлдүлі кірді жерге,
Әли Арыслан жолықты сондай ерге.
Зұлпықарын шабады, кәр қылмайды,
Сексендей қару қылды бір-біріне.

- 1270 Бір-біріне сілтесті және найза,
Қаруменен неш нәрсе қыла алмайды.
Бірталай ат үстінен аударысып,
Тағы да аттан бір-бірін ала алмайды.

Ашуланып ер Әли іші күйді,
Ашуланып ер Әли күшін жиды.
Ақырып, киімдерін түгі тесіп,
Көтеріп Мұсайыпты жерге ұрды.

- Үшеуі тұр сиынып, оңтайланып,
Батты жерге Мұсайып көпір, көзі жайнап.
1280 Өлтірмеді мұсылман болар ма деп,
Тас қылып қол-аяғын алды байлап.

Мұсайып ол байланып түсті қолға,
Өз атына артады оны сонда.
Байлаулы Мұсайыппен бесеу болып,
Қанбарды іздей тағы да түсті жолға.

Тау басында екеуі ауға шықты,
Қанбар байғұс мұңлық болып жауға кетті.
Бір күн, бір түн бесеуі жол жүрісіп,
Тағы да бір үлкен, биік тауға жетті.

- 1290 Ол тауда біраз ғана тыныштық алды,
Тыныштық алып, тағы да жүріп кетті.
Күні-түні он бес күн жол жүрісіп,
Хиуаранның шаһарына жетіп кепті.

Шаһардың жандарында тұра қалды,
Тұрайық деп кеңесті құра қалды.
Аттарынан түсті де тыныштық алды,
Қанбар болса шаһардан сұрағалы.

Саудагер деп ойлайды енді олар,
Айбат білән қарайды Әли Хайдар.
1300 Әлидің тұлғасына қайран қалып,
Шаһар халқы падишаға берді хабар:
— Бұ дүниеде, падиша, теңдесі жоқ,
Көрер болсаң ішінде бір жігіт бар.

— Олай болса көрейік ақыр, — дейді,
Жолдасқа лайық болмасын батыр, — дейді.
Лайықпенен оны жіберейін деп,
Көруге жарлық айтып, шақыр, — дейді.

Қаруларын асынып жандарына,
Тәубе қыл, мұсылмандар, жан барында.
1310 «Патшамыз сіз тақсырды шақырады» деп,
Келіпті ер Әлидің алдарына.

«Құп болар» деп көпірмен кетті жүріп,
Зұлпықарын байланып, Дүлдүл мініп.
Патшаға жетіп барып, қайран қалды,
Дүниеде салтанатын артық көріп.

Таң қалар ол патшаға батыр Әли,
«Патшалыққа лайық, — дейді, — пәлі».
Сол жағында — ол сансыз сұлтандары,
Оң жағында — саны жоқ отыр ханы.

1320 Оң жағында отырған көп хандары,
Сол жағында саны жоқ сұлтандары.
Айналасын қамаған, әй, жарандар,
Аждаһадай ақырған палуандары.

Жарандар, құлақ сал кеңесіме,
Келген Әлиді ол патша көрмесін бе.

Арысланды көрген соң падишаның,
Тітіреу пайда болыпты денесіне.

- Ер Әли мұндай жерге жолықты кез,
Жалғызбын деп қорықпайды, сірә, һәр кез.
1330 Тұла бойы қалтырап кеткен патша:
— Кімсің? — деп ер Әлиден сұрайды сөз.

Шақырғанда тартынбай келіп кірдің,
Не естідің, не білдің, нені көрдің?
Атыңыз кім, жол болсын енді өзіңе,
Қайдан келе жатырсың, қайда жүрдің?

— Әй, патша, менің айтқан сөзім ұста,
Саудагермін, қосым бар осы тұста.
Атымызды сұрасаң, Қашимшим-дүр,
Күнбатыстан барамын күншығысқа.

- 1340 — Әй, батыр, сөзіме аң-таң қалармысың,
Күншығысқа жол тартып барармысың?
Әли үшін он мың қол жіберіп едім,
Құлын алып келді, танырмысың?

Әлиді таппай, құлын келді алып,
Таппай қайтты, Әлиді іздей барып.
Әлидің құлы ма екен, өзі ме екен,
Білсеңіз айырып бер, соны танып?

- Ол, сірә, Әли құлы болмас, — дейді,
Падиша өзіңіз де ойлашы, — дейді.
1350 Әлидің құлы болса мен танырмын,
Һеш жанға Әли оны қоймас, — дейді.

Әли деген ол асқан бір батыр, ер,
Құлы болса жақсы қылыпсыз, сақтай көр.
Әлидің құлы болса жанға қоймас,
Жақсы қылып сақтаңыз, әлі-ақ келер.

Жер жүзін Әли кезген Дүлдүлменен,
Патша «Қанбарды келтір» деп жарлық берген.
Патша айтқан соң Қанбарды алып келді,
Қол-аяғын байлаған шынжырменен.

- 1360 Қанбарды ер Әлидің көзі көрді,
Шынжырмен байлап қойған Қанбар ерді.
Бермеді кәпірлерге бұлар сырды,
Сыр берместен, үндемей қарап тұрды.
Кәпірлер қарасып тұр сонда бөрі:
«Зынданға таста, — дейді, — ол Қанбарды».

- Қанбарға келді патша ашулары,
Бір зынданы бар екен салатұғын.
Кімде-кімнің көп болса күнәһлары,
Қанбарды сонда апарып салды кәпір,
1370 Ол зынданның түбі жүз сексен қары.

Ер Әли сабырлықпен ой ойлаған,
Көп кәпірлер қуанып, той тойлаған.
Тыс жақтан естиді бұлар дауыс,
Шуылдасып, жыласып, ойбайлаған.

Шуылдасып, жыласып жетіп келді,
«Қашимшим атынан жетпіс кісі өлді.
Қашимшим аты біреуді тірі жұтты» деп,
Жыласып падишаға хабар берді.

- Патша бұған аң-таң қалып тұрды,
1380 Жылағанын бұлардың көзі көрді.
«Қашимшим аты тыста бүлік салып,
Кәпірден жетпіс кісіні қырды» дейді.

Хабар берді бұлайша падишаға,
Ер Әли сиынып тұр бір Аллаға.
Патша хан-сұлтанын жиып алып,
Ат көргелі шығыпты тамашаға.

Көргелі тамам көпір қамданады,
Білдірмеді өз-өзін сонда Әли.
Көрсө, Дүлдүл көпірді қырып жатыр,
1390 Һеш жан бармай қасына, таң қалады.

Бөрі шулап: — Бұ қалай ат? — деп айтты,
Қашимшим, бір ақылды тап, — деп айтты.
Патша көріп атын тамаша ғып,
Қашимшим: — Осы атыңды сат, — деп айтты.

— Пұлына мұның сатып батамын, — деп,
Бұ шаһарда сауда қылып жатамын, — деп,
Ер Әли падишаға жауап берді:
— Бөсі келсе, атымды сатамын, — деп.

Һеш өнерден құр емес атың, сірә,
1400 Атыңның артық көрдім затын, сірә.
Падиша ер Әлиге сөз айтады:
— Атыңның лайықтап хақын сұра.

Дүлдүлін батыр Әли[дің] сатып салды,
Падишадан бір қалта алтын алды.
Ер Әли қалта алтынды қолына алып,
Дүлдүлінің қасына жетіп барды.

Таң қалды ерлік патша қылғанына,
Атын сатып, ол жаяу болғанына.
Ер Әли бір қалта алтынды алып барып,
1410 Дүлдүлінің сыбырайды құлағына:

— Білдің бе, сені орысқа бергенімді,
Бір қалта алтын алып келгенімді.
Өкпелеме, бір түгіңе дүние алман,
Көпірлерге көрсетемін ерлігімді.

Көпірдің Дүлдүл қалды албарында,
Әли Арыслан жалынды Жаппарына.
Дүлдүлді сатып бір қалта алтын алып,
Әли келді жолдасының жандарына.

Ер Әли жаяулап қайтады енді,
1420 Осылайша Дүлдүлін сатады енді.
Әбілмәжін, Сәдуақасқа жетіп барып,
Көргенін бастан-аяқ айтады енді.

Енді олар бір Құдайға сиынады,
Кәпірлер құмырсқадай жиылады.
Әли сатып кеткен соң әлгі Дүлдүл,
Тыңдап тұр, ол кәпірге не қылады.

Ұстағалы атшылар барды қамап,
Бәрі де жетектеуге қылды талап.
Падишаның он екі атшыларын,
1430 Ол Дүлдүл бір тепкеннен қылды һәлак.

Дүлдүл енді тулайды қызып-қызып,
Кімін теуіп, кімінің басын үзіп.
Жүз жетпіс кәпірді һәлак қылды,
Ойран қылды шаһардың ішін бұзып.

Падиша дал болады қайран қалып,
Дүлдүл жүр ол шаһарға ойран салып.
Падиша ер Әлиге хабар салды:
«Қашимшим кете көрсін атын алып».

Әли келіп Дүлдүлді шақырады,
1440 Қолын бұлап, Дүлдүлге «келгіл» дейді.
Дүлдүл көріп Әлиді құрмет қылып,
Әлидің аяғына бас ұрады.

— Әй, батыр, көңілім толды сөзіңізге,
Таң қалдым ерге біткен жүзіңізге.
Патша мақтап Әлиге қайран қалды:
— Бәрәк Алла атыңыз менен өзіңізге.

Бү іске, Қашимшим, қайран қалдым,
Ерлік қылып атыңды сатып салдың.
Көңілім разы болды ғой өнеріңе,
1450 Алтынымды һәм бердім, атыңды алсаң.

Дүлдүлін мініп алды үстіне енді,
Дүлдүлден тамам көпір қашты ма енді.
Бір қалта алтын алып, Дүлдүл мініп,
Әли келді жолдасының қасына енді.

Дүлдүлін мініп Әли қамшы басты,
Қасына барып, көңілі судай тасты.
Әуелі шығарғалы Қанбар жасты,
Қостағы үшеуіне ақылдасты.

1460 Әли айтты: — Зынданға барайын, — деп,
Арқан салып Қанбарды алайын, — деп.
Бұларға «сабыр қылып тұр» деп айтты,
— Соғысты келгеннен соң салайын, — деп.

Үшеуі «жарайды» деп қалды сонда,
Дүлдүл мініп, зұлпықар алды қолға.
«Мен келгенше соғыспай тұрыңыз» деп,
Қанбарды іздей ер Әли түсті жолға.

Зынданға жетіп келді бір заманда,
Зұлпықар менен Дүлдүлін қояды анда.
«Қанбарды өзім алып шығарам» деп,
1470 Ер Әли өзі кірді ол зынданға.

Ер Әли өзі кірді ол зынданға,
Әбілмәжін қостағы кетіпті аңға.
Көпірлер Диләфруздің көркін көріп,
Патшаға хабар берді барып таңға.

Әли батыр зынданда жатады енді.
Әбілмәжін құлан-бұлан атады енді.
Көпірлер көріп қызды қайран қалып,
Патшаға бұл хабарды айтады енді:

— Жан көрдік, патша, бір ай жүзді,
1480 Жалғаншы деп ойлама, тақсыр, бізді.
Саудагерлер қасында, тақсыр патшам,
Көріп келдік күн жүзді біз бір қызды.

Патшаға осылайша хабар берді,
«Күң шығар, сатып әкел!» деп бұйрық айтты.
— Бұ қызыңды сатамысың? — деп, ол көпірлер
Сәдуақас қасына жетіп келді.

— Қатынды бар ма санаңда сатпақ, — дейді,
Неге келдің, әдепсіз, қақтап, — дейді.
— Бұ менің қатыным-дүр, әй, көпірлер,
1490 Ұятсыз, кетің әрмен, бетпақ, — дейді.

Патшаға қайтып барды енді олар,
Осының түбі жаман ойран болар.
«Қатыным» деп ол айтып ұрысты» деп,
Патшаға осылайша берді хабар.

Шақырады, жарандар, ашуын сол,
Құмырсқадай патшаның ләшкері мол.
Патша «тартып әкел» деп жарлық қылып,
О қызға аттандырыпты жеті мың қол.

Бұ қолды Уақас батыр көзі көрді,
1500 Майданға кіріп жалғыз көбін қырды.
Қолдың көбі қырылып, жете алмай,
Қалғандары шаһарға қашып кірді.

Ашуланды падиша тағы да тым,
Солардан да өтіпті бұ дүние сұм.
«Өлтіріп, қызды тартып алып кел» деп,
Ләшкер тағы жіберді жиырма мың.

Уақас жалғыз көпірлерге араласты,
Көпір қанын ол жерде судай шашты.
Соғыстың басымынан күннің көзін,
1510 Бір-бірін көре алмайды, шаңдақ басты.

Қыз да ұрыс қылғалы оңтайланды,
Көпірлер Сәдуақасқа аң-таң қалды.
Байлауда Мұсайыптың іші күйіп,
Сонда қызға бір сөзді айтып салды:

— Әйелде көп бола ма күш, — деп айтты,
Бұ сөзімнің мәнісіне түс, — деп айтты.
Бұларменен соғысты мен салайын,
Диләфруз, қол-аяғым шеш, — деп айтты.

1520 Қыз айтты: — Осы күнде сен де дұшпан,
Әли батыр байлаған, тіпті, шешпен.
Қол-аяғың шешейін, иман айтып,
Шын көңіліңмен, Мұсайып, бол мұсылман.

— Оның рас, осы күнде мен де дұшпан,
Имансыз ақыретте болар пұшман.
Диләфрузым, білгеніңше үйрет иман,
Не деп айтсам, болармын мен мұсылман?

1530 Қыз үйретіп, мұсылман болып қалды,
Иман нұры көңіліне толып қалды.
Хақ мұсылман болғанын білді де қыз,
Мұсайыптың қол-аяғын шешіп алды.

Сегіз жүз батпан шоқпарын қолына алды,
Кәпірлер мұны көріп қайран қалды.
Ақырып «иә, Расул Алла, иә, Алла» деп,
Мұсайып кәпірлермен соғыс салды.

Мұсайып шақырады кәрі-жынын,
Қол-аяқтан шешкен соң ол шынжырын.
Кәпірлердің қанынан ат жүрмейді,
Мұсайып жоқ қылыпты жеті мыңын.

1540 Мұсайып тақсыр асқан батыр күшті,
Кәпірлерге көрсетті теперішті.
Қалған кәпір шаһарға қашып кірді,
Мұсайыпқа жетпіс жерден жара түсті.

Таусылмайтын көрген жоқ мұндай елді,
Қалжыратты он екі қайран ерді.
Жердің жүзін басқан кәпір тағы келді,
Үшеуі де соғысқа бірдей кірді.

Кәпірден және он мыңды қырып салды,
Аттары өліктерден жүрмей қалды.
Үшеуі жаралы болып қалжырады,
1550 Қыз білән екі батырды ұстап алды.

Кәпірлер үшеуін де ұстап алды,
Кәпірлерге тұтқын болып олар қалды.
Патша әлгі қызбен ойнаймын деп,
Алтынды бір аулақ үйге алып барды.

Қыз жалынып жылайды бір Құдайға,
«Медет қыл» деп жылайды һәм Пайғамбарға.
Осы қыздың тілегі қабыл болып,
Қыз жанынан бір аждаһа болды пайда.

Жұтқалы патшаға ұмтылады, аузын ашып,
1560 Қыз сонда қуанады судай тасып.
Қыз түгіл, жанымен қайғы болып,
Падиша ессіз болып, шықты қашып.

«От жақ!» деп бұйрық берді тамам жұртқа,
Есі кетіп, ол қашып шығып сыртқа.
«Дұшпанымыз тұтыпсыз, бұйрық қыл» деп,
«Құдайым» деп бас ұрды жанған отқа.

Патша қыздан кереметті мұндай көрді,
«Құдайым» деп жалынып отқа келді.
«Ол үшеуі сиқыршы, өлтірің!» деп,
1570 От ішінен шайтан келіп хабар берді.

— Ол үшеуі сиқыршы, қас, — деп айтты,
Жақын бармай, жанынан қаш деп, — айтты.
Сіздерден, халайықтар, разы болам,
Жұртты бұзар, дарға ас, — деп айтты.

Патшаның осы сөзге көңілі толды,
Саны жоқ кәпірлерден жиды қолды.
Шайтанды білмей кәпір Құдайым деп,
Енді үшеуін дарға аспақ болды.

Иманды құл өлгенде ұжмақ табар,
1580 Үшеуі жата тұрсын, өй, жарандар.
Манағыда ол кеткен іздеп Қанбар,
Әли Арыслан батырдан алың хабар.

Әли көрген зынданда қиындық көп,
Қанбарды шығарыпты батыр ептеп.
Қанбарды ол зынданнан алып шықса,
Қойған жерде зұлпықары мен Дүлдүлі жоқ.

Фируз, Нәһар, Жәмшид патша келген екен,
Мың қолмен аң аулап жүрген екен.
Бұлар осы зынданға душар болып,
1590 Иесіз ат, қылышты көрген екен.

Бұлар көріп қалыпты тамашаға,
Бір ат пен қылыш тұр оңашада.
Екі патша Дүлдүлді ұстағалы,
Мың сан кәпір айналып қамасады.

Дүлдүл тістеп зұлпықарды, аспанға ұшты,
Дүлдүлден кәпір көрді мұндай істі.
Ұстай алмай кәпірлер қайтып кетті,
Дүлдүл ұшып бір алыс жерге түсті.

Ұшып Дүлдүл түсіпті жырақ жерге,
1600 Батырлар душар болды мұндай елге.
Фируз патша аң аулап жүрген екен,
Дүлдүл мен қылышты о да көрді.

О да көрді Дүлдүлді ұстағалы,
Мың сан кәпір Дүлдүлді ол қамады.
Зұлпықарын тістемей ұшып кетті,
Дүлдүл кетті, зұлпықар сонда қалды.

Дүлдүл түсті бір жерге ұшып барып,
Кәпірлер қалды оған аң-таң қалып.
Дүлдүл өзі ұстатпай ұшып кетті,
1610 Зұлпықарды Фируз да кетті алып.

Фируз патша зұлпықарды алады енді,
Суыра алмай қайранға қалады дейді.
Суыра алмай жанына салып қойып,
Фируз көзі ұйқыға барады енді.

Құдайдың таң қаласың істеріне,
Әлидің жан шақ келмес күштеріне.
Фируз патша ол ұйықтап жатқанында,
Әли Арыслан кіріпті түстеріне.

«Дүлдүл менен зұлпықарым менің» деді,
1620 Кәпірлік, иман білсең, дінің» деді.
Үмітің болса Хақтан ұжмақ үшін,
«Пайғамбар — хақ» деп, дінге кірің» деді.

Фируз патша осылайша бір түс көрді,
Әли Арыслан осылайша хабар берді.
Көңіліне иманның нұры толып,
Көрмейінше Фируз да дінге кірді.

Құдайым оған салды жақсы ойды,
Кәпір дінді ол қолдың бәрі жойды.
Дүлдүлдің қастарына зұлпықарды,
1630 Мұсылман болып апарып бұлар қойды.

Кәпірдің қара сансыз жиылғанын,
Батырлар төкті сансыз кәпір қанын.
Зынданнан шықса Дүлдүл, зұлпықар жоқ,
Жамағат, тыңда Әлидің не қылғанын.

Әли бақты қайран болып жан-жағына,
Бір Құдай, жәрдем бергіл тіл-жағыма.
Есі кетіп, ер Әли қарап тұрса,
Шуылдаған дауыс келіпті құлағына.

Зынданда Әли көрген қиындық көп,
1640 Қосқа қарай жүріпті олар беттеп.
Қосқа келсе, өліктен таулар болыпты,
Жолдасының ол қоста жалғызы жоқ.

Көрсө, көпір таудай болып көп өліпті,
Қостағы бір бөле кез келіпті.
Әли Арыслан сол жерде қайран қалып,
Манағы дауыс жаққа жөнеліпті.

Дауыс жаққа ер Әли енді жүрді,
Шуылдаған дауысқа жетіп келді.
Мұсайып, Уақас пенен Диләфрузды,
1650 Дарға асып жатқанын көзі көрді.

Ер Әли қаһарланып айғай салды,
Құлағына Дүлдүлдің даусы барды.
Он екі күндік жерден дауысын танып,
Зұлпықарды тістеп алып жетіп қалды.

Әбілмәжін де бек асқан батыр екен,
Олардың жалғыз жүрген салты ма екен?
Әли Арыслан ол айғай салған шақта,
Диюларменен соғысып жатыр екен.

Әбілмәжіннен диюдың көбі өлді,
1660 Ер Әлидің дауысын о да білді.
Қырып жүрген диюын о да тастап,
Көз жұмғанша сол дарға жетіп келді.

Дар астына екеуі қылыш ұрды,
Ол жиылған көпірдің бәрін қырды.
Сәдуақас, Мұсайып, қыз үшеуін,
Сау-саламат көпірден халас қылды.

Төртеуі қосқа келді жолға түсіп,
Қуанады Қанбарменен һәм көрісіп.
Бесеуі бір Құдайға шүкірлік қылып,
1670 Отырады асын жеп, суын ішіп.

Хиуаран патша бұларға қайран қалды,
Не қыларын бұларды біле алмады.
«Бір айтатын сөзім бар, Қашимшим» деп,
Патша ер Әлиге кісі салды.

Патшаның қара ақылының молын енді,
Шақырған соң ер Әли атқа мінді.
Жасырып палуандарын патша қойды,
Әлидің келетұғын жолына енді.

1680 — Түсірейік Қашимшимді қайлаға, — деп,
Келсе қылыш, мылтық, найзала, — деп.
Палуандарға беріпті темір арқан,
— Бұғып тұрып, тұзақтап, байлап ал, — деп.

Палуандар жасырынып қалысады,
Қылыш, арқан қолына алысады.
Ер Әли хабары жоқ келе жатқан,
Тұзақ салып, қылышпен шабысады.

1690 Арысланның қарап тұр ойынына,
Кәпірлер жабылады бәрі сонда.
Қылыш шабылып басына ер Әлидің,
Жетпіс арқан түсіпті мойынына.

Тұзақ салып, жабылып кәпір тартты,
Ер Әлидің басына қылыш шапты.
Ақырып жетпіс арқанды быт-шыт қылып,
Шын атын кәпірлерге сол жерде айтты.

Зұлпықармен палуанның бәрін қырды,
Жетпіс арқанды бір тартып, пәре қылды.
«Әли — менмін, қайтып кәпір ұстарсың» деп,
Жайын, кебін айтуға қарап тұрды:

1700 — Атам — Мұхаммед, жолдасым — төрт шаһариар.
Халал жұфұтым — Фатима, білсеңіздер,
Соғыстағы бір атым Әли Хайдар,
Қылышым үш — қамқам, самсам һәм зұлпықар.
Дүлдүлім айшылықты алты басар,
Қайтіп мені аларсың, әй, кәпірлер.

Әли осылайша сөз айтып, шығып кетті,
Қостағы қалғандар жетіп келді.

«Қашимшим емес, бұ келген Өли екен» деп,
Патша Хиуаранға хабар жетті.

Патша осы іске қайран қалды,
1710 Қырық күндей төрт жақтан жиды қолды.
Жақ-жақтан қисабы жоқ ту көрініп,
Қайыстырып келеді қара жерді.

Жарандар, ол бесеуі жатсын сонда,
Бір Құдай, батырларды өзің онда.
Пайғамбардан айтамын біраз кеңес,
Құлақ салып, жарандар, сөзім тыңда.

Бұ сөзімді тыңдаңыз, өй, жарандар,
Пайғамбармен отыр екен шаһариар, сахабалар.
«Бір Аллаң сәлем айтты» деп, Пайғамбарға
1720 Жәбірейіл бір күн келіп берді хабар.

— Иә, Мұхаммед, сәлем айтты саған Құдай,
Асығып келіп тұрмын мен де бұлай.
Көктегі сансыз толған періштелер,
Салауат айтты, — дейді, — шулай-шулай.

Айтсам келген жұмысым білерсің, — деп,
Қүдіретін бір Алланың көрерсің, — деп.
Бір Аллаң жарлық етті: — Мәлікаждарды,
Бас қылып, ер Өлиге жіберсін, — деп.

Хиуаранның үстіне барсын, — дейді,
1730 Өлиге қосылып соғыс салсын, — дейді.
Хауарзамин дегенде Жәмшид патша,
Оның дағы шаһарын алсын, — дейді.

Жәмшидтің бар бір үлкен темір шаһары,
Ойран қылсын, — деп айтады, — тағы оларды.
Мәлікаждарды бас қылып қол аттандыр,
Мұхаммед достым, Алланың бұ хабары.

Осылайша білдірді айтып-айтып,
Жәбірейіл айтты дағы кетті қайтып.
Мәлікаждар жөнелді ер Өлиге,
1740 Қырық мың қол жиып алып, шеру тартып.

Осылайша Мәлікаждарды хабарлады,
Қырық мың қолмен Мәлікаждар жөнеледі.
Енді олар солайша бара тұрсын,
Тыңдаңыз, ер Әлиден сөз келеді.

Жарандар, тыңдап отыр енді сөзім,
Келістіріп сөйлейтін болды кезім.
Хиуаран қолы Әлиді қамап алып,
Қайыстырып жатыпты жердің жүзін.

Бесеуі қолды көріп қайғырады,
1750 Қорыққанынан Аллаға зар жылайды.
Қолды көріп, бір өзің қуат бер деп,
Мінәжат қылып ер Әли зар жылайды.

Жарандар, естідің бе Әли сөзін,
Шаңдақ басты қап-қара күннің көзін.
Бесеуі де Аллаға зар жылайды,
Құмырсқадай басты көпір жердің жүзін.

Көпір соқты ол ұрыс барабанын,
Ұрысқа бұлар да жиды қамын.
Адина Масқара деген ол көпірлер,
1760 Жекпе-жекке шығарды бір палуанын.

Жүз батпан күрзісі бар қолдарында,
Лат, Манатқа «қолда» деп жалбарынады.
Ақырып Адина Масқара шыққанында,
Мұсайып ғазы шығыпты алдарына.

Мұсайыпты ол соқты жүзіқара,
Тұта берді қолына қалқан ала.
Адина Масқараның шоқпарынан,
Мұсайыптың қалқаны болды пәре.

- Екеуі бір-бірлерін ұрысады,
1770 Қарудан һәрбір қайла қылысады.
Қарумен һешнәрсе қылыса алмай,
Қайран болып екеуі де тұрысады.
- Жағаласып, аттан түсіп бек көп жүрді,
Мұсайыпқа Құдайым жәрдем қылды.
Адина Масқараны жерге ұрды,
Күл-күл болып жаһаннамға жаны кірді.
- Мұсайыптың ойыны бар алуан-алуан,
Кәпірлер қайратына аң-таң қалған.
Күн батқанша Мұсайып бірме-бірге,
1780 Кәпірден һәлак қылыпты жетпіс палуан.
- Кеш болған соң барабан кәпір қақты,
Соғыстан кеш болды, күн де батты.
Екі ләшкер бір-бірінен айырылысып,
Қайтысып жай-жайына барып, жатты.
- Түнде тыныштық екі қол алысады,
Күндіз ұрысып, қылыштар шабысады.
Таң атып, екі жақтан майдан түзеп,
Ұрысатұғын жеріне барысады.
- Кәпірлер жайылады құрттай қайнап,
1790 Кәпір шықты жекпе-жекке қару сайлап.
Ол күні бірме-бірге Әбілмәжін,
Жетпіс палуан кәпірді алды байлап.
- Кәпірлер шыдамайды ерлеріңе,
Қылыштарын байлаған белдеріңе.
Күн кеш болып, барабан тағы соғып,
Қайтады қайтатұғын жерлеріңе.
- Келер күні майданға тағы барды,
Ол күн Сәдуақас даярланды.
Күн батқанша Сәдуақас бірме-бірге,
1800 Жетпіс палуан кәпірді байлап алды.

Бесеуі жалынады Құдайына,
Үзілмей соғыс болды ұдайына.
Күн кеш болып, барабан тағы соғып,
Екі ләшкер қайтады жай-жайына.

Бұлардан қауіп қылады көпірлер сұм,
Бірме-бірге келуден қорқады тым.
«Таң атса, — деп, патша жарлық қылды,
Бір-біріне ат қой» деп он екі мың ерді.

Таң атып ол Мұсайып тағы кірді,
1810 Мұсайыпты көпірлердің көзі көрді.
Мұсайыпқа келуге бата алыспай,
Қойдай ғана ұйлығып қарап тұрды.

Көпірлер һеш келмейді бірме-бірге,
Қорқу салды Мұсайып батыр мұнша елге.
Жекпе-жекке көпірлер келмеген соң,
Мұсайып бір сөз айтты көпірлерге:

— Мен тұрмын жалғыз келіп алдарында,
Ұрысуға жисаңшы қамдарыңды.
Бірме-бірге қорықсаңыз, бөрің жабыл,
1820 Жаһаннамға жіберем жандарыңды.

Мұсайып батыр қарамайды тірі жанға,
Тамам көпір жабыла соғыс салды.
Мұсайып жалғыз өзі соғыс қылып,
Үш мың көпірді жіберді жаһаннамға.

Көпір, әслә, қырудан таусылмайды,
Бесеуі де көпірлерге салды найза.
Көпірдің өлігінен ол күн қырылған,
Әй, жарандар, болыпты таулар пайда.

Күн кеш болып көпірлер тағы қайтты,
1830 Бесеуі де орнына барып жатты.
Хиуаран патша Жәмшид патша інісі екен,
«Біздер ойран болдық» деп хабар айтты.

«Хабар барса, қол жібер бізге, — деді,
Дұшпан қатты көрінді көзге, — деді.
Хатпен хабар айттым, сақтана көр,
Бізді алған соң, ол бармақ сізге» деді.

Жәмшидтің хаты жетеді қолына енді,
Ашуланып сыймайды тонына енді.
Екі жүз мың палуанға Имлақты басшы қылып,
1840 Хиуаранның түсірді жолына енді.

Бірнеше күн жүріп, бұлар кетті-ау,
Бірнеше түн арада күндер өтті-ау.
Екі жүз мың палуанды Имлақ бастап,
Хиуаранның шаһарына жетіп кепті-ау.

Келген соң қуанышты болысады,
Қайғыны көңілдегі жойысады.
Бөрөк Алла, хош келдің, қуаныш қылып,
Шаттық бірлән ол түнде қуанысады.

Патша айтты: — Тыңдап отыр сөзімізді,
1850 Тез келген тәуір көрдім өзіңізді.
Жабыла бөрің бірдей ұрыс қылың,
Бірме-бірге барудан безіңіз-ді.

— Солай жарлық қылдың ба, жаным, сірә,
Бұ дұшпаннан түңілеміз арың, сірә.
Біз келген соң, падиша, қайғы жеме,
Жалғыздың қоймасын жанын, сірә.

Кәпір қорықты соғыста бірме-бірден,
Имлақ соғыс қылды жолдасымен бірге келген.
Күн батқанша бек қатты соғыс қылды,
1860 Батырлар жаралы болды жетпіс жерден.

Кәпірлерді жапырады қырып, жойып,
Бір-біріне жатады барып, қонып.
Бесеуі жарасына дәрі жағып,
Бір Аллаға жатады шүкір қылып.

Ер Әли қорықпайды, өзі мықты,
Ұрысып көп көпірді жерге тықты.
Әли кіріп майданға бір ақырды,
Он екі мың көпірдің жаны шықты.

1870 Ол күні батыр Әли соғыс салды,
Жер жүзіне ағызды судай қанды.
Өзгелері жаралы болып тауға шықты,
Көпірлер төбе-төбе өліп қалды.

Бесеуі жад қылады бір Құдайды,
Тау басында бесеуі алды жайды.
«Бір Алла, бізге жәрдем бер өзің» деп,
Бесеуі таң атқанша зар жылайды.

1880 Көпірлерге ол толған жердің жүзі,
Қараңғы болды шаңмен күннің көзі.
Таң атып өзгелері қалжырапты,
Ер Әли соғыс қылыпты жалғыз өзі.

Жердің жүзін ол басқан көпір екен,
Жалғыз соғысқан Арыслан батыр екен.
Көпірлердің оғынан жан таба алмай,
Ер Әли жалғыз соғысып жатыр екен.

Бір Құдай, ер Әлиді өзің сақта,
Жалғыз соғысқан мың санмен соны мақта.
Күншығыстан бірталай шаң көрінді,
Арыслан бұлайша ұрысып жатқан шақта.

1890 Бір Құдай, ер Әлиге өзің жар бол,
Бірталай ләшкер екен көрінген сол.
Шаң ішінен бірнеше ту көрініп,
Сол жақтан жетіп келіпті сексен мың қол.

Баяғы зұлпықарды көрген екен,
Зұлпықарды көріп, дінге кірген екен.
Мұсылман болып ол патша қолын жиып,
Арысланды көргелі келген екен.

Кітаптың тап осылайша хатын айтсам,
Мұсылман болып келгендер санын айтсам.
Мирзинһар шах, Фируз, Шаһаур патша,
1900 Үшеуінің осылайша атын айтсам.

Жалғыз жүрген Әлиді бұлар көрді,
Арыслан асығам деп жылдам жүрді.
Сексен мың қолымен бұ үш патша,
Кәпірлерге келді де қылыш ұрды.

Кәпірге бұлар салды ақырзаман,
Арыслан қайраттанды онан жаман.
Бұлар келіп Әлиге қосылысып,
Кәпірден жетпіс мыңды қырды тамам.

Күн батқанша ұрысып жүріседі,
1910 Кеш болған соң қайтысып келіседі.
Үш патша қайтқаннан соң ләшкерменен,
Ер Әлиге келісіп көріседі.

Қайғыда болып жатты ол күн кәпір,
Басына түскеннен соң заманақыр.
Ас ішіп, мұсылмандар бірге қонып,
Таң намазын қауым болып оқып жатыр.

Кәпір ұрды дағы ұрыс барабанын,
Мұсылман оқып алды таң намазын.
Майданға қарсы шықты, ей, жарандар,
1920 Ер Әли бастап алып мұсылманын.

Ұрыста жүр кәпірдің бөрі қаптап,
Мұсылман да қаруын алды оңдап.
Екі ләшкер дариядай толқын болып,
Қарсыласып тұрысты тұтысып сап.

Кәпір қолы дариядай қисапсыз көп,
Қараңғы болды шаңмен сонда аспан-көк.
Фируз патша қолында бір палуандары,
Атын айтады екен «Самандүр» деп.

Мұсылман жалынады Құдіретке,
1930 Жалынып «жар бол» дейді Мұхаммедке.
Керкүдөнін Самандүр мініп алып,
Кәпірге шықты ақырып жекпе-жекке.

Кәпірден және біреу қарсы келген,
Ол да палуан жалғыз шыққан сонша елден.
Самандүрге кәпірден біреу келді,
Оның атын сұрасаң «Сәмәнт» деген.

Екеуі бір-біріне тиіседі,
Қаруымен шаншысып өтіседі.
Бір-бірін найзаменен ала алмайды,
1940 Он-оннан найзаларын сілтеседі.

Тұрған жұрт таң көреді ұрыстарын,
Бір-бірін жолбарыстай жұлысқанын.
Найзасын екеуі де тастай беріп,
Қисапсыз шабысады қылыштарын.

Таң қалды қайратының молдарына,
Сыймайды ашуланып тондарына.
Қылыштарын екеуі тағы қойып,
Шоқпарларын алады қолдарына.

Кәпірге енді бөле кез келеді,
1950 Бір-бірін шоқпарменен төпеледі.
Самандүр шоқпарменен күл-күл қылып,
Сәмәнтті жаһаннамға жібереді.

Самандүр мықтылығын білгізеді,
Мұсылманды қуантып күлгізеді.
Он бес палуан кәпірден байлап алып,
Сексенді жаһаннамға кіргізеді.

Самандүр түр кәпірге айғай салып,
Сексенді өлтіріп, он бесін байлап алып.
Жәмшид патшадан ол келген Имлақ кәпір,
1960 Енді өзі шығыпты ашуланып.

Самандүрдің келіпті қасына енді,
Күші кетер көпірдің асып енді.
Жұдырықпен бір ұрып Самандүрдің,
Аямады, ұшырады басын енді.

Мұсылман қарсысына оңтайланып,
Имлақ көпір түр енді, о да айқайлап.
Имлақ көпір бесеуді шаһид қылып,
Мұсылманнан жиырма алды байлап.

1970 Имлақ қаһар көрсетті асқан сондай,
Сәдуақас қайратын көрді мұндай.
Уақас тақсыр Имлаққа жетіп келді,
Бұл қылған қорлығына шыдай алмай.

Әуел найза өнерін қылушы еді,
Бір-біріне найзамен ұрысады.
Найзамен бір-бірін жеңісе алмай,
Қайран болып екеуі де тұрысады.

Шоқпар ұрып садақпен атысады,
Қылышпенен бір-бірін шабысады.
Жеңісе алмай күн жатып екі ләшкер,
1980 Жай-жайына қайтысып, жатысады.

Ол күн жатты, тағы да таң да атты,
Мұсылмандар намаз оқып, азан айтты.
Майдан түзеп, соғысқа көпір тұрып,
Барабанын жан-жақтан көпір қақты.

Мұсылмандар намаз оқып алысады,
Бір-біріне қайратты салысады.
Намаз оқып, бұлар да ұрысқалы,
Майдан түзеп, сап тартып барысады.

1990 Тыңдасаңыз, айтайын жақсы кепті,
Шаңдақ басқан секілді аспан-көкті.
Сәмәнт деген көпірден бір палуан,
Және біреу ақырып жетіп келді.

Ол көпірдің мүшесі бұзық екен,
Келістірсем қол-аузы қызық екен.
Екі иінінің арасы тап елу кез,
Бойының ұзындығы жүз кез екен.

Ақырып келді, көзіне жан көрінбей,
Керкүдән мінген Әлидің Дүдүліндей.
Қолы — шынар ағаштай, мұрны — мыстай,
2000 Аузы бейне таудың үңгіріндей.

Ақырып: — Жекпе-жекке келің, — дейді,
Жалғыз мені жеңбес-ау елің, — дейді.
Даусымнан жер жарылып, көк жаңғырып,
Бұ заманның Рүстем Дастаны менмін, — дейді.

Ол көпірдің дауысы көкті жарды,
Мұсылманнан Шарық деген палуан барды.
Бір ұрумен ол Шарықты шаһид қылды,
Бірнеше мұсылмандар өліп қалды.

Ол көпірдің күшіне аң-таң қалды,
2010 Бірнеше шаһид болып өліп қалды.
Бірме-бірге келгеннен соң осы көпір,
Мұсылманнан отызды байлап алды.

Шыдай алмай Мұсайып батыр тұрды дейді,
Көпірлерге қарсы қарай жүрді дейді.
Сегіз жүз батпан шоқпарын ұрған екен,
Күл-күл болып жаһаннамға кірді дейді.

Ат-матымен болыпты пәре-пәре,
Мұсайып батыр сиыныпты бір Аллаға.
Мұсайып ұрған шақта «иә, Алла» деп,
2020 Жаһаннамға кетіпті жүзіқара.

Көпірлер Мұсайыптан жаман састы,
Сәмөнт палуан өлген соң, қайғы басты.
Хиуаран патша «бөріңіз жабылың» деп,
«Бірме-бірге болмас-ты» деп ақылдасты.

Кәпірлер қорқысты бірі келмей,
Патша тұр жекпе-жекті мінәсіп көрмей.
Патша жарлық қылған соң Мұсайыпқа
Кәпірлер ат қойыпты бәрі бірдей.

2030 Жарандар, тыңдап отыр айтқан сөзім,
Кәпір қолы басыпты жердің жүзін.
Үш патша ләшкерменен соғыс салып,
Қап-қара шаңдақ басты күннің көзін.

Кәпірлерге ол күннің жүзі толды,
Ер Әли де кіріпті бастап қолды.
Көк жығылды, жарандар, күн тұтылды,
Дүние һәмма бұзылғандай соғыс болды.

Ер Әли де соғысты салады екен,
Зұлпықарын қолына алады екен.
Һәр мәртебе зұлпықарын шапқанында,
2040 Екі жүз жаһаннамаға барады екен.

Қылыштылар шабысады қылышпенен,
Шоқпарлы өлді, шоқпарласып ұрыспенен.
Найзалылар қырылды найзаласып,
Кетті һәркім бір түрлі жұмыспенен.

Қалқандылар ұрысты тұтып қалқан,
Сауыттыны келістіріп қайтып айтам?
Ер Әли ту жығарға таяныпты,
Кәпір қолын ол қылып талқан-талқан.

Батырларды қамады мұнша дұшпан,
2050 Кәпір естіп жиылды әрбір тұстан.
Кәпірлер қашарға бет қойған шақта,
Және бір шаң көрінді күншығыстан.

Ол шаңда төрт туы бар қол көрінді,
Аз-маз кісі ол емес, мол көрінді.
Ол төрт тудың түбінде бір жүз мыңнан,
Жәмшид патша кісісі сол көрінді.

Мұсылманның бұларды көзі көрді,
Кәпірлерге келді де бұлар кірді.
Науадир деген палуан басшы болып,
2060 Бес жүз палуан ішінде жетіп келді.

Кәпірлерден төрт жүз мың кәпір кірді,
Қайыстырды тағы да қара жерді.
Және келген кәпірлер мұсылманға,
Күн батқанша соғысты, қылыш ұрды.

Мұсылманды қылыпты астын-үстін,
Соғыспенен шаң қылды жердің жүзін.
Күн кеш болып екі ләшкер қайтып барып,
Жай-жайына жатады тағы да ол түн.

Мұсылман жатты орнына қайтып келіп,
2070 Намаз оқып жатады бірге қонып.
Мұсылмандар өліктерін қисап қылса,
Үш мың кісі өліпті шаһид болып.

Өліктерін мұсылмандар көріседі,
Танып-танып алысып келіседі.
Үш мың кісі өлігін шаһид болған,
Жаназа оқып, ол түнде көміседі.

Жарандар, қырғын болды екі жұртқа,
Мұсылмандар, иманың неш ұмытпа.
Ол күн өлген кәпірдің қисабы жоқ,
2080 Өліктерін кәпірлер жағыпты отқа.

Қолды тағы көбейтті кәпір жинап,
Кәпір басты жер жүзін, құрттай қайнап.
Мұсылмандар ол таңды ұйықтамастан,
Отырды бір Құдайға зары жылап.

Қараңғы болды шаңмен сонда аспан-көк,
Мұсылман көрсе, кәпір қисапсыз көп.
Құм менен құмырсқаға сан жеткендей,
Кәпірлер онан да көп нешбір сан жоқ.

Әли Арыслан мінеді Дүлдүліне,
2090 Кәпірлер қисабы жоқ көп көрінді.
Мұсылмандар жанынан үміт үзіп,
Бақұлдасып жылайды бір-біріне.

Кәпір қолы ол жердің жүзін басты,
Мұсылмандар жыласып бақұлдасты.
Мұсылмандар жанынан үміт үзіп,
Құшақтасып жыласты, шуылдасты.

Арыслан көрген соң мұндай енді,
Мұсылмандар жылауы тынбайды енді.
Ер Әли бірталайға жалғыз шығып,
2100 Бір Құдайды жад қылып жылайды енді.

Бір Жаратқанға жылайды «Құдайым» деп,
«Бұ дұшпанға не ылаж қылайын» деп.
Әли айтты Аллаға «тілегім» деп,
«Қор қылма, дұшпан үшін, жылаймын» деп.

Мұсылмандар жылайды қатты қорқып,
Өлімді көңіліне бәрі тоқып.
Бір Құдайға ер Әли зар жылайды,
Екі рақағат далада намаз оқып.

Жарандар, құлақ салғын, сөзіме енді,
2110 Келістіріп сөйлейтін кезім енді.
Құбыла тарапынан қарап тұрса,
Бір шаң көрінеді Әлидің көзіне енді.

Арыслан сиыныпты бір Құдайға,
Мұсылмандар қорқысып зар жылайды.
Әлгі шаңға Арыслан қарап тұрса,
Шаң-шаң болыпты қырық төбеде.

Ақ ту бар, жасыл ту бар — барлығы бар,
Нұрланып келе жатыр қызыл тулар.
Қырық туға қарап тұрса, ей, жарандар,
2120 Балқыған көкке бойлап шыққан нұрлар.

Арыслан Пайғамбардың туын көрді,
Пайғамбардың ләшкерін анық білді.
«Сүйінші» деп ер Әли жетіп келіп,
Жыласқан мұсылманға хабар берді.

Кәпірлер қарасып тұр есі кетіп,
Мұсылмандар шаттанды қуаныш етіп.
Сол халде қатты айқайлап азан айтып,
Қырық мың қолменен Мәлікаждар келді жетіп.

2130 Қырық мың қолмен жетіп келді Мәлікаждар,
Қарсы барып көрісті Әли Хайдар.
Пайғамбардың саулығын біліп енді,
Бек шаттанды, қуанып сахабалар.

Қуанды ол көрісіп батырларын,
Есендігін елінің білді бәрін.
Шүкір қылды көрісіп, амандасып,
Қызметкерлер тігіпті шатырларын.

Кәпірлер қайғырды мұны көріп,
Шатыр тікті қырық мың қол жетіп келіп.
Шатыр тігіп, дастарқан жайып салып,
2140 Қуанышпен асын жейді, шүкір қылып.

Ол түні екі ләшкер қонысады,
Мұсылмандар шаттыққа толысады.
Екі ләшкер қарауыл қатты қойып,
Бір-бірінен хабардар болысады.

Мұсылман тыныштық алды ол күн жатып,
Орнынан тұрысады таң да атып.
Екі қол екі жақтан майдан түзеп,
Ұрысқа келіседі саптар тұтып.

2150 Тұрды майдан жеріне жетіп барып,
Мәлікаждарға кәпір тұр аң-таң қалып.
Жекпе-жекке шығыпты Мәлікаждар,
Сегіз жүз батпан шоқпарын қолына алып.

Бірме-бірге келуге қаймығады,
Мәлікаждар жад қылады бір Құдайды.
Мәлікаждарға көпірлер бірі келмей,
Он екі мың көпірлер жабылады.

Көпірлер ол жабылып састырыпты,
Шоқпарменен көпірлерді басқа ұрыпты.
Он екі мың көпірді үш ұрғанда,
2160 Жандарын жаһаннамға тапсырыпты.

Күн батқанша Мәлікаждар соғыс салды,
Жер жүзіне ағызды судай қанды.
Күн кеш болды, барабан ол қағысып,
Екі ләшкер орнына қайтып барды.

Бір іс қылды Мәлікаждар ол күні-түні,
Екі қолдан білген жоқ һешкім мұны.
Мәлікаждар екі рақағат намаз оқып,
Ұйықтаған көпірлерге жалғыз кірді.

Көпірге жалғыз кіріп, ақырады,
2170 Шоқпар ұрып, қылышпен шапқылады.
Қараңғыда танымай көпір шауып,
Таң атқанша бір-бірін сап қылады.

Мәлікаждар жалғыз өзі бүлік сапты,
Бірін-бірі танымай көпір шапты.
Таң атса, жалғыз мұсылман ішінде жоқ,
Екі жүз мың көпірлер өліп қапты.

Падиша мұны көріп ой ойлайды,
Өлгеніне өкініп ойбайлайды.
«Масқара болып өзіміз қырылдық» деп,
2180 Бір мұсылман «бұ Қыдыр» деп айқайлайды.

Өлген көпір, бір мұсылман таба алмады,
Шерменде болып көпірдің бөрі қалады.
Қалған көпір масадай дуылдасып,
Мәлікаждарға ат қойып жабылады.

Күндей күркіреп Мәлікаждар қолға кірді,
Кәпірлерге қайратымен шоқпар ұрды.
Арыслан да кіріпті бір жағынан,
Кәпір қолын мұсылман қойдай қырды.

2190 Кәпірдің кетіріпті сәнін, сірә,
Сөзімнің татыңыздар дәмін, сірә.
Шапқан сайын зұлпықармен екі жүздің,
Жаһаннамға кіргізіпті жанын, сірә.

Зұлпықарын жан-жаққа жүргізіпті,
Кәпірлерге ерлігін білгізіпті.
Шапқан сайын екі жүз кәпір жанын,
Арыслан жаһаннамға кіргізіпті.

2200 Кәпірлер сол заманда өш болыпты,
Өш болам деп бөлеге түс болыпты.
Арыслан тойынарға жеткен шақта,
Жер-жеріне қайтады, кеш болыпты.

Кеш болғанша ұрысып жүріседі,
Мұсылманнан қаһарды көріседі.
Жеңе алмай кәпірлер қайтып барып,
Шаһарына ол түнде кіріседі.

Патша қорықты шаһарға қашып кіріп,
Имлақпен қашарға жүзін ол бірігіп.
Жәмшидке Хиуаран патша қашқалы жүр,
Соғыстан жеңілдік деп ол түңіліп.

2210 Имлақ пен патша жүз мың ләшкер алып,
Су жүзімен қашады кеме мініп.
Түнде патша шаһарынан қашып шығып,
Суменен Жәмшид шаһқа кетті жүріп.

Жәмшидке түн ішінде бұлар жүрді,
Қашқанын шаһар халқы көзі көрді.
Таң атқан соң қалғандар шуылдасып,
Арысланға бас ұрып, дінге кірді.

Таң атқан соң шаһарға бұлар кірді,
Шаһардағы баршасы дінге кірді.
Мәсжид, медресе салдырып, дін үйретіп,
2220 Қырық күнге шейін дін айтып, сабақ берді.

Қырық күнге шейін дін айтып тұрды сонда,
Сабақ оқып кәпірлер болды молда.
Қата деп сөге көрмең, ей, жарандар,
Қатасыз ол білуші жалғыз Алла.

Өлқисса, Жәмшид шаһқа баруға шыққандары

Кеңес қылып Жәмшидке бармақ болды,
Құдай қосса шаһарын алмақ болды.
Екі жүз кеме даярлап сол заманда,
Он екі мыңнан кемеге салмақ болды.

Он екі мыңнан кемеге салды қолды,
2230 Екі жүз кеме баршасы қолға толды.
Дарияның ортасына жеткен шақта,
Кереметтей бір толқын пайда болды.

Мұсылмандар шуласты бір Аллалап,
Қайық ішінде баршасы қылды азап.
Кемені бір-біріне толқын ұрып,
Кемені бұзып, қолды қылды харап.

Кемені быт-шыт қылды толқын қағып,
Мұсылмандар шығады енді нағып.
Һәрбірі бір тақтаймен жанын қорғап,
2240 Бет-бетімен мұсылмандар кетеді ағып.

Кемені быт-шыт қылып толқын қақты,
Мұсылмандар зар жылап иман айтты.
Белгілі батыр тақтаймен жан қорғайды,
Мұсылманның көбісі суға батты.

Жарандар, батыр Әли асқан мықты,
Дария быт-шыт қылды тамам жұртты.

Диләфруз қыз, ішінде батыр Әли,
Он екі мың қолменен қырға шықты.

Дариядан батыр Әли шығып кетті,
2250 Жүре-жүре бір үлкен тауға шықты.
Жартысы — от ол таудың, жартысы — қар,
Төбесімен тіреді аспан-көкті.

Әли Арыслан ол тауға жетіп барды,
Тамаша қылып ол тауға көзін салды.
«Құдай-а, құдіретің күшті ғой» деп,
Батыр Әли сол жерде жалғыз қалды.

Құдіретімен жаратқан жалғыз Жаппар,
Жалықтастан тыңдай көр, ей, жарандар.
Тозақтай төменгісі жартысы от,
2260 Жоғарғысы тас болған мүсін мен қар.

Төңіректеп ол тауды жүрді кезіп,
От ішіне кім кірер жаннан безіп.
Батыр Әли таң қалды оны көріп,
От күйдіріп, ол қары батпайды еріп.

Батыр Әли сиынады «Құдайым» деп,
Батырлары ол үшін уайым жеп.
Қыз бен қолға келді де, «тұр» деп айтты,
Тамаша қылып бұ тауға шығайын деп.

Ол тауға шығайын деп ойына алды,
2270 Тілін алып қыз бен қол онда қалды.
«Есім Ағзам» дұғасын оқып-оқып,
Тамұқтайын ол отқа жетіп барды.

Отқа кіріп ер Әли кетті дейді,
Күйдірген от егіне өтті дейді.
Айналайын, тақсыр-ай, қалжырайды,
Еттен өгіп, сүйекке жетті дейді.

Әли кетті ол шығып биік жарға-ай,
Қиындықты көрсетті шыбын жанға-ай.
Қалжырап «Есім Ағзамды» оқи-оқи,
2280 Оттан өтіп, Арыслан қарға барды-ай.

Ол жерге жүрер емес жалғыз адам,
Суық екен әлгі қар сондай жаман.
Суық тамұқ секілді, ей, жарандар,
Ол қарға басар емес жалғыз қадам.

Арыслан жад қылады бір Құдайды,
Қарға қарай бір қадам қоя алмайды.
«Аты не осы таудың, неткен жер» деп,
Әли Арыслан Құдайға зар жылайды.

Батыр Әли зарланып бұлай деді:
2290 — Тамаша тау жараттың мұндай, — деді.
Мұнан бұрын һеш адам келді ме екен,
Бір жаратқан білдірші, Құдай, — деді.

Һеш адам бұған аяқ салар ма екен,
Бұ қардан жаны шықпай қалар ма екен?
Һеш біреу мұнан бұрын келді ме екен,
Не мұнан соң бір адам алар ма екен?

Ер Әли жүре алмай тұр қар жағына,
Бір Құдай, жәрдем бергін тіл-жағыма.
Арыслан солай зарлап тұрған шақта,
2300 Ғайыптан дауыс келіпті құлағына.

— Көп жолдасың қырылды көлде, — дейді,
Арысланым, айтайын енді, — дейді.
Тап сенің сол тұрған жеріңізге,
Бұрын бір батыр адам келді, — дейді.

Бұ таудың атын сұрасаң, Бұлұр, — дейді,
Рүстем батыр келіп еді бұрын, — дейді.
Зар жылап ол да оттан өтіп келіп,
О да сенің орныңда тұрды, — дейді.

Жылады көз жасы көлдей болып,
2310 Жүре алмай о да тұрды қарға келіп.
«Бұ жерге адам ұғлы келер ме?» деп,
О да зарлап сұрады сендей болып.

Сұрады: — Адам бұған барар ма? — деп,
Жаны шықпай бұ қардан қалар ма? — деп.
Менен бұрын неш адам келді ме екен,
Не, менен соң бір адам алар ма, — деп.

Мен де оған білдірдім айтып-айтып,
Күніңді кешірме мұнда жатып.
«Бұ тауға саған рұқсат жоқ» деген соң,
2320 Бейшара зар-зар жылап кетті қайтып.

— Рүстем батыр, сөзің жақсы, пәлі, — дедім,
Болмадың, айтайын оны, — дедім.
Араб жұртынан сенен соң бір ер шығар,
Оның атын сұрасаң, Әли, — дедім.

Дін исламға оның өзі сүйеу болар,
Зұлпықар мен Дүлдүлге ие болар.
Ақырзаман Пайғамбары Мұхаммедке,
Ей, Рүстем, ол Әли күйеу болар.

Кәпірлерге көп ойранды салар, — дедім,
2330 Көп кәпір мұсылман болып қалар, — дедім.
Рұқсат жоқ, ей, Рүстем, сен аларға,
Сенен соң Әли келіп алар, — дедім.

— Құдай-а, тау жараттың мұндай, — дейді,
Әли деген шығар ма сондай, — дейді.
Мен осылайша еткен соң, Арысланым,
Рүстем зар жылап бұлай дейді:

— Жылайды ғұмыр берсең жасыма деп,
Әлидің жолдасы болсам қасына, — деп.
Ғұмырымша қызметін қылар едім,
2340 Кебісін ол көтеріп басыма, — деп.

Рүстем осылайша айтты, — дейді,
Сізге құмар болды ғой қатты, — дейді.
Сізге ынтық болды да, ол Рүстем,
Жылай-жылай бейшара қайтты, — дейді.

Әли Арыслан зарланып «Құдай» дейді,
«Рүстем зарланды ма бұлай?» дейді.
Әлгі сөзді есіткен соң батыр Әли,
Рүстемді дос тұтып былай дейді:

— Рүстем мықты екен бұ жерге келген, — дейді,
2350 Оттан өтіп, бұ қарды көрген, — дейді.
Қияметте қолынан жетелемей,
Кір десең де, ұжмаққа кірмен, — дейді.

Ұжмаққа кірер болса кезім, — дейді,
Рүстемсіз кіруге бездім, — дейді.
Жалған болып жүрмесін сөзім, — дейді,
Бұ сөзіме куә бол өзің, — дейді.

Бұ сөзді айтып ол қарға жүріп кетті,
Үш күн, үш түн ол қарда күндер өтті.
«Есім Ағзамды» оқыпты сасқанынан,
2360 Әли Арыслан өлімге жуық жетті.

Суық өтті Әлидің денесіне,
Ондай жерде қиындық көрмесін бе?
Қалжырап «Есім Ағзамды» оқи-оқи,
Сегіз күнде шығыпты төбесіне.

Ер Әли сондай қиын жерді көрді,
Төбесіне ол таудың енді келді.
Түбі жоқ, кенері жоқ, ей, жарандар,
Ер Әли төбесінде бір көрді көлді.

Ол дарияда бір көпір із бар екен,
2370 Кітапта осылайша сөз бар екен.
Әли Арыслан көпірге қарап тұрса,
Көпірде бір ай жүзді қыз бар екен.

Екі беті күндей болып нұрланып тұр,
Шашы қара жібектей оралып тұр.
Оймақ ауыз, қалам қас, жазық маңдай,
Құмырсқадай белдері бұралып тұр.

Көпірге батыр Әли шығып алды,
Сөйлесуге ол қызға жетіп барды.
Қыз Әлиді дарияға жығамын деп,
2380 Қыз Әлимен көпірде алысады.

Қызбенен алысады батыр Әли,
Көпірдің түпсіз дария екі жаны.
Қыз Әлиді жығуға жақындатты,
Алысқанда-ақ ол көпір қалтырады.

Қыз Әлимен көпірде алыс салды,
Қызда Әли көрген жоқ ондай жанды.
Зұлпықарын суырып тақсыр Әли,
Әлгі қыздың бір қолын шауып салды.

Бір қолын ол зұлпықар кесіп түсті,
2390 Ол қолдың орнынан жүз қол өсті.
Ол қолымен Әлиді тағы ұстады,
Әлгі кескен қолынан ол қол күшті.

Батыр Әли ол қызға қайран қалды,
Осы қыз сиқыр оқып, бір дем салды.
Жап-жалаңаш болыпты батыр Әли,
Дем салғанда ат-тоны бөрі жанды.

Арысланның сол жерде кәрі келді,
Қаһарланып зұлпықармен салады енді.
Қақ бастан салғанда әлгі қыздың,
2400 Зұлпықармен бауырдан екі бөлді.

Көпір үсті қыз өліп, қанға толды,
Ер Арыслан көпір дейді сондай жолды.
Әлгі қыз өлсе дағы тек жатпады,
Бір тамшы қаны жүз мыңдап дию болды.

Көпір үстін бір сансыз дию басты,
Батыр Әли диюменен араласты.
Әлиге барша дию қылды қасты,
Тозақтайын үстіне отты жақты.

2410 Ашуланып ер Әли айғай салды,
Зұлпықарын қаһармен қолына алды.
Қаһарланып ол айғай салған шақта,
Он екі мың диюлар өліп қалды.

Диюларға қаһарменен қылыш ұрды,
Қайрат қылды Арыслан сол бір жерде.
Ақырып он екі мыңды бір өлтіріп,
Зұлпықармен қалғанын қойдай қырды.

2420 Қайраты Арысланның асып кетті,
Дию отты Әлиге шашып кетті.
Диюлар ер Әлиге шыдай алмай,
«Болмас-болмас» деді де, қашып кетті.

Батыр Әли көріпті мұндай жерді,
Диюлар ғайып болды, келмейді енді.
Басы көкке тақалған батыр Әли,
Дүр-алтыннан жасалған күмбез көрді.

Күмбезді зұлпықармен ұрады енді,
Бұзайын деп һәр айла қылады енді.
Шоқпарменен ұрады, бұза алмайды,
Шарасыз болып Арыслан тұрады енді.

2430 Жеті мәртебе «Йасин» оқып, дем салды,
Ол күмбезді дем салып, қайта жарды.
Күмбез пәре болып, ішінен бір дауыс шығып,
Бір күн, бір түн ер Әли талып қалды.

Жарандар, тыңдап отыр, айтқан сөзім,
Әли сондай кезіпті жердің жүзін.
Бір күн, бір түн өткен соң түрегеліп,
Есін жиып, ер Әли ашты көзін.

Көзін ашса, от та жоқ, қары да жоқ,
Теп-тегіс жер манағы, бәрі де жоқ.
Тау болған бар еді алтын-күміс,
2440 Күл-күбір, қыз, күмбездің бірі де жоқ.

Батыр Әли ол жерді таң көріпті,
Әлиден басқа неткен жан көріпті.
Қайран болып ер Әли тұрған шақта,
Будақ-будақ алыстан шаң көріпті.

Манағы от та, қар да басылады,
Өз қолын батыр Әли қасына алды.
Фируз шаһ, Мирзинхар, Хиуар патша,
Он екі мың қолменен қарсы алады.

Көрісіп, құшақтасып қалысады,
2450 Қыз бен Әли қасына барысады.
Ол Бұлұр тауындағы алтындарын,
Көлігіне сыйғанша салысады.

Алтыны баршасына таң көрінді,
Көздеріне бір үлкен шаң көрінді.
Қайран болып ол шаңға қарап тұрса,
Шаң ішінен бірталай жан көрінді.

Өз қолын батыр Әли қасына алды,
Қарап тұрып ол шаңды тосып алды.
Әбілмәжін, Сәдуақас ләшкерімен,
2460 Солар екен, бұлар да қосылады.

Ол жерден алтын алып көшті дейді,
Арада бір күн бір түн кешті дейді.
Бір орынға және келіп түсті дейді,
Шүкір қылып астарын ішті дейді.

Бұлар тілек тілейді бір Алладан,
Жағыма жәрдем бергіл, иә, Сұбхан.
Ас ішіп, бұлар да қарап тұрса,
Көздеріне бір үлкен көрінді шаң.

Қарап тұрды ол шаңға енді олар,
2470 Һеш нәрседен қорықпайды, жаным солар.
Мәлікаждар, Мұсайып ғазы екен,
Отыз мың ләшкерменен келді олар.

Ол кеште қонып сонда жатады енді,
Таң атып, бамдатқа азан айтады енді.
Таң намазын қауым болып оқып алып,
Үш күн, үш түн тынбай жол тартады енді.

Батырлар қосылып алып бірге жүрді,
Үш күн, үш түн арада күндер өтті.
Басында тақтай тас бар бір құдыққа
2480 Төртінші күн тақсырлар жетіп кепті.

Құдыққа жетіп барды бір ауыр қол,
Жарандар, бір сөзімнен хабардар бол.
Ол құдықтың түбінен шығатұғын,
Ей, жарандар, бар екен бес бөлек жол.

Ер Әли бастап келді сансыз қолды,
Құдыққа Арыслан менен бәрі келді.
Құдыққа жетіп келді тұра қалып,
Бес айырылған ол жолды, көзі көрді.

Бұ сөзімді, тыңдаңыз, ей, жамағат,
2490 Артық қылып жаратқан оларды Хақ.
Тамаша қылып құдыққа қарап тұрса,
Тақтай таста көреді бір жазған хат.

Ойына Һеш нәрсе алмайды бұлар қорқып,
Көңіліне бір Құдайдың атын тоқып.
Тақтай таста жазылған, ей, жарандар,
Әлгі хатты көреді бәрі де оқып.

Хатта айтты: — Келсе бұ жерге адам — дейді,
Бес жолды көрер болса тамам, — дейді.
Бұ бес жолдың біреу-ақ аман, — дейді,
2500 Төртеуі «барса-келмес» жаман, — дейді.

Батырларға бір мүшкіл заман болды,
Бастап келді ер Өли тамам қолды.
Батырлар есі кетіп, қайран болды,
Біле алмай аман жол мен жаман жолды.

Батырлар сиынады әуел Хаққа,
Құдай-а, батырларды өзің сақта.
Баршасы сол құдыққа қайран болды,
Жүрулерін біле алмай қайсы жаққа.

2510 Батыр Өли құдықтан таһарат алды,
Астахари намазын оқып алды.
«Құдайым түсімде не білдірер» деп,
Намаз оқып, ер Өли ұйықтап қалды.

Пайғамбар түсінде Әлиге «түр, — деп айтты,
Бір Құдайдың құдіретін көр, — деп айтты.
Қолыңды бес бөлек қыл, — деп айтты,
Өзің оң жақ шет жолмен жүр» деп айтты.

2520 Ер Өли Пайғамбардың тілін алар,
Һәрқайсысын бір бөлек жолға салар.
Бұ көрген түсінен түрегеліп,
Баршасына былай деп берді хабар.

Батыр Өли бес бөлек бөлді қолды,
Бес жолдың баршасы қолға толды.
Бес бөлекке бес батыр болады бас,
Һәрбіреуі он екі мыңнан болды.

Он екі мыңға бас болды Мәлікаждар,
Бір бөлекке бас болды Өли Хайдар.
Уақас, Фируз, Мирзинхар, Хиуар патша,
Бір бөлекке бас болды енді олар.

2530 Әбілмәжінге он екі мың болды жолдас,
Һәрбіреуі жолменен жүрмей қалмас.
Бір бөлек қолға дағы он екі мың,
Ей, жарандар, Мұсайып болыпты бас.

Оң жақтағы жолменен Әли кетті,
Қорқақтары ішінде нали кетті.
Арыздасып бір-біріне амандасып,
Бір-бір жолмен айырылып бәрі кетті.

2540 Һәрбіріне бір бөле жолығар кез,
Көргендерін сіздерге айтайын тез.
Төртеуі төрт жолменен бара тұрсын,
Мәлікаждар жолынан есітің сөз.

Жарандар, құлақ салғыл сөздеріме,
Бір кеңес тыңлатайын өздеріңе.
Он күн, он түн жүрген соң Мәлікаждар,
Бір шаң көрінді алыстан көздеріңе.

Жарандар, Мәлікаждар асқан мықты,
Көп көпірді ұрысып жерге тықты.
Қарап тұрса, саны жоқ құмырсқадай,
Әлгі шаңнан бірталай қасқыр шықты.

2550 Мұсылманға жәрдем бер, иә, Жаппар,
Бұ сөзімді тыңдай гөр, ей, жарандар.
Шаңнан шығып қасқырлар жетіп келді,
Бір-бірінің басында мың мүйізі бар.

Жарандар, кеңес есіт, енді бізден,
Кітапта осы сөзді көрдім көзден.
Бір-бірінің басында мың мүйіз бар,
Ұзындығы бәрі де жеті кезден.

2560 Бұ қолды әлгі қасқыр жүргізбейді,
Шаңдақпенен һеш жөнді білгізбейді.
Мәлікаждар қолына жетіп келіп,
Атты адамды бәрін де мүйіздейді.

Мәлікаждар қасқырға шоқпар ұрды,
Мүйізбенен қасқырлар ұрып жүрді.
Есі ауып жығылды Мәлікаждар,
Қасқыр ат пен адамның бәрін қырды.

Жарандар, айып етпе айтқан сөзден,
Ол заманда батырлар жаннан безген.
Арқасынан тигенде мүйіздері,
Кеудесінен шығады жеті кезден.

2570 Жалғыз адам құтылмай бәрі де өлген,
Қаза жетіп бөріне ажал келген.
Есі кетіп қалыпты Мәлікаждар,
Тақсырға жара түсіп жетпіс жерден.

Қасқыр шапты ол қолды қойдай қырып,
Бір түгін сындырмады Мәлік ұрып.
Мұсылмандар қырылып болғаннан соң,
Қасқырлар бет-бетімен кетті жүріп.

Жарандар, жаралы болып Мәлік жатты,
Бірталай ессіз болып талып жатты.
Есін жиып бір таудың үңгіріне,
2580 Сүйретіліп тұра алмай, барып жатты.

Сүйретіліп үңгірге жетіп барды,
Жетпіс жерден жарадан қалжырады.
Жарадан тұра алмайды шарасыз болып,
Мәлік батыр үңгірде ұйықтап қалды.

Түсіне кіріп келіпті Пайғамбарым,
Көрер адам Құдайдың салғандарын.
Шапағат қылып «балам» деп жетіп келіп,
Қолыменен сипады жараларын.

— Түрегел, көп қайғырма, балам, — деді,
2590 Жолдасыңыз қырылды тамам, — деді.
Көйлегім кидірейін саған, — деді,
Тұруға енді келер шамаң, — деді.

Мәлік батыр ол жерде бір түс көрді,
Пайғамбарым үстіне көйлек берді.
Көйлекті киіп алып, көзін ашып,
«Иә, Алла» деп орнынан тұра келді.

Мәлікке хақ Пайғамбар қылды шапағат,
Салауат біз де айтайық атын атап.
Түсінде көйлек киіп, көзін ашып,
2600 Бұрынғыдай болыпты сау-саламат.

«Иә, Алла» деп орнынан тұра келді,
Жетіп барып қырылған қолды көрді.
Сегіз жүз батпан шоқпарын қолына алып,
Ол жолға жаяу түсіп, жүре берді.

Ол жолға жаяу, жалғыз жүріп кетті,
Неше күн-түн арада күндер өтті.
Айлардан-ай, жылдардан-жыл өткенде,
Қалжырап бір шаһарға жетіп келді.

Жарандар, құлақ салып есітің сөз,
2610 Жалықтырмай сіздерді айтайын сөз.
Ол шаһардың шетіне жетіп келіп,
Бір кемпірдің үйіне болады кез.

Жалғыз кемпір ол үйде душар болды,
Мәлік батыр көрді ғой қиын жолды.
Арып-ашып, қалжырап келген Мәлік,
Сол кемпірдің үйіне қонақ болды.

Мәлік көрді кемпірді анасындай,
Жарандар, сөзге құлақ саласың ба-ай.
Асын сайлап, Мәліктің кірін жуып,
2620 Киімін жамап берді баласындай.

Кемпір айтты: — Һәр іске барасың, — деп,
Дұшпаныңа қиындық саларсың, — деп.
Кемпір Мәлікаждардан сөз сұрайды:
— Қайдан келдің һәм қайда барасың? — деп.

Құтылып келдім күшіммен мұнда, — деді,
Әй, ана, айтқан сөзім тыңда, — деді.
Мың мүйізді көп қасқыр душар болып,
Көп жолдасым қырылды жолда, — деді.

- Сұрасаңыз осы, ана, сөзім, — деді,
2630 Азар-мазар құтылдым өзім, — деді.
Бұ шаһардың патшасының аты кім-дүр,
Оны айтып білдірші өзің? — деді.
- Һәр шаһардан бұ шаһардың артық заты,
Жер жүзінде ол артық салтанаты.
Бұ Даһалой Хауарзамин округы,
Падишаның сұрасаң, Жәмшид аты.
- Қандай дұшпан оларға жетпек, — деді,
Сіздей палуан жігітті сүймек, — деді.
Жетпіс мыңнан қол астында хан-сұлтан бар,
2640 Жеті ықылымды тұрады билеп, — деді.
- Һеш дұшпан мұны ұрсып, жеңбес, — деді,
Қандай патша келеді, тыңдашы, — деді.
Херхан сұлтанның ләшкері үш жүз мыңнан,
Һеш патша бұған теңдес келмес, — деді.
- Бұ сөзімнен байисың, жаным, балам,
Патша көрсе көп сарбаз берер саған.
«Жолың болсын, барсаңыз мынау жол» деп,
Кемпір айтып ол сөзін қылды тамам.
- Кемпір сөзі Мәлікке таң көрінді,
2650 Амандасып кемпірменен жолға кірді.
Неше күн-түн жүргенде, Мәлікаждардың
Көзіне бір алыстан шаң көрінді.
- Жарандар, бұ сөзімді есітіңіз,
Жол жүрді Мәлікаждар кеші-күндіз.
Әлгі шаңнан алтын ер арғымақты,
Күндей көркем келіпті екі жүз қыз.
- Мәлікаждар қорықпайды өзі күшті,
Бұл жолда Мәлік көрді сондай істі.
Өзге қыздар қасында хор қызындай
2660 Мәлікаждардың бір қызға көзі түсті.

Екі беті күндей болып нұрланыпты,
Шашы қара жібектей оралыпты.
Ол қыздардың көркемдігі асқанынан,
Өз-өзінен көруге қызғаныпты.

Мәлікаждар қыздарға қарсы барды,
Қыздар дағы Мәлікке көзін салды.
Қыздардың нұрларына, өй, жарандар,
Қарап тұрып ол жерде қайран қалды.

— Көп жүрме, жақсы қыздар, түзде, — деді,
2670 Жаным ашып айтамын сізге, — деді.
Дала жерде көрініп көп тұрмаңыз,
Сақ боларсыз жаман тіл-көзден, — деді.

Қыздардың бұ Мәлікті көзі көрді,
Көз тимесін деген ол сөзін көрді.
«Бізге кімнің ол көзі тиеді» дейді,
Бір қыз тұрып Мәлікке жауап берді:

— Бұ айдай жарқыраған жүзі, — деді,
Гүлшаһар деп айтатын өзін, — деді.
Темір шаһар ішінде Лат, Манат бар,
2680 Мынау Жәмшид патшаның қызы, — деді.

Қандай адам тиеді бұған, — деді,
Бұ қызға қызметкерміз тамам, — деді.
Темір шаһар ішінде Лат, Манат бар,
Шоқынғалы барамыз соған, — деді.

Жөнеліп барша қыздар шауып кетті,
Арқаларын шаштары жауып кетті.
Мәлікаждар тұлғасына қайран қалып,
Қыз көңілі де Мәлікке ауып кетті.

Кешікпей қыз үйіне қайтады енді,
2690 Мәлік те шаһарға жол тартады енді.
«Бұ дүниеде теңдессіз ер көрдім» деп,
Жәмшидке қызы мақтап айтады енді.

Ол қызының мақтауы да асып кетті,
Шаһар халқы басыпты жер мен көкті.
Сегіз жүз батпан шоқпарын қолына алып,
Шаһардың базарына жетіп кепті.

Шаһардың базарына жетіп барды-ау,
Базар халқы Мәлікке көзін салды-ау.
Саудасын баршасы қойып алды-ау,
2700 Тұлғасына Мәліктің қайран қалды-ау.

Базар халқы Мәлікті көзі көрді,
Дүниеде көрмедік деп мұндай ерді.
«Бұ заманның Рүстемі, тақсыр-ау» деп,
Базар халқы патшаға хабар салды:

— Базарға келді жаяу бір адам, — дейді,
Тым-ақ бұзық мүшесі жаман, — дейді.
Бұлайша сөз еткен соң Жәмшид патша:
— Ол кісіні алып кел маған, — дейді.

Базар халқы Мәлікке қайтып келді,
2710 Мерекеге баршасы батып келді.
Мәлікаждарға бас ұрып ол көпірлер,
«Шақырды, — деп, — патшамыз» айтып келді.

Патшаға Мәлікті алып келді,
Батырлығын бәрі де танып келді.
Сегіз жүз батпан шоқпарын патша алдына
Тастамастан иініне салып келді.

Падишаның алдына келді кіріп,
Падиша таң қалады көзі көріп.
Патшаға Мәлік те таң қалады,
2720 Патшалық тақытына қарап тұрып.

Оң жағында жетпіс мыңдай хандары бар,
Сұлтанның жетпіс мыңдай сандары бар.
Неше мың ойыншылары, айлакерлері,
Палуан адам жықпастай жандары бар.

Ойыншысы ол отыр ойын ойнап,
Бәр тарапта және тұр бұлбұл сайрап.
Неше мың палуанды аждаһадай,
Шынжырменен бекітіп қойған байлап.

2730 Мәлікаждар бұларға қалды қайран,
Патшаның шатырына көзі тойған.
Бір-біреуін босатса палуандардың,
Бір сағатта шаһарды қылар ойран.

Падишаға мұнша жұрт жиылып тұр,
Мәлікаждар Құдайға сиынып тұр.
Сақалына тоқыпты дүр-жауһар,
Шатырына сексен түрлі түр қылыпты.

Жалықпандар, жарандар, айтайын тез,
Шатырынан қойылған тиеді көз.
Сақалының ұзындығы қырық кез екен,
2740 Бойының ұзындығы тап елу кез.

Патша айтты: — Өлгі жігіт сен бе едің, — деп,
Мақтанды «Жәмшид патша мен едім» деп.
Мәлікаждарды сөгеді Жәмшид патша,
«Келгенде «здрости!» демедің» деп.

— Дәулетің күннен күнге өссін, — дейді,
Бұ айтқан сөзіңізге түсіндім, — дейді.
Дүниеде сіздей патша көргенім жоқ,
Ұмытып, шығып кетті есім, — дейді.

Бұ сөзге иланып патша тұрды қарап,
2750 Мәлік те сиынып тұр бір Аллалап.
Патша ішіп отыр екен арақ-шарап,
Мәлікаждарға падиша берді арақ.

— Арақ, сірә, ішпейтін салтым, — деді,
Падиша, көп-ақ екен халқың, — деді.
Бір жаман шошынған соң бұ арақтан,
«Ішпен» деген бар еді антым, — деді.

— Енді ішпеймін деген серттен танба, — деді,
Сертте тұрсақ жанға пайда, — деді.
Қайдан келе жатырсың, ей, палуан,
2760 Жолың болсын, барасың қайда? — деді.

Бір кісіден кем емес затың, — деді,
Қорықпай тұрған батырсың, салтың, — деді.
Қайсы жаққа барасың, қайдан келіп,
Және маған айтып бер атың, — деді.

— Жаһаннам түбі терең зындан, — деді,
Имансызға оны орын қылған, — деді.
Күнбатыстан барамын күншығысқа,
Және атым сұрасаң Хуман, — деді.

Падиша, көп кісі едік әуел баста,
2770 Барса келмес хат көрдім жол басында.
Жеті кезден басында мың мүйіз бар,
Атым менен қасқыр қырды жолдасымды.

Патша, жайымды айтайын енді, — деді,
Мың мүйізді қасқырды көрдім, — деді.
Атым менен жолдасымның бәрін қырды,
Күшімменен құтылып келдім, — деді.

Бәрәк Алла тұрсаң, тұрар ем, — деді,
Жәмшид пен, Хауарзамин жерім, — деді.
Жетпіс ел, жеті ықылымға патша болып,
2780 Бұ жолдан жалғыз сені көрдім, — деді.

Патша айтты: — Сөзім, Хуман, тыңдап тұр, — деп,
Ғешқайда кетпей, мұнда тұр, — деп.
Мәлікаждарға падиша құрмет қылды,
«Уәзір болып өзіме қал да тұр» деп.

«Жарайды» деп патшаға жауап берді,
Падишаның айтқанын қабыл көрді.
«Әлиді осы жерде күтейін» деп,
Бұ ақылмен Мәлікаждар сонда жүрді.

Мәлікаждар патшаға қайран қалды,
2790 Тамам жұрт жиылған сайран болды.
Жәмшид патша шаһарында, ей, жарандар,
«Гүл сарх» деген бір үлкен мейрам болды.

«Гүл сарх» деген бір үлкен мейрам болды,
Падиша жиып алды тамам қолды.
Хан-сұлтан, палуандарын жиып алып,
Падиша тамаша қылып барды сонда.

Патша жоқ көпірлерде, ол патшадай,
Мәлікаждар тамаша көрді сондай.
«Гүл сарх» мейрамына барды патша,
2800 Жақсы-жаман шаһарда жан тастамай.

Патша Мәлікаждарды жанына алды,
Мәлікаждар ол жұртқа қайран қалды.
Ойыншы, айлакерлер, өлеңшілер,
Шынжырланған палуанның бәрі барды.

Мәлікаждар жүр енді қайран қалып,
Тамам жұрт ойнап жатыр сайран салып.
Шаһардағы қыздардың бәрін жиып,
Гүлшаһарға барады бастап алып.

Бір Құдайым, медет қыл тіл-жағым,
2810 Келістіріп болды ғой сөйлер шағым.
Сексен түрлі құбылған шатыр тігіп,
Патша келіп құрады алтын тағын.

Падиша тамаша қып отыр қарап,
Палуандары түседі оны жанап.
Қызып алып, ойынды бастасады,
Ішіп алып бәрі де арақ-шарап.

Патша мейрамға барады жиып жанды,
Мәлік батыр бұларға қайран қалды.
Бұлбұлдайын сайрасып әлгі қыздар,
2820 Бір-біреуі мың түрлі әнді салды.

Арақ-шарап олардың асы болды,
Қаламдайын қиылған қасы болды.
Барша қыздар ойнайды өлең айтып,
Гүлшаһар да қыздардың басы болды.

Палуандар тағы ойынды бастасады,
Бір-бірін жығысып тастасады.
Қылыш шауып, ойын қылып өнеріменен,
Найзаласып шоқпармен тастасады.

2830 Күннің көзін қараңғы шаң алады,
Мәз болып көп адамдар сандалады.
Палуандар түрлі-түрлі ойын қылды,
Тамам жұрт қарап тұрған таң қалады.

Жарандар, айып етпе, арттарымнан,
Кеңес етіп бұл жазған хаттарымнан.
Патшаның асып келген палуанының
Бір азырақ айтайын аттарынан.

Шынжырланған патшаның палуаны көп,
Олардың бәрін айтайын қайтып ептеп.
2840 Асфандияр, Ландһүр, Қырақыл шаһ,
Науадир Масқара, айтайын Фирудин деп.

Баһрам, Мүштари, қаһарман бар Азинфар,
Шаһмуарбай қорада ойнап жатыр.
Сафандүр, Қаһмас, Ылаил Қатыл,
Шынжырланған бұлардың бәрі батыр.

Бұ батырлар шоқпарыменен жатыр ойнап,
Олардың қызығына бар ма тоймақ?
Айлакерлер жұрттарды таң қалдырды,
Бірін-бірін амалменен ойнап, байлап.

2850 Сайрап жатыр мың түрлі көп бұлбұлдар,
Даусына тамам жұрт қайран болар.
Һәр түрлі ойыншылар ойнап жатыр,
Және ойнайды бір жақта өңшең құлдар.

Қап-қара жарлауланған қабақтылар,
Қисық-қисық қолында таяқтылар.
Олар да жалбаңдасып ойнап жатыр,
Жыртылған өңкей тері тымақтылар.

Олар да ойнаған боп жүріседі,
Оларды да тамам жұрт көріседі.
Өздеріне өз ойыны келіседі,
2860 Бұларға тамам жұрт күліседі.

Тамам жұрт ойын қылды алуан-алуан,
Өз жанына жетпіс мың палуан алған.
Патшаменен ол жерде сөз байлаған,
Жамһүр деген бар екен бір палуан.

Патша күрес Жамһүрменен салмақ екен,
Палуандар бір-бірден бармақ екен.
Жамһүр жықса, Гүлшаһарды алмақ екен,
Жығылса әйел болып қалмақ екен.

Жамһүр айтты: — Палуандықта асқанмын, — деп,
2870 Көп палуанды астыма басқанмын, — деп.
Күресем деп мақтанып тұра келді,
— Бұ заманның Рүстем Дастанымын, — деп.

Мақтанды: — Бұ күн ойын саламын, — деп,
Қандай жаннан жығылып қаламын, — деп.
Патшаның палуандарын бәрін жығып,
Күйеу болып Гүлшаһарды аламын, — деп.

Жамһүр тұрып аждаһардай ақырады,
Басқа палуан даусынан қалтырады.
Лат, Манатқа сиынып тұра келіп,
2880 «Біреуің маған кел» деп шақырады.

Жамһүр сонда айқайды салды дейді,
Жұрт аң-таң дауысына қалды дейді.
Патшаның жанынан тұра келіп,
Һилайыл Қатыл палуан барды енді.

«Гүл сархта» бір үлкен той болыпты,
Екеуі де екі таудай бой болыпты.
Екеуі екі таудай соқтығады,
Ой жерлер қыр, қыр жерлер ой болыпты.

2890 Сіресіп бір-біріне болмай жүрді,
Жамһүр қайрат қылды сол бір жерде.
Ғилайыл Қатылды көтеріп алып,
Жамһүр палуан тымақтай жерге ұрды.

Жамһүр қатты күшті екен, жүзіқара,
Һәр түрлі жан жаратқан Алла Тағала.
Ғилайыл кетеді тура жаһаннамға,
Сүйектері болады пәре-пәре.

Жамһүрде заһарлары қалмайды енді,
Күресуге көңілдерін салмайды енді.
Майданда жалғыз Жамһүр ақырады,
2900 Бұ күн оған һеш палуан бармайды енді.

Ертеңгі күн тағы да болды майдан,
Өзге палуан Жамһүрден көңілі қалған.
Мәлікаждар шыдамай күресуге,
Сиынып, тілек тілейді бір Құдайдан.

Өзгелерден Жамһүрдің кәрі қатты,
Ғилайыл палуанды доптай атты.
Мәлікаждар шыдамай күресем деп,
Падишадан тілейді рұқсатты.

2910 Падиша Мәлікаждарға бата берді,
Рұқсат алып майданға тарта берді.
Кәпірлер Жамһүр жақтан мазақ қылып,
«Шұлаушы көтің қызды» деп айта берді.

Өзге палуан Жамһүрге бара алмайды,
Қарсы тұрып күресті сала алмайды.
Мәлікаждар Жамһүрге жетіп барып,
Кәпірлердің сөзіне қарамайды.

- Қаһарланып Жамһүрге барды Мәлік,
Көңіліне бір Құдайдың атын салып.
Жамһүр намыс қылады «өлтірем» деп,
2920 Мың батпан шоқпарын қолына алып.

Шоқпарменен ашуланып салып қалды,
Мәлікаждар қасына жетіп барды.
Айналайын, тақсыр-ай, шапшаңдық қылып,
Салған шақта шоқпарын тартып алды.

Шоқпарды жіберді аспанға атып,
Қолынан күші асып, алды тартып.
Ет асымдай аспанда шоқпар жүріп,
Бір заманда түседі жерге батып.

- Екеуі қолын созып жағаласты,
2930 Шоқпарын алып Жамһүрдің көңілін басты.
Қарап тұрған тамам жұрт таң қалады,
Күрес қылып екеуі көп таласты.

Әуелі Жамһүр палуан қайрат қылды,
Қозғалта алмай Мәлікті қайран болды.
Бір басқан аяғын қозғалта алмай,
Жамһүр енді қалжырап, қарап тұрды.

- Жамһүр сөзді Хуманға көп айтады,
Қайратына лайықтап еп айтады.
— Жеті қат, үшбу жердің тап үстіне,
2940 Аяғыңды шаншыдың ба, — деп айтады.

— Болыстығым бұ саған шын, — деп айтты,
Жылдам шығып кеудеме мін, — деп айтты.
Көңіліңде арман қалмасын тағы, Жамһүр,
Бар қайратың бар болса қыл, — деп айтты.

— Һешбір қайрат қалмады менде, — деді,
Сендей күшті көргем жоқ елде, — деді.
Әлгіден бар күшімді аямадым,
Енді кезек, ей, Хуман, сенде, — деді.

Көтеріп алып қозыдай атты дейді,
2950 Жамһүр отыз домалап кетті дейді.
Патша сонда сүйініп, айғай салып:
«Хуманға қызым берем» депті дейді.

Қол күшіне тамам жұрт аң-таң қалды,
Дүниеде көрмедік деп мұндай жанды.
Аузы-мұрны қан болып Жамһүр қалды,
Патша «Хуман — күйеуім» деп айтып салды.

Хуманның палуандығын патша көрді,
Тағына жетелеп оны алып келді.
Падиша Мәлікаждарды құрмет қылды,
2960 Алтын тақ оң жанынан орын берді.

Патша күшті көрген жоқ ондай адам,
Қайратына тамам жұрт аң-таң қалған.
Жұрттың бәрі тарқасып, қайтып кетті,
«Гүл сархтың» мейрамы болды тамам.

Бірталай жүріп сонда күн өтеді,
Патша тамам палуанға төре айтады.
Мәлікаждар палуандарға төре болып,
Шоқпар ойынын ойнауға үйретеді.

Енді Жамһүр көңіліне қастық алар,
2970 Мәлікке жәрдем бергіл, иә, Жаппар.
Мәлікаждарды аңдыды енді Жамһүр,
Жолдас болған жетпіс мың палуаны бар.

— Душар болдық бұ Хуман жауға, — дейді,
Алдап алып шығайық ауға, — дейді.
Өлтірейік, амалдап құтылайық,
Сіздер бекін ол үлкен тауға, — дейді.

Өзі жалғыз, кім оны сұрар, — дейді,
Алдаған сөзім қабыл қылар, — дейді.
Өстіп алдап, амалдап құтылайық,
2980 Ашуланса бір күні қырар, — дейді.

Лат, Манаттан ол Жамһүр қылды тілек,
Тауда барып бекінді бөлек-бөлек.
«Аң аулап көңілімізді көтерейік» деп,
Айтады Хуманға жетіп келіп.

Бұ тауда көп деп айтты құлан, бұлан,
Асқан жақсы неш жер жоқ, тіпті мұнан.
Бұлбұл сайрап, бұлақтар ағып жатыр,
Түрлі-түрлі жеміс бар алуан-алуан.

2990 Жамһүр сөзін ол қабыл қылды батыр,
Қару алып атына мінді батыр.
Тамаша жерін көріп, аң ауларға,
Жамһүрменен ол тауға келді батыр.

Мәлікаждар Жамһүрмен шықты тауға,
Қиындық көрсетеді шыбын жанға.
Шапқыласып ол тауға жетіп барып,
Ғажап үлкен тау екен қалды таңға.

3000 Ол таудан һәрбір түрлі қуады аң,
Жәрдем бергіл Мәлікке өзің, Сұбхан.
Аң қуалап, қызысып жүрген шақта,
Көздеріне бір үлкен көрінді шаң.

Бір үлкен шаң көреді сол бір жерде,
Ол шаңды батырдың көзі көрді.
Әлгі шаңнан жетпіс мың палуан шығып,
Мәлікке жабылады бәрі бірдей.

Мәлікаждар ол қолменен соғыс салды,
Жамһүр дағы найзамен салып қалды.
Найзаменен ол Жамһүр салған шақта,
Мәлікаждар найзасын жұлып алды.

3010 Мәлікаждар сиынады бір Құдайға,
Мұндай үлкен бәлелер болды пайда.
Жамһүрдің жұлып алып өзін шанышты,
Арқасынан жеті кез шықты найза.

Найзасымен кеудеден өзін ұрды,
Арқасынан жеті кез шығып тұрды.
Жамһүр аттан жығылды таудай болып,
Жаны тура жаһаннамға барып кірді.

Шоқпар ұрып, қылышпен шапқылады,
Он екі мыңды жаһаннамға тапсырады.
Жан сауғалап қалғаны шуылдасып,
3020 Мәлікаждардың аяғына бас ұрады.

Он екі мың палуанды Мәлік қырды,
Қалғаны қорқып аяғына басын ұрды.
Өлтірмеді, тілегін қабыл қылды,
Шаһарға баршалары қайтып кірді.

Мәлікаждар он екі мыңның кесті басын,
Қызыл қан қылды олардың ішкен асын.
Жәмшид патша көрді де шошып кетті,
Мәлікаждардың қан болған үсті-басын.

— Не қылған қан боялған үстің, — дейді,
3030 Бір кісіден кем емес ісің, — дейді.
Бір қиындық көріпсіз не қылса да,
Маған айтып білдір хабар, жаным, — дейді.

— Аң қуарға ол Жамһүр келді, — дейді,
Мен де оған қызыққа ердім, — дейді.
Жамһүр мені бір тауға бастап келді,
Ғажап үлкен тау екен көрдім, — дейді.

Оған жолдас жетпіс мың палуан екен,
Жамһүр көңіліне жамандық алған екен.
Мені алдап ол Жамһүр алып барды,
3040 Жетпіс мыңы сөз байласып қалған екен.

Жетпіс мың жабылды ғой маған, — дейді,
Патша, айтып білдірейін саған, — дейді.
Жетпіс мың жабылғанда жанымдағы
Жамһүр да найза шанышты маған, — дейді.

Найзасын алып өзін ұрдым, — дейді,
Сазайын, тақсыр патша, бердім, — дейді.
Қалған қолдан он екі мың құрттым, — дейді,
Жалынған соң алдыңа келдім, — дейді.

Патшаның көңіліне болды аян,
3050 Қайратына Мәліктің болды қайран.
Мәлікаждар, жарандар, падишаға,
Көргенін бастан-аяқ қылды баян.

Патша бек қуанды көңілі тасып,
Мәлікаждар қайраты кетті асып.
«Мәлікаждар, балам» деп бетін сүйіп,
Жауырынынан қояды басып-басып.

— Һажум деген шаһарым бар, — деп айтты,
Күйеу болып өзіме қал, — деп айтты.
Һажум деген шаһарға патша болып,
3060 Гүлшаһар қызымды ал, — деп айтты.

Күйеулікке сені лайық көрдім, — деді,
Һажум деген шаһарым бердім, — деді.
Қызымменен ол шаһарда қызық көргіл,
Керек болсаң, алдырармыз сізді, — деді.

Қызды алып Һажумге жүріп кетті,
Һажумге Мәлік жетіп келеді енді.
Патшаның шаһарындай шаһар екен,
Неше күндер қызықты көреді енді.

Әли қашан келеді деп күтіп жүрді,
3070 Намазын ол жасырып өтеп жүрді.
Бір күні таң намазын өтегенде,
Әлгі қыздың Мәлікті көзі көрді.

— Білмей жар боп келдім ғой бұған, — деді,
Мені Құдай әуре қылған, — деді.
Қыз сонда шашын жұлып өкінеді:
— Мұсылман екен ғой, — деп, — Хуман тегі.

Енді қыз жамандықты ойына алды,
Ас пісіріп ішіне бір дәру салды.
Адамды ессіз қылар дәру екен,
3080 Астан жеп Мәлікаждар талып қалды.

Қыз айламенен Мәлікті талдырады,
Шақыртып хандарын алдырады.
Өлтіруге қимайды, сөйтсе де қыз,
Алып барып зынданға салдырады.

Мәлікаждар зынданда жатады енді,
Қыз атасы жанына қайтады енді.
Зынданбасы төреге қыз тапсырып,
«Тамағын аш қылма» деп айтады енді.

Қыз атасы жанына қайтып келді,
3090 Қызы жалғыз келген соң патша көрді.
— Жан ата, Хуман қатты ауру болды,
Дәрігерге тапсырдым, — деп айтып келді.

Осылайша тұра тұрсын енді олар,
Жақсы-жаман пендеге Құдай салар.
Мәлікаждар зынданда жата тұрсын,
Әли Арыслан жолынан алың хабар.

Оң жолға Әли батыр түсіп кетті-ау,
Бірнеше күн арада күндер өтті-ау.
Сау-саламат қатерсіз қолымен,
3100 Батыр Әли бір тауға жетіп келді-ау.

Жері жақсы бір тауға жетіп қалып,
Әли көрді ол тауды көзін салып.
Әбілмәжін жолынан сөз айтайын,
Әли жатсын ол тауда тыныштық алып.

Молда білер бұ сөзді, надан білмес,
Білсе де, надан бәрін тамам білмес.
Әбілмәжін жолынан тыңдасаңыз,
Ей, жараңдар, айтайын біраз кеңес.

- Жарандар, өтіп кетті сондай заман,
3110 Әбілмәжін қолыменен кетті тамам.
Күншығыстан Әбілмәжін қарап тұрса,
Күннің көзін қаптаған шықты тозаң.

Қисабы жоқ қара құлақ тышқан шықты,
Көптігі бұ дүнианың жүзін тұтты.
Он екі мың қолменен түйіседі,
Бұ тышқан енді оларға дұшпан шықты.

- Құйрығын тостағандай иеді екен,
Ішіне толтырғанша сиеді екен.
Қатасыз шапқанына тиеді екен,
3120 Тигені майдай лау-лау күйеді екен.

Сідігі менен заһарды салады екен,
Жолбарыс та, Арыслан да жанады екен.
Дүниеде қандай күшті жан болса да,
Заһарынан һәлак болып қалады екен.

Қисабы жоқ көп дұшпан келіп қалды,
Осы тышқан қырады сонша жанды.
Әбілмәжін қолына жетіп келіп,
Әммаға атыменен заһар салды.

- Күншығыстан бұларды жын көріпті,
3130 Тышқанды бір сондай жан көріпті.
Есі кетіп Әбілмәжін жығылады,
Өзгелері «аһ» ұрып жан беріпті.

Әбілмәжін есі ауып қалды дейді,
Тышқан заһар ол қолға салды дейді.
Әбілмәжін өлмеді, ісіп-кеуіп,
Бірнеше күн ол жерде қалды дейді.

- Ол қолды тышқан һәлак етті дейді,
Қазалары тышқаннан жетті дейді.
Тышқандар қолды қырып болғаннан соң,
3140 Бет-бетімен тарасып кетті дейді.

Тышқан кетті өзінің жолыменен,
Ісіп жатты Әбілмәжін соныменен.
Әбілмәжін көзі ілініп, Нұр Мұхаммед
Түсінде денесін сипайды қолыменен.

Әбілмәжін бір түсті көрді сондай,
Пайғамбарды артық қылды ол бар Құдай.
Көзін ашып «Алла» деп тұра келді,
Сау-саламат болыпты бұрынғыдай.

3150 «Иә, Алла» деп орнынан тұра келді,
Қолының қырылғанын көзі көрді.
Сегіз жүз батпан шоқпарын көтеріп алып,
Ол жолға жаяу түсіп, жүре берді.

Жолға түсіп Әбілмәжін жүріп кетті,
Бірнеше күн арада күндер өтті.
Айлардан ай, күндерден күн өткенде,
Қалжырап бір шаһарға жетіп келді.

Базарына кіреді ол жетіп келіп,
Көрсө базар адамы қисапсыз көп.
Тым-ақ үлкен шаһар екен, ей, жарандар,
3160 Патшасын айтады екен Кетедал деп.

Шоқпарменен базарға кіріп келді,
Базар халқы таң қалды, көзі көрді.
«Базарда Рүстемдей біреу бар» деп,
Келісіп Кетедалға хабар берді:

— Олай болса, шақырып кел, енді, — дейді,
Ол жігітті көрейін мен де, — дейді.
«Патша сізді шақырады» деп хабар беріп,
Алдына Кетедалдың алып келді дейді.

3170 Патшаның Әбілмәжінді көзі көрді,
Дүниеде неш көрген жоқ мұндай ерді.
Бір азырақ сөз сұрап ол падиша,
Арақ ішіп отыр екен, арақ берді.

Падишаны мақтады: — Көп халқың бар, — деп,
Патшалыққа лайық салтың бар, — деп.
Падишаның арағын бұ да ішпейді,
«Дүниеде ішпен деген антым бар» деп.

«Ішсеңші» деп падиша көп айтады,
«Антың болса ішпе» деп енді айтады.
Араққа қызып, Әбілмәжінді шақырады,
3180 «Қол қусырып, ойнайық» деп айтады.

Әбілмәжінді падиша жанына алды,
Екеуі қол қусырып ойын салды.
Әбілмәжін қаттырақ қысқан екен,
Қолы ауырып, падиша ашуланды.

Қолы ауырып, падиша ашуланды,
Әуелі ойнаймын деп қасына алды.
Қолы қатты ауырып кеткеннен соң,
Әбілмәжінді қақ басына салып қалды.

Әбілмәжін қорықпайды, өзі күшті,
3190 Кәпірден неге көрсін қорлық істі.
Жұдырықпен бұл дағы ұрған екен,
Кетедалдың басы үзіліп аспанға ұшты.

Аспанға Кетедалдың ұшты басы,
Сол жерде жабылады кәрі-жасы.
Құрт-құмырсқа, масадай дуылдасып,
«Иә, Алла» деп шоқпармен араласты.

Әбілмәжін қайратпен шоқпар ұрды,
Жүндей ұшып, кәпірді ұрып жүрді.
Кәпірлерді сол жерде қойдай қырды,
3200 Қалғаны иман айтып, дінге кірді.

Патшасы мен ол көбін өлтіріпті,
Жандарын жаһаннамға төндіріпті.
Әбілмәжін аяғын құшақтасып,
Қалғандары Хаққа иман келтіріпті.

Бір Құдай батырларды өзің оңда,
Сондай-сондай қиындық көрді жолда.
Мәсжид, медресе салдырып, сабақ беріп,
Бірнеше күн дін айтып тұрды сонда.

Жад қылды Әбілмәжін Құдіретті,
3210 Бірнеше күн шаһарға дін үйретті.
Ол шаһардан бес мың қол қасына алып,
Хауарзаминнің жолына жүріп кетті.

Мана Әли бір тауға барып еді-ау,
Барғаны сіздерге анық еді-ау.
Әлиден тындасаңыз біраз кеңес,
Тыныштық алып бір тауда қалып еді-ау.

Әбілмәжін солайша бара тұрсын,
Хауарзаминнің жолына сала тұрсын.
Ер Әлиден азырақ кеңес айтып,
3220 Жарандар, қандырайын құлақ құрышын.

Қанбарды бас ол қолға қылған екен,
Қол бекініп ол тауда қалған екен.
Зұлпықарды байланып, Дүлдүл мініп,
Өзі Хауарзаминге барған екен.

Хауарзаминнің базарына кірген екен,
Дүлдүл мініп аралап жүрген екен.
Базар халқы Әлиге аң-таң қалып,
Патшасына хабарды берген екен.

Падишаға мақтасып дейді былай:
3230 — Бір жан артық жаратқан Жаппар Құдай.
Базарда бір палуанды көрдік, — дейді,
Күшінен жеті қат жер қозғалғандай.

Қандай палуан көрінді көзімізге,
Өзі қара сақалды, қызыл жүзді.
Шоқпарынан жеті қат қозғалғандай,
Хабар үшін біз келдік енді сізге.

- «Алып кел!» деп падиша қылды бұйрық,
Палуандығын біледі кәпір сұмдық.
Ер Әлиді падишаға алып келді,
3240 Тамаша қылып көреді жұрт жиылып.

Әлидің таң қалады түстеріне,
Әли кірді қорықпастан ішкеріге.
Енгенінен Әлиді Жәмшид патша,
Екі есе артық көріпті іштерінде.

Жәмшидке батыр Әли жетіп барды,
Падишалық тағына көзін салды.
Неше жүз мыңнан сұлтан, ойыншы бар,
Батыр Әли патшаға қайран қалды.

- Әли кірді Дүлдүлін тысқа байлап,
3250 Бұлбұлдарды көреді тұрған сайрап.
Жәмшидтің бұл жаһаннан хабары жоқ,
Бәр тараптан ойыншы жатыр ойнап.

Ер Әли мұндай жерге жолықты кез,
Жалықпастан, жарандар, тыңдасаңыз.
Қарап тұрып тұлғасына қайран қалып,
Падиша ер Әлиден сұрайды сөз:

- Ей, жігіт, жақсылықты ойла, — деді,
Жөн сөйлесеңіз жаныңа пайда, — деді.
Атыңыз кім, жол болсын енді өзіңе,
3260 Қайдан келдің, барасың қайда? — деді.

— Падиша, менің айтқан сөзімді ұста,
Бүгін келдім, жол жүріп сіздің тұсқа.
Атымызды сұрасаң, Қашимшим-дүр,
Күнбатыстан барамын күншығысқа.

— Ей, батыр тыңдап отыр сөзім, — деді,
Сені жақсы көрдім ғой өзім, — деді.
Өз жаныма қылайын хас уәзір,
Бешқайда кете көрме өзің, — деді.

Бұрында бір батыр адам келді, — деді,
3270 Гүлшаһардай қызымды бердім, — деді.
Қызым беріп мен оны, Қашимшим батыр,
Шаһар Һажумге падиша қылдым, — деді.

Ей, Қашмиш, уәзір бол бізге, — деді,
Бізден бөлек кетпеңіз түзге, — деді.
Сөзімді қабыл қылып мұнда тұрсаң,
Көп елді билетермін сізге, — деді.

Ер Әли жауап берді: — Тұрайын, — деп,
Не қызметті бұйырсаң, қылайын, — деп.
Ішінде батыр Әли ақыл қылды:
3280 «Қол жиылып келгенше болайын» деп.

Ер Әли солайша ақыл-ой ойлаған,
Патша бұған қуанып той-тойлаған.
Патша солай қуанып отырғанда,
Есіктен дауыс келді ойбайлаған.

Падиша бұ дауысқа сасып қалды,
Жылдам-жылдам есікке басып барды.
Бір адам қолы ісік, басы жарық,
Жәмшид патша аяғын құшақтайды.

Ойбайлап жетіп келді көп адамдар,
3290 Жәмшид патша бұларға аң-таң қалар.
Жәмшид патша аяғына бас ұрысып,
Жазғы тұрғы жаңбырдай жылайды зар.

Аң-таң болып қалады жиылған көп,
Тыңдасаңыз үйілген көп, жиылған топ.
Жәмшид патша бұлардан, ей, жарандар,
Сөз сұрайды: — Жайыңды айт, не қылды? — деп.

— Падиша, тыңдап отыр зарым, — дейді,
Хасенміл деген бар ерді шаһарым, — дейді.
Мәдинеден бір үлкен ләшкер келіп,
3300 Жаулап алды шаһардың бәрін, — дейді.

Падиша, жақсылық қыл енді бізге,
Мәдинеден қол келді елімізге.
Жеті ықылымға падиша, ұлық едің,
Жайымыз сол, тақсыр-ау, келдік сізге.

Мұсайып, Хасенмілге барған екен,
Ләшкерменен ойранды-ай салған екен.
Сау-саламат қолыменен сонда барып,
Хасенмілді Мұсайып алған екен.

3310 Шаһарын дал-дал қылып кірген екен,
Дінсіз көпір сазайын берген екен.
Мұсайып ғазы шаһарын алғаннан соң,
Бұлар қашып Жәмшидке келген екен.

Бұларға таң қалады жұрт жиылып,
Жәмшидке көп жылады олар мұңдық.
Бірнеше хандарға жетпіс мың палуан алып,
«Жылдам бар!» деп падиша қылды бұйрық.

Палуандарды жияды соғысқа арнап,
Жетпіс мың қару-жарақ алады оңдап.
Бірнеше хан жетпіс мың палуан алып,
3320 Хасенміл шаһарына болды бармақ.

Хасенмілдің кісісі жылап тұрды,
Көз жастарын көл қылып бұлап тұрды.
Жетпіс мың қол жиылып тұрған шақта,
Әли Арыслан патшаға жауап берді:

— Падиша, жақсы көріп едің бізді, — деді,
Көп шықтым мұндай жолмен түзге, — деді.
Баруға рұқсат бер бізге, — деді,
Бір қызмет қылайын сізге, — деді.

Падиша айтқан сөзін қабыл қылды,
3330 Әлиге «баста» дейді сонша көпті.
Қанбар менен өз қолын қойған жерге,
Тұп-тура батыр Әли бастап кетті.

Кәпірді Әли қайтып оңдырады,
Қатты жүрісіп аттары болдырады.
Манағы таудың бір жағына алып келіп,
Тап қолының түбіне қондырады.

Кәпірлер бәрі де ұйықтап қалады енді,
Басына бір мүшкілді салады енді.
Қолының бәрін ұйықтатып батыр Әли,
3340 Жасырынып Қанбарға барады енді.

Қанбарға батыр Әли бұй деп айтты:
— Атың мініп, киімін ки, — деп айтты.
Пәлен жерге Жәмшидтен қол әкелдім,
Ләшкеріңмен ұйқыда ти, — деп айтты.

Көрінбей батыр Әли айтып келді,
Айтып-айтып ләшкерге қайтып келді.
Қанбар Әли айтқанын екі етпейді,
Шырт ұйқыда жатқанда тиеді енді.

Түнде келіп ұйқыда ат қояды,
3350 Әли де зұлпықармен шапқылады.
Жетпіс мыңның, жарандар, алпыс мыңын,
Таң атқанша өлтіріп, сап қылады.

Он мыңы патшаға қайтып келді,
Қашимшим жақтан іштерін тартып келді.
Әли де бірге қашып келген екен,
Қашимшим «бөле болды» деп айтып келді.

Тамамы жұрт Әлиге жиылады,
Әли танып, Құдайға сиынады.
Патша үшбу іске қайран қалып,
3360 Балшыларға «бал аш» деп бұйырады.

Балшыларға «бал аш» деп көп айтады,
Қырылған қолға уайым жеп айтады.
— Бал ашып көріңіз, балшыларым,
Балыңызға не түсер, — деп айтады.

Патша бұйрық қылған соң бал ашады,
Ашып-ашып балына қарасады.
Балшылар «Қашимшимнан жазық жоқ» деп,
Падишаның жанынан тарасады.

3370 Падиша тым-ақ қатты ашуланды,
Неше мың хан-сұлтанын қасына алды.
«Осы жақтағы бөледен түк қойма» деп,
Сексен мың бар деп айтады палуанды.

Сексен мың палуандар бұлай жүрмек,
Кәпірлерді Арыслан қылады ермек.
«Ол жолы ұйықтап ұят қылдым ғой» деп,
Жалынып падишадан қылды тілек.

Әли айтты патшаға: — Барсам екен,
Дұшпаныма ойранды салсам екен.
Сіз жарлық қылып, Лат, Манат жар қылса,
3380 Осы жолы өшімді алсам екен.

—Қашимшим, сен бізге қонақ едің, — деді,
Барсаң бар, қоймадың ғой тым-ақ, — деді.
Жолаушыға қызметті көп бұйырмақ,
Біле білсең болмайды матап, — деді.

Сексен мың ер Әлиге болды жолдас,
Әлиді басшы қылған кәпір оңбас.
Падиша жарлық беріп Арысланға,
Сексен мың қолға тағы қылады бас.

3390 Әлиді басшы қылып кетті жауға,
Кешер Құдай күнәнді, қылсаң төубе.
Батыр Әли бұларды бастап алып,
Бір жағымен апарды тағы тауға.

Ер Әлиден саспайды, жаным, солар,
Тағы да алдап ішінен, ойран салар.
Қолды тағы ұйықтатып жасырынып,
Қанбарға манағыдай берді хабар.

Шырт ұйқыда Қанбар келіп қылыш ұрды,
Ер Әли де ішінен қырып жүрді.
Таң атқанша жетпіс мың палуанның
3400 Жаны тура жаһаннамға барып кірді.

Тағы да жетпіс мыңын қырып салды-ау,
Патшаға он мыңы қашып барды-ау.
«Не көрсек те Қашимшимнен көрдік, — дейді,
Батыр Әли ол жолы сонда қалды-ау».

Балшыларға: — Балыңды ашың, — деді,
Жетпіс мыңда барма ед, қасың? — деді.
— Табыңыз! — деп падиша ашуланды,
Таппасаңыз кесермін, басың, — деді.

Бұ іске таң қалады жиылған көп,
3410 Балшыларға қорықса да уайым жеп.
Неше мың балшылардың ұстаттарын,
Атын айтады екен, «Ағиан» деп.

Ер Әли жерді кезген Дүлдүліменен,
Ағиан бал ашуға енді келген.
Құлақ салып, жараңдар, тыңдасаңыз,
Ағианның айтайын балгерлігін.

— Көп таттым, падиша, дәмің, — дейді,
Құлағыңды, патша, салың, — дейді.
Бір сөзім бар айтпасам, күйеді ішім,
3420 Тағы айтуға қорқады жаным, — дейді.

— Ағиан балыңды ашып тап, — деп айтты,
Қашимшим болса қылармын, — деп айтты.
Менен қорықпай айтуға ей, Ағиан,
Не көрсең де балыңды айт, — деп айтты.

— Қашимшим ғой қолды қылған мұндай, — дейді,
Оны мықты жаратқан Құдай, — дейді.
Падиша «айт» деп бұйрық қылған шақта,
Ағиан балын ашып бұлай дейді:

- Мәдине деген оның қаласы бар,
3430 Нұр Мұхаммед жәрдемші бабасы бар.
Жұфұты — Фатима, жолдасы — төрт шаһариар,
Ол Әлидің Хасен, Хұсайын баласы бар.

Қашимшим емес, ол — Әли, білгін, — дейді,
Кәпір болар қолында ділгір, — дейді,
Қолындағы қылышы зұлпықар-дүр,
Астындағы аты мінген Дүлдүл, — дейді.

- Әли деген ол патша сайыпқыран,
Дүние халқы жеңілмей қалмас одан.
Иман айтсаң, құтыларсың бірақ одан,
3440 Болмаса тәж-тағыңды қылар ойран.

Жаныңнан қорықсаң иман айтың, — деді,
Басыңа қатты бөле келгей, — деді.
Өзің біл, сөз естімек сенен, — деді,
Білгенімді әуел айтпақ менен, — деді.

Бұлай деп патшаны аң-таң қалдырыпты,
Падиша жеңдеттерін алдырыпты.
«Әуелі Қашимшимді өлтірем» деп,
Ашуланып зынданға салдырыпты.

- Патша үшбу сөзге ашуланған,
3450 Зынданда қыз Ағиан жатып қалған.
Қашимшимге ол падиша ашуланып,
Енді іздете жіберді жүз мың палуан.

Жүз мың қол душар болды іздеп кетіп,
Солардан да кетіпті дүние өтіп.
Жер жүзін қайыстырып жүз мың ләшкер,
Ер Әлидің қосына барды жетіп.

- Бек қатты Әли Арыслан соғыс салды,
Жер жүзіне ағызады судай қанды.
Жүз мыңның елу мыңын қырып салды,
3460 Елу мың Жәмшидке қашып барды.

Патша айтты: — Сөзімді тыңда, — деді,
Қашимшим қолын ол көрді көзім, — деді.
Қашимшим бізді, патша, қойдай қырды,
Қолы көп басқан жердің жүзін, — деді.

— Қашимшимнен қоршылықты мұндай көрдік,
Ләшкердің көптігін құмдай көрдік.
Елу мың кісі бізді қырып салды,
Шыдамай қашып, патша, сізге келдік.

Бастан-аяқ көргенін қылды баян,
3470 Ойлап-ойлап падиша қорықты жаман.
Қол жиды жеті ықылымға хат жіберіп,
Әли Арыслан екені болды аян.

Жеті ықылымға хатпенен хабар салды,
Һәр тарапқа хатпенен кісі барды.
Шаһардан тысқа шығып сайланады,
Он жүз мың палуанды жиып алды.

Жанына он жүз мыңды Жәмшид алар,
Әли келсе сайланып соғыс салар.
Жәмшид енді жиылып тұра тұрсын,
3480 Әли Арыслан батырдан алың хабар.

Хасенмілді Мұсайып алған екен,
Ол шаһар мұсылман болып қалған екен.
Мұсайып ғазы отыз мың ләшкер алып,
Ер Әлидің қасына барған екен.

— Жіберіп едім бес жолмен бөліп-бөліп,
Һәрқайсысын келеміз жаңа көріп.
Кетедалды өлтіріп, мұсылман қылып,
Әбілмәжін, бес мың қолмен қосылды о да келіп.

Бұлайша ер Әлиге барады енді,
3490 Көрісіп, құшақтасып қалады енді.
Амандасып, көрісіп болғаннан соң,
Қосылып шаһар жаққа салады енді.

Жәмшид те мұны көрді тосып жатып,
Бұлар да жетіп келді түн-күн қатып.
Бұлар келіп Жәмшидтің қолын көріп,
Қарсыласып тұрады саптар тартып.

Екі қол екі жақта жатады енді,
Кәпір қолы сырнайын тартады енді.
Мұсайып, Әбілмәжін, Әли батыр
3500 Көргенін бастан-аяқ айтады енді.

Әбілмәжінге: — Һажумге бар, — деп айтты,
Мәлікаждарды зынданнан ал, — деп айтты.
«Жарайды» деп орнынан тұрып кетті,
Шоқпарын алып Һажумге жүріп кетті.
Өздеріне сеніскен батырлар ғой,
Жапа жалғыз Һажумға жетіп келіпті.

Олардың толып жатыр тамашасы,
Қорқыныш емес ол жалғыз, оңашасы.
Бірі «бар» деп, біреуі «жарайды» деп,
3510 Жалғыз жүре беруін қарасаңшы!

Һажумге Әбілмәжін енді жетті,
Есепсіз көрді бек көп елді дейді.
Сәдуақас қолыменен сау-саламат,
О да Әли қасына келді дейді.

Бір жерге айттым, бөрінің жиылғанын,
Күнәһлі болсаң, қиналар шыбын жаның.
Түнде шаһар Һажумге жетіп келді,
Тыңдаңыз, Әбілмәжін не қылғанын.

Зынданға Әбілмәжін барып қалды,
3520 Зынданның қарауылын ұстап алды.
Қолын байлап, «қайда?» деп қысқан екен,
Лат, Манатқа сиынып талып қалды.

Есін жидырып Әбілмәжін сөз сұрады:
— Мәлікаждар қайда? — деп көп сұрады.

Біздің палуан мұнда тірі бар ма, жоқ па,
Шыныңды айт, өлтіремін, — деп сұрады.

— Тақсыр-ай, кесе көрме басым, — деді,
Қабыл қыл, көзден аққан жасым, — деді.
Палуан сау-саламат тап осында,
3530 Күнінде үш беріп тұрамын асын, — деді.

Қарауылшыны бекітіп, байлап алды,
Тап зынданның төбесіне жетіп барды.
— Мәлікаждар, мұнда тірі бармысың? — деп,
Әбілмәжін тыс жақтан айқай салды.

Мәлікаждарды ол танып ақырады,
«Мен мұнда, тірімін» деп шақырады.
Екеуінің дауысы ұласқанда,
Зыңдандағы адамдар қалтырады.

Әбілмәжін арқанды салады енді,
3540 Мәлікаждарды суырып алады енді.
Екеуі амандасып, құшақтасып,
Гүлшаһардың сарайына барады енді.

Бұларды Гүлшаһардың көзі көрді,
Гүлшаһардың жанына кіріп келді.
Екеуінің аяғына басын қойып,
Иман айтып, Гүлшаһар да дінге кірді.

Шаһар халқы бұларды көзі көрді,
Баршасы иман айтып дінге кірді.
Ол шаһардан жетпіс мың палуан алып,
3550 Екі батыр Әлиге жетіп келді.

Екеуі ер Әлиге жетіп келді,
Қуанды-ай, Арыслан көрген соң мұнша қолды.
Бұларға жаңа ат, жаңа киім беріп,
Мәлікаждарға Арыслан құрмет қылды.

Кәпірлердің айтайын молын сізге,
Мәліктің де айттым ғой жолын сізге.
Жәмшидке он жүз мыңменен қарсы тұрған,
Азырақ сипат қылайын қолын сізге.

Жәмшидтің де ойыны бар алуан-алуан,
3560 Жетпіс патша, үш мыңнан уәзір алған.
Екі жүз мың ғаярлар, айлакерлер,
Шынжырлаған қасында төрт мың палуан.

Төрт құлды бір-біріне қойған байлап,
Алтын тақыт үстіне қару сайлап.
Шатыр құрып ол қолға қарсы тұрып,
Уәзірлері қасында тұрды ойнап.

Екі ләшкер соғыс қылмай, қонып жатты,
Жер жүзі екі қолға толып жатты.
Қарауыл, шыңдауылшы қатты қойып,
3570 Бір-бірінен хабардар болып жатты.

Екі қол екі жақтан жиылыпты,
Мұсылмандар Құдайға сиыныпты.
Таң атып майдан жерін тазаласып,
Су сеуіп, екі жақтан сыпырыпты.

Ландһүр деген кәпірден шауып шықты,
Күрзі, шоқпар қолына алып шықты.
Астындағы керкүдәнін ол ойнатып,
Өз атына дабылды қағып шықты.

Ландһүр ол майданда ақырады,
3580 Қорқақтары даусынан қалтырады.
Шоқпар, найза, қылыштан ойын ойнап,
Жекпе-жекке бұл кәпір шақырады.

Ландһүр ол майданда қарап тұрды,
Мұсылманнан біреу келді, оны бір-ақ ұрды.
Ландһүр біреуден шығармастан,
Мұсылманнан үшеуді шаһид қылды.

Қаһарланып Әбілмәжін қарсы тұрды,
Әбілмәжінді найзамен тағы да ұрды.
Найзасын жұлып алып, өзін шанышты,
3590 Жаны тура жаһаннамға барып кірді.
Ол күні Әбілмәжін бірме-бірге
Жетпіс палуан кәпірді байлап алды.

Кеш болып, екі ләшкер кетті қайтып,
Тыныштық алысады қонып жатып.
Таң атып екі жақтан майдан түзеп,
Ұрысқалы келісті саптар тартып.

Мұсайып тақсыр майданға кіріп келді,
Керкүдөнін ойнатып жүріп келді.
Майданға кіріп, қатты бір ақырып,
3600 Дабыл қағып атына былай дейді:

— Шығады кәпірлердің қайсы «мен» деп,
Кәпірден палуандықта асармын деп.
Даусынан тау-тас қозғалады,
Ақырады «шоқпаршының басымын» деп.

Майданға Феридун деген кәпір түсті,
Жалғыз шыққан сонша елден о да күшті.
Мұсайып палуан күрзіменен ұрған шақта,
Феридунның басы үзіліп аспанға ұшты.

Асфандүн деген кәпір тағы барды,
3610 Қылышпенен екі бөліп оны салды.
Бірме-бірге келгеннен соң Мұсайып батыр,
Жүз он бес палуанды байлап алды.

Күн батып қайтатұғын шағы болды,
Құдайым мұсылманның жағы болды.
Қайтатұғын барабан ол қағысып,
Жер-жеріне екі қол тағы қонды.

Таң атып, майданға тағы жүрді,
Мұсылманнан Әбулхайыр барып кірді.

Кәпірден Мағит кіріп қарсы тұрды,
3620 Қылышпенен бір-бірін сексен ұрды.

Қылышпенен бір-бірін ұрды сексен,
Бір-біріне тигізбей қағып кеткен.
Қаһарланып Әбулхайыр шоқпарменен,
Ол кәпірді қылыпты жермен-жексен.

Кәпірлер Әбулхайырға аң-таң қалды,
Әбулхайыр жетпісті байлап алды.
Күн кеш болып, барабан тағы соғып,
Екі ләшкер орнына қайтып барды.

Кәпірлер қайғы болды жандарымен,
3630 Мақтанбады көбейген сандарымен.
Таң атқанша Жәмшид патша, жарандар,
Кеңес қылды уәзір-хандарымен.

Жәмшид айтты: — Тілімді алың, — деді,
Бірме-бірге келмес-ті халің, — деді.
Бірме-бірге бармаңыз жекпе-жекке,
Жабылыңыз оларға бөрің, — деді.

Майданға таң атып тағы жүрді,
Әбусағид майданға барып тұрды.
Кәпірден Шимрук келді, сегіз болды,
3640 Жаны тура жаһаннамға барып кірді.

Әбусағид кәпірге ойран салған,
Кәпірлер қайратына аң-таң қалған.
Жәмшид патша қолында Манап деген,
Шынжырланған бар екен бір палуан.

— Бір келсе, Манап қарсы келер, — деді,
Мұсылманның сазайын берер, — деді.
Манаптың шынжырын шешіп алып,
Майданға, Жәмшид патша, жібер, — деді.

Тамам жұрт Манапқа тұр қайран қалып,
3650 Мастықтан Манап та тұр естен танып.
Сегіз жүз палуан Манапты ей, жарандар,
Майданға барысады өзер алып.

Босанып тұрды Манап майдан тартып,
Ақырады жер-көкті қалтыратып.
Манап лағин қолынан ұстап алып,
Жіберді Әбусағидты аспанға атып.

Аспанға атып жіберді жүзіқара,
Һәр түрлі жан жаратқан Алла Тағала.
Түсерде жұдырықпен бір-ақ ұрып,
3660 Әбусағидты қылыпты пәре-пәре.

Шаһид қылды мұсылманнан жетпіс кісі,
Олардан асып кетті Манап күші.
Күн кеш болып, барабан тағы соғып,
Екі ләшкер орнына қайтып түсті.

Таң атып, Манап көпір тағы кірді,
Манапты мұсылманның көзі көрді.
Мастығы кетіп, көпірдің есі кіріп,
Өзін-өзі көтеріп сөйлеп тұрды.

— Хауарзамин палуаны, атым — Манап,
3670 Бір қолыма Қап тауы болмас салмақ.
Мың жаныңнан бір жаның қоймаймын, — деп,
Палуандарың келе бер таңдап-таңдап.

Мұсылманның біреуі келді ұмтылып,
Манап жығып, аяғынан алды тұтып.
Манап көпір аяғынан тұтып алып,
Екі жаққа жіберді бөздей жыртып.

Бір мұсылман барып еді, тағы жықты,
Осылайша екеуі де шаһид болды.
Керкүдөнін ойнатып шыдай алмай,
3680 Енді алдынан Мұсайып ғазы келді.

Мұсайып та Манапқа барып қалды,
Манап көпір шоқпармен салып қалды.
Қаһарланып Мұсайыпты салған шақта,
Тигізбеді Мұсайып, қағып қалды.

Жеті-сегіз шоқпарменен ұрысады,
Шоқпарменен һәрбір айла қылысады.
Шоқпарменен бір-біріне көр қыла алмай,
Қайран болып екеуі тұрысады.

3690 Қылышпенен бір-біріне шапты дейді,
Бір-біріне тигізбей қақты дейді.
Екеуі күн батқанша жеңіспеді,
Кеш болыпты, жай-жайына жатты дейді.

Һәр адам үшбу айтқан сөзім көрсін,
Келістіріп сөйлейін тыңдап тұрсын.
Таң атқан соң, жараңдар, тамаша қыл,
Арысланның майданға өзі кірсін.

Әли кірсе, көпірді бүлдіреді,
Мұсылманды қуанып күлдіреді.
Дабыл қағып атына Әли кіріп,
3700 Өзін-өзі көпірге білдіреді.

— Алла «Арыслан» деп ат қойған маған, — деді,
Нұр Мұхаммед жәрдемші бабам, — деді.
Жұфұтым — Фатима, жолдасым — төрт шаһариар,
Хасен, Хұсайын — ол менің балам, — деді.
Мекке менен Мәдине — қалам, — деді,
Аяма, келсе, көпір, шамаң, — деді.

Ей, көпірлер, қырармын тамам, — деді,
Өшімді бүгін сізден алам, — деді.
Атым — Дүлдүл, қылышым — зұлпықар-дүр,
3710 Ойранды енді бүгін салам, — деді.

Ер Әли осыны айтып айғай салды,
Көпірлер бұл сөзіне аң-таң қалды.

Даусына жер менен көк қозғалып,
Он екі мың кәпірлер берді жанды.

Айғайлап Арысланға Манап келді,
Әлидің тасып кетті қайраты енді.
Дүлдүлге қамшы басып, тақым қысып,
Манапты зұлпықармен екі бөлді.

3720 Манап өліп, тозаққа жаны кірді,
Манап кәпір өлгенін бөрі көрді.
Жиырма мыңға патша жарлық қылып,
Әлиге ат қойыпты бөрі бірдей.

Арыслан қайратпенен қылыш ұрды,
Қызығына екі қол қарап тұрды.
Бір сағатта жиырма мың палуанды,
Ашуы келген екен, бөрін қырды.

3730 Қалған кәпір бөрі бірдей жабылады,
Ұрысып өкпелері қабысады.
Мұсылмандар жағынан ат қойысып,
Шаңменен бірін-бірі танымайды.

Шаңменен бір-бірін танымайды,
Қалғандардан ол оттар жағылады.
Бір-біріне бастары соғылады,
Кәпірлердің көптігі, әй, жарандар,
Мұсылманның һәрбіріне мың қылыш шабылады.

3740 Қалғандарына шоқпарлар жабылады,
Бастарынан от тау-тау жағылады.
Топ зеңбірек тынбастан атылады,
Кәпірлердің жандары, ей, жарандар,
Ғазап періштелеріне сатылады.

Қылыштар қайырылды шапқыласып,
Мылтықты өлді мылтықпен атқыласып.
Шоқпарлылар бір-бірін күл-күл қылды,
Найзалар қырылды шанышқыласып.

Мұсылмандар көпірге қырғын салды-ау,
Көпір қырылып, мұсылман аман қалды-ау.
У ішкендей көпірлер қырғын тауып,
Жандары жаһаннамнан орын алды-ау.

3750 Ер Арыслан көпірдің тауын шақты,
Батырлар көп көпірді жерге тықты.
Көпірлер қашарға бет қойған шақта,
Күншығыстан бір үлкен тозақ шықты.

Күншығыстан бір үлкен ту көрінді,
Тозаңдары келеді қаптап күнді.
Қарап тұрса, ол шаңнан көп қол шықты,
Көбі сондай, үш боз ту көрініпті.

3760 Бас соғыс қылды тағы да ол күн,
Біраз шаң қылды соғыспенен жердің жүзін.
Үш боз тумен үш жүз мың көпір келіп,
Мұсылманды қылыпты астын-үстін.

Мұсылмандар жылайды Құдайына,
Үзілмей соғыс болды ұдайына.
Кеш болғанша бек қатты соғыс болды,
Кеш болған соң қайтады жай-жайына.

Мұсылманнан он екі мың өлген екен,
Жандары ұрмақ барып кірген екен.
Көпірден жетпіс мың тап сол күнде,
Түп-тура жаһаннамға енген екен.

3770 Мұсылман көмді өлігін жаназа оқып,
Майданға барысады таң да атып.
Құм менен құмырсақадан көпірлер көп,
Мұсылмандар жылайды қатты қорқып.

Көпір қолы мұсылманды алған қамап,
Ол қолды болар емес һешкім санап.
Мұсылмандар жанынан үміт үзіп,
Бөрі шулап жылайды «иә, Аллалап».

Кәпір толған бұл жердің жүзін басып,
Мұсылмандар қорықты құты қашып.
Бес палуан тұр соғысқа көңіл қылып,
3780 Өзгелері жылайды құшақтасып.

Арыслан намаз оқып отырады,
Бір Құдайды жад қылып зар жылайды.
Кәпір соқты сол жақтан барабанын,
Мұсылмандар жапырақтай қалтырайды.

Мұсылмандар бек қатты жылайды енді,
— Бір Жаратқан, сақтай гөр, Құдай, — деді.
Мұсылмандар жылауына іші күйіп,
Қайраттанып Арыслан былай деді.

Әли айтты: — Дүлдүлім мінейін, — деп,
3790 Кәпірге жалғыз өзім кірейін, — деп.
Тыныштық ал, — деп мұсылманға Әли айтты,
Бұл күн жалғыз Құдайдан тілейін, — деп.

Кірді және жалғыз айғай салып,
Дүлдүл мініп, зұлпықар қолына алып.
Он екі мың кәпір өлді өті жарылып,
Жаны кірді жаһаннамға тура барып.

Кәпір қаны ол ағып сел болады,
Ат жүрмеді, дариядай көл болады.
Зұлпықармен кәпірді қойдай қырды,
3800 Қанша Арыслан қырса да кем болмайды.

Кәпірлер қанша қырса да кемімейді,
Оқ жаудырады Әлиге кәпір бөрі.
Күннің көзін қап-қара тозаң басты,
Әли Арыслан ол оқтан жеңілмейді.

Мәлік, Мұсайып, Сәдуақас соғыс салды,
Әбілмәжін де ағызды судай қанды.
Батырларға жетпіс жерден жара түсті,
Қайран болды кәпірді кеміте алмайды.

Батырлар жаралы болып бек сасады-ау,
3810 Жердің жүзін көпірлер көп басады-ау.
Құм менен құмырсқадан көпірлер көп,
Мұсылмандар жыласып құшақтасты.

Мұсылман үміт үзді шын жанынан,
Батырлар жаралы болып қалжыраған.
Құбыла тарапынан көздеріне,
Сол шақта көрінеді бір үлкен шаң.

Ол шаңнан сексен тулы шықты ләшкер,
Мұсылманға жақ болды жалғыз Жаппар.
Бұ туда сексен мыңнан қол бар екен,
3820 Мұсылманға қосылды келіп олар.

Олар келіп көпірлерді қылыштаған,
Көпірлерге түсіреді ақырзаман.
Күн батқанша көпірді қойдай қырды,
Күн батып екі ләшкер қайтты тамам.

Екі ләшкер орнына қайтып барды,
Қисапсыз көпір ол күн өліп қалды.
Көпірлер қайғылы болып қайтып барды,
Жәмшид патша ер Әлиге кісі салды.

— Қабыл қыл, осы салған елшім, — дейді,
3830 Елім тамам жиылып келсін, — дейді.
Алды-артымды жиып, армансыз бір болайын,
Он бес күнге кеңшілік берсін, — дейді.

Ер Әлиге солайша елші келді,
Жәмшидтің айтқан сөзін қабыл көрді.
Бұған риза болмас па тірі адам,
«Жиылсын» деп он бес күн кеңдік берді.

Арыслан солайша болып жатсын сонда,
Бір Құдай батырларды өзің оңда.
Пайғамбардан айтамын біраз кеңес,
3840 Құлақ салып, жарандар, сөзім тыңда.

Әлқисса, Расул Алла аләйһиссаламнан* біраз кәлима:

Меккеде Пайғамбарым қалған екен,
Тұғры жолды үмбетіне салған екен.
Солардан да өтіп кеткен мынау дүние,
Жарандар, опасы жоқ жалған екен.

Бұ батырлар ғайып болып кеткеніне,
Ей, жарандар, алты жыл болған екен.
Хамар Сағим бұ сөзге қанған екен,
Жетпіс мың қол жиып алған екен.
«Мұхаммед жалғыз өзі не қылар, — деп,
3850 Өлтіріп шаһарын алам» деп барған екен.

Меккеге Хамар Сағим барып қалды,
Жетпіс мың ләшкеріменен қамап алды.
«Жалғыз өзі өзіменен ұрыссын» деп,
Пайғамбарға Хамар Сағим кісі салды.

Жәбірейіл Пайғамбарға келді жетіп,
Келгеніне қалады қуаныш етіп.
Жәбірейілден бір Құдай сәлем айтты:
«Хамар Сағим соғысты алсын көніп».

Жәбірейіл айтты: — Құдайың дейді сәлем,
3860 Айтқанын айта келдім мен де саған.
Құдіретім тамаша қып көрсін, — дейді,
Өзінен басқа бармасын, жалғыз, — дейді.

Хамар Сағим патша менен өзің соғыс,
Осылайша жарлық етті Хақ Тағалаң.
Бұлай жарлық естіді бір Алладан,
Меккеден шығармады жалғыз адам.

Хамар Сағим шаһарды қамап алған,
Хақ Пайғамбар жөнелді соған таман.
Хамар Сағим сөйлейді тұрып сонда:

* Аләйһиссалам /а/ — Алла оны жарылқасын.

3870 — Мекке халқы, бұ айтқан сөзім тыңда,
Соғысам деп қырылып, һәлак болма,
Мұхаммедті өлтірем өзім осы жолда.
Мұхаммедті өлтіріп шаһарын алам,
Бұ ниетпенен қол жиып келдім мұнда.

Соғыссаң да өлерсің, келмес шамаң,
Бастарыңа салармын ақырзаман.
Палуандарың жоғалып кеткеніне,
Есіттім, тап алты жыл болған тамам.

Пайғамбар осы сөзге ашуланды,
3880 Алмас қылыш беліне асып алды.
Хамар Сағим алдына қарсы барды,
Соғысқа хақ Пайғамбар кірген шақта,
Жеті қат көк есігі ашылады.

— Рұқсат бер, кәпірлерді қырайын, — деп,
Періштелер Аллаға зар жылайды.
Алла достының соғысын көреміз, — деп,
Ұжмақтан хор қыздары көзін салды.

Жер мен көк зар жылайды: — Ей, Құдайым,
Рұқсат бер, кәпірді һәлак қылайын, — деп.
3890 Көк айтады: — Жай түсіріп уатайын, — деп,
Жер айтады: — Ашумен жұтайын, — деп.

— Бәрің де жайыңа тұр, — деп айтады,
Не боларын өзім білем, — деп айтады.
Кіргізем Мұхаммедті бұ соғысқа,
Тамаша қылып, қыдыртам, көр, — деп айтады.

Хақ Пайғамбар майданға өзі кірді,
Хамар Сағим алдынан қарсы тұрды.
Пайғамбарды қылышыменен келді де ұрды,
Кереметпенен оң қолы тіпті құрыды.

3900 Қылышты сол қолына тағы да алды,
Сол қолы тағы да құрып қалды.

Екі қол ол бірдей құрыған соң,
«Хақ Пайғамбар екенсің» деп ойбай салды.

— Пайғамбарсың, секем жоқ саған, — дейді,
Дұға қыл, қолым болсын аман, — дейді.
«Күнәмді кеш» деп аяғын құшақтады,
Дінің тұтам, иман айт, маған, — дейді.

Мұсылман болып, Хамар Сағим жолы болды,
Көңіліне иманның нұры толды.
3910 Пайғамбарым дұға қылып, бетін сипап,
Бұрынғыдай сау-саламат қолы болды.

Бұ кереметті ол қолдың бәрі көрді,
Пайғамбардың аяғына басын ұрды.
Иман айтып, баршасы дінге кірді,
Мұсылман болып шаһарға бәрі кірді.

Кәпірлердің хақ дінге бәрін салды,
Мүмін қылды жетпіс мың барша жанды.
Бұ іске Пайғамбарым бек шаттанып,
Баба Омарды шақыртып қасына алды.

3920 Шақырған соң жетіп келді Омар Бабаң,
Жеті пайғамбарға қызмет қылған тамам.
Жеті пайғамбардан жеті түрлі үлес алған,
Баба Омар айтайын жайын саған.

Омар Бабаң көп ғұмыр сүрген екен,
Жеті пайғамбарға қызмет етіп жүрген екен.
Мұхаммедтің артығын білген екен,
Мұхаммедті көруге дұға тілеп,
Жеті пайғамбар дұғаны берген екен.

Құдайым дұғаларын қабыл қылып,
3930 Пайғамбардың дидарын көрген екен.
Пайғамбарлар дұғасы себепші болып,
Сол заманға қартаймай келген екен.

Жаяуға Омар Баба тіпті жүйрік,
Ғұмырын өткеріпті жаяу жүріп.
Ысқақ пайғамбардан кереметті киіз алып,
Ысмайыл пайғамбар кетіпті қоржын беріп.

Айлық жерге бір күнде жүреді екен,
Дүние малын қоржынға бүреді екен.
Кесеменен басына су құя салып,
3940 Һәрбір түрлі суретке кіреді екен.

Һешбір жан оған теңдес болмайды екен,
Ерегіскен дұшпанды жөндейді екен.
Қоржынға малын салса, ей, жарандар,
Ауыр болмас тағы да толмайды екен.

Омарға: — Мынау хатты ал, — деп айтты,
Жүйріктігін осы жолы сал, — деп айтты.
Пайғамбарым Омарға жарлық қылды:
— Арысланға хат алып бар, — деп айтты.

— Жазайын елдің есен қалғандығын,
3950 Шаттыққа сахабалар толғандығын.
Хатқа тамам жазайын о да көрсін,
Хамар Сағим мұсылман болғандығын.

Сен бармасаң, кім оған барар, — дейді,
Хауарзамин шаһарында алар, — дейді.
Үшбу хатты апарсаң, Баба Омар,
Арыслан да хошуақ болар, — дейді.

Хат барады әуел Құдай атын салып,
Пайғамбар, төрт шаһариар жадын салып.
Бастан-аяқ көргенін бәрін жазды,
3960 Баба Омар жөнелді хатын алып.

Хатын алып ол жаяу жүріп кетті,
Екі етегін беліне түріп кетті.
Тоғыз айлық жол екен Хауарзамин,
Тоғыз күнде бабаңыз жетіп келді.

Жараңдар, құлағың сал, сөздеріме,
Тыңдайтұғын келдіңіз кездеріңе.
Он бес күн Әли күтіп тұрған шақта,
Құбыладан шаң көрінді көздеріне.

3970 Құбыладан бұрқыраған шықты тозаң,
Ол шаңнан шыға келді жаяу адам.
Әли Арыслан таниды қарап оған,
Ол шаңнан шығып келді Омар Бабаң.

Жүйрік адам өткен жоқ онан басым,
Әлі Омар көрерсіз тамашасын.
Жетіп келіп қойнынан хатын беріп,
Аяғына Арысланның қойды басын.

3980 Әли Арыслан Омардың сүйді бетін,
Ақырып көп кәпірдің жарған өтін,
Қатты айғайлап, ол қолға хатты оқиды,
Баршалары қуанады естіп кейпін.

Баршасы шүкір қылды бір Құдайға,
Салауат көп айтады Пайғамбарға.
Палуандар қуанғаннан һәрбіріне
Жүз мың палуан қуаты болды пайда.

Ол күн екі ләшкер қонысады,
Сахабалар шаттыққа толысады.
Екі ләшкер қарауыл қатты қойып,
Бір-бірінен хабардар болысады.

3990 Он бес күн болжал қылған толған екен,
Жер жүзін кәпір қолы алған екен.
«Япырым-ай, шаршадым» деп тыншу қылыпты,
Баба Омар қарауылшы болған екен.

Бабаң тұрды ол қолды шыр айналып,
Жәмшидтің қолына кірді жетіп барып.
Жәмшид қолы жер-жүзін басқан екен,
Таң қалды Баба Омар көзін салып.

Қарашы, Баба Омар батырына,
Ләшкерге қорықпай кірген батылына.
Ол қолдың жалғызына көрінбестен,
4000 Жәмшидтің кіріп кепті шатырына.

Омар көрсе, жетпіс мың бар хандары,
Жетпіс мың сол жағында сұлтандары.
Шоқпарын құшақтасып тіп-тік жатыр,
Жан-жағында үш жүз мың палуандары.

Жыршылар жанында жырлап отыр,
Арақ ұсынып әрдайым қыздар отыр.
Күйшілер күйін тартып бұлар да отыр,
Қыздарменен сүйісіп, арақ ішіп,
Қайғысыз Жәмшид патша тыңдап отыр.

4010 — Жәмшид, үлкенбісің мұндай, — деді,
Менің айтқан сөзімді тыңда, — деді.
Жәмшидтің бұ ісіне қарап тұрып,
Баба Омар ақырып былай деді:

— Сәлем алмайтын неткен жансың, — деп айтты,
Наушаруаннан ол артықпысың, — деп айтты.
О да менің сәлемімді алатұғын,
Артық болсаң, артықтығың айт, — деп айтты.

Мұхаммедтің елшісі — мен, — деп айтты,
Сәлемімді алмаған көпір, дінсіз, — деп айтты.
4020 Басыңды кесейін бе, кел, — деп айтты,
Менің атым — Баба Омар, біл, — деп айтты.

Өлтірмейін, ей, Жәмшид, тілімді ал,
Мұхаммедтің дініне ен, — деп айтты.
— Жәмшид деген падиша мен, — деп айтты,
Жаныңнан безген екенсің сен, — деп айтты.

Ақырып Баба Омарды «әдепсіз» деп:
— Лат, Манаттан басқа Тәңірім кім? — деп айтты.

Жәмшид патша ләшкеріне бұйырады:
— Мұны тұтып пәре-пәре қыл, — деп айтады.

4030 — Тимейін, дін исламға келсең, — деді,
Кәпірлікте бек жаман өлсең, — деді.
Аузыңа тас тығылсын, дінсіз кәпір,
Бұ сөзді айтар ма едің, білсең, — деді.
Қайтарсың бұл сөзіңнен әлде болса,
Қайтпасаң, тап басыңды кесем, — деді.

«Тұтыңдар!» деп ол патша бұйырады,
Қамаласып баршасы жиылады.
Баба Омарды «ұста, тұт» дегенде,
Құмырсқадай кәпірлер құйылады.

4040 Бірінің басынан, бірінің иінінен басып кетті,
Шатырын бұзып, қарғып, шауып кетті.
Төбесіне һәрқайсысының бір-бір қонып,
Ұстатпастан бөріне қашып кетті.

Жәмшид сөзді қолына айтады және:
— Келмесін ол ғаяр, бөрің қара.
«Түбімізге жететұғын тап осы» деп,
Жағасын жұлып қылды пәре-пәре.

— Бұ дүние енді бізден өтті, — деді,
Бұ ғаяр түбімізге жетті, — деді.
4050 Мен жыламай қайтейін, ей, жарандар,
Мұнша қолдан құтылып кетті, — деді.

Енді қайда қоямыз жанымызды,
Келсе, біздің кетірет сәнімізді.
Берік болып араңызға кіргізбеңдер,
Бір түнде қырып кетер бөрімізді.

Баба Омар бар екен сондай ісі,
Бір кісіден кем емес тағы күші.
Асфандиярды бас қылып Жәмшид патша
Қарауылға қойыпты сексен кісі.

- 4060 Баба Омар Әлиге қайтып барды,
Кәпір көптен өз ішін тартып барды.
Жәмшид қолын Әлиге сипат қылып,
Өзі не қылғанын айтып барды.

Айналып өз қолын көріп жүрді,
Тағы Жәмшид қолына жетіп келді.
Сексен палуан берік болып, айналып жүр,
Кірер емес, Баба Омар көзі көрді.

- Көрінбей қолға өтіп барар емес,
Арасына қорықпай қадам салар емес.
4070 Сексеннің қолына түскен адам,
Тас болса да һеш бұзылмай қалар емес.

Ысқақтан алған кесесін қолына алды,
Бір кесе су өз басына құя салды.
Кесеменен басына су құя салып,
Бабаңыз орыс попы бола қалды.

Мойнына шоқынатын сурет асты,
Поп болып сексеніне араласты.
Сексені қамаласып шуылдасты,
Ұстағалы бәрі де қылды қасты.

- 4080 Поп болып Баба Омар өнері асты,
Поп болып Баба Омар айғай салды:
— Төрт жүз Лат, Манат жіберді мені, — деді.
— Әдепсіздік қылдық, — деп жаман састы,
Білмедік, қатемізді кеше гөр, — деп,
Сексені аяғына қойды басты.

Жәмшидке көтерісіп алып жүрді,
Жәмшид көріп әдебінен тіке тұрды.
«Попым» деп Жәмшид патша қолын сүйіп,
Аяғына Бабаңның басын ұрды.

- 4090 Жәмшид айтты: — Қуандым сізге, — деді,
Жылы жақсы көріндің көзге, — деді.

Төрт жүз Лат, Манаттың елшісісіз,
Қандай хабар келтірдің бізге? — деді.

— Мені сізге жіберді аңдасын, — деп,
Тапсырды сөзім тұтпай қалмасын, — деп.
Көптен-көп Лат, Манат сәлем айтты,
Көңіліне нешбір қайғы алмасын, — деп.

Көп дұға мен де қылам жолыңызға,
Лат, Манаттан хабардар болдыңыз ба?
4100 Лат, Манат қайғысыз боп жатсын, — дейді,
Дұшпанын қор қылам деп қолыңызға.

Жәмшидтің осы сөзге көңілі ерді,
Сүйіншіге Бабаңа гауһар берді.
Ол гауһар дүние малына тұратұғын,
Барша көпір Бабаңа құрмет қылды.

Қуанып Жәмшид патша ұйықтап қалды,
Барша көпір ұйықтады, Бабаңыз көзін салды.
Таң атарда Бабаңыз тұра салып,
Баяғы өз суретіне кіріп алды.

4110 Ұйықтап жатыр бұл сырды нешкім білмей,
Патшаның екі қатыны ай мен күндей.
Екі кесе су екеуіне құя салып,
Бірін доңыз, бірін дию қылды-ай.

Алтын-күміс қоржынға бәрін салды,
Жәмшид патша сақалын күзеп алды.
Бірнеше көпірлердің басын кесіп,
Қисабы жоқ көпірдің қарнын жарды.

Бабаңыз сондай өнер жасап кетті,
Көп көпірдің басын боққа жастап кетті.
4120 Өзінің бастан-аяқ қылғандарын
Хатқа жазып, Жәмшидке тастап кетті.

«Поп болған Баба Омар, білсең, — дейді,
Тимейін, дін исламға келсең, — дейді.
Хатым көріп, қайтпасаң көпірліктен,
Ертеңгі түнде басыңды кесем» дейді.

Арысланның алдына барды Бабаң,
Алдына нәрселерін салды Бабаң.
Ер Әли бұ ісіне қатты күлді,
Бабаңыз айтқаннан соң бәрін тамам.

- 4130 Бабаң айтты: — Жәмшидке кірдім, — деді,
Лат, Манаттан хабарды бердім, — деді.
Екі қатыны қасына келдім, — деді,
Шатырына қатынның ендім, — деді.

Жәмшид патша көңілі үшін, ей, жарандар,
Қатынын тамаша қып көрдім, — деді.
Көңіл үшін қатындарын көргеннен соң,
Гауһарды көз ақыма берді, — деді.

- Оянды қалай, тыңда Жәмшид сөзі,
Қуанып ұйықтап еді-ау менен өзі.
4140 Көзін ашып тақыттың екі жанындағы,
Дию менен доңызды көрді көзі.

Қорыққаннан ол Жәмшид қалтырады,
Мұны кім байлады деп бақырады.
— Бұ жерге бұларды кім әкелді? — деп,
Есі кетіп хандарын шақырады.

Шақырған соң жанына келді хандар,
Көреді өліп қалған бек көп жандар.
Хатты тауып берісті біреулері,
Оқып-оқып бәрін де білді хабар.

- 4150 Хатта көрді баршасы әлгі сөзді,
Бабаңның асқандығын көпір сезді.
Барша көпір жапырақтай қалтырайды,
Хатты көріп жанынан үміт үзді.

Жәмшид сөйлеп зар жылап былай деді:
— Басыма түсті мүшкіл мұндай, — деді.
Сақалын сипап: — Мұндай қорлық,
Жаратпаса не етеді Құдай, — деді.

Ұстай алмай біреуді қалғанымыз,
Ұстап басына қиындық салмадыңыз.
4160 Тап осыдан біз өлеміз, соғыса алмай,
Соғысып өлсек, қалмас еді арманымыз.

Бір ғаяр қайғы қылды жаныменен,
Ұстап беріп, ақы ал, бөрің менен.
Тап осыдан бізге неш қатты жау жоқ,
Бір соғыспай өлеміз Әлименен.

Тағы да айтты: — Бір амал ойлаймын, — деп,
Енді келсе өзім ұстап байлаймын, — деп.
Қайраттанып жыландай толғанады,
— Мың жаннан бір жанын қоймаймын, — деп.

4170 Бабаңның өнер қылар шағы болды,
Жас бала болып ол қолға тағы келді.
Жас баланы білмейді ол кәпірлер,
Жетіп келді Жәмшидтің жанына енді.

— Ей, Жәмшид, сен үлкендік қылма, — деді,
Менің айтқан сөзімді тыңда, — деді.
Мұсылман бол, басыңды мен кесемін,
Тағы келдім айтқалы мұнда деді.

Болмасаң басыңызды жұлар-ақпын,
Тәж-тағыңды, баршасын бұзар-ақпын.
4180 Пайғамбар мұсылман болар деген,
Өзір кеспей, сол сөзді сынар-ақпын.
Тілімді алып, мұсылман сен болмасаң,
Тәж-тағыңды тап ойран қылар-ақпын.

Бұ сөзге ашуланды жүзіқара,
Баба Омар болыпты бір жас бала.

Құмырсқадай кәпірлерге жарлық қылды:
«Тұтып алып, қылың деп пәре-пәре».

Барша кәпір Жәмшидтің тұтты сөзін,
Бабаң қашып Жәмшидке тықты өзін.
4190 Жалынған болып өзіне жетіп барып,
Топырақ шашып көр қылды екі көзін.

Адам ата қабірінен топырақты шашып қалды,
Ойбайлап Жәмшид көзін басып қалды.
Басындағы патшалық төжін алып,
Ұстатпай Бабаң қосқа қашып барды.

Жәмшид патша тағынан құлап қалды,
«Ойбай, көзім шықты» деп жылап қалды.
Бір сағаттай жатыпты ессіз болып,
Сағаттан соң тағы есін жиып алды.

4200 Сақалы жоқ, екі көзі болды соқыр,
Жапырақтай тітірейді, қорқып кәпір.
Бет-аузы шаңдақ болып түрегеліп,
Былай жылап сөйлейді Құдай соққыр:

— Ей, сұлтан, уәзірлер, хандар, — деді,
Батырлар, тыңдап отыр, бөрің, — деді.
Бір кісіге келмейді әлің, — деді,
Жан күнде жар-жолдас болмас, — деді.

Ел билетіп, көп бердім малым, — деді,
Басыма мүшкіл түсті наның, — деді.
4210 Мұндай қорлық көргенше патша болып,
Көрместен шықса нетті жаным, — деді.

Көзімді соқыр қылып, төжімді алып,
Сақалым күзеп кетті бөрің, — деді.
Неге ұстап бермейсіз оны, — деді.
Арсыз жан кеудемізден шықпай отыр,
Онан басқа кетті ғой сәнім, — деді.

Балшылар айтты: — Сөзім тыңда, әй, патша,
Баба Омар айтайын жайын саған.
Жеті пайғамбардан қызмет қылып бата алған,
4220 Ысқақтан кереметті кесе алған.

Бұ дүниенің ғаярын жиса тамам,
Оған кәр жоқ, тақсыр-ай, һешбір жаннан.
Амалменен біз оны тұта алмаймыз,
Енді біл, Омар жайын қылды баян:

— Шұһбат сиқыршы бар, Аташ сиқыршы бар,
Киесі тұтар, шақыртып бағ нығматтан.
Нығматта Шұһбат, Аташ сиқыршы бар,
Сиқырға бұл дүниеде асқан олар.
Балшылар патшаға берді хабар:
4230 «Келсе олар, — деп айтады, — қайла қылар».

Құп көрді балшылардан патша мұны,
Бұ айтқан сөздерінің бар деп жөні.
Шұһбат пенен Аташ сиқыршыға,
«Хат жаз» деп хатшыларға бұйрық қылды.

Хат жазды Лат, Манаттың хақын сатып,
Шұһбат, Аташ жөдудің атын салып.
Бұ сөзді бастан-аяқ баян қылды,
Шабарың жүйрік жөнелді хатын алып.

Хатта айтты: «Әли қолымен келді, — дейді,
4240 Қамап қойдай қырып жатыр елді, — дейді.
Ішінде баба Омар деген айлакер бар,
Әсіресе онан-ақ өлдім, — дейді.

Жетпіс жыл жеті ықылымға патша болдым,
Қайғыға осы күнде қатты толдым.
Хатым көріп тездікпен келмесеңіз,
Қияметте жағаңда екі қолым».

Осылайша жаздырып хатты бітті,
Жәмшид патша Бабаңнан қатты қорықты.

Жаяу жүйрік бар екен Шабарың деген,
4250 Жәмшидтің хатын алып жүріп кетті.

Шабарың жүйрік хат алып жүріп кетті,
Екі етегін беліне түріп кетті.
Түн болып баба Омар, жарандар,
Тағы Жәмшид қолына жетіп кепті.

Қолдан өтіп шаһарға жетіп барды,
Жәмшидтің қазынасын қоржынына салды.
Қоржынын арқалап келе жатса,
Жәмшидтің зынданына жетіп қалды.

Зынданның басында жүре қалды,
4260 Қорқып көзіне ілмейді тірі жанды.
Зындан түбінде екі адам зар жылайды,
Қоржынын қойып, Омар құлақ салды.

Екі адам зынданда зар жылайды,
Пайғамбар менен жад қылады бір Құдайды.
Мұсылманға ұқсайды жылағаны,
Баба Омар құлақ салып құп тыңдайды.

— Бір Құдайдың бірлігін білдік, — дейді,
«Пайғамбар — хақ, Құран — шын» көрдік, — дейді.
Баба Омар білмейді бізден хабар,
4270 Мұңдық болып бұл зынданда өлдік, — дейді.

Құдай-а, бір білдік қой, сені, — дейді,
Бұ зынданда жас қылдым көзді, — дейді.
Жақсылардың хақы үшін, бір Құдайым,
Зынданнан халас қылғыл бізді, — дейді.

Зынданда олар ма екен деген екен,
Зынданда өмірлері өткен [деген] екен.
Зындандағы ол жылаған Ағиан балшы,
Гүландам Ағиан қызы [бірге ме деген] екен.

Арқан салып екеуін алды Бабаң,
4280 Қоржынын арқасына салды Бабаң.
Қыз, Ағианды екеуін жетелеп алып,
Арысланның алдына барды Бабаң.

Бабаңыз оларменен сөйтіп барды,
Ағианды қызыменен Әли көзі көрді.
Арысланның аяғын құшақтасып,
Иман айтып екеуі дінге кірді.

Екеуі иман айтып дінге кірді,
Ағианға Әли Арыслан құрмет қылды.
Арыслан Әбілмәжінді шақыртып алып,
4290 Гүландам Ағиан қызын оған берді.

Ертең Жәмшид бұл істен хабар алды,
«Мұнан да өлейін» деп ашуланды.
«Бүйтіп жүргенше ұрысайын» деп,
Ләшкерменен майданға жетіп барды.

Соғыстың барабанын көпір қақты,
Сайланды мұсылмандар мініп атты.
Барабанын есітіп Әли Арыслан,
Атқа мініп алдынан шеру тартты.

Көпірден Ғазанфар шықты жекпе-жекке,
4300 Мұсылманнан Баһрейін оған беттеп.
Найзаменен шаншысып ала алмады,
Найзаларын шанышты жиырма төрт.

Ғазанфар қаһарменен шоқпар ұрды,
Көпірлер қуанысып қарап тұрды.
Ол көпірдің қайраты асып кетіп,
Баһрейінді Ғазанфар шаһид қылды.

Уақастың бұл көпірді көзі көрді,
Шыдай алмай ақырып жетіп келді.
Ғазанфарға қаһармен қылыш ұрды,
4310 Қақ бөлініп жаһаннамға жаны кірді.

Сәдуақасқа бір кәпір тағы келді,
Оны тағы қылышпен екі бөлді.
— Бірме-бірге бармаңыз осыған, — деп,
Жабылың! — деп Жәмшид патша бұйрық қылды.

Кәпірдің бәрі Уақасқа қылыш ұрды,
Мұсылманның бұларды көзі көрді.
Шер Құда — Әли Арыслан бастық болып,
Мұсылмандар соғысқа бәрі кірді.

Зұлпықарын Арыслан қолға алады-ау,
4320 Кәпірлерден кәпір қылып жол салады-ау.
Соғыстың бәсіменен, ей, жарандар,
Жеті қат көк, жеті қат жер қозғалады-ау.

Арыслан күндей болып күркіреді,
Кәпірдің бәрі қорқып қайғы жейді.
Сол күнгі соғыстың қаттысынан,
Жеті қат көк, жеті қат жер тітіреді.

Арыслан ақырады көпке кіріп,
Батырларды қойдай қырды өктеп жүріп.
«Соғыстан дүние бұзылып кете ме» деп,
4330 Періштелер зарлайды көкте жүріп.

Қырса да, таусылмайды дінсіз орыс,
Кәпір өскен жер екен, қылып қоныс.
Бұ дүние жаралғаннан, ей, жарандар,
Сол күнгеше болмайды ондай соғыс.

Кеш болып барабандар кәпір қақты,
Соғыспенен кеш келді, күн де батты.
Екі қолдың өлгенінен қалғандары
Қайтысып, жай-жайына барып жатты.

Жер-жеріне қайтысып келіседі,
4340 Мұсылмандар өлгенін көріседі.
Кәпірлер отқа жағыпты өлгендерін,
Жаназа оқып, мұсылмандар көміседі.

Сөзім тыңда, би, қара, төрелерім,
Күнде алдына сайланып мен келе-дүрмін.
Жарандар, құлағың сал бір азырақ,
Тағы Бабаңның айтамын өнерлерін.

Ақыл қылды: — Жәмшидке барайын, — деп,
Қазынасын қоржыныма салайын, — деп.
Күнде-күнде мұсылманды қырдырғанша,
4350 Жәмшидтің басын кесіп алайын, — деп.

Бабаңыз сол қиялды ойына алды,
Арқасына қазына үшін қоржын салды.
«Жәмшидтің басын кесіп келейін» деп,
Патшаның шатырына жетіп барды.

Жәмшидтің қолына көрінбей аралады,
Шатырына патшаның кіріп алды.
Алтынды әбдіре тұр шатырында,
Жәмшидтің өзін іздеп таба алмады.

Жан-жаққа Баба Омар көзін салды,
4360 Жәмшидті шатырынан таба алмады.
«Көпір лағин қай жаққа кетті екен» деп,
Омар Бабаң дал болып, қайран қалды.

Бабаңнан Жәмшид сасқан екен,
Патшаға Бабаң тісі батқан екен.
Жасырынып Бабаңнан «өлтірер» деп,
Өлгі сандық ішінде жатқан екен.

Бабаңыз Жәмшидті таппай қайран қалды,
Өлгі сандық қасына жетіп барды.
«Бұл алтынды сандықта дәу де болса,
4370 Асыл қазына бар ғой» деп ойына алды.

«Мұнда қазына бар ғой» деп ойына алды,
Сандықты арқасына қойып алды.
Бабаңның ұрлағанын біліп патша,
Енді сандық ішінде ойбай салды.

Жәмшид жылап: — Аман бол, елім, — деді,
Түбіме жетті Омар менің, — деді.
Баба Омар сандықты алып қашты,
Ойбай, жылдам жиылып келің, — деді.

4380 Аман бол, сұлтан, уәзір, ханым, — деді,
Қорқып, шығып барады жаным, — деді.
Баба Омар сандықты алып қашты,
Қамаласып, айырып алың, — деді.

Батырларым, аман бол, жұртым, — деді,
Сақалым менен бұрын алды мұртым, — деді.
Жүйріктерім, бек шапшаң ұмтыла гөр,
Қолдан шықпай қамалап, тұтың, — деді.

Сандықта Жәмшид қорқып, бақырады,
Лат, Манатты сиынып жад қылады.
Бабаң алып қашқанда, елін-жұртын
4390 Жәмшид патша осылайша шақырады.

Құмырсқадай көпірлер жабылады,
Сөзіне патшасының қамығады.
Сандықпен ол қашып құтылуға,
Бабаңа неш ашық жер табылмады.

Бабаңыз сондай өнер бастап кетті,
Жалғыз өзі не қылсын сонша көпке.
Құтылмастай болған соң, қанжарменен
Сандыққа бір түртті де тастап кетті.

4400 Арқасынан сандығы түсіп кетті,
Босаған соң Бабаңыз ұшып кетті.
Жәмшид патша сандықта жылап жатыр,
Барша көпір сандыққа жетіп кепті.

Барша көпір сандықтың аузын ашты,
— Патшамыз, тірімісің?! — деп шуылдасты.
— Сіздерді көрер кезім бар екен, — деп,
Тұра келді қан болып үсті-басы.

Жәмшид патша тұра келді сондай күймен,
Қан болған денесіне қанжар тиген.
Қанжарменен бір түртіп тастағанда,
4410 Кірген екен арқасына сынық сүйем.

Жәмшид тұрды арқасынан қаны ағып,
Ұшқан құстай Бабаңды ұстар нағып.
Дәрігерлер баршасы жетіп келіп,
Таң атқанша жатыпты дәрі жағып.

Таң атып, тағы дүние жарық болды,
Сандықта Жәмшид сондай кәріп болды.
Жекпе-жекке ақырып көпірлерге,
Майданға Омар Бабаң барып тұрды.

Бабаңның толып жатыр түрлі ісі,
4420 Бір кісіден кем емес тағы күші.
Ол күні күн батқанша бірме-бірге,
Бабаңыз һәлақ қылды сексен кісі.
Сексен көпір жаһаннамға жаны кірді,
Көпірлерді Бабаңыз доптай ұрды.

Көпірлер жекпе-жекке шыдай алмай,
Бабаңа ат қойды бәрі бірдей.
Көпірлерге ер Әли де ашуланды,
Арыслан ләшкерменен атты салды.
Соғыс болды жеті қат жер қозғалғандай
4430 Және тозақ есігі ашылғандай.

Мұсылмандар көпірге қылыш шапты,
Көпір қырылып, қандары судай ақты.
Көпірлер қашарға бет қойған шақта,
Күн де батты, орнына қайтып жатты.

Көпірлер солай қырылып қалған екен,
Мұсылмандар ойранды салған екен.
Жәмшид тұрсын, Шабарыңнан хабар айтам,
Жәдушіге хат алып барған екен.

Шабарың да бек жылдам жүрген екен,
4440 Жаяу жүріп көп жерді көрген екен.
Сол уақытта Жәмшид хатын Шабарың,
Шұһбатқа апарып берген екен.

Хатты көріп Шұһбат риза болды,
Төрт жаққа ат шаптырып жиды қолды.
Жетпіс мың сиқыршыны жиып алып,
Жәмшид патша еліне бармақ болды.

Бірі — қабылан, бірі — бұлт, бірі — тауды мінді,
Жыландарды қамшы ғып қолына алды.
Сиқыршылар көк жүзін қап-қара қып,
4450 Көз жұмғанша Жәмшидке жетіп келді.

Жәмшидтің Шұһбатты көзі көрді,
Қуанғаннан орнынан өзі тұрды.
«Сіздерді Құдайым көрсетті» деп,
Алдынан Жәмшид патша қарсы жүрді.

Ат үстінен көтеріп Шұһбатты,
Үстіне мінгізіпті алтын тақтың.
Жәмшид енді жылайды Бабаңды айтып,
Есіткен жұрт сөздеріне зар жылайды.

Жыламай неғып тұрсын елі қайтып,
4460 Жәмшидке қалған Бабаң тісі батып.
Бабаңды шағып Жәмшид зар жылайды,
Қорлығын бастан-аяқ айтып-айтып.

— Жақсы келдің, Шұһбат жаным, — деді,
Менің айтқан сөзіме наның, — деді.
Қайсы бірін айтайын қорлығының,
Сен болмасаң кетірді сәнім, — деді.

Сиқыршылар бұлтқа аттанады,
Бұлт мінген ол кімнен сақтанады.
Жәмшид патша солайша жылағанда,
4470 Шұһбат бұлайша деп мақтанады:

— Ей, патшам, көңілің күлсін, — деді,
Дәулет құсы басыңа қонсын, — деді.
Қор қылып ертең оны өлтірейін,
Лат, Манат разы болсын, — деді.

Қуанып Лат, Манатты жад қылады,
Айт, наурыз келгендей шаттанады.
Шаттыққа толғаннан Жәмшид патша,
Қуаныш барабанын қақтырады.

Кәпірлер қуанысып жиылады,
4480 Шоқынып Лат, Манатқа сиынады.
— Не себептен кәпірлер қуанды? — деп,
Әли Арыслан Бабаңызға бұйырады.

Қуаныш барабанын күңіrentкен,
Кәпір барабан соқпаған ондай көптен.
Әли Арыслан Бабаңызға: — Білші, — деді,
Кәпірлер қуанды екен не себеппен?

Бабаңыз арқасына қоржын салды,
Түрленіп бір жас бала бола қалды.
— Кәпірлер не себептен қуанды? — деп,
4490 Жәмшидтің ләшкеріне жетіп барды.

Жас бала болып Жәмшидтің қолын кезді,
Сиқыршылар келгенін Бабаң сезді.
Шұһбатқа Бабаңыз қарап тұрса,
Аташқа былайша деп айтты сөзді.

Шаһбат сиқыршы бастығы екен,
Мұсылманға ойлағаны қастық екен.
Аташ деген шәкірті Шұһбаттың
Өзінен басқа жаннан асқан екен.

Бабаңыз қылды жас бала сонда өзін,
4500 Шұһбатқа тігіп тура екі көзін.
Аташқа Баба Омар тұрған шақта,
Шұһбат былайша деп айтты сөзін:

— Ей, Аташ, сен тұрғайсың шыңдауылда,
Бүгін неш жан кіргізбе осы қолға.
Ләшкердің төңірегін от қорған қыл,
Ғаяр келсе, тірі ап кел, һәлак қылма.

Тірі алып кел, Жәмшид одан өшін алсын,
Тамам жұрт тамаша ғып көзін салсын.
Лат, Манат та разы болсын, — дейді, — бізден,
4510 Таңертең Жәмшид басын кесіп алсын.

Аташ енді Шұһбаттың сөзін тұтты,
Шұһбат сөйтіп қуандырды тамам жұртты.
Аташ барып ләшкерді жиды айналып,
Сиқырменен тозақтай жақты отты.

Барша көпір қуанып ұйықтап қалды,
Сиқыршы Аташ жан-жаққа отты салды.
Ақырын-ақырын білінбей Баба Омар,
Жас бала болып артынан жетіп барды.

Қарғып барып мойнына арқан салды,
4520 Өзі Аташ сиқыршы бола қалды.
Аташты су құйып өзі қылып,
Ұрып жығып Бабаңыз байлап алды.

Басына бір кесе су құя салды,
Өзі қылып Аташты байлап алды.
«Ғаярды ұстадым» деп айғай салды,
Қарауылшылар жиылып келіп қалды.

Ей, жарандар, көрдің бе ондай жанды,
Қуанып қарауылшылар аң-таң қалды.
Көпірлер оған нанып бек шаттанды,
4530 — Ей, балам, Құдай қолға берді ме?! — деп.

Аташқа барша көпір таяқ салды,
Таяқтан Аташ естен танып қалды.
Ұрып-ұрып, ессіз ғып қалжыратып,
Патшаның алдына алып барды.

Шуласып алып барды енді айқайлап,
Кәпірлер қуанады күліп-ойнап.
Шатырдың ортасында ессіз болған,
Аташты «Бабаңыз» деп қойды байлап.

Бір заманда есін жиып, ашты көзін,
4540 Байлауда көрді Аташ сонда өзін.
Жәмшидке сонда Аташ зар жылайды,
Не деп жылар, жарандар, есіт сөзін:

— Ойбай, патша, мен сенің кісің,
Мен мұндай Баба Омар көрдім ісін.
Баба Омар бөлеге қойды мені,
Ұра-ұра таяқтан кетті есім.

Шүкір, енді көрдім ғой сені, патша,
Есім шықты білейін нені, патша.
Қарауылға түр деген Аташың-мен,
4550 Рақым қылып босаттыр мені, патша.

— Қара-қара, амалын көрің, — деді,
Құтылатын қалмады жерің, — деді.
Құтылуға айтады, — деп — Жәмшид патша,
Сазайын таяқ ұрып берің, — деді.

Аташқа және бір мың таяқ салды,
Басын жарып, ағызды судай қанды.
Жәмшид патша бұйырып таяқтатып,
Тағы Аташ ессіз болып талып қалды.

Аташ малғұн есі ауып талып қалды,
4560 Жәмшид патша көп жиды жамағатты.
«Аташ жөду-ғаярды ұстады» деп,
Жәмшид енді шақыртты Шұһбатты.

Шұһбатқа біреуі барған екен,
Кәпірдің құлшылығы жалған екен.
Барған кісі Жәмшидке қайтып келді,
Шұһбат жөду ол ұйықтап қалған екен.

Ұйықтап қалған Шұһбат болды келмес,
Жәмшид енді қуанып қайғы жемес.
Түнде өлтірсең, мұны нешкім білмес,
4570 Таңертең өлтіруге қылды кеңес.

Жәмшид айтты: — Бүгін ұйықтап жатайық, — деп,
Таңертең елге хабар айтайық, — деп.
Жәмшид патша осылайша ақыл қылды,
— Жұрт алдында тас бұған атайық, — деп.

Жәмшид патша қуанып жиды халқын,
Не болар, сөзімнің тыңда артын.
Бабаңа Жәмшид патша «Аташым» деп,
Бұ дүние қияметтей береді алтын.

Бабаңыз арқасына алтын алды,
4580 Жалғыз өзі алдап жүр ғой сонша жанды.
Аташ болып, Жәмшидтен алтын алып,
Бабаңыз сонда бір сөз айтып салды:

— Лат, Манат амалшы не берді қолға,
Тыныштық алып жатыңыз сіз де мұнда.
Сіз енді батаң беріп, тыныштық ал,
Қолды тағы күтуге барам сонда.

Бабаңыз күтіп жүр ғой жақсы мақтап,
«Барсаң, Аташым» деп берді рұқсат.
Бұ сөзменен Бабаңыз жүріп кетті,
4590 Сүт емген жас баладай қалды ұйықтап.

Жәмшидті алдап Бабаңыз қойды кетіп,
«Тағы да қайтер екен, алдайын» деп.
Бабаңыз солайша алдап патшаңызды,
Шұһбаттың шатырына барды жетіп.

Төңірегін қылыпты оттан қорған,
Тамұқтай отты Бабаң көріп тұрған.
Тырнағын қабан, құйрығын аждаһа қылып,
Солайша ұйықтап жатыр екен Құдай ұрған.

Жүз құлаш кәпірдің бойы да бар,
4600 Үстінде һәрбір түрлі тоны да бар.
Екі иінінің арасы елу құлаш,
Бабаңның һәрбір нәрсе ойында бар.

Бабаңыз «Есім Ағзамменен» сөндірді отын,
Киімін алып, күзеді сақал-мұртын.
Қас, кірпік, шашының бәрін түгеп,
Шұбарлап, сырлап қойды екі бетін.

Неше мың сиқыршының қарнын жарды,
Шұһбаттың сақалын күзеп алды.
Алтын менен Шұһбаттың киімін алып,
4610 Ер Әлидің қасына жетіп барды.

Бабаңыз жетіп барды алтын алып,
Шұһбаттың сақалын алдына қойды салып.
Бастан-аяқ қылғанын айтқаннан соң,
Арыслан қатты күлді бек шаттанып.

Ол күн жатты тағы да, таң да атты,
Жәмшид патша жидырды тамам халықты.
«Бұ күн қор қылып амалшыны өлтірем» деп,
Жәмшид енді шақыртты Шұһбатты.

Бір кісі шақырады Шұһбатты,
4620 Бастан-аяқ Жәмшидтің сөзін айтты.
Бұ сөзді есіткеннен соң, ей, жарандар,
Шұһбат қуанғаннан енді қайтті.

— Бұ дүниеде ол артық менім күшім,
Білмеді ме қалай екен, менің ісім.
Кісіменен өзіме сенгеннен соң,
Жылама деп айтқанмын соның үшін.

Солайша мақтанып жетіп барды,
Байлаудағы Аташқа көзін салды.
Көре салып Аташты тани кетті,
4630 — Сені кім байлады? — деп қайран қалды.

— Ұстадым, мен айтайын бастан-аяқ,
Бұ ғаярдай көргенім жоқ сұмды, — деді.
Сақалыңды кім сенің жұлды, — деді,
Сол кісі мені мұндай қылды, — деді.

Шұһбат һеш білмеген, қалған ұйықтап,
Сақалын алып Бабаңыз кеткен мықтап.
Адырайып, қуанып келген мұндар,
Еткенін сақалын білді сипап.

Қор болғанын Шұһбат енді білді,
4640 Алашұбар бет-аузын Жәмшид көрді.
«Сенген кісілерім осы ма?» деп,
Бармағын тістеп, Жәмшид сақ-сақ күлді.

Айнаменен Шұһбат жүзін көрді,
Жәмшидтің әлгі айтқан сөзін көрді.
Аташты байлауынан халас қылды,
Бабаңның мұнысына намыстанып.

Жетпіс мың сиқыршының бәрі келді,
Шұһбаттың сақалы жоқ, беті шұбар.
Ыза болды, Шұһбат кәрі келді,
4650 Шұһбат бастық астына жолбарыс мініп.

«Мың жанынан бір жанын қоймаймын» деп,
Майданға енді Шұһбат барып тұрды.
Сиынып мен сөйлейін әуел Хаққа,
Құдай-а, мұсылманды өзің сақта.

Жетпіс мың сиқыршылар қаһарланып,
Бәрі бірден жөнелді майдан жаққа.
Шұһбат ақырады жолбарыс мініп,
Оқ жыланды қамшы ғып қолына алып.

Шұһбат ақырғанда «жекпе-жек!» деп,
4660 Сәдуақас қарсы тұрды жетіп келіп.
Бір-бірінің найзасын қалды қағып,
Шұһбат үшкіреді бір дем салып.

Сәдуақас жалаңаш қолға кірді,
Дем салғанда ат-тоны бөрі жанып.
Әбілмәжін майданға келді жетіп,
Атына қамшы басып екпіндетіп.

Оған да бір дем салды Сәдуақаастай,
Қайта қашты, ат-тоны күйіп кетіп.
Шұһбат келтіріп тұр кәрін сондай,
4670 Батырлардың кетірді сәнін сондай.
Мұсайып, Мәлікаждар, төрт батырды,
Сиқырменен қылыпты бөріні сондай.

Бұларды ер Әлидің көзі көрді,
Зұлпықарын байланып, Дүлдүл мінді.
— Мынау көпір сиқыршы қайтеді?! деп,
Арысланың майданға өзі кірді.

Майданға Арысланның кірді өзі,
Һәркімнің қайрат қылар болды кезі.
Сиқыр оқып Шұһбат үшкіргенде,
4680 Соқыр болды Әлидің екі көзі.

Екі көзі Әлидің соқыр болды,
Сиқыршылар су қылды құба жонды.
Барша сиқыршы жан-жақтан су ағызып,
Дүние жүзі баршасы суға толды.

Ол судан мұсылманның кетті сәні,
Судан қашып мұсылман кетті бөрі.
Қаһарланып Арыслан бір ақырды,
Он екі мың көпірдің шықты жаны.

Мұсылмандар кетіп қойды судан қашып,
4690 Дариядай ол судан қорқып-сасып.
Жалғыз өзі Арыслан соғысып жүр,
Жетпіс мың сиқыршыменен араласып.

Сиқыршылар соғысты салысып жүрді,
Арыслан зұлпықармен шабысып жүрді.

Ер Әлидің қасында Баба Омар,
Дүлдүлдің құйрығына жабысып жүрді.

Ер Әли: — Бабаңыз жолдас, — деді,
Су кетпей біздің кісі оңбас, — деді.
Сиқыршылар дүниені дария қылды,
4700 — Енді бұ судан шығып болмас, — деді.

Осыны айтып Арысланның кәрі келді,
Дүлдүлдің бауырына қамшы берді,
Қайтып енді мақтамайсын сондай ерді.
Қамшы батып ол Дүлдүл құстай ұшты,
Шұһбаттың үстіне жетіп келді.

Хақ Пайғамбар сол жерде жәрдем қылып,
«Аллаһу акбар» деп зұлпықарменен салады енді.
«Иә, расул Алла, Аллаһу акбар» деп салған шақта,
Зұлпықар бауырдан екі бөлді.
4710 Шұһбат өлгеннен соң су жоқ болды,
Арысланның екі көзі саламат болды,
Ей, жарандар, Шұһбат солайша өлді.

Бабаңызға Арыслан бұй деп айтты:
— Шапшаң енді жан-жаққа жүр, — деп айтты.
Мен мұнда бұларменен соғысайын,
Біздің кісі қайда екен, жи, — деп айтты.

Ер Әли жәдулерменен соғыс салған,
Баба Омар Әлидің тілін алған.
Мәлікаждарды табады Баба Омар,
4720 Ессіз болып бір жерде жатып қалған.

Қуанды: — Бір батырым табылды, — деп,
Не себептен бұл есінен жаңылды, — деп.
Бабаңыз су бүркіп тұрғызып алып,
Сөз сұрайды Мәліктен: — Нағылды? — деп.

Мәлік айтты: — Соғысып жүр едім, — деп,
Жәдулерге амандық бермедім, — деп.

Бір алма жеп, шарбақтан қырып жүріп,
Сол болды Бабам менің көргенім, — деп.

Мәлікаждар бек қатты қуанады,
4730 «Тәуір болды қасыма келгенің» деп.
Мәлікаждар Бабаңа жауап берді:
— Алма жиып өзіңді білмедім, — деп.

Мәлікаждар соғысты салған екен,
Көп сиқыршы жаһаннамға барған екен.
Жете алмай сиқыршы алма жұлып,
Мәлікаждар қызығып алған екен.

Мәлікті қызықтырып талдыруға,
Алма, шарбақ бәрі сиқыр жалған екен.
«Жеймін» деп Мәлік алма алған екен,
4740 Сондай-сондай сиқыршы болған екен.
«Алманы сусағаннан жей қоям» деп,
Батырларың солай талып қалған екен.

Мұсылман қашты дүние суға толып,
Бабаңыз қолды іздеп жүр ұшып-қонып.
Бір жерден Әбілмәжінді тағы тапты,
О дағы жатыр екен ессіз болып.

Көп сиқыршы бастарын жұлған екен,
Жәдушіге абдалық қылған екен.
Ей, жарандар, Әбілмәжін, Мәліктейін,
4750 О да алданып, есі танып қалған екен.

Бетіне су бүріккен соң ұшып тұрды,
Үшеуі қосылып ап бірге жүрді.
Бір жерде талып жатқан ол Мұсайыпты,
Үшеуі келе жатып көзі көрді.

Су бүркіп, тұрғызып оны да алды,
Сиқыршының мұнысына қайран қалды.
Бір таудан өзге қолдың бәрін тауып,
Ер Әлидің қасына жетіп келді.

- Кітабын көзім көрді, бұ сөзім шын,
4760 Соғыс болды, жарандар, тағы да тым.
Күнбатыс, күншығысты шаңдақ басты,
Үзілмей соғыс болды жеті күн, түн.

Кәпірді қойдай қырды ол бес батыр,
Кәпірлерге түсірді заманақыр.
Кәпірлердің көптігі, ей, жарандар,
Бір мұсылманға қылыш ұрды он мың кәпір.

- Топ зеңбірек тынбастан атылады,
Кәпір жаны тозаққа салынады.
Күнбатыс, күншығысты шаңдақ басты,
4770 Қараңғы болып ай менен күн тұтылады.

Мұсылмандар бір-бірін танымады,
Ұрысып өкпелері қабынады.
Соғыстың басымынан, ей, жарандар,
Бір-біріне бастары соғылады.

Қараңғы болып кетті жердің жүзі,
Мұсылмандар білмейді өзін-өзі.
Меккеде ай-күннің тұтылғанын
Мұхаммед Пайғамбардың көрді көзі.

- Ер Әли болып кеткен көптен ғайып,
4780 Атақты батырларды қасына алып.
Ай-күннің тұтылуына дұға қылды,
Хақ Пайғамбар жұртыменен қолын жайып.

Ай-күннің тұтылуы басылмады,
Сахабалар баршасы сасып қалды.
«Дұға қабыл болмады» деп қайғырады,
Жарық болып ай мен күн ашылмады.

- Пайғамбар қайғырады уайым жеп,
«Не себептен қараңғы бұ аспан-көк» деп.
Ай мен күн не себептен тұтылады,
4790 Зар жылайды: — Білдірші, Құдайым, — деп.

Жәбірейіл айтты: — Құдайың айтты сәлем,
Көп-көп сәлем айтты сізге Алла Тағалаң.
Мәжидтің төбесіне шықсын, — дейді,
Құдіретім тамаша қылып көрсін тамам.

Құдайың тұтсын менің сөзім, — дейді,
Мәжид тамына шығарсың өзің, — дейді.
Ай-күннің тұтылуын білер сонда,
Ашып мұнда қарасын көзін, — дейді.

Пайғамбар бір Құдайдың әмірін алды,
4800 Жәбірейіл мәжидке жетіп барды.
Мәжидтің төбесіне шығып алып,
Пайғамбар төңірекке көзін салды.

Құдай құдірет көрсетті сол күнде,
Жәбірейіл жер тамырын тартады енді.
Тоғыз айлық жол екен Хауарзамин,
Мәжидтің тап түбіне алып келді.

Пайғамбар енді көрді қарап тұрып,
Мұсылман мен көпір жүр соғыс қылып.
Бір-бір мұсылманның басына қарап тұрса,
4810 Он екі мың көпір жүр қылыш ұрып.

Пайғамбар іші күйді қарап тұрып,
Көпір жүр мұсылманды бөліп-бөліп.
«Көпірлердің жалғызын қоймаңыз» деп,
Пайғамбарым ақырды кәрі келіп.

Пайғамбар осылайша айқай салды,
Дауысы тоғыз айлық жерге барды.
Ер Әли, сахабалар дауысын танып,
«Пайғамбар келді» деп бек шаттанды.

Арыслан қуанады бұ айғайға,
4820 Сиынып соғыс қылды бір Құдайға.
Мұсылманның қуанғаннан бір-біріне
Жүз мың палуанның қуаты болды пайда.

Арыслан қаһарланып айғай салды,
Даусыменен қырады бек көп жанды.
Әлидің дауысынан өті жарылып,
Он екі мың көпірлер берді жанды.

«Пайғамбар келді» деп мұсылман болды мықты,
Бір айғайдан екі мыңның жаны шықты.
Екінші ақырғанда Шер Арыслан,
4830 Көпірлердің ол барша туын жықты.

Жәмшидтің енді жолы тарылады,
Туы жығылып, қанаты қайырылады.
«Япырым-ай, енді бұлар болмас-ты» деп,
Ақылынан ол қорқып жаңылады.

Жәмшид айтты: — Қашқандар қолым болсын,
Тұрмаймын, енді қашам жолым болсын.
Жәмшид енді осыны айтып, қашып кетті,
Тұрғандарың қырылсын, сойып алсын.

Мұсылмандар қайраты кетті асып,
4840 Қаһмасқа жөнеледі Жәмшид сасып.
Сиқыршылар, көпірлер жете алмай,
«Болмас-болмас» дейді де кетті қашып.

Сиқыршылар қырылып келмес болды,
Жәмшид патша Қаһмасқа тартты жолды.
Сол уақытта күн батып, ей, жарандар,
Екі ләшкер орнына қайтып қонды.

Әлқисса, Жәмшид патша Қаһмасқа қашып кеткені, артынан
Әли Кәрім Алла о жаққа қуып барғаны.

Жәмшид енді Қаһмасқа болды қашпақ,
Сейілзамин жұртына кетті бастап.
«Қашқанға рахмат, тұрғанға лағынет» деп,
4850 Шаһарын, елін-жұртын кетті тастап.

Ғайып болып сиқыршы кетті қашып,
Мұсылмандар қайраты кетті асып.
Жәмшид патша Қаһмасқа қашып кетті,
Мұсылмандар шаһарын қалды басып.

Мұсылмандар кіреді шаһарға барып,
Қашырды патшаңызды қаһар салып.
Қалған көпір барады Арысланға,
Жалынып алтын-күміс тарту алып.

4860 Тартуларын Арыслан қабыл қылды,
Жан сауғалап көпірлер басын ұрды.
Мұсылмандар бұларға құрмет қылды,
Баршасы иман айтып, дінге кірді.

Көпірлер мұсылман болып жетіледі,
Суреттерін өртеп, тепкіледі.
Шаттыққа мұсылмандар толысады,
Жәмшид шаһарын дал-дал ғып кіріп кетті.

4870 Мұсылмандар жад қылды Құдіретті,
Дұшпан болған көпірлер өкінеді.
Көпірлер мұсылман болып шын көңілмен,
Бірнеше күн шаһарда дін үйренді.

Көпірлерде бек қатты уайым бар,
Мұсылманға жақ болды жалғыз Жаппар.
Темір шаһарын бұзуға жол тартады,
Ішінде шоқынатын пұт[тары] бар.

Дін білмеген көпірлер тексіз екен,
Суретті Құдай қылған епсіз екен.
Темір шаһарда Лат, Манат зор Төңірісі,
Қисабы жеті мың төрт жүз екен.

4880 Мұсылмандар Құдайға сиынады,
Темір шаһар ішінде жиылады.
Арысланды көрген соң Лат, Манаттар,
Сәлем беріп аяғына жығылады.

Кәпірлер «Құдайым» деп сурет жиған,
Батырлар Құдай үшін жанын қиған.
Кереметпенен, жарандар, төрт жүз сурет,
Мұсылман болды дейді, айтып иман.

Төрт жүз Лат, Манат дінге кірді,
Көргеннен соң баршасы Әли ерді.
Соларды тамаша қылып тұрған шақта,
4890 Бір алтыннан жасалған күмбез көрді.

Жарандар, құлағың сал осы кепке,
Батырлар соғыс қылды шығып шетке.
Күмбезге қарап тұрса батыр Әли,
Тақалғандай көрінді басы көкке.

«Бұзайын» деп шоқпарменен қатты ұрды,
Зұлпықарменен шапқылап қайла қылды.
Қаруменен күмбезге кәр қыла алмай,
Ылаж таппай Арыслан қарап тұрды.

Жәмшид кеңес сол жерде құрады екен,
4900 Ол күмбезде бір дию тұрады екен.
Құдай болып сөйлесіп патшаңызға,
Келген сайын көңілін бұрады екен.

Бұзуы ол күмбездің қиын екен,
Ол шаһарда төрт жүз сурет жиюлы екен.
Бұ күмбездің ішінен Құдай болып,
Жәмшидті азғырушы дию екен.

Ол күмбездің түбінде дамыл алды,
Ұйықтағалы түбіне жетіп барды.
«Құдайым түсімде не білдірер» деп,
4910 Намаз оқып ер Әли ұйықтап қалды.

Жәбірейіл түсінде жетіп келді,
Жәбірейілді Әлидің көзі көрді.
«Инна фатахнаны» оққа байлап ат, — деп,
Сонда күмбез бұзылар» деп хабар айтты.

Арыслан түрегелді, көп жатпады,
Дұға жазды күмбезге оқ атқалы.
Жазып-жазып оқпенен атқан екен,
Күмбездің ішінен бір дауыс шығып,
Жердің жүзін қып-қызыл от қаптады.

- 4920 Ер Әли жад қылады жалғыз Хақты,
Хаққа сеніп күмбезді оқпен салып қалады.
Жердің жүзін от қаптап, бір дауыс шығып,
Бір күн, бір түн ер Әли талып қапты.

Бір күннен соң Әли тұрды . . . * ,
Сиқыр екен қаптаған оттай күйіп.
Көзін ашса, бір дию өліп жатыр,
Күмбез быт-шыт болыпты Әлидің оғы тиіп.

- Күмбездің бұзылғанын көзі көрді,
Өліп жатқан диюды өзі көрді.
4930 Темір шаһарды ол бұзып болғаннан соң,
Хауарзамин жұртына қайта барды.

Хауарзамин жұртына қайта жүрді,
Алған Жәмшид шаһарына барып кірді.
Жәмшид орнына Ағиан балшыны патша қылып,
Қырық күндей дін айтып, сонда тұрды.

Батырлар соғыс қылды жанын қиып,
Тірліктен шаһидтықты артық көріп.
«Сейілзамин жұртына барамын» деп,
Батыр Әли енді алды жұртын жиып.

- 4940 Хауарзамин жұртынан жиды қолды,
Жердің жүзі қайысып қолға толды.
Қолды жиып қараса батыр Әли,
Қисап қылса, үш жүз мың ләшкер болды.

* Түпнұсқада бір сөз түсіп қалған.

Ер Әли сондай көп қол алған екен,
Кәпірге көп ойранды салған екен.
Үш мыңнан мың төрті сахабалар,
Төрт жүз ғаяр, төрт мың палуан екен.

Батырлар көп кәбірді жидырады,
Сайланып жүрер ісін бітіреді.
4950 Үш жүз мыңың жүргенде Қаһмасқа
Жеті қат жер қозғалып тітіреді.

Арыслан сондай үлкен қылды жүріс,
Кітаптан осы сөзім емес бұрыс.
Аспан-көкті қозғалтып, жер күңіrentіп,
Қаһмасқа жөнелді қылғалы ұрыс.

Олар барса Қаһмасқа ойран салар,
Ерегіскен кәбірдің басын алар.
Ер Әли солайша болып бара тұрсын,
Манағы қашқан Жәмшидтен алың хабар.

4960 О да жолдас қасына алған екен,
Әли оған қиындық салған екен.
Есі кетіп, қалжырап өліп-талып,
Зар жылап Қаһмасқа барған екен.

Қаһмасқа ер Әли болды бармақ,
Үш жүз қол жиды соғысқа арнап.
Жәмшид патша Қаһмасқа қашып барып,
Шағым етіп жылайды былай зарлап:

— Ей, Қаһмас, ажал жетпей өлмегенім,
Көп екен бұ дүниеде көрмегенім.
4970 Әли келіп төж-тағымды ойран қылды,
Мұнан да артық дүниеге келмегенім.

Қаһмас патша естіп тұр жылағаным,
Қорлықтан шығып кетпей шыбын жаным.
Патша болып мұндай қорлық көргенше,
Анамнан артық еді тумағаным.

Жәмшид патша Қаһмасқа көп жылайды,
Өзі көрген қорлықты айтып жылайды.
— Сақал-мұртым кесіп ап, шаһарымды алды,
Мазақ қылды Баба Омар, — деп жылайды.

- 4980 Қаһмас көңілін көтерді көңіл айтып:
— Тыныштық ал, біраз күн мұнда жатып.
Хабар салып білерміз шаһарыңды,
Өз еліне ол Әли кетер қайтып.

Жақсы қонақ біраз күн болыңыз бізде,
Бір жақсылық қылармын мен де сізге.
Хабар салып ол Әли қайтып кетсе,
Шаһарыңды алып берермін өзіңізге.

- «Оған шейін сабыр қылып мұнда тұр, — деп,
Кеткен бе екен, Әлиді тыңдап тұр» деп,
4990 Қаһмас патша былайша ақыл айтып,
«Жылама» деп Жәмшидке қылды құрмет.

Дін үшін соғыс қылды сахабалар,
Бастап алып жүруші Әли Хайдар.
Жәмшид пенен Қаһмас жата тұрсын,
Әли Арыслан батырдан алың хабар.

Сол шақта Әли батыр келді жетіп,
Дүлдүлге қамшы басып екпіндетіп.
Ысрауил деген шаһарға жетіп келді,
Әли қолы жер-көкті тітіретіп.

- 5000 Келе сала ол шаһарды шауып алды,
Ысрауил адамына ойран салды.
Қаһмасқа бұлар қашып барып қалды,
Қаһмас патша аяғын құшақтады:
Мәдиненің Әлиі көп ләшкермен,
Ысрауил шаһарыңды шауып алды.

Жәмшид көзін бұларға салды дейді,
Бұлар «Әли шаһарды алды» дейді.

«Тағы артымнан келді» деп Жәмшид қорқып,
Бір күн, бір түн есі ауып қалды дейді.

- 5010 Жәмшид қорқып есінен айырылады,
Ысрауилдың кісісі зар жылайды.
Жәмшид талып қалған соң қасындағы,
Қаһмас та бек қатты қайғырады.

Қаһмас патша шаһарға шақыртты жар,
Жаршы айтты: — Шаһарға жиылыңдар.
Қаһмас патша ол жарды шақыртқанда,
Бес жүз мың қол сол шақта болды даяр.

- Бір заманда Жәмшид тұрды көзін ашып,
Қаһмас ләшкер жияды асып-сасып.
5020 Көзін ашып «yh» деп, демін алып,
Қолды жүріп қарайды көңілін басып.

Қаһмасқа: — Мен айтайын ақыл, — дейді,
Салсалға жылдам жібер хатың, — дейді.
Сенің бұ жиылған кісің түк те болмас,
Бір-біреуі жүз мыңдық батыр, — дейді.

Салсал деген бір патша бар, — деп айтты,
Ол келмесе, келмейді хал, — деп айтты.
Бір өзінің тоқсан ұғлы — тоқсан патша,
Жалынып соған хабар сал, — деп айтты.

- 5030 Тоқсан ұғлы билейді тоқсан шаһар,
Бір қылса, бұған қайла солар қылар.
Шамама деген Салсалдың кіші енесі,
Дал менен Зал патшаның тоқалы бар.

— Бастан-аяқ жазыңыз бәрін хатқа,
Хатпенен кісі шаптыр Салсал жаққа.
Шамама деген қатынға тағы хат жаз,
Салсалдан да кем емес, үлкен патша.

Салсал тұрыпты ықылымды жалғыз билеп,
Ақыл айтты соларға кісі жібер деп.

5040 Қаһмас Жәмшид патшаға ақыл қылып,
Салсалды білдіріпті сөйтіп-сөйтіп.

— Қаһмас, тыңда, — дейді, — сөзімізді,
Түн болса неш жұмбаңыз көзіңізді.
Ішінде Баба Омар деген айлакер бар,
Ұйықтасаң харап қылар өзіңізді.

Дүниеде неш қайламенен тұта алмайсың,
Күндіз бек сақтанып ұйықтағайсың.
Бұ дүниеде айламенен оған көр жоқ,
Өйтеуір қарауылшың мықтағайсың.

5050 Жәмшид сөзді айтады ақыл салып,
Сақтанбақшы болды тілін алып.
Сол сөзді айтып Жәмшид патша амандасып,
Бір шұқырда жатады қашып барып.

Шұқырда қорқып жатыр Жәмшид мұңдық,
Қаһмас патша қарсы тұрар көп жиылып.
Хатшыларын шақыртып Қаһмас патша,
Салсалға хат жазуға қылды бұйрық.

Хат жазды Лат, Манаттың хақын салып,
Салсал менен Шамама атын салып.
5060 «Бізге келді бұ Әли Жәмшидті алып,
Бізді алған соң, алмақшы сізді барып.

Шаддадтың тұқымының баласы едің,
Бұ дүниеде патшаның сарасы едің.
Сізден дәрмен болмаса, халім мүшкіл,
Арқамның Қап тауындай панасы едің.

Сізден басқа панам жоқ ойымызда,
Сізден басқа қайрат жоқ бойымызда.
Сіз жәрдемші болмасаң, біз қырылдық,
Қанымыз ақыретте мойныңызда».

5070 Осылайша жаздырып хатты бітті,
Хатын алып елшілер жүріп кетті.
Ортасында бір үлкен су бар екен,
Он бес күнде енінен өзер өтті.

Жиырма күн тағы да атпен жүрді,
Салсалдың шаһарына елші кірді.
Салсалдың аяғын һәм құшақтады,
Қойнынан шығарып хатын берді.

Салсал малғұн алып хатын көрді,
Қайратымен тітіретті қара жерді.
5080 — Тоқсан мың палуанды қасыңа алып,
Әлиге бар, — деп айтты Керафилге.

Керафил атасының тілін алды,
Тоқсан мың жиып алды палуанды.
Керафил ол Салсалдың баласы екен,
Түйеменен Әлиді іздеп кетті.

Керафил мұнша қолмен іздеп кетті,
Ысрауилге Әлидің қолы жетті.
Керафил солайша болып бара тұрсын,
Тағы Әли батырдан есіт кепті.

5090 Әли батыр Ысрауилді шауып алды,
Адамдарын баршасын дінге салды.
Қаһмас жетіп барып, туын тігіп,
Шатыр құрып, сап тартып, тоса қалды.

Арыслан жетіп келіп, туын тікті,
Кәпірлер қорықпайды олар тіпті.
Бес жүз мың қол қасына жиып алып,
Қаһмас та Әлиге қарсы барды.

Ол күні соғыс қылмай қонысады,
Жердің жүзі ләшкерге толысады.
5100 Екі ләшкер қарауыл қатты қойып,
Бір-бірінен хабардар болысады.

Баба Омар Қаһмасқа жетіп барды,
Ләшкердің баршасын да аралады.
Баба Омар жетіп келіп, сиқыр қылып,
Ояу екен, бөріне көзін салды.

Қаһмастың алтын-күміс шатыры бар,
Бабаңның түрлі-түрлі ақылы бар.
Жүз мың қол бастығы, ей, жарандар,
Шаһзарат деген асқан батыры бар.

5110 Бабаңның түрлі-түрлі ойлары бар,
Кәпірдің арақ ішкен тойлары бар.
Шаһзаратқа Бабаңыз таң қалады,
Жүз құлаш кәпірдің бойлары бар.

Кәпірдің бөрі жаман мастық екен,
Бабаң ойы кәпірлерге қастық екен.
Шаһзаратқа Бабаңыз таң қалады,
Бір өзі жүз мыңның бастығы екен.

Бабаңыз аралап жүр амал тауып,
Кәпірлерден қылмайды тіпті қауіп.
5120 Бабаң Омар бір дәру тұтатқанда,
Шаһзарат палуан жығылды есі ауып.

Мұрнына дәру тұтатты, жетіп барып,
Әлгі палуан жығылды естен танып.
Шаһзаратты тырайтты, ессіз қылып,
Бабаң тағы жөнелді ұстап алып.

Ер Әлидің алдына алып келді,
Әли Арыслан бұ іске қатты күлді.
Ес кіргізді дәруді тағы жағып,
Шаһзараттың Әлиді көзі көрді.

5130 Әлиді Шаһзараттың көзі көрді,
Арысланның ол нұрлы жүзін көрді.
Жүзін көріп, көңіліне иман толып,
Хақ мұсылман болды да, дінге кірді.

Ертең Қаһмас Шаһзараттан хабар білді,
«Көрмедік, — деп шулайды, — мұндай сұмды.
Жәмшидтің зарлағаны шын екен» деп,
Соғысқалы майданға жетіп келді.

Соғыстың барабанын көпір қақты,
Мұсылмандар сайланды мініп атты.
5140 Шаһзаратты ұрлауына Бабаңыздың
Барша көпір мақтасып, аң-таң қалды.

Бір көпір «жекпе-жек» деп айғай салды,
Мұсылманнан Шаһзарат қарсы болды.
Бір ұрғанда көпірді екі бөліп,
Жанына орын қылды жаһаннамды.

Шаһзараттың олардан асты күші,
Көпірлердің қорқады шығып есі.
Шаһзарат палуан ол жекпе-жекпен,
Көпірден һәлак қылыпты сексен кісі.

5150 Сол уақытта кеш болып, күн де батты,
Қайтатұғын барабан көпір қақты.
Қайтатұғын барабан ол қағысып,
Екі ләшкер орнына қайтып барды.

Жарандар, ол түн батып, таң да атты,
Қаһмас патша көп жиды жамағатты.
Екі ләшкер майданға жетіп келіп,
Ұрысуға сайланып саптар тартты.

Екі қол ұрысуға аттанады,
Мұсылманнан көпірлер сақтанады.
5160 Қидұн деген көпірден шауып шығып,
Майданға келіп тұрып мақтанады:

— Палуандықта көпірдің асқаны мен,
Көп дұшпанның көңілін басқаны мен.
Көп болсаң да, бөрің келші маған,
Бұ заманның Рүстем Дастаны мен.

Кәпір жақтан ақырып Қидүн келді,
Уақас батыр Қидүнның сөзін көрді.
«Осы неме нені айтып сөйлейді» деп,
Қаһарланып Қидүнға жетіп келді.

- 5170 Қидүнға қаһарменен шоқпар ұрды,
Екі қол екі жақтан қарап тұрды.
Басы алмадай ұшыпты ұрған шақта,
Жаны тура жаһаннамға барып кірді.

Бір кәпірдің тағы да басын бөлді,
Мұсылмандар қуанып қатты күлді.
Екі балуан өлгеннен соң осылайша,
Қаһмас патша «жабыл!» деп бұйрық қылды.

- Кәпірлер бәрі бірдей жабылады,
Ұрысып өкпелері қабынады.
5180 Екі қол енді болып араласып,
Қияметтей естерінен жаңылады.

Құмырсқадай кәпірдің қисабы жоқ,
Қараңғы болды шаңменен сонда аспан-көк.
Періштелер зарлайды көкте жүріп,
«Бұ соғыстан дүние бұзылар» деп.

Мұсылмандар жад қылды әуел Хақты,
Кәпірлер жад қылды Лат, Манатты.
Кәпірлер қашарға бет қойған шақта,
Күн де батты, орнына қайтып жатты.

- 5190 Қаһмас патша орнына қайтып барды,
Ол уайымды қолына айтып барды.
«Он бес күн кеңдік берсін» деп, ей, жарандар,
Қаһмас патша ер Әлиге кісі салды.

Қаһмас патша: — Осы салған елшім, — дейді,
Елім тамам жиылып келсін, — дейді.
Алды-артым жиып, армансыз бір болайын,
Он бес күнге кеңшілік берсін, — дейді.

Өздеріне сенген батырлар ғой,
Соғыс қылмай он бес күн қарап тұрды.
5200 Уәделі он бес күн тағы толды,
Соғысқа екеуі даяр болды.
Кәпірден Қанмас, мұсылманнан Әли Арыслан,
Екі жақтан келеді бастап қолды.

Мәлікаждар ақырды «жекпе-жек!» деп,
Кәпірлерге қиын ғой онан өтпек.
Мәлікаждардан қорқады барша кәпір,
Һешбіреуі бармайды оған беттеп.

Мәлікаждар майданда ақырады,
Кәпірлер жапырақтай қалтырады.
5210 «Бірме-бірге қорықсаңыз, ей кәпірлер,
Бөрің бірдей жабыл» деп шақырады.

Кәпірлердің қарашы ақылына,
Жалғыз кісі сонша елді шақырар ма?
Әлгі сөзді айтқан соң ол кәпірлер,
Бөрі бірдей жабылады батырыңа.

Бү дүние көзің жетіп өтеріне,
Тамам қылмай бұ сөзді кетермін бе?
Мәлікаждарға кәпірлер жабылған соң,
Мұсылмандар ат қойды көтеріле.

5220 Қолға келіп Арыслан ақырады,
Батырлар көп кәпірді шапқылады.
Сол күні соғыстың қаттысынан,
Жеті қат жер жапырақтай қалтырады.

Жарандар, батыр Әли асқан мықты,
Батырлар көп кәпірді жерге тықты.
Кәпірлер қашарға бет қойған шақта,
Күншығыстан бір үлкен тозаң шықты.

Барша жанды жаратқан жалғыз Жаппар,
Һәрқандай пенделерін өзі сақтар.

- 5230 Қайран болып ол жанға қарап тұрса,
Тоқсан тулы ішінен шықты ләшкер.

Кәпірлер қуанады көріп енді,
«Бұ қол қайдан келді?» деп қарсы тұрды.
Салсал ұғлы Керафил бастық болып,
Тоқсан мың ләшкерменен жетіп келді.

Керафил тоқсан мыңмен жетіп келді,
Ақырзаман болғандай соғыс салды.
Бұ кәпірлер мұсылманға жетіп келіп,
Кәпірлер мұны көріп, бек шаттанды.

- 5240 Керафил ер Әлиге жетіп кепті,
Шоқпарменен төбеге ұрып өтті.
Шоқпардың салмақтығы қол күшімен,
Әли Арыслан мүдіріп, тізе бүкті.

Зұлпықарын суырып Әли де ұрды,
Бір-біріне қару ғып қарсы жүрді.
Неше шапты, зұлпықар неш кеспеді,
Әли Арыслан қайран болып қарап тұрды.

Керафилдің ұстады жағасынан,
Шаңдандырды жерге ұрып төбесінен.

- 5250 Керафилді жерге ұрып, мықтап байлап,
Қосқа беріп жіберді Бабасынан.

Баба Омар оны қосқа алып барды,
Әли батыр ағызды судай қанды.
Екі қол бір-біріне қосылысып,
Күн батқанша бек қатты соғыс салды.

Батырлар кәпірлерге қылыш шапты,
Кәпір қырылып, қандары судай ақты.
Кәпірлер қашарға бет қойған шақта,
Күн де батты, орнына қайтып жатты.

5260 Ер Әли де қосына келді қайтып,
Батырлары қайтады қанға батып.
Керафил Салсалұғлы қолға түскен,
Хақ мұсылман болыпты иман айтып.

Қаһмас ит орнына қайтып барды,
Әлидің қайратына аң-таң қалды.
Керафилдің мұсылман болғандарын
Хатқа жазып, Салсалға хабар салды.

Не көргенін жіберді хатқа салып,
«Балаңды мұсылман ғып қойды алып».
5270 Ол елші күні-түні тынбай жүріп,
Хатты берді Салсалға алып барып.

Салсал енді Қаһмастың хатын алды,
Баласына күйініп ашуланды.
«Тоқсан мың кісіменен тез барсын» деп,
Тағы өз ұғлы жіберді Сарубалды.

Тоқсан мыңмен жіберді Сарубалын,
Салсалдан тер шықты отты жалын.
Сарубал солайша боп бара тұрсын,
Тағы Қаһмас патшадан хабар алың.

5280 Бек келіпті Арыслан қаһарлары,
Кәпірлерге түсірді заһарлары.
Қаһмастың бар екен, ей, жарандар,
Тау басында бір үлкен шаһарлары.

Тауласқан баян биік аспанменен,
Қаһмас шықты ол тауға сасқанменен.
Жалғыз аяқ жол екен асулары,
Бойлап-бойлап биіктеді тастарменен.

Асусыз тауға жүрер емес,
Ол асуды кәпірлер берер емес.
5290 Асуын бекітіпті қашып Қаһмас,
Ғешбір жан ебін тауып кірер емес.

Ол тауға шығып кетті көпірлер сұм,
Шығармады асудан тағы да һешкім.
Арыслан ләшкеріне «тыныштық ал» деп,
Тау түбінде жатыпты үш күн, үш түн.

Төртінші күн майданға жүріс қылды,
Таудан түсіп көпірлер де қарсы тұрды.
Керафил «жекпе-жек!» деп майдан тартып,
Көпірлерден жетпіс кісі һәлак қылды.

5300 Керафилдің көпірден асты күші,
Найзасының көпірге батты ұшы.
Бірме-бірге шыдамай Керафилге,
Көпірден ат қойыпты он мың кісі.

Керафилге бірме-бірге көпір батпас,
Көптен қорқып Керафил басын тартпас.
Мұсылманнан үш батыр тағы ат қойды,
Шаһмардан, Әбілмәжін, Сәдуақас.

Бұлар салды көпірлерге заманақыр,
Көпірді қойдай қырды бұ үш батыр.
5310 Бұ үшеуі майданға кіргеннен соң,
Тағы да ат қойыпты жүз мың көпір.

Екі қол бір-біріне араласты,
Бір-бірін өлтіріп, жараласты.
Айдаһардай алып палуанлары,
Жолбарыстай жұлысып көп таласты.

Екі қол бір-біріне салды найза,
Шаңменен бір-бірін танымайды.
Дүние де бұзылғандай соғыс болды,
Өліктерден болыпты таулар пайда.

5320 Бір ақырып Арыслан туын жықты,
Көпірлерді батырлар жерге тықты.
Қаһмас мұсылманды жеңе алмай,
Манағы тау басына қашып шықты.

Қаһмас шығып, асуын бек байлатты,
Шаһарын алып мұсылман той тойлатты.
Ойдағы үлкен шаһарын олжа қылып,
Тауды қамап ол жерде екі ай жатты.

Батырлар көпірлерге қатты дұшпан,
Олар қайтсін соғыс деп Құдай қосқан.
5330 Екі ай толып, бір күні таң атқанда,
Бұлар бір шаң көреді күншығыстан.

Көпірлер де қарап тұр есі кетіп,
Қаһмас патша қуанды қуаныш етіп.
Салсалұғлы Сарубал сол уақытта,
Тоқсан мың қолды бастап келді жетіп.

Әли Арыслан көрді ғой Сарубалды,
Өз қолына «аттан!» деп жарлық салды.
Мұсылмандар сайланып, атын мініп,
Сарубалдың алдынан қарсы барды.

5340 Қаһмас тау басында тұрды қарап,
Мәлікаждар жалғыз барды бір Аллалап.
Жекпе-жекке келгенде Мәлікаждар,
Жетпіс палуан көпірді байлап алды.

Мәлікаждар қайратпен қылыш шапты,
Көпір қырылып, қандары судай ақты.
Бірме-бірге көпірлер шыдай алмай,
Мәлікке ат қойыпты бәрі қаптай.

Екі қол араласып соғыс салды,
Жер жүзіне ағызды судай қанды.
5350 Мұсылмандар көпірді қойдай қырды,
Ер Әли ұстап алды Сарубалды.

Ол Сарубал Әлиге найза салды,
Найзасын Шер Арыслан тартып алды.
Жағасынан жерге ұрды Әли Арыслан,
Мықтап байлап, қосына алып барды.

Сарубалды жөнелді байлап алып,
Қалған көпір жылайды айғай салып.
Жан сауғалап көпірлер тілек қылып,
Жай-жайын жатыпты қайтып барып.

- 5360 Мұсылмандар көпірге салады ойран,
Мұсылман болғандарын азат қойған.
Арыслан мен ол басқа батырларға,
Естен танып Сарубал болды қайран.

Сарубал палуандарға қалды таңа,
Жеңілместей көрінді нешбір жанға.
Қайтып келіп қосына отырған соң,
Ер Әли сөз айтады Сарубалға:

- Сарубал, сөз сөйлеймін сізге, — деді,
Менен хат алып атаңды ізде, — деді.
5370 Жай жүргенде ол атаң өзі тиіп,
Жау жіберді екі мәрте бізге, — деді.

Бұ хатты қолыңа алыңыз сіз,
Атаңа бар тоқтамай кеші-күндіз.
Әскер жиып атаңа айт, әзір болсын,
Үшінші де үстіне барамыз біз.

Осылайша білдірді хатқа салып,
«Соғысамыз, — деп айтады, — біз де барып».
Бірнеше жолдас қылды Сарубалға,
Атасына жөнелді хатын алып.

- 5380 Сарубал хатын алып жолға кірді,
Күні-түні тоқтамай жылдам жүрді.
Сарубал солайша боп бара тұрсын,
Тағы Әли қолымен кеңес қылды.

— Мұсайып жетпіс мыңменен қалсын, — дейді,
Қаһмаспен соғысқа салсын, — дейді.
Өзгеміз Салсал жаққа жөнелейік,
Мұсайып Қаһмасты алсын, — дейді.

- Мұсайып жатып алды тауды қамап,
Жетпіс мыңды қасына алды санап.
5390 Төрт жүз мыңмен ер Әли бастық болып,
Салсал жаққа жөнелді бір Аллалап.

Мұсайып жетпіс мыңмен онда қалған,
Төрт жүз мыңды Арыслан санап алған.
Ер Әли Салсал жаққа бара тұрсын,
Тағы хабар айтайын Сарубалдан.

Сарубал хатты алып екі ай жүрді,
Екі айда үйіне барып кірді.
Әли сөзін атасына тамам айтып,
Қойнынан суырып хатын берді.

- 5400 Екі айдан соң Сарубал барып жетті,
Салсал ақырып тітіретті аспан-көкті.
Әли сөзін айтқан соң ашуланып,
Салсал малғұн баласын қатты сөкті.

— Өзімдей неге болмайсың өткір, — деді,
Ашуымды келтірмей, тек тұр, — деді.
Сарубал сөзін Салсал тындамады,
Атасына қайырып «сен» демеді.
— Бүгін-ертең келеді, ләшкерің жи,
Сонда мәлім болар, — деп үндемеді.

- 5410 Сарубал сөйдеп отырды көңілін басып,
Салсал да ашуланды асып-тасып.
Екеуі сол сөзбенен отырғанда,
Бір адам зар жылап келді қашып.

Ол кісі айтты: — Тыңдап тұр сөзім, — деді,
Падиша, қорқып келдім өзім, — деді.
Әли келді, көрді осы көзім, — деді,
Қолы көп басқан жердің жүзін, — деді.

Салсал малғұн бек қатты ашуланды,
Жеті ықылымға хатпенен хабар салды.

- 5420 Арыслан ләшкерімен жетіп келіп,
Майдан түзеп, сап тартып түсе қалды.

Майдан құрды ер Әли жетіп барып,
Кәпірлер де қарап тұр аң-таң қалып.
Баба Омар қолына қарауыл болып,
Ұйықтамастан тұрады шырқ айланып.

Әли қолы ол күні дамыл алды,
Дамыл алып, баршасы ұйықтап қалды.
Баба Омар «Салсалды көрейін» деп,
Жасырынып Салсалға жетіп барды.

- 5430 Баба Омар Салсалға жетіп барды,
Қолын көріп, Салсалға көзін салды.
Салсалды көрсе, бойы — жиырма кез,
Ені — алпыс кез, Бабаңыз Омар қайран қалды.

Салсалды көрсе Бабаң қаһары түсті,
Түсін көріп Бабаңның құты ұшты.
Бабаңыз мұны көріп қалтырады,
Бір Жаратқан Құдайын жад қылады.

- «Оқ-жағымды әкел!» деп сол уақытта,
Салсал малғұн ләшкеріне ақырады.
5440 Баба Омар сонда айтты: — Бар Құдай-а,
Салсал жаман көрінді маған тым-ақ.
«Әлиге жалғыз өзің жәрдем бер» деп,
Бабаңыз осылайша қылды дұға.

Баба Омар Салсалға аң-таң қалған,
Қол, аузы, мұрнына болды қайран.
Салсалдың оқ ататын жағын сонда,
Өзер алып келеді отыз палуан.

- Сегіз жүз батпан шоқпарын қолына алып,
Жағын алып, садаққа оғын салды.
5450 «Жалғыз өзім Әлиді көремін» деп жүрді,
Жанына ертпей жалғыз жанды.

Салсал: — Жалғыз Әлиге барам, — деді,
Келер ме екен, байқаймын, шамам, — деді.
Теңдес болса барамын соғысына,
Тең болмаса, бармақ ар маған, — деді.

Салсал сөйдеп жол тартып еді,
Баба Омар бұ сөзін көріп тұрды.
Баба Омар алдынан бұрын барып,
«Салсал сөйдеп келеді» деп хабар берді.

5460 — Келеді Салсал мынау жақтан, — дейді,
Сіз де алдынан қару алып аттан, — дейді.
Құдай сізге жар болсын, қуат берсін,
Әйтеуір, жаман кәпір, сақтан, — дейді.

Зұлпықарын беліне асынады,
Сегіз жүз батпан шоқпарын қасына алды.
Қару-жарақ баршасын сайлап алып,
Шер Арыслан Салсалға қарсы барды.

Салсал тұрып мұсылманға бір оқ атты,
Салсал кәпір бек жаман, қаһары қатты.
5470 Салсал оғы төрт кісіні шаһид қылып,
Қара тасқа барды да бір кез батты.

Бір оқты Салсал тағы да атты,
Төрт кісіден тағы өтіп тасқа батты.
Салсалдың қаһарынан, ей, жарандар,
Мұсылмандар қорқып қалтырапты.

Шер Арыслан Салсалға қарсы барды,
Салсал да ер Әлиге көзін салды.
«Бит бейкүнә өлерсің, атыңды айт» деп,
Қоқиланып алдына тұра қалды.

5480 — Былшылдап сөйлеп тұрсың, — деді,
Көрейін деп келемін сені, — деді.
Атым сұрап нетесің, кәпір малғұн,
Қолыңнан келсе, аяма мені, — деді.

— Қарашы, биттей болып айтқаныңды,
Кім шыдар улы жақты тартқанымда.
Бір оқпенен атармын, тап өлерсің,
Қапы қалмай, [тұта] бер қалқаныңды.

Ер Әли қалқан тұтып тұра қалды,
Салсал малғұн бір оғын салып қапты.
5490 Салсал оғын тигізбей қағып алып,
«Кәпір, оғың мынау» деп жерге салды.

Әли Арыслан жолықты мұндай ерге,
Салсалдың мұнысына кәрі келді.
Арыслан да оқпенен атқан екен,
Салсал да қағып алып салды жерге.

Зұлпықармен Салсалды тағы да ұрды,
Өлтіруге ойлайды кәпір сұмды.
Зұлпықар қанша шапты, һеш кеспеді,
Қайран болып ер Әли қарап тұрды.

5500 Екеуі бір-бірін шабысады,
Бастарына шоқпармен салысады.
Белдерінен ұстасып күрес қылып,
Күн батқанша екеуі алысады.

Күн батқан соң жеңіспей айырылады,
Мұсылмандар Құдайға зар жылайды.
Денесі Әли Арысланның қатты ауырып,
Қозғала алмай бек қатты қайғырады.

— Құдай-а, қуат бергіл маған, — дейді,
Салсалға келер ме екен шамам, — дейді.
5510 Көзі ілініп кеткенде, Пайғамбарым
Әлиге «Көп қайғырма, балам» дейді.

Бү түске Әли Арыслан шаттанады,
Екі қол бір-бірінен сақтанады.
Екі қол екі жақтан майдан түзеп,
Мұсылманнан Керафил аттанады.

Керафил қаһарланып майдан барды,
Кәпірден он кісіні қырып салды.
Салсал малғұн ашумен жетіп келді,
Қылышпенен баласын екі жарды.

- 5520 Керафилден Салсалдың асты күші,
Шаһид болып екі жаққа төні түсті.
Бірме-бірге келгеннен мұсылманнан
Шаһид қылды ол көпір отыз кісі.

Әли Арыслан Салсалға жетіп барды,
Зұлпықармен басына тағы салды.
Қаруменен бір-бірін жеңісе алмай,
Аударысып, тағы аттан түсе қалды.

- Жығыса алмай бір-бірін күн де батты,
Айырылып бір-бірінен тағы қайтты.
5530 Салсал малғұн қолына жағын алып,
Мұсылманға қаһарменен бір оқ атты.

Салсал тағы жіберді бір оқ атып,
Ақырды жер-көкті қалтыратып.
Екі жүз мұсылманды шаһид қылып,
Тағы да оғы кетті тасқа батып.

Сондай-сондай соғысты екі батыр,
О Салсалға түспеді заманақыр.
Зұлпықармен Әли де шауып еді,
Салсалдан да өліпті сансыз көпір.

- 5540 Екі қол соғыс қылды араласып,
Осалдары өледі құты қашып.
Қараңғы болып, бір-бірін көре алмайды,
Дүние жүзін қап-қара тозаң басып.

Күн кеш болып, қайтыпты тамам батыр,
Екі қол да қисапсыз өліп жатыр.
Соғыстың қаттысынан, ей, жарандар,
Қозғалғандай болыпты заманақыр.

- Әлиді артық жаратқан бар Құдайым,
Ол тұрғанда өзгені не қылайын.
5550 Ол күнгі Әлидің қайратынан
Кәпірлерге қиямет болды қайым.
- Бәрінен де Әлидің артық күші,
Екі қол жер-жеріне қайтып түсті.
Баба Омар өлікті санап көрсе,
Мұсылманнан өліпті қырық мың кісі.
- О дүниеде нұр болды шаһид қаны,
Шірімейді шаһидтің және төні.
Ол күні қырылған кәпірлердің,
Ей, жарандар, жоқ екен тіпті саны.
5560 Қырық мыңға жаназа оқып, олар көмді,
Қабірлері алыпты құба дөңді.
- Сол шаһид һәр жұма кешкісінде,
Азан айтып жатады осы күнде.
Азан айтып жылайды осы күнде,
Ерге маза бермейді ұзын түнде.
- Дүниеде ондай соғыс һеш болған жоқ,
Ондай азан айтылмас өзге жерде.
Салсал малғұн орнына барып жатты,
Тұс-тұсына хат жазып жіберді атты.
5570 Тоқсан ұғлы тоқсан жерде патша екен,
«Бәрі де келсін» деп хабар айтты.
- Һәр тарапқа Салсалдан кісі кетті,
Ол уақытта неше күн, түндер өтті.
Шамама қатын патша, тоқсан ұғлы,
Жер қозғалтып Салсалға жетіп келді.
- Мұсылманның бұларды көзі көрді,
Қайыстырып келеді қара жерді.
Бұлар келіп соғысқа сап тартады,
Арысланның майданға өзі кірді.

5580 Біреу келді, Арыслан екі бөлді,
Бір көпір қарсыласып тағы да өлді.
Кісілері өлгенге шыдай алмай,
Қаһарланып Салсалдың өзі кірді.

Шоқпар ұрып, қылышпенен шабысады,
Бір-біріне тигізбей қағысады.
Бір-біріне қаруменен кәр қыла алмай,
Аттан түсіп тағы да алысады.

Бір-біріне бәрібір жолықты кез,
Бір-бірін жеңісіп жықпайды тез.
5590 Бір-бірін алысып жығыса алмай,
Салсал тұрып Әлиге айтады сөз:

— Ер Әли, сөзім тыңда айтқан, — деді,
Менде бар төрт жүз батпан арқан, — деді.
Жеті пілге арттырып тигізейін,
Бір арқаным төрт жүз батпан, — деді.

— Бір ақылды айтайын, болсын қызық,
Уағдаңды, сірә, кетпе бұзып.
Топтасып бір-біріміз, тағы тартысайық,
Ортамыздан бір белгі сызық сызып.

5600 — Ей, Әли, қабыл көргіл мұнымызды,
Тартысқанда салайық жанымызды.
Қайсымыз сызықтан шығарсақ та,
Ықтияр қылысайық дінімізді.

Менен асып шығарсаң халің, — деді,
Сонда сенің дініңді алдым, — деді.
Егер сені шығарсам мен сызықтан,
Сен де менің пұтыма табын, — деді.

Арыслан отырады «жарайды» деп,
«Сендей мұсылман қылғанмын талайды» деп.
5610 Арқанына жіберді Салсал патша,
Екеуіне қарап тұр жиылған көп.

Жеті пілге арқанды артып келді,
Сызық қылып белгілейді орта жерді.
Салсал малғұн ақырып тартқан екен,
Алмадай домалатты Әли ерді.

Алмадай домалатып жүре берді,
Сызық жағын Әлидің көзі көрді.
Қаһарланып салмағын салған екен,
Арыслан белуардан жерге кірді.

- 5620 Қаһарланып ол малғұн екі тартты,
Қаһарланып Арыслан белден батты.
Екі тартып Әлиді қозғалта алмай,
— Енді, Әли, сен тарт, — деп Салсал айтты.

Әли Арыслан жад қылды әуел Хақты,
Тұзақ салып Салсалды о да тартты.
Ақырып Әли Арыслан тартқан шақта
Салсалыңды алмадай домалатты.

- Салсал малғұн сызыққа көзін салды,
Көзін салса, сызыққа жетіп қалды.
5630 Қаһарланып бұ дағы салмақ салып,
Бұ дағы белуардан жерге батты.

Салсалдың ол сызықты көзі көрді,
«Шыныменен өтем бе» деп қаһары келді.
Ақырып о да салмақ салып қалып,
О дағы белуардан жерге кірді.

Екіншілей Салсалды және тартты,
Қара жерге ол Салсал белден батты.
Екіншілей тартса да Әли Арыслан,
Салсал малғұн орнынан қозғалмады.

- 5640 Үшіншілей тартады және қызып,
Екі палуан бір сондай қылды қызық.
Үшінші тартқанында, айналайын,
Арқанды ортасынан кетті үзіп.

Үзілді арқан қатты тартқан үшін,
Бір Құдайым оңдаған Әли ісін.
Екі қол да айтады екі жақтан,
Салсал енді асты десіп Әли күшін.

Күштерін екеуінің жақтасыпты,
Мұсылмандар Әлиге жақтасыпты.
5650 Арқан үзіліп кеткен соң тартқанында,
Екі қол Әли күшін мақтасыпты.

Екі палуан шаң қылды жердің жүзін,
Қаһарланып алысты тағы да тым.
Екеуі жығыса алмай айырылмастан,
Күрес қылды алысып жеті күн-түн.

Сегізінші күн Арыслан кетті қалғып,
Жеті күн алысқаннан және талып.
Ұйықтағанда ол Салсал тасқа ұруға
Оңтайланды Әлиді қолына алып.

5660 Қамшыдай айналдырды Әлиді қолына алып,
Ұйқыдан Әли батыр кеткен талып.
Тасқа ұруға тұрғанда Арысланды,
Бір періште оятты айғай салып.

Бір періште Әлиге: — Неттің, — деді,
Ұйықтаймын деп түбіңе жеттің, — деді.
Енді көзіңді ашпасаң, иә, Арыслан,
Хор қыздарын құшуға кеттің, — деді.

Періште осылайша айғай салды,
Құлағына Әлидің дауыс барды.
5670 Көзін апса, Салсалдың қолында тұр,
Бұлқып-бұлқып ол жерге тұра қалды.

Сондай ерлер жаратты бар Құдайым,
Сондай артық ерлерді жад қылайын.
Сол шақта Салсал малғұн ұйықтап кетіп,
Әли де алды қолына қамшыдайын.

Салсалды да Арыслан қолына алды,
Қара тасқа ұруға ыңғайлады.
«Иә, Салсал, жаһаннамға кеттің ғой» деп,
Құлағына Ібіліс келіп, айғай салды.

- 5680 Арысланмен алысқан о да күшті,
Бір-біріне көрсетті сондай істі.
Көзін ашса, Әлидің қолында тұр,
О да ұрдырмай, үш бұлқып жерге түсті.

Екі батыр ұйқыдан кеткен талып,
Алысқанда шаң қылды айғай салып.
Екі қол екі жақтан жетіп келіп,
Кеттілер палуандарды айырып алып.

- Сондай заман кетіпті бұрын өтіп,
Екі палуан барады қосқа жетіп.
5690 Қатын патша, Салсалдың тоқсан ұғлы,
О да келді жер-көкті тітіретіп.

Олар келді қайыстырып қара жерді,
Мұсылманның бұларды көзі көрді.
Мұсылмандар жанынан үміт үзіп,
Бақылдасып бір-біріне жылайды енді:

— Қол келді ғой қисапсыз жерде, — дейді,
Қаламыз ба біз тірі өлмей, — дейді.
Мұсылмандар жылайды қолды көріп:
— Өлеміз Пайғамбарды көрмей, — дейді.

- 5700 Қол келді сондай үлкен қисапсыз көп,
Көптігінен қараңғы болды аспан-көк.
Сахабалар бір-біріне тапсырады,
«Пайғамбарға барғаның сәлем де» деп.

Мұсылмандар жад қылды бір Құдайды,
Бұрын, сірә, көрмеген неш мұндайды.
«Қай барғаның Пайғамбарға сәлем айт» деп,
Құшақтасып бір-біріне зар жылайды.

- Мұсылмандар солайша зар қылады,
Пайғамбар менен жад қылып бір Құдайды.
5710 Мұсылмандар әлгідей жылауына,
Намаз оқып Арыслан қайғырады.

Сондай қорқып жылады сахабалар,
Намаз оқып қайғырады Әли Хайдар.
Әли Арыслан намаз оқып жасырынып,
Бір Құдайды жад қылып жылайды зар.

Қисап қылып болмайды қолын тіпті,
Бұрын, сірә, көрмеген ондай көпті.
Қаһарланып Арыслан бір ақырды,
Он екі мың көпірдің жаны шықты.

- 5720 Ақырғаннан қырылды тепеден-тек,
Көпірлердің саны жоқ, қисапсыз көп.
Тірі қалған көпірлер естен танып,
Дамбалдарын киіпті көйлегім деп.

Арыслан жүр ақырып, қылыш ұрып,
Көпір өлді дауысынан қарап тұрып.
Ақырудан көпірлер есі кетіп,
Бөріктерін киіпті етік қылып.

- Ақырады Арыслан тағы да тым,
Жүрегі ұшып өледі көпірлер сұм.
5730 Екінші ақырғанда Шер Арыслан,
Жан беріпті көпірден жиырма мың.

Арысланның бөрінен қайраты асқан,
Дауыспен қырып көпірдің көңілін басқан.
Япырым-ау, қылыш шауып не қылады,
Сөйтіп ақыра берсінші тоқтамастан.

Сондай-сондай Арыслан айғай салды,
Балаларын Салсал да ойына алды.
«Тоқсан балам, қайда?» деп сонда Салсал,
«Өлді ғой» деп, аһ ұрып, талып қалды.

5740 Сонда Әли байлады Салсал ерді,
Қатын патша Әлиге қарсы келді.
Оны да жығып, екеуін мықты байлап,
Кісілерін жапырып қосқа [келді].

Салсалды Шамама менен алды байлап,
Қылыш шапты көпірге тағы айғайлап.
Салсал менен Шамаманы байлаған соң,
Өзгелері бас ұрды жан сауғалап.

Жалынғанын Арыслан қабыл көрді,
Шамама менен байлады Салсал ерді.
5750 Көпірлерді мұсылман ғып, жеңіп алып,
Әли Арыслан қосына қайта жүрді.

Әли Арыслан солайша қосқа қайтты,
Көпірлерді қорқытты қаһары қатты.
Қосқа келіп Арыслан демін алып,
Шамама менен Салсалға иман айтты.

Салсал айтты: — Нашар ғой менің халім,
Қайғыдан ішім менің отты жалын.
Шын мұсылман болайын иман айтып,
Алтын шаһар берейін, жарым малым.

5760 «Берейін» деп Салсалменен қылды кеңес,
Әли қорқып һеш жаннан қайғы жемес.
Айла ғып айтқан екен Салсал малғұн,
Алтын шаһар жол екен «барса-келмес».

Салсалдың ол айтқаны қулық екен,
Жаны тым көпірлерге жуық екен.
Алтын шаһар жолының жартысы от,
Жартысы һәм жан жүрмес суық екен.

Әлиді «өлер» дейді соныменен,
Құтылармын амалдап мұныменен.
5770 Шамама иман айтты шыныменен,
Салсал да айтты бергі жақ , тіліменен.

Салсал айтты дауысының күшіменен,
Шамама иман айтты ішіменен.
Шамама шын көңіліменен иман айтып,
Салсал болды тілінің ұшыменен.

Онан соң шаһарына кірді қайтып,
Мұсылмандар кіреді шеру тартып.
Шаһардағы ол қалған көп кәпірлер,
Хақ мұсылман болыпты иман айтып.

- 5780 Салсалдың шаһарына дін айтады,
Салсалдан басқа иманды шын айтады.
Шамама, Салсал, Әли, Баба Омар,
Алтын шаһарды алуға жол тартады.

Өзгелері шаһарда тұрып қалды,
Дін үйретіп, медресе, мәсжид салды.
Әли, Салсал, Шамама, Баба Омар,
Алтын шаһарды алуға іздей барды.

- Төртеуі жолға түсіп іздей кетті,
Атына қамшы басып екпіндетті.
5790 Алтын шаһар ішінен бір от шығып,
Төртеуі де өлімге жуық жетті.

Алдынан бір жел шықты отты жалын,
Төртеуінің күйдіріп алды халін.
Үшеуі тұрып қалды, Әли жүрді,
От ішінде қинайды шыбын жанын.

Ер Әли сиынады бір Құдайға,
Мұндай қатты ыстық от болды пайда.
Бір күн, бір түн жол жүріп өліп-талып,
Қалжырап жетті Арыслан бір сарайға.

- 5800 Сарайда ақ сақалды бір шал көрді,
Сарайда о да көрді Әли ерді.
— Жолың болсын, хош келдің, — деп әлгі,
Шер Құда, Әли, — деп сәлем берді.

— Уағаләйкум ассалам, бабам, — деді,
Бұ сөзіңе қуандым тамам, — деді.
Көрген жерден Әли деп сәлем бердің,
Мені Әли деп кім айтты саған? — деді.

— Дал баласы Зал патша сиқыр қылды,
Бұ жерге Әли келер деп айтқан сол-ды.
5810 «Әлиден басқа нешбір жан келмес» деген,
Мен отырмын екі жүз елу жылдай.

Әли айтты: — Ей, баба, сөзімді тұт,
Жөніңді айт, амал қылып жасырма көп.
Екі жүз елу жылдан тұрған болсаң,
Айтшы, қайдан шығады осынау от?

Бабаң сонда: — Ей, Әли Арыслан, — деді,
Тәңірі «Арыслан» деп атыңа қосқан, — деді.
Бұ отты сұрасаң мен айтайын,
Сарайдан шығады бір тастан, — деді.

5820 Сол сөзді айтып мұсылман болып,
Бабаң өлді, жаназа оқып, ер Әли көмді.
Сарайдың ішіне кіріп барып,
Екі тастың қасына жетіп келді.

Сарайдың кіріп келді есігінен,
Тасты көрді Бабаңнан естіген.
Жуан айна көзіндей тесігі бар,
Манағы от шығады сол тесіктен.

«Иә, Алла» деп ол тасқа қылыш шапты,
Тас айғайлап бүйірі қалтырады.
5830 Тастан бір дауыс шығып, япырым-ай,
Бір күн, бір түн ер Әли талып қапты.

Бір заман ер Әли көзін ашты,
От пен сарай, көрмеді шапқан тасты.
Сиқыр екен, баршасы жоқ болған соң,
Үшеуі келіп Әлиге амандасты.

Салсал менен келді Шамама, Баба Омар,
От кеткен соң, Өлиге келді олар.
Алтын шаһар жолына тағы үшеуін,
Бастап алып жөнелді Өли Хайдар.

- 5840 «Өлсе екен» деп келеді ол Салсал сұм,
Оның ойын білмейді тіпті һешкім.
Төртеуі қосылысып, ей, жарандар,
Дамыл алмай жүріпті үш күн, үш түн.

Төртінші күн алдынан шықты суық,
Салсал бастап келеді қылып қулық.
Суық тамұқ сықылды қаттылығы,
Төртеуі де өлімге жетті жуық.

- Үшеуі жүре алмай сонда тұрды,
Ер Өлиді бұлардың көзі көрді.
5850 Үшеуіне «хош тұр» деп амандасып,
Өли Арыслан «Алла» деп жолға кірді.

Өлиге жәрдем берген жалғыз Алла,
Қиындық көрсетеді шыбын жанға.
Қалжырап ол суықтан шығамын деп,
Жеті күн, түн тақырлар жүрді жолда.

- Сегізінші күн болғанда Өли Арыслан,
Мақтамай қайтіп тұрсың Өли ерді.
Ол сарайға тоқтамай Өли кірді,
Алдынан сарайы бар күмбез көрді.
5860 О да көріп алдынан тұра келіп,
Манағыдай бір шалды көзі көрді.

— Уағаләйкум ассалам, батыр, — деді.
Қар, отқа батқан таныдым затың, — деді.
— Көрген жерден Өли деп сәлем бердің,
Саған менің кім айтты атым? — деді.

— Сені, Арыслан, жаратқан жалғыз Құдай,
Сені күтіп мен тұрдым көптен мұнда-ай.

Дал баласы Зал патша қойып кетті,
Мұнда тұрдым екі жүз елу жылдай.

- 5870 Ей, Әли, білдірейін саған, — деді,
Білгенімді айтайын тамам, — деді.
«Бұ жерге Әлиден басқа жан келмес» деп,
Зал патша айтып кеткен маған, — деді.

Сондай патша бек үлкен өткен екен
Бұ дүниеге қолдары жеткен екен.
Екі түрлі байлау ғып от-суықпен,
Сиқырменен адам ғып кеткен екен.

- Онан өтіп Арыслан келмек екен,
Арысланның келуін білген екен.
5880 «Сиқырыма Әли келер» деген екен,
Ол адам сөйлескен соң өлген екен.

Ер Әлиді қолдаған жалғыз Сұбхан,
Құдай үшін Арыслан жанын қиған.
Арысланның аяғына басын қойып,
Шал мұсылман болыпты айтып иман.

Жақсы көріп Арыслан: — Бабам, — деді,
Алтын шаһар жайын айт, маған, — деді.
Алуға келер ме екен шамам, — деді,
Жайын айт, қалай ашып алам? — деді.

- 5890 — Жайын сізге айтайын, Шаһимардан,
Бір құдықты табарсың осынау жерден.
Ол құдықтың түбінде бір дию бар,
Құдық атын сұрасаң «Шаһалмаран».

Ол диюдың қолында бір тақтай бар,
Сол тақтайды алған адам шаһарды алар.
Ала алмасаң, ашуы болар нашар,
Білгенім сол, жәрдем берсін жалғыз Жаппар.

- Сол сөзді айтып сол жерде бабаң өлді,
Өлгенін ер Әлидің көзі көрді.
- 5900 Иман айтып, ол баба өлгеннен соң,
Батыр Әли күмбезге жетіп келді.
- Күмбезге ұрды қылыш «иә, Алла» деп,
Арысланның бойында қайраты көп.
Күмбез бұзылып ішінен дауыс шығып,
Қап-қараңғы болыпты жер менен көк.
- Күмбез ішінде бір дию тұрар деген,
Сиқырменен ол суықты қылар деген.
Сиқырдың күштісіне қарашы,
Суық дию мұрнынан шығады екен.
- 5910 Дию қорқып, ауаға кетті ұшып,
Сиқыршы екен бек қатты дию күшік.
Даусының қаттысынан Шер Арыслан,
Бір күн, бір түн жатыпты талып түсіп.
- «Болмас-болмас» деді де дию қашты,
Баршасынан Әлидің қайраты асты.
Бір күн, бір түн өткен соң, ей, жарандар,
Есін жиып Арыслан көзін ашты.
- «Иә, Алла» деп орнынан ұшып тұрды,
Күмбез де жоқ, қар да жоқ, көзі көрді.
- 5920 Сиқыр екен, баршасы жоқ болған соң,
Манағы қалған үшеуі жетіп келді.
- Үшеуі Арысланды көзі көрді,
Жаназа оқып, төртеуі шалды көміп.
Төртеуі амандасып шалды көміп,
Манағы айтқан құдыққа жетіп келді.
- Жетіп келіп құдыққа тұрса қарап,
Аузынан жатыр жалынды оттар шығып.
Ол құдықтан қорқып тұр Салсал сұмдық,
Бастап барған Әлиді қылып қулық.

5930 «Беліңе арқан байлап, жылдам түс!» деп,
Батыр Әли Салсалға қылды бұйрық.

— Маған қиын бұ айтқан сөзің, Әли,
Құдықты көріпті ғой көзің, Әли.
«Құдыққа түс» деп, Арыслан, қинағанша,
Қинамай өлтірсеңші өзің, Әли.

Арыслан өзі түсуге оңтайланды,
Баба Омар Әлиге жетіп барды.
Шамама, Баба Омар зар жылайды:
— Артыңа тастама, — деп, — бұ Салсалды.

5940 Бізді жолдас қыласың жаманменен,
Бұ жай тұрмас сіз кетіп қалғанменен.
Шын мұсылман болған жоқ осы Салсал,
Сізді ертіп алдап жүр жалғанменен.

Түсіп кетсең, қор қыласың бізді, — дейді,
Салсал күдер иманнан үзді, — дейді.
Құдыққа түсіп кетсең, осы көпір
Ләшкермен һәлак қылар бізді, — дейді.

Сөйтсе де Әли түсті арқан байлап,
Салсал тұр, арқан ұстап күліп-ойнап.

5950 Салсал көпір арқанды қоя берді,
Әли кетті құдыққа «иә, Аллалап».

Артыннан және жіберді таудай тасты,
Салсал көпір Әлиге қылды қасты.
Баба Омар, Шамама мұны көріп,
Екеуі зар жылап, тауға қашты.

Қашпай қайтсін екеуі, Салсал мықты,
Әлиді алдап құдыққа тағы тықты.
Салсал енді екеуін қуалады,
Тау басына екеуі бұрын шықты.

5960 Салсал малғұн екеуін қуалайды-ау,
Ол екеуі жад қылады бір Құдайды-ау.
Екеуі тау басына бұрын шығып,
Салсалды таспен ұрып шығармайды-ау.
Қайтадан көпір қылды өз ләшкерін,
«Әлиді өлтірдім» деп айғай салды-ау.

Салсал айтты ол: — Бүгін тұрамын, — деп,
Ойын қылып мәжіліс құрамын, — деп.
Арақ ішіп, той қылды ойнап-күліп,
— Ертең Әли ләшкерін қырамын, — деп.

5970 Түрлі-түрлі ойын ғып, ішті асты,
Көпірлердің қуанып, көңілі тасты.
Тау басында ол қалған Баба Омар,
Шамамамен сөйлесіп ақылдасты.

— Шамама, сен қал менің сөзімменен,
Салсалдың мен барайын ізімменен.
Ләшкерді һәлак қылармын амалдап,
Айналдырып келейін ізімменен.

Шамама Баба Омар тілін алды,
Тілін алып, ол тауда жатып қалды.
5980 Салсал мас болып, бөрі ұйықтап жатыр екен,
Баба Омар артынан жетіп барды.

Бабаң бір істік темір тауып алды,
Қып-қызыл ғып балқытып отқа салды.
Істік темірді қызартып қолына алып,
Салсалдың бір көзіне қойып қалды.

Бабаң алды көзіне істік сұғып,
Істік кіріп, бір көзі кетті шығып.
Бір көзі ақырайып, айғай салып,
Ләшкерімен Бабаңды кетті қуып.

5990 Тау басына Бабаңыз қашып барды,
Тасын атып, Салсалменен соғыс салды.

Тау басына екеуі шығармады,
Ләшкерменен ол тауды қамап алды.

— Құдықта мүшкіл Әли күні, — деді,
Осы айтқан бар ғой сөзім жөні, — деді.
Әли де, ләшкері де неш құтылмас,
Әуелі өлтірейік мұны, — деді.

Ол тауды қамап жатты енді олар,
Тау басынан екеуі ойран салар.
6000 Олар солай соғысып тұра тұрсын,
Құдықтағы Әлиден алың хабар.

Құдыққа түсіп кетті ол Әли жас,
Салсал малғұн оларға қылды ғой қас.
Әлидің сонда арқаннан босап кетіп,
Қараса, тағы артында келеді тас.

Таудай тасты Әлидің көзі көрді,
Қағып алып, астына қойды жерге.
Құдық түбі ол толған жылан екен,
«Арыслан» деп баршасы сәлем берді.

6010 Жыландардың сәлемін Әли алды,
Бір дию тұр тақтайы бар, көзін салды.
О дағы «Арыслан» деп сәлем берді,
Сәлемін алып, қасына жетіп барды.

Тақтайды берді сонда Әли ерге,
Тақтайды алды Арыслан төмен жерде.
Ол дию тақтай беріп, ер Әлиді
Арқалап, алып ұшты биік өрге.

Әлиді алып ұшқан дию мықты,
Салсал жиып алыпты тамам жұртты.
6020 Ол дию арқасына салып алып,
Арысланды құдықтан алып шықты.

Арысланды көтеріп алып ұшты,
Әлиді алып ұшқан дию күшті.
Құдықтан шығып, Әли қарап тұрса,
Салсал менен Бабаңа көзі түсті.

Соғысып жатқандарын көзі көрді,
Салсал — ойда, екеуі — биік тауда.
Құдықтан шығып Салсалға қаһарланып,
Бір ақырып майданға өзі кірді.

- 6030 Жоғарыдан Бабаңыз тас атады-ау,
Салсалдың тас ләшкерін ұстады-ау.
Салсал көріп Әлиді, ұшып келіп,
«Күнәһім кеш» деп аяғын құшақтады.

Салсал күнәһісін Арыслан тағы кешті,
Баба Омар істікпен көзін тесті.
Өзге қол ол жерде тұрып қалды,
Төртеуі шаһарды іздеп жолға түсті.

- Төртеуі Алтын шаһарға жетіп барды,
«Есігі қайда екен?» деп көзін салды.
6040 Төңіректеп есігін таба алмады,
Батыр Әли сол жерде ұйықтап қалды.

Қайран болып жатыпты бір күн, бір түн,
Солардан да өтіпті бұ дүние сұм.
Ол түні Әли ұйықтап жатқан уақыт,
Түсіне келіп кіріпті Пайғамбарым.

Түсінде Пайғамбар Әлиге хабар берді,
«Түрегел» деп оятты Әли ерді.
Түсінде Пайғамбарым ер Әлиге:
«Бір қалақ темір бар, — дейді, — пәлен жерде.

- 6050 Түрегел, көп қайғылы болма, — дейді,
Қалақты қаз, шот алып қолға, — дейді.
Қалақ темір ол түбін қаза берсеңіз,
Алтын шаһар ашқышы сонда» дейді.

Тұрып Арыслан жүрді әлгі айтқан жаққа-ау,
Қалақ темір түбіне жетіп қапты-ау.
Төртеуі әлгі жерді қазған екен,
Алтын шаһар есігін сонан тапты-ау.

Есікті жұлып алып Әли кірді,
Өзге үшеуі кіре алмай тыста тұрды.
6060 Ішінде қисабы жоқ қол тұр екен,
Баршасы Арысланға қылыш ұрды.

Арыслан да оларға қылыш ұрды,
Ақырып, қылыш ұрып бәрін қырды.
Сиқыр екен баршасы, жоқ боп кетті,
Арыслан қайран болып қарап тұрды.

Арыслан сиынады бір Құдайға,
«Алла» деп және кірді бір сарайға.
Алтын тақыт жанында сансыз нөкер,
Ойын қылған бір патша болды пайда.

6070 Онан өткен дүниеде кісі де жоқ,
Ойнап жатыр жолдасы қисапсыз көп.
Күндей көркем қыздармен ойнап жатыр,
Келген, сірә, Әлимен тіпті ісі жоқ.

Жанында және көрді бір алтын тақтай,
Бұларға батыр Әли қайран қапты-ай.
Тақтайға батыр Әли қарап тұрып,
Тақтайдан оқыды бір жазған хатты-ай.

Ол хатта: «Әли Арыслан, келің, — дейді,
Мен отырмын екі жүз елу, — дейді.
6080 Дал баласы Зал патша менмін, — дейді,
Бұ шаһардың баршасы сенің, — дейді.

Ей, Әли, сенің артық халің, — дейді,
Мықтылығың біздерге мәлім, — дейді.
Екі жүз елу жылдай сені тостым,
Енді алтын шаһарымды алың» дейді.

Осылайша Әли Арыслан хатты оқыды,
Ол хатта әлгідейінше сайрап тұрды.
Хатты оқып Арыслан болған шақта,
Құдіретпенен бір дауыс пайда болды.

- 6090 Қараңғы болып кетті күннің көзі,
Осылайша, жарандар, кітап сөзі.
Қараңғы боп, дауыс шығып, Әли Арыслан
Бір күн, бір түн талыпты тағы да өзі.

Бір заманда Арыслан ашты көзін,
«Иә, Алла» деп тұрғызды сонда өзін.
Көзін ашса, кісінің бәрі де жоқ,
Құры сурет басып жатыр жердің жүзін.

- Жасы жоқ, манағы кәрі де жоқ,
Ойын қылып отырған сәні де жоқ.
6100 Япырым-ау, соның бәрі сиқыр екен,
Дал баласы Зал патша, бәрі де жоқ.

Арыслан барша жұрттан азулы екен,
Алтын есігін қазып енген екен.
Сиқыр екен, жарандар, соның бәрі,
Тетігі тақтайдағы жазуда екен.

Хатты көріп, Арыслан бәрін бұзды,
Ол шаһардың аралап ішін кезді.
Манағы үшеуі жетіп келіп қуанады,
«Есен-сау көрдік қой, — деп, — тақсыр, сізді».

- 6110 Үшеуі жетіп келіп берді сәлем,
Төртеуі ол шаһарға аң-таң қалған.
Топырағы, тастары, ағаштары,
Алтын, күміс, гауһар екен бәрі тамам.

Баба Омар бата қылып қолын жая,
Тастары алтын екен қия-қия.
Кенері жоқ, бек терең, ей, жарандар,
Ортасында бар екен ұлы дария.

Ләшкер бастап келгелі Бабаң қайтты,
Ондай жер, неш көрген жоқ асыл затты.
6120 Шаһарды аралап, дария көріп,
Күн батқан соң үшеуі қонып қалды.

Салсал малғұн жамандық ойына алды,
Батыр Әли хабарсыз, ұйықтап қалды.
«Әли маған көп алтын бермес-ті» деп,
Алтынын қопарып, суға атты.

Ой қылды: «Бәрін суға салайын, — деп,
Өзім қашып бір жерге барайын, — деп.
Әли қайтып кеткен соң, аңдып тұрып,
Тағы келіп дариядан алайын» деп.

6130 Салсалды Шамаманың көзі көрді,
Арысланды оятып хабар берді:
— Иә, Арыслан, Салсалға қара, — деді,
Ұйқысынан оянып тұра келді.

Қаһарланып Салсалға бір оқ атты,
Ақырып жер мен көкті қалтыратты.
Жүрегінен оқ тиіп, шықты тайып,
Түні бойы ол көпір талып жатты.

Жүрегінен өтпейді тағы тесіп,
Салсал жатты дүмпуден талып түсіп.
6140 Қаһарланып Арыслан жетіп барып,
Салсалдың сонда алды басын кесіп.

Шамама: — Тамақ, басын кес, — деп айтты,
Жақсылық көре алмадым неш, — деп айтты.
Бір ғажайып көрерсің, иә, Арыслан,
Киімін бұ көпірдің шеш, — деп айтты.

Зұлпықармен кеспекке қанша шауып,
Мойнын кесіп өлтірді ебін тауып.
Тілін алып, киімін шешкен екен,
Ішінен бір алтынды шықты сауыт.

- 6150 Ол сауыт сондай асыл қазына екен,
Кәпірлікте ақылы аз неме екен.
Жүз жиырма төрт мыңдай пайғамбардың
Аттары ол сауытта жазулы екен.

Ақылсыздар иманға түспейді екен,
Имансыздың күнәһісін кешпейді екен.
Пайғамбарлар атының құрметі үшін,
Уақыты өтпей зұлпықар кеспейді екен.

- Осындай бір ғажайып сауыт тапты,
Салсалды ол күн Шамама отқа жақты.
6160 Мәлікаждар бастық боп қалған ләшкер,
Баба Омар бастап алып жетіп қапты.

Бұлар да жетіп қалды шеру тартып,
Алтын, күміс, гауһарды алады артып.
Ырғап-жырғап түк қоймай артып алып,
Салсалдың шаһарына кетті қайтып.

Шаһарға кіріп Әли қылды тойды,
Шаттық қылып қанша көп малдар сойды.
Арыслан ләшкерменен қайтып кетті,
Шамаманы ол елге патша қойды.

- 6170 Ауыр ләшкер жүреді кеші-күндіз,
Ләшкердің көптігі бейне жұлдыз.
Әли Арыслан солайша жүре тұрсын,
Бұрынғы Жәмшидтен есітейік сөз.

Қаһмастан бек көп қол алған екен,
Ағианменен соғысты салған екен.
Ағианды шаһид қылып, шаһарды алып,
Әуелгідей патша болған екен.

- Жәмшид патша болады шаһарды алып,
Мұсайып жатыр Қаһмаспен соғыс салып.
6180 «Ағианды өлтіріп, шаһарды алды» деп,
Мұсайыпқа айтты біреу қашып барып.

— Мұсайып, көпір қырды ғой бізді, — дейді,
Ағиан басын төнінен үзді, — дейді.
Өзі тап бұрынғыдай патша болды,
Мен қашып іздеп келдім сізді, — дейді.

Ол Мұсайып Қаһмаспен соғыс салды,
Қаһмасты өлтіріп, шаһарын алды.
О шаһарды мұсылман қылып болғаннан соң,
Жәмшидпен соғысуға жетіп барды.

6190 Жәмшидке жетіп барып соғыс салды,
Жер жүзіне ағызды судай қанды.
Жер жүзі бұзылғандай соғыс салды,
Жаралы болып, ол Мұсайып қалжырады.

Мұсайып жәрдем тілейді бір Құдайдан,
Заманы бұзылғандай қылды майдан.
Қанша қатты соғыста қиналмай,
Жаралы болып, қалжырап қалды қайран.

Мұсайып та, жарандар, асқан мықты,
Көп көпірді ұрысып жерге тықты.
6200 Мұсайып ләж таба алмай тұрған шақта,
Күншығыстан бір үлкен тозаң шықты.

Шаң ішінде қисапсыз көп қол көрді,
Қайыстырып келеді қара жерді.
Бес жүз мың ләшкерді қолына алып,
Ер Әли шаң ішінде жетіп келді.

Жетіп келіп Арыслан айғай салды,
Ақырып көп көпірдің өтін жарды.
Мұсылмандар көпірді қойдай қырды,
Енді Жәмшид патшаны ұстап алды.

6210 Мұсылмандар көпірді қойдай қырды,
Қалғаны мұсылман болып дінге кірді.
Мұсылман қылып, Жәмшидті патша қойып,
Қырық күнгеше дін айтып сонда тұрды.

Мұсылман болды Жәмшид иман айтып,
Дін үйретті шаһарға қырық күн жатып.
Қырық күн өткен соң, Арыслан амандасып,
Мәдине шаһарына жүрді қайтып.

6220 Һәр мұсылман керегін алады олжа,
Аһ, дариға, болсақшы біз де сонда.
Пайғамбарды көруге асық болып,
Бес жүз мың кісі бірге түсті жолға.

Мәдинеге бастады Әли көсем,
Келістіріп қиссаны сөйлер шешен.
Бес жүз мың ләшкерменен қайта жүрді,
Атақты батырлардың бәрі де есен.

Бес жүз мың ләшкер қайтып жүрді,
Қайыстырып келеді қара жерді.
Баба Омарға Арыслан «бұрын бар» деп,
Қолына сүйінші хат жазып берді.

6230 Бабаңа бәрін жазып хатын берді-ау,
Ақысына бірталай алтын берді-ау.
Алты айлық жолдан Бабаң озған екен,
Мәдинеге келіпті алты күнде-ау.

Бабаңыз асқан жүйрік баяғыдан,
Мәресі кәпір қорқар таяғынан.
Жүгіріп Пайғамбарға жетіп келді,
Хатын беріп, сүйеді аяғынан.

6240 Қойнынан суырып берді хатты дейді,
Аяғын сүйіп, бек көп жатты дейді.
Пайғамбарым көтерді оның басын,
Бастан-аяқ көргенін бәрін айтты.

Хатын берді Бабаңыз Пайғамбарға,
Хатта сәлем айтады қалғандарға.
Пайғамбар, сахабалар бек шаттанып,
Көп шүкірлік қылыпты бір Құдайға.

Қуаныш қылып, жиылды даналары,
Көкірегінен шығыпты сәналары.
Есендік хатын көріп бек қанады,
Фатима, Хасен, Хұсайын балалары.

- 6250 Оқып-оқып, баршасы хатын көрді,
Бабаңа сүйіншіге көп мал берді.
Бес жүз мың ләшкерменен жер күңдіретіп,
Барша батыр Әлименен жетіп келді.

Осылайша жетіп келді Әли Хайдар,
Қарсы алды Пайғамбар, сахабалар.
Пайғамбардың аяғын құшақтайды,
Әбілмәжін, Уақас, Мұсайып, Мәлікаждар.

- Олар жүрген ұзақ, неше күн-түн,
Солардан да өтіпті бұ дүние сұм.
6260 Пайғамбарды бәрі де құшақтайды,
Сол арада болған екен он екі жыл.

Солардан да дүние өткен жалған екен,
Жалғандығы солардан қалған екен.
Киік іздеп, қайта алмай соғысқалы,
Тап сонда он екі жыл болған екен.

Бай, [пақыр] бірдей қонды шаһарға еніп,
Шаһарға еніп, той қылды есен келіп.
Пақырларды Пайғамбар шаттандырып,
Баршасына береді алтын бөліп-бөліп.

- 6270 Олжаның Пайғамбарға бәрін салды,
Пақыр, міскін, тұл қатын байып қалды.
Пайғамбар «пәни малды сүймең» дейді,
Сахабалар, батырлар тілін алды.

— Риза болдық жауһар сөзіңіз, — деп,
Һәр нәрсеге жетеді көзіңіз, — деп.
Сахабалар, батырлар сондай дейді,
— Не қылсаң да, қылыңыз өзіңіз, — деп.

- Жас жігіт ақыл айтып кәрісіне,
Бұлар түсінді сөзінің мәнісіне.
6280 Пақыр, міскін, тұл жетім байыған соң,
Қалғанын бөліп берді бәрісіне.

Пақыр, міскін, тұл жетім қалды байып,
Баршасы керегінше алтын алып.
Барша ел-жұрт разы болғаннан соң,
Пайғамбар берді бата қолын жайып.

Бұ қисса осылайша болды тамам,
Халім білмей жад қылдым мен бір надан.
Пайғамбар, шаһариарлар, сахабалар,
Ақыретте шапағат қыл, сонда маған.

- 6290 Құдай-а, кешір біздің қатемізді,
Ғасы, жапы жараттың өзімізді.
Пайғамбар, сахабалар хақы үшін,
Махшарда қара қылма жүзімізді.

Тіпті, лайық көрмеймін өзімізді,
«Үзбе» деген ол көріп сөзіңізді.
Үміт үзбеймін әлі де болса,
Махрұм қылмағайсың көзімізді.

- Енді өтіл сұраймын, жарандар,
Тамам болды, баршаңыз қылың дұға.
6300 Батырларды жад қылдық, дұға қылың,
Салауат көп айтыңдар Пайғамбарға.

Жақсы жандар өтіпті сондай-сондай,
Жан болып жаратылдық біздер мұндай.
Пайғамбар, сахабалар болса разы,
Сонда бізді жарылқар Жаппар Құдай.

Сондай-сондай өтіпті жақсы заман,
Сорымыз бар, сұм заман бізге қалған.
Оқығандар, бір дұға қылып қойың,
Бұ қисса осылайша болды тамам.

6310 Жарылқа ата-анам, ұстазымды,
Дін қарындас, мұсылман аға-інімді.
Мұсылмандар, дұғадан тастамаңыз,
Мұны жазған Мәулекей бейшараны.

Мұны жазып, азырақ меһнат көрді,
Ғаріпке дүниенің бәрі тар-ды.
Мұның үшін бірқатар сапар шекті,
Омбы менен Қызылжар, Тобыл барды.

Болды мың сегіз жүз жетпіс тоғыз,
Май числоға болды ғой тамам отыз.
Жұмадул ахирында жиырма бірі,
6321 Осылайша қисабы болұр түзік.



خازرتى عالي دنك سوعسى

Әзірет Әлидің соғысы

Жазайын назым қылып бір хикаят,
Өтірік-жалғаны жоқ, шын хикаят.
Имам Әли тақсырдың бір дұғасы,
Анық сөз кітаптағы бұл хикаят.

Қаламды тебірендірдім өз жағыма,
Қаламды тартсам, түседі сөзім шынға.
Өтірік деген кісі айта берсін,
Бұл сөзді жүргіздім өзім шынға.

Хикаятын сөйлейін Шорман молда,
10 Жүреді жазылған сөз қолдан-қолға.
Бұхардан ғылым тахсил еткен өзі,
Көп кітап пәтуасы болған онда.

Шорман молда кітабының түрін білген,
Өтірігін айырып, шынын білген.
Бір парсы, һәр жұрттың тілін білген,
Кеңесін білмейді ...* мұның ретін.

Біледі бұл кеңесін Шорман шын деп,
Соғады бұған талас салайын деп.
Мұндағы естуімше назымларды
20 Иланып ықыласыммен ...**.

Назым кеңес бар менің қаламымда,
Қаламды жүргізейін аманымда.

* Бір сөз оқылмады.

** Қолжазбада өшіп қалған.

Бар еді Садуақас деген жомарт
Анхазірет Расулдың заманында.

Бір күні Расулға жомарт барды,
Жомартты Расул Алла қонақ қылды.
Жайланып кеңесіп отырғанда,
«Не жұмысқа келдің?» деп жауапқа алды.

— Иә, жомарт, неге келдің мұнда? — деді,
30 Жұмысыңның жөнін айт, сөйле, — деді.
Расул бір сұраған соң жөнін айтты,
Садуақас жауабын береді енді.

Садуақас айтты: — Тойым бар, — деп,
Той қылар бір ойым бар, — деп.
Расул сонда сұрады қайыра жауап:
— Тойыңның не шамалы жөні бар? — деп.

— Бұл тойым — балалардың сүндет тойы,
Һәркімнің мойнындағы міндет тойы.
Баламның сүндетін ада қылу үшін,
40 Ат жетер жерге хабар бермек ойым.

Шақырамын алыстан елді, — дейді.
Жиямын ат жететін жерді, — дейді.
Расул айтты: — Ниетің қабыл болсын!
Әбубәкір Сыдыққа айттың ба бұны? — дейді.

Расулдың тілін Садуақас алды енді,
Айтайын деп Сыдыққа жөнелді [енді].
Әбубәкір Сыдыққа жөнін айтып,
Хазіреті Омарға және келді.

Барғанын хазірет Омар хош алады,
50 Сөйлесіп отырысып хошланады.
Бір-бірін құрметтейтін дос жарлар,
— Не жұмысқа келдің? — деп сұрады.

Сөзіне Садуақастың хошланған көп,
— Білдіріп айтып жүрмін дос-жарға, — деп.
Хазірет Омар айтты Садуақасқа:
— Айттың ба бұны молда Османға*? — деп.

— Османға айтқаным жоқ мұны, — дейді,
Омар айтты: — Османға айт енді, — дейді.
Олардың тілін алып Садуақас,

60 Хазірет Османға тағы келді [дейді].

Османды құрметтейді келген жерден,
Садуақас жомартты көрген жерден.
Амандасып сөйлесіп отырған соң,
Осман айтты: — Келдің, — деп, — не жұмыспен?

Тойының жөнін айтты сұраған соң,
Қалдырмай Осман неше тыңдаған соң.
— Ниетің қабыл болсын! — деді Осман,
Бұл сөзі көңіліне ұнаған соң.

Осман айтты Садуақас данышпанға:
70 — Тойыңа жұрт жиясың алыстан да.
Ақылдасып ойлайтын үлкен жабдық,
Айттың ба имам Әли Арысланға?

Садуақас айтады: — Барғаным жоқ,
Бұ сөзді құлағына салғаным жоқ.
Жаңа келе жатырмын бір-бір бастан,
Арыслан айтуымнан қалғаны жоқ.

Осман айтты: — Бар енді Арысланға,
Олар сөз айтпай қалысқан ба.
Садуақас мұнан соң тағы келді,
80 Хазірет Әли Арыслан данышпанға.

Садуақас келгенін Әли көрді,
Құрметке алды өзін салып енді.

* Қолжазбада Оспан есімі Осман деп берілген.

Екеуі көп сөйлесіп отырды енді,
Бұрынғы өздерінің қалпында енді.

«Не жұмысқа келдің?» деп сұрамады,
«Той қылам» деп аузына сөз алмады.
Садуақас үйіне қайтқан шақта,
Әли Арыслан оны ертіп шығарады.

Екеуі де алданған осы сөзге,
90 Көңлін бөлген нәрсе жоқ сөзден өзге.
Хазірет Әлидің түсті есіне,
Шығарып орталыққа шыққан кезде.

Әли айтты: — Сұрамаппын жұмысыңды,
Айыпқа қоспа менің бұл ісімді.
Үйде отырып сұраудан ұмытыппын,
Айт енді неге келдің, жұмысыңды.

— Бар еді бір жұмысым менің, — дейді,
Айтайын деп келіп ем жөнін, — дейді.
Үйінде айтайын деп ұмытыппын,
100 Бөлініп өзге сөзге көңлім, — дейді.

Той қыламын деп едім жұртты жиып,
Ат жетер жердің жұртын жиып.
Жай сөзбенен алданып манағыдан,
Есімнен шыққан екен сөйтіп жүріп.

Келіп ем, айтайын деп саған, — дейді,
Ұнатты бұл сөзімді бабаң, — дейді.
Әбубәкір, [Омар] мен молда Осман,
Олар дағы ұнатты тамам, — дейді.

— Тойың құтты болсын! — деп Әли де айтты,
110 Көңліне бір нәрсені алып айтты.
Сол арадан айырылып екеуі де,
Өз-өзінің үйіне тағы қайтты.

- Ойланды «Бұған немді беремін, — деп,
Нәрсе алмай қалай тойға келемін, — деп.
Аналар бір-бір тоғыз апарғанда,
Мен не қылып оларға еремін, — деп.
Садуақас ұмытты мені, — дейді,
Кемдікке алды мені көңлі, — дейді.
[Садуа]қастың осы мені ұмытқаны,
120 Нәрсем жоқ деп көңілін суытқаны».
Осыны ойлап Әли көңлін бұзып,
Үйінің есігіне жуықтады.

Имам Әли өзінің келді үйіне,
Өңі қашып, жабырқап кірді үйіне.
Бәйбіше Патиманың көзі түсті
Келіп тұрған Әлидің бұ түріне.

- Тақсыр, сіздің деніңіз сау ма, — дейді,
Көңіліңді бөлдің бе бір жауға, — дейді.
Жаңа үйден шыққанда сау едіңіз,
130 Денеңізде бір кесел бар ма? — дейді.

Имам Әли айтты: — Сау денем, — деді,
Сен білдің не нәрсенің жөнін, — деді.
Әлгі Садуақас бір сөз айтып,
Тарылды соның үшін көңілім, — деді.

— Садуақас қандай сөз айтты сізге?
Айтқан сөзі батыпты қатты сізге.
Өңіңіз қашып, көңліңіз тарылғандай,
Қандай сөздің әсері батты сізге?

- Әли айтты: — Садуақас той қылады, — деп,
140 Тойына көп жамағат жиылады, — деп.
Хабар бере келіпті соның үшін,
Айтты «тойға барғандар сый қылад», — деп.

Тойын айтып бабама ол барыпты,
Бабам дағы барғанын ұйғарыпты.

Әбубәкір, Омар мен Османға айтып,
Маған келіп көңлінен шығарыпты.

Шығарып салған жерде маған айтты,
«Ұмытып кетіппін» деп маған айтты.
Соған көңлім тарылып келіп едім,
150 Кім келіп менен бұрын саған айтты?

Осындай естіп келдім жөнді, — дейді,
Көңліме сонан зарлық келді, — дейді.
Һәрқайсы ол тойға сый апарады,
Мен сонда апарамын немді, — дейді.

Сөйледі Арысланға Бипатима,
Қарады өңі қашқан сипатына.
Дүние малы жетпестей бағасына,
Бар еді басқан гауһар некаһына.

Патима айтты: — Күйеуім, — деді, — Арыслан,
160 Шаттандыр көңліңді енді, Арыслан.
Дүние малы жетпестей бағасына,
Асыл нәрсе бар, — деді, — менде, Арыслан.

Әли Арыслан сұрады Патимадан:
— Не бар, — деді, — сенде сонда асыл малдан?
Жауһарды сандығынан алып берді,
Құяштың сағымындай жарқылдаған.

Жауһарды қолына алып келді Әли,
Анықтап асылын танып білді Әли.
«Басқа кісі иеленіп ала алмайды» деп,
170 Патиманың өзіне берді Әли.

«Ұжмақтан осы жерге келген» деген
Жазуы бар, Арыслан көңлін берген екен.
Арысланның көңлі шаттансын деп,
Патима соның үшін берген екен.

Арыслан қайтып берді оны, алмады,
Оны беру көңліне ұнамады.
«Бір жаққа аттанайын» деп ойлады,
Сырын айтып сыртына шығармады.

Ойлап отыр «Бір жаққа жүрейін, деп,
180 Бір кәпірмен соғысқа кірейін, деп.
Кәпірдің өзін қырып, малын алып,
Алып Садуақасқа берейін» деп.

Осы ақыл көңліне кіріп отыр,
Жататұғын мезгілі жуық отыр.
Айтпаса да абайлап қалыбынан,
Патима бұл ақылын біліп отыр.

Патима қалыбынан байқап отыр,
Әли Арыслан төсекке жатқалы отыр.
Патиманы ұйықтатып Әли Арыслан,
190 Бір жаққа түнде аттанып тартқалы отыр.

Хасен менен Хұсайын жатыр ұйықтап,
Жас балалар жатпай ма әм ұйықтап.
Төсекке Әли Арыслан жатқаннан соң,
Патима қапы қалды тағы да ұйықтап.

Төсектен Әли Арыслан тұра келді,
Олардың ұйықтағанын біледі енді.
Жау-жарағын асынып үйден шығып,
Дүлдүліне мінді де жүре берді.

Іздейді Әли Арыслан кәпір жауды,
200 Қойған жоқ бұрын алмай жақын жауды.
Уәлияның шаһары деген бір сөз,
Алыстан бір кәпірдің даңқы бар-ды.

Көңліне соны алып Әли аттанды,
Уәлияға барғалы талаптанды.
Сырын Патимаға білдірместен,
Пайғамбардан бата алмай ол аттанды.

Ер Әли Дүлдүліне міне тұрсын,
Уәлияға бет алып жүре тұрсын.
Өлгі ұйықтағандарды оятайық,
210 Арыслан ұзақ жолға кіре тұрсын.

Бипатима оянып тұра келді,
Төсекте Арыслан жоқ, көреді енді.
— Түн ішінде ғайып боп қайда кетті,
Япырым-ай, ғажайып іс мұны, — деді.

Қайда кетті Арыслан ғайып болып,
Қалмады кеткен жөні анық болып.
Бабасынан бата алмай жауға барып,
Жүрмегей еді, — деді, — ғаріп болып.

Құдай-а, медет бер Арысланға,
220 Арыслан кетсе керек алыс жауға.
Өзің медет бере көр, Қадір Алла,
Жауменен жалғыз жүріп алысқанда.

Патима Хақтан медет сұрады,
Даусымен екі бала оянады.
Өзі шошып, екі бала да,
Жылады Патима, уанбады.

Балалар уанбады, көп жылады,
Өксігін баса алмады, бек жылады.
«Жалғыз түннің ішінде ғайып болып,
230 Атам қайда кетті?» деп жылады.

Патима уата алмай балаларды,
Өзінің де көңілі алаланды.
«Бұларды бабасына апар» деді,
Қызметші кәнизакқа және барды.

— Апар бабасына, барса, — дейді,
Бадам сүйіп алдына алса, — дейді.
Балалар уанбады мұнда отырып,
Алдандырып көрсем де тағы, — дейді.

- Алдансын, бабасына барып, — дейді,
240 Кәнизак Пайғамбарға алып келді.
Балаларды көріп Анхазіреті сұрап:
— Жұр жылап бұл балалар нағып? — дейді.

Күң айтты: — Ғайып болды Әли Арыслан,
Дұшпан іздеп кетіпті ол алыстан.
Патиманың жылаған даусыменен,
Ұйқыдан шошынып оянысқан.

- Бек тиді Пайғамбарға күңнің сөзі,
Көңліне ұнамады мұның сөзі.
«Әли ғайып болды» деп естіген соң,
250 Қамығып ғамкін болып тұрды өзі.

— Қай жаққа кетті Әли түнде? — дейді,
Сыр білдірмей кетіпті ешкімге, — дейді.
Шапағатым соңғы қияметте, — дейді,
Өлиді бір талапкер ізде, — дейді.

Халид атты сахаба тұрды орнынан,
«Өлиді іздейін, — деп, — мен соңынан».
Пайғамбардан бата алып, атқа мініп,
Шықты былай қарауға із жолынан.

- Жол болады Дүлдүлдің жүрген жері,
260 Біледі мұны бұрын көргендері.
Халид ізін қараса, дәнеме жоқ,
Білініп жатыр бірақ мінген жері.

Дүлдүлдің ізін Халид таба алмады,
Ізін таппай ешқайда бара алмады.
Шаһардың айналасын шыр айналып,
Көз көрген жерден барып оралады.

- Алыстан түскен екен орғып барып,
Онан әрмен жүргенін жолықты анық,
Дүлдүлдің ізін Халид тауып алды,
270 Шапқандай жөнеліпті сырғып барып.

Халид түсті Дүлдүлдің ізіне енді,
Ізі жол боп көрінді көзіне енді.
Дүлдүлдің ізіменен Халид жүрсін,
Сөз келді Әли ердің өзіне енді.

Әли Арыслан түнде үйден шығып еді,
Уәлияға бет алып жүріп еді.
«Бұл тойға көпірден мал әкелем» деп,
Көңліне осы ниет кіріп еді.

Уәлияның шаһары он айлық жол,
280 Оларға табылмайды оңайлық жол.
Бір түнде Әли Арыслан жетті сонда,
Өзге адамға бір жылдық боларлық жол.

Бұл сөзді өтірік деп сенбес надан,
Көңлі жетіп, көңлі көрмес надан.
Құдай медет қылған соң Арысланға,
Есебін ол араның білмес адам.

Шаһарына Әли жетті Уәлияның,
Алдынан кез болды бір құдық оның.
Патшаның су алатын құдығы екен,
290 Суынан Әли таһарат қылды оның.

Таһарат алды келіп судан Әли,
Памдат намаз оқуға тұрған Әли.
Бір көнзак келеді су алғалы,
Намазға кірді бұрын мұнан Әли.

Намазын Әли Арыслан оқыды енді,
Білмейді жау жері деп қорқуды енді.
Бір адам түрегеліп, жығылады,
Күң байғұс мұны көріп шошыды енді.

Көрген соң мұнан қорқып сасады күң,
300 Суға бармай қайтадан қашады күң.
Патшаның тұратұғын мезгілі емес,
Есікті тыстан келіп ашады күң.

Ұйқыдан патша оянып күнді көрді,
— Мезгілсіз мұнда келдің неге? — дейді.
Күң айтты: — Сізге хабар бере келдім,
Жөн көрмеген бір адам көрдім, — дейді.

Бір батыр құдықтың басында тұр,
Қаһар қылса шаһарды басуға тұр.
Мінген аты жылқыдан туған емес,
310 Оны жәй бос қойыпты, жанында тұр.

Патшаның естіген соң қорықты жаны,
Шақыртты уәзірлерін, мінжамларды.
Мінжамларға: — Тез енді бал аш, — деді,
Не кісі екен, білген жоқ өзін әлі.

— Естуші ем [Әбул]мұхсин батыр бар деп,
Жалғыз емес, әскері, халқы бар деп.
Онан басқа Мекке мен Мәдинеде,
Айтты, «бір сиқыршының даңқы бар» деп.

«Бір баһадүр келді» деп күң айтып жүр,
320 Білмеймін, күңің не көріп жүр.
Әбулмұхсин болмаса, анау алыс,
Табыңдар, онан басқа кім келіп тұр?

Мінжам ашып қарады балын енді,
Патшаға айтты: — Азайды халің, — деді.
Менің ашқан балымда осы келген
Мұхаммедтің жолдасы Әли, — деді.

Патша састы Өлидің атын біліп,
Бұрыннан естуші еді даңқын біліп.
— Күң айтады «жығылып, тұрады» деп,
330 Не қылып тұр ол, бізге жақын келіп?

Балгер айтты: — Ол бізді шапқалы тұр,
Іздегенін өзімізден тапқалы тұр.
Атына міне келген осы кісі,
Қан төгіп, басымызды қаққалы тұр.

Бұл кісі біздің елді қырғалы тұр,
Атына міне қаһар қылғалы тұр.
Алдына шығар жалғыз адам болмас,
Қазір-ақ кең дүние тар болғалы тұр.

Балымда осылайша білініп тұр.
340 Ол біздің жұртымызға кіжініп тұр,
Жатып, тұрып Құдайға сиынып тұр,
Жалғыз-ақ сонысына айланып тұр.

Патша айтты: — Бұған нешік қайла, — дейді.
Уәзірлер, бұған ақылды сайла, — дейді.
Балгер айтты: — Соғысып ала алмайсың,
Өзің қор болмасыңды ойла, — дейді.

Қор болмайсың жөніне жүрсең, — дейді,
Тимейді өз дініне кірсең, — дейді.
Менің тілімді алмасаң, қырыласың,
350 Соғыс қыл, жеңеріңді білсең, — дейді.

Патша айтты: — Кім екенін білейік, — деп,
Анықтап әбден өзін көрейік, — деп.
Уәзірлердің бәрі де ұйғарысты:
— Әли болса, дініне кірейік, — деп.

Өзін мұнда ордаға шақырайық,
Бәріміз бір орында отырайық.
Егер де осы келген Әли болса,
Өзінің айтқан сөзін жақтырайық.

Мұнымен соғыспайық, тыныш тұрайық,
360 Әскерді қырылдырмай ұрыстырмайық.
Ұрысқанмен шамамыз келе алмаса,
Бекер қорлық көргендей іс қылмайық.

Бұл сөзді уәзірлердің бәрі ұнатты,
Патшаның өзі де бек ұнатты.
Уәзір мен патша сөзін кім бұзады,
Отырған жамағаттар тағы ұнатты.

— Хабарға жібереміз кімді? — дейді,
Шаһарға бір айдаһар енді, — дейді.
Көзі үйреніп сыртынан көріп қайтқан,
370 Жібереік әлгі күнді, — дейді.

Күң қорықпаса, тағы да барып көрсін,
Өзін мұнда шақырып алып келсін.
Қаһар қылмай ордаға келсе батыр,
Бөріміздің көзіміз анық көрсін.

Әуелі дәм берейік, келсе, — дейді,
Біз берген дәмімізді жесе, — дейді.
Сонан соң өзін Хаққа тапсырайық,
Артынан бізді дұшпан көрсе, — дейді.

«Шақырып кел» деп күнді жібереді,
380 Өлгі көрген жерге күң келеді.
Намаз оқып болып, бесін оқып,
Манағы орнында тұр, бұл көреді.

Көрген соң күң ақырын жүріп келді,
Жүре-жүре жақындап, жуық келді.
«Қасына қалай барып сөйлесем» деп,
Бейшара қатты қорқыныш қылып келді.

Қорықса дағы қасына жақын келді,
— Әй, балуан, біз ғаріп, пақыр, — деді.
Менің келген жұмысым қасындағы,
390 Патша сені қонаққа шақырады енді.

Патша сізге барған соң сый қылады,
Өзіңізге жығылып кішіреді.
Жөніңізді сұрасып білгеннен соң,
Өзіңмен ынтымағын бір қылады.

Патша сені шақырады ордасына,
«Қонаққа келсін, — деді, — өз қасыма».
Не десеңіз болады соныменен,
Жөніңізді сұрайды сөз басында.

Патшаға шақырған соң Әли келді,
400 Күңнің айтқан сөзіне нанып енді.
Дүлдүлдің құлағына Әли Арыслан
Сыбырлап айтты жауап тағы да енді.

— Патшаға мен барамын кіріп, — дейді,
Тыңда дыбысымды біліп, — дейді.
Үйге кіріп дұшпанмен соғыс қылсам,
Оңтайланып тұрғайсың жуық, — дейді.

Есікте тұр жуықтап жақын барып,
Құлағыңды салып тұр даусым танып.
Егер де мен көпірге тұтқын болсам,
410 Бабама жет, бөгелмей басыңды алып.

Берік болып тұр өзіңе-өзің, — дейді,
Көпірде болсын екі көзің, — дейді.
Қапыда қолға түсіп қалмағайсың,
Осы менің тапсырған сөзім, — дейді.

Бөгелмей қайт, тұтқын болып қалсам қолда,
Бабама хабар жеткіз, барсаң онда.
Патимаға тағы да айт сөлемімді,
Жетерсің бір-екі дем алсаң онда.

Хасен мен Хұсайыныма айт, қамықпасын,
420 Атам жауда қалды деп жабықпасын.
Пендеге һәрне қылса Құдай әмірі,
Тағдырдан іс болады, анық нансын.

Осы сөзді тапсырды Дүлдүліне,
Ақылдасқан секілді бір-біріне.
Дүлдүлін тысқа қойып Әли Арыслан,
Тұра келіп патшаның кірді үйіне.

Патшаға кіріп келді Әли Арыслан,
Сұрайды кәпір халқы қамаласқан.
Есіктен кірген шақта көзі көрді,
430 Қамалап толып отыр тамам дұшпан.

Арыслан дұшпан бар деп еске алмады,
Отырған көпірлерге көз салмады.
Ер Өлидің ызғарлы түсін көріп,
Патшада қорыққаннан ес қалмады.

Орын сайлап қойыпты тақсыр ерге,
Күрсі орнатқан жоғары, жақсы жерге.
Түсінің суығынан және қорқып,
Зөредей ес қалмапты көпірлерде.

Отырған соң алдына тамақ қойды,
440 Жеміс салып бір жарым табақ қойды.
«Өзіміз тимей, бізге қаһар қылса,
Дәмге тапсырайық» деп арнап қойды.

Әли Арыслан дәм алды тағамынан,
Алдына әкеп қойған табағынан.
Жанның бәрі тітіреп қорқып отыр,
Өлидің ызғарланып қарауынан.

Патша сонда жөн сұрап: — Кімсің? — дейді,
Бұл болыста қай тараптан жүрсің? — дейді.
Атың кім, қай жұрттың адамысың,
450 Айтың, жұртым естіп білсін, — дейді.

— Атым — Әли, Алланың Арысланы,
Жеңіп алдым қасымды, жау-дұшпанды.
Маңымдағы көпірдің бәрін қырып,
Дұшпанды іздеп шықтым алыстағы.

Мұхаммед — хақ Пайғамбар, бабам, — дейді,
Береді рұқсат бата маған, — дейді.
Мың миллион болса да көпір-жаудың
Бастарын да қағармын, шабам, — дейді.

Қаһарыма ұшырап қорлық көрме,
460 Дініме кірген көпір қалар, — дейді.
Дініме кірген көпірге рақым қылып,
Сонымен дос-жар адам болам, — дейді.

Хақ дінге кірген адам сүйікті боп,
Бабам шапағат қылады соған, — дейді.
Дініме кірмегенге ойран салып,
Өзін қырып, малдарын алам, — дейді.

Бүлдіріп іс қыламын жаман, — дейді,
Саламын сөйтіп ақырзаман, — дейді.
Әй, патша, сен де маған тез жауап бер,
470 Айтылды менің сөзім тамам, — дейді.
Уәлия шаһары көпір деп естіп,
Құдай-а, іздеп келдім саған, — дейді.

Осылай менің, патша, жөнім, — дейді,
Жұмысым осы келген менің, — дейді.
Дос боламысың, дұшпан боламысың,
Соғады қай жағына көңлің, — дейді.

Патша айтты: — Қырам дейсің жау-дұшпанды,
Жеңіп алдым дейсің көп дұшпанды.
Әскерді бекер-текке бүліндіріп,
480 Жеңем деп соғысам ба Арысланды.

Дінінің асылдығын білем, — дейді,
Өзің айтқан жөніңе жүрем, — дейді.
Менің айтқан сөзімді қабылдасаң,
Иман үйрет, дініңе кірем, — дейді.

Патшаға иман үйретті, дінге кірді,
Патшаның халқы дінге бірге кірді.
Дінге кіріп мұсылман болды бәрі,
Әлиден ислам дінін үйренді енді.

Дінге кіріп мұсылман болған бәрі,
490 Ислам дінін үйретті имам Әли.
Шіркеулерін бұздырып, мәсжід салып,
Бір жыл сонда алданып тұрған Әли.

Бір жылдай дін түзетіп алданады,
Ислам дінін біліп жұрт аңғарады.

Бір жылдан соң патшадан рұқсат алып,
Имам Өли жүруге қамданады.

Патша айтты: — Жүрсең асыл бұл береміз,
Өзіңізге асыл бұл сый береміз.
«Пайғамбарға тапсыр» деп сөлемді,
500 Лайықтап және сый жібереміз.

Өли айтты: — Жөні болмас оның, — дейді,
Алмағам мұсылманның малын, — дейді.
Менің іздеп шыққаным көпір малы,
Бұл жақта көпір бар ма тағы? — дейді.

Патша айтты: — Дініңе кірді менің халқым,
Бұл жақта көпір болмас енді жақын.
«Әбулмұхсин деген бір батыр бар» деп,
Алыстан естуші едім соның даңқын.

Ол өзі жұрттан асқан батыр, — дейді,
510 Оның діні бұл күнде батыл, — дейді.
Өзі патша бетіне жан келмеген,
Қанша халықты меңгеріп жатыр, — дейді.

Онан басқа көпір жоқ бұл маңайда,
Суыт жүрсең, жетерсің бір он айда.
Әскері құмырсқадан көп, — дейді, — оның,
Барғанменен бола ма оған қайла.

— Мен оған барам, — деді имам Өли,
«Қай жақта?» деп патшадан сұрайды оны.
— Он айлық жер дегенің қиын емес,
520 Іздеймін болса дағы онан өрі.

Патша айтты: — Олай болса, қамданайық,
Әскер жиып, жау-жарақ сайланайық.
Не болса да сізбенен бір көрейік,
Жауға жалғыз жіберіп жай қалмайық.

— Жалғыз-ақ жүрем, — деді Әли Арыслан,
Көп әскер іздей алмас мені алыстан.
Алладан медет сұрап аттанайын,
Көп болып не қылады маған дұшпан.

Патша «Мен де барайын» деп айтады,
530 Әлиге сөз қайырып көп айтады.
«Әскер жиып, сайланып барайық» деп,
Ара тілеп лайықты жөн айтады.

Әли Арыслан осы сөзге қарамады,
Патшаның әскерін жөне алмады.
Жөнін сұрап жөнелді жалғыз өзі,
Патша талаптанса да бара алмады.

Дүлдүлге қамшы басып жүрді Әли,
Бір көпірдің хабарын білді Әли.
Патшадан әскер алмай жалғыз өзі,
540 Тәуекел кемесіне мінді Әли.

Памдат оқып жөнелді Уәлиядан,
Тілектесі болып қалды жиылған жан.
Ақшамның уақытында бір әскер көрді,
Өтірік деп тағы айтар мұны надан.

Имам Әли Алланың Арысланы,
Оған тең бола алмайды жау-дұшпаны.
Мінген аты ұрмақтан шыққан Дүлдүл,
Аяғының астында алысқаны.

Қисапсыз бөлек-бөлек шатыр тіккен,
550 Бір көк шатыр ең шетке жақын тіккен.
Алдындағы шатырға тура жүрді,
Жолаушы жолықпай ма ақыр шеттен.

Сыртына көк шатырдың тура келді,
Ғеш нәрседен қорқыныш қылмай келді.
Бір адам өлең айтып, жыр жырлайды,
Шатырға жақын келіп тыңдады енді.

- Әбулмұхсин патшаның шатыры екен,
Сейілде жүрген өңшең батыр екен.
Арқасын сипаттырып қатынына,
560 Шатырда Әбулмұхсин жатыр екен.

Алдында біреу отыр өлең айтып,
Домбырасын тартады бір жөн айтып.
Батыр оның өлеңін тыңдап жатыр,
Естіңіз, отыр екен не деп айтып.

Өлеңші ер Өлиді мадақтайды,
Расулдың сипатын анықтайды.
Бұл сөзді Әбулмұхсин тыңдап жатыр,
Өлеңші де мақтауға жалықпайды.

- Айтады исламның тілін мақтап,
570 Расулдың пайғамбарлық түрін мақтап.
Имам Өли тақсырды көп айтады,
Ерлердің бірінен соң, бірін мақтап.

Өлеңші домбырасын тартып отыр,
Ер Өлиді көп мақтап айтып отыр.
Арыслан мұны естіп тыңдап тұрды,
Батырға уайымды артып отыр.

- Сөйледі батыр: — Жауап бер заманда,
Ол өзі бар ма, — деді, — бұл заманда.
Өлеңші артығырақ және айтады,
580 Батыры жауап сұрап тыңдағанда.

— Мекке мен Мәдине — оның жері, — дейді,
Дүниеде болмайды оның теңі, — дейді.
Адамзаттан алдына жан шықпайды,
Шыдамас соғысуға пері, — дейді.

Батыр айтты: — Бір ерді несін мақтадың,
Өлшеусіз теңі жоқ деп тым мақтадың.
Менің теңім бар ма еді бұл заманда,
Сен онан мені неге аз мақтадың?

Сонда айтты: — Жоқ сізден асар, — дейді,
590 Бірақ біздің дініміз нашар, — дейді.
Пайғамбарды жаратқан нұрдан Құдай,
Дінінің асылдығы басар, — дейді.

— Алыс екен, мен оған барар едім,
Мықты болса, алысып қарар едім.
Мекке мен Мәдинеге кім жетеді,
Мен барсам, оның жайын табар едім.

Жақын болса, мен оны көрер едім,
Күшім жетсе, алысып жеңер едім.
Егер де менен күші артық болса,
600 Ықылас қойып дініне енер едім.

Сенің айтқан сөзіңе нанам, — дейді,
Ол ерді теңгересің маған, — дейді.
Мекке мен Мәдинеге жететін
Жақын емес, қалайша барам? — дейді.

— Соғысып жеңе алмайсыз оны барып,
Меккенің кім біледі жөнін анық.
Ол ердің өзі мұнда келеді, — дейді,
Дініне енем десең, көңліңе алып.

— Сен оның келетінін білдің қайдан,
610 Қайдан хабар табады біздің жайдан?
Өлетұғын мезгілің жуықтады,
Өтірік айтып бұл сөзге тидің қайдан?

— Құдай артық жаратқан шын ер, — дейді,
Ықылас қойсаң оны білер, — дейді.
Үш қабат айғай салып шақырсаң,
Қазір осы сағатта келер, — дейді.

— Көнейін айтқаныңа, ақын, — дейді,
Айтқаның келмесе, өлдің һәм, — дейді.
«Имам Әли Арыслан, жылдам кел» деп,
620 Үш қабат айғай салып шақырды енді.

Әли Арыслан естіп тұр мұның бәрін,
Тыстан тыңдап тұрған түрін оның.
Әбулмұхсин айқайлап шақырған соң,
Келеді есігіне жүріп оның.

Шатырының есігі ашық еді,
Ашық тұрған есікке жақын келді.
Әбулмұхсин есікке көзін салып,
Көреді келіп тұрған тақсырды енді.

Орнынан Әбулмұхсин көрді тұрып,
630 Әли Арыслан есікке келді жуық.
Өзі көрген жан емес бұрын жүзін,
Бір батыр келіп тұр реңі суық.

Көрген соң Әбулмұхсин сескенеді,
Сөйлесіп жөнін сұрап тексереді.
— Танымайтын қай жердің адамысың,
Рұқсатсыз кіріп келдің ішке, — деді.

Әли айтты: — Танымайсың мені, — дейді,
Мен іздеп келіп тұрмын сені, — дейді.
Атым — Әли, Алланың Арысланы,
640 Мекке менен Мәдине — жерім, — дейді.

Мұхаммед хақ пайғамбар — бабам, — дейді,
Абзалы пайғамбардың тамам, — дейді.
Бабамның тілегімен Тәңірім өзі
«Арыслан» деп ат берген маған, — дейді.

Жүремін кәпірлерді дінге салып,
Алыстан кәпір болса іздеп барып.
Дінге енбеген кәпірді һәлак қылып,
Қырамын оны да бір жөнге салып.

Бұл сөзін Әбулмұхсин тыңдады енді,
650 Келіп тұр Әли Арыслан қырғалы енді.
— Сенің жерің алыстан ат жетпестей,
Сен кімді іздеп келдің мұнда? — деді.

— Менің іздеп келгенім сен, — деп айтты,
Жерің алыс дегенің жөн, — деп айтты.
Өзің мені айғайлап шақырған соң,
Сол үшін келіп тұрмын мен, — деп айтты.

Шақырдың атымды атап өзің, — дейді,
Өзімнің де іздейтін кезім, — дейді.
«Әли келсе, дініне енем» деген,
660 Естілді құлағыма сөзің, — дейді.

Мен келдім, енді өзің біл мұның соңын,
Жұмысыңның абайла оңын-солын.
Қапелімде қолға алып соғысқа енсем,
Жетпейді қаруыма бір күн қолың.

Есітті Әли сөзін Әбулмұхсин,
Есітіп ұғып отыр бәрін Мұхсин.
Айғайлап шақырғанда келіп қалды,
Енді мұнан бұзылып нағып шықсын.

— Рас, мен шақырғанда келдің, — дейді,
670 Алысын білем өзім жердің, — дейді.
Енді маған толассыз иман үйрет,
Дінінің хактығына сендім, — дейді.

Халықты хабар беріп білгізеді,
Өзінің жөніменен жүргізеді.
Имам Әли тақсырдан дін үйреніп,
Халқының бәрін дінге енгізеді.

— Мен дағы жұрттан асқан батыр едім,
Маған теңдес жан жоқ деп жатыр едім.
Шақырған сағатымда келіп тұрсың,
680 Мен сенің ерлігіңнен ғапыл едім.

Мен жаңа көріп тұрмын сені, — дейді,
Сендей болмас ерлердің көбі, — дейді.
Тілек қылып сұраймын мұны өзіңнен,
Арманыма бір жеткіз мені, — дейді.

Екеуміз күресейік бел ұстасып,
Көрейік сынамаққа тік ұстасып.
Мені жықсаң, дініңе жұртым енсін,
Бір медет тілегімді бер, бір ұстасып.

690 Өли айтты: — Олай болса қамдан, — дейді,
Күшінді жина бойыңа әбден, — дейді.
Мұсылман болам десең күресейік,
Болмасын уағдаңда жалған, — дейді.

Екеуі күресуге қамданыпты,
Қойысты уағда қылып жанжал істі.
Тақсыр Өли, Алланың Арысланы,
Әбулмұхсин батыр да — балуан күшті.

Күресті бел ұстасып қолма-қолтық,
Жау-жарақ алмады найза, мылтық.
Екеуі балуандарша күресуге
700 Бір-бірін берік ұстады қолма-қолтық.

Әбулмұхсин Өлиге сөз айтады:
— Бұрын қару қылыңыз, — деп айтады.
Жықсам да, жықпасам да мұсылманмын,
Бұл күрес ... * болады.

Өли айтты: — Сен қару қыл бұрын, — дейді,
Белгісіз саған менің сырым, — дейді.
Мен қозғалсам, сен маған жығыласың,
Көңліңнен кетпес арман-мұңың, — дейді.

710 Сонда Мұхсин Өлиге қару қылды,
Қалдырмай қаруының бәрін қылды.
Жықпаса да Өлиге қолы батты,
Тақсыр Өли күшінің барын білді.

Өлиге кезек келді мұнан соңыра,
Күшін екі қолына жиған сонда.

* Қолжазбада екі сөз танылмады.

Көтеріп жерге қойды балаларша,
Енді сөзден жығатын шама қанша.
Сол жерде иман айтып реңі кірді,
Арыслан қырғалы тұр онан қалса.

Арыслан шатырға түсіреді,
720 Құрметтеп, көңлі сеніп кешіреді.
Ықыласпен дінге еніп, мұсылман боп,
Ислам дінін үйреніп түсінеді.

Мұсылман қылды Әли халықты сонда,
Дінге кірді бір халықтың бәрі сонда.
Шіркеулерін бұздырып, мәсжід салып,
Имам Әли тұрады тағы сонда.

Бір жыл жатып Әли сонда дін үйретті,
Ислам дінін анықтап, мәнін үйретті.
Хақ дінге халықтың бәрін көндіктіріп,
730 Әлидің қайтатұғын күні жетті.

Үйретті бір жыл жатып дінді Әли,
Қайтқалы даярланды енді Әли.
Әбулмұхсин патшаға жауап қылып
«Аттанам амандасып» деді Әли.

Қимайды Мұхсин, сөзін тыңдасады,
Қайта жауап айтып, сонда мұңдасады.
— Қайтамын десең рұқсат, тақсыр, — дейді,
Арыслан тұрмаған соң, бұ жалынады.
— Қайтамын десең, бізден сый ал, — дейді,
740 Алтын, күміс, гауһардан болар, — дейді.

Пайғамбарға бір бөлек сый берейік,
Аманат қылып сізден жіберейік.
Әскерменен өзіміз және барып,
Расулдың дидарын біз көрейік.

Имам Әли айтты: — Сый алмаймын, — деп,
Жеріме тура қайтып бармаймын, — деп.

Менің іздеп шыққаным — көпір малы,
Бір айтқан уағдамнан таймаймын, — деп.

Көпірдің шаһарын іздеп барам, — дейді,
750 Соғысып, малын тартып алам, — дейді.
Бұл жақта өзің білген көпір бар ма,
Соның жөнін айтып бер маған, — дейді.

— Көпір жоқ, — дейді Мұхсин, — менің білген,
Дініңе менің барша елім кірген.
Естимін бір патшаның алыс даңқын,
Адам жоқ оның мұнда жөнін білген.

Бір залым, аты — Қаққа патша, — дейді,
Жан құтылмас қаһарына алса, — дейді.
Айнала қаннан дария қорғаны бар,
760 Адам одан өте алмас барса, — дейді.

Ол өзі «Төңірмін» деп дұға қылған,
Қан дария айналасы бәрі қорған.
Істеген бәрі сұм деп есітемін,
Бәдбахт осындай бір залым болған.

Онан басқа көпір жоқ мұнда, — дейді,
Барам деп оған үміт қылма, — дейді.
Өлгідей көпірді естіген соң,
Әли Арыслан сырғып тұрмады енді.

— Барамын, маған оның жөнін сілте,
770*.
Мен оған естіген соң бармай қайтсам,
Өзімнің ерлігіме болар шілте.

— Олай болса барайық, әскер жиып,
Жау-жарақ даярлайық, саспай жиып.
Қан дариясы бар дейді бер жағында,
Біз оған жеткізейік бастап жүріп.

* Бір жол өшіп қалған.

— Әй, Мұхсин, маған әскер жима, — дейді,
Әскер не қылады қанды суға, — дейді.
Аллаға мен жүрейін тәуекел деп,
780 Тілегімді тілеп тұр мұнда, — дейді.
— Қаққаны бола алмас жеңіп, — дейді,
Болармын өзіңізге серік, — дейді.

— Бұл баратын ісім менің, — дейді,
Қалмасын оның үшін көңлің, — дейді.
Серіктің керегі жоқ бұл сапарда,
Анықтап, сілте бірақ жөнін, — дейді.

Әбулмұхсин сілтеді сонда жөнін,
Анықтап айтты тамам тура жолын.
«Арыслан серік алмай жүреді» деп,
790 Өзінің соған тоқтау қылған көңлін.

Әбулмұхсин Әлиді жолға салды,
Өзін Әли ертпеді, онда қалды.
«Осы жолың үстінде қан дариясы»
Деп айтып, білгенінше оңға салды.

— Жол екі айырылады барып-барып,
Оң жолға түс, тізгінді анық салып.
Сол жолға абайламай түсіп кетпе,
Кез қылар бір нәрсеге алып барып.

Оңға түссең, алдыңда қан дариясы,
800 Сиқырмен қылып қойған бар қайласы.
Түстік жерден тартады лебіменен,
Қан дария шаһарының айналасы.

Сиқырмен дария қылып салған қанды,
Қан дариясы жібермес әрмен жанды.
Қан дариясы тартады түстік жерден,
Жақындап маңайына барған жанды.

Жолының мәнісі бар бара қалсаң,
Келерсің мұнда қайтып, бара алмасаң.

- Қан дарияның ар жағы — Қаққа көпір,
810 Залымның сиқырынан аман қалсаң.

Әбулмұхсин жолының мәнін айтты,
Сол жерде амандасып, өзі қайтты.
Мұнан кейін манағы өлеңші кеп,
Арысланға аз жауап жөнін айтты.

— Жолдас алмай барасыз онда, — дейді,
Бейғам ғапыл болмаңыз жолда, — дейді.
Түсімде бұл соғысқа кіріп едім,
Біз дағы барсақ керек соңыра, — дейді.

- Түсімде Расулды көріп едім,
820 Иман айтып, дініне еніп едім.
«Намаздігер, ақшамның арасында,
Әли келер» дегенге сеніп едім.
Әбулмұхсин батырға өлең айтып,
Соның үшін хабарды беріп едім.
Тақсырдың маған айтқан сағатында
Шатырдың есігіне келіп едің.
Егер де шақырғанда сен келмесең,
Сонда мен ажал жетпей өліп едім.
Хақ діннің қуатына сенген үшін,
830 Уағда қылып, өлімге көніп едім.
Батырдың есігіне келген шақта,
Толықсып қорғасындай еріп едім.
Түсімнің бірі келмесе, бірі келер,
Осы Қаққа көпірді жеңіп едің.
Менің көрген түсімде қылыш шауып,
Қан дариясын жол салып бөліп едің.
Көп әскердің ішінде бірге жүріп,
Көпірден олжа малды теріп едім.

- Түсімнің осы арасы келе алмай тұр,
840 Көп әскер қасыңызға ере алмай тұр.
Қаққаның шаһарына бірге барып,
Не себеп соны көзім көре алмай тұр.

Жалғыз жүріп барасыз енді өзіңіз,
Әскер керек қылмаған бұл кезіңіз,
Қайтқанда Мәдинеге мені ала қайт,
Көңілде болсын, тақсыр, бұл сөзіміз.

Ғашықпын дидарына Пайғамбардың,
Түсімде Пайғамбардан хабарландым.
Пайғамбардың дидарын көру үшін,
850 Арманы қалмас еді барғандардың.

Білді енді түс көргенін мұн[ың] Әли,
Достыққа санады оны имам Әли.
Сол арада сөйлесіп амандасып,
Жөнелді имам Әли онан ары.

Дүлдүлмен Әли Арыслан жөнеледі,
Жөнелген соң неге енді бөгеледі.
Әбулмұхсин анықтап жөнін айтып,
Екі жол арасына бұл келеді.

Екі жол арасына келді Әли,
860 Анықтап сұрап алған жөнді Әли.
Жол үстінде отыр бір сақалды адам,
Қасына жақын келіп білді Әли.

Жол үстінде ақсақал адам отыр,
Әлидің жолын тосып қарап отыр.
Қараса, қияпаты тәуір адам,
Қолында тәсбих тартып, санап отыр.

Сөйледі Арысланға көрген жерден,
— Есен келдің бе, — деп, — жау-дұшпанға?
Имам Әли таң қалды ол адамға,
870 Сұрамай жөнін біліп танысқанға.

Әли айтты: — Қалай білдің мені? — дейді,
Мен бұрын көргенім жоқ сені, — дейді.
Айдалада отырсың жалғыз өзің,
Жөніңді айт, мұнда қайдан келдің? — дейді.

— Хақ Тағала жіберді мені, — дейді,
Келіп, тосып отырмын сені, — дейді.
Сенің үшін келген мен періштемін,
Қаққаның сілтегелі жөнін, — дейді.

Имам Әли иланды бұл сөзіне,
880 Бір жақсы адам көрініп тұр көзіне.
«Қаққаның жолы қайсы?» деп сұрады,
Ұқтырған Әбулмұхсин жөнді өзіне.

— Жолды айтқан Әбулмұхсин маған, — дейді,
Оның айтқан жолымен барам, — дейді.
Сен тағы да өзің білгеніңді айт,
Қай рас айтқаныңа барам, — дейді.

Ақсақал адам сонда жол көрсетті,
Былайғы теріс жолды оң көрсетті.
Әбулмұхсин ұқтырған бұрын айтып,
890 Ол адам мынау оң деп сол көрсетті.

Бұл сөзге Әли Арыслан нанар емес,
Оның айтқан жолымен барар емес.
Сонда дағы бейғам тұр бір уайымсыз,
Көңліне еш нәрсені алар емес.

Әли айтты: — Әбулмұхсин жол сілтеген,
Қаққа жолы мынау — ол сілтеген.
Оның айтқан жолымен жүрем, — деді,
Теріс кететін жаман жол — сен сілтеген.

— Әбулмұхсин білмейді жолдың жөнін,
900 Иланбай тұр ма маған сенің көңлің.
Әбулмұхсин теріс жолын оң деген соң,
Жөніңе сілтейін деп келдім сенің.

Құданың бұйрығымен келдім мұнда
Мен саған көрсеткелі жолды тура.
Әбулмұхсин білмейді еш нәрсені,
Оның сөзін қоярсың, — деді, — шынға.

Мен — періште, саған жол айта келген,
Құдай маған бұйырды, «байқа» деген.
Теріс жолға түсіп кетіп реніш көрсең,
910 Енді оралып мен саған қайта келмен.

Бұл сөзге Әли Арыслан иланады,
«Періштемін мен» дегенге шын нанады.
Бір істің себебі кез болу үшін
Еш нәрсені перідей қылмағаны.

Арыслан сол есептен сынамады,
Ақыры қалай болар деп қарамады.
Қалай келіп отырған періште деп,
Көңліне оның жөнін және алмады.

Әлгінің сөзіне нанды Әли,
920 Мұхсиннің айтқан сөзі қалды бөрі.
Оның айтқан жолымен жүріп кетіп,
Бір үлкен биік тауға барды Әли.

Ібіліс екен малғұн жолда тұрған,
Әлиді алдап жіберген ол антұрған.
Ол таудан шаһар салып, мекен қылған
Кәпір зәңгі бар екен сонда тұрған.

Ібіліс жолын тосып тұрған екен,
Арысланға дұшпандық қылған екен.
«Зәңгілерге тұтылса құтылмас» деп,
930 Азғырып соның үшін бұрған екен.

Арыслан еш нәрсені тексермеді,
Ол жерде тексеруді ескермеді.
Қияпатын қараса тәуір адам,
«Осы мені бастамас теріске» деді.

Ол адам айтты: — Саған келдім қастап,
Сен жалғыз жүрме, — дейді, — мені тастап.
Арыслан бір жүруге рұқсат қылды,
Өзінің айтқан жолымен жүрді бастап.

Тоқтатты жарым жолға келгеннен соң,
940 Алдында бір биікті көргеннен соң.
Сонда тұрып тағы да сөз айтады,
Арыслан ақылына ергеннен соң.

Арысланды тоқтатып сөз айтады,
Бұған ақыл керек деп көп айтады:
— Осы арада тоқтаңыз сабыр қылып,
Хабар біліп келейік, — деп айтады.

Арыслан бұл сөзіне және көнді,
Көңлі сеніп, иланды бұған енді.
Осы жүрген Ібіліс малғұн екен,
950 Тауда жатқан зәңгіге хабар берді.

Барды да зәңгілерге хабар берді,
Зәңгіні соғысуға даяр қылды.
Зәңгіні күтіндіріп, жиып қойып,
Арысланға малғұн және келді.

— Бір тауда ауыр әскер жатыр, — дейді,
Еш нәрседен пәруайсыз, ғапыл, — дейді.
Қаққаның әскерінің бір бөлігі
Сейілде жүрген өңшең батыр, — дейді.

Имам Әли бұл сөзге нанады енді,
960 Ібіліс бастап ертіп барады енді.
Жетіп келсе, қисапсыз зәңгі көпір
Алдынан шығып салады енді.

Арыслан Ібілісті білді сонда,
Зәңгіге қатты қаһар қылды сонда.
Қайраты бойға түсіп, тіке шығып,
Майданға Әли Арыслан кірді сонда.

Зәңгінің от шығады аузынан,
Үміті бар Әлиді жапырудан.
Тақсырға от тимейді жалғызынан,
970 Сескенді көріп зәңгі оныңнан.

Біреуі қарама-қарсы келе алмады,
Арысланның жауабын бере алмады.
Топырақтан көп зәңгі жабылса да,
Имам Әли тақсырды жеңе алмады.

Осылайша тоғыз күн ұрыс салды,
Қисапсыз көп зәңгіні қырып салды.
Аш арыслан көп қойға кіргендей боп,
Зәңгіге Әли Арыслан бүлік салды.

Зәңгілер енді ұрыстан басылады,
980 Қырыла берсе бүйтіп таусылады.
«Қалғанымыз дініңе кіреміз» деп,
Аяғына жығылып бас ұрады.

Зәңгілер иман айтып кірді дінге,
Жиылып шаһарына жүрді бірге.
Медресе, мәсжід салып, дін үйретіп,
Көндірді бір жыл жатып мұны дінге.

Бір жылдан соң жүруге қамданады,
Қаққаны іздемек боп сайланады.
Зәңгілер жолының жөнін айтып,
990 Жау-жарағын даярлап қамданады.

Жүруге рұқсатын берді зәңгі,
Жиылысып алдына келді зәңгі.
— Сізге сый ғып береміз қазына-мүлік,
Керегінше ал бізден, — деді зәңгі.

— [Алмаймын] мұсылманның малын, — дейді,
Мұсылман болдың бәрің тамам, — дейді.
Қаққа залым көпірдің жөнін сілте,
Шаһарын қырам барып оның, — дейді.

— Он айшылық жол, — дейді, — мұнан Қаққа,
Ол залымның шаһары мынау жақта.
1000 Қан дариясы бар, — дейді, — бір жағында,
Біз шығып көргенім жоқ ол тарапқа.

Зәңгілердің сый қылған малын алмай,
Зәңгілер ермек болды және қалмай.
Жөнін сұрап алды да жүріп кетті,
Серік, жолдас қасына тағы да алмай.

Жөнелді Қаққаны іздеп енді Әли,
Анықтап сұрап алған жөнді Әли.
Түстік жерден сиқыры тарта алмады,
1010 Қан дарияның қасына келді Әли.

Қан дарияның қасына келіп тұрды,
Ар жағына көз салып көріп тұрды.
Дүлдүліне секіртті, көз жетпейді,
«Бұ қалай?» деп көңілін бөліп тұрды.

Сол шақта құлағына бір үн келді,
Ойланып біразырақ тұрып еді.
— Өзің — Шер, Құданың Арысланы,
Ақылын неге таппайсың мұның? — дейді.

Ұрмақтан шыққан Дүлдүл — мінген атың,
1020 Зұлпықар қолыңда тұр және сенің.
Құдай артық жаратқан, Шер Арыслан,
Дүниеде өлшеуі жоқ өз қуатың.

Жай тұрмай бұған ақыл тап, — деп айтты,
Құлақ сал, бұл сөзді бақ, — деп айтты.
Сиқырын қайтаратын әфсүн оқып,
Зұлпықармен дарияны шап, — деп айтты.

Бұл сөзді Әли Арыслан аңдады енді,
Көңлінде шәк-шүбһә қалмады енді.
Құдайға жалбарынып әфсүн оқып,
1030 Зұлпықарды сілтеді дарияға енді.

Қан дариясы бөлінді екі басқа.
Екі басқа бөлініп кетті босқа,
Әли Арыслан Алланың әмірімен,
Қан дариясын осылай етті басқа.

Сол шақта Қаққа көпір мұны білді,
— Қан дариядан жол салған бұ кім? — деді.
Бір батыр қаһарланып келе жатыр,
Қазір мұнда жетеді бүгін, — деді.

Алдынан шығады оның екі жүз ер,
1040 «Кім екен, — деді, — мұның келгенін көр».
Хазірет Әлидің алдынан қарсы шықты,
Өрқайсы жүз кісілік өңшең ерлер.

Дариядан өтіп еді имам Әли,
Қан дарияның сиқырын бұзған Әли.
Бар екен алыс байлау сиқырлары,
Бөгелмей, бұзып өтті мұнан Әли.

Екі жүз ер Әлиді көрді келіп,
Қасына жақындасып көрді келіп,
— Алыс байлау сиқырдың бәрін бұзып,
1050 Сен кімсің, — дейді, — мұнда жүрген келіп?

— Ойыншы, жаһан кезген менмін, — деді,
Ойыншы, атым — Қышмаш ермін, — деді.
Осы жақта Қаққа патша бар деген соң,
Алдына ойнағалы келдім, — деді.

— Патшаға біз айтайық барып, — дейді,
Өзіңді ертіп барайық алып, — дейді.
Ойыныңды көрерміз патша алдында,
Дариядан өтіп келдің нағып? — дейді.

— Дариядан көпір салып өттім, — дейді,
1060 Өнерім жетіп, өтіп кеттім, — дейді.
Өздерің көріп тұрсың өткенімді,
Мінеки, шаһарыңа жеттім, — дейді.

Батырлар ер екенін байқады енді,
Шаһарға ертіп алып қайтады енді.
Ерлердің бірнешесі хабар беріп,
Патшаға отырып барып айтады енді.

- Патша айтты: — Олай болса келсін, — дейді.
Ертіп әкел, шаһарға енсін, — дейді.
Көшені аралатып әкеліндер,
1070 Шаһардың тамашасын көрсін, — дейді.

Алдынан келіп мұнда хабарлатты,
Патшаның бұйрығын тамамлатты.
Екі жүз патшаның бұйрығымен
Шаһардың көшелерін аралатты.

Арысланды шаһарға кіргізеді,
Көшені аралатып жүргізеді.
Әр көшеде орнатқан сиқыры бар,
Соларға Арысланды кіргізеді.

- Байлаған арыстан, қабылан, аю, жолбарыс,
1080 Әр түрлі хайуанаттар, бәрі жолдас.
От жанған әр көшеде жан өтпестей,
Адамда оған қылар қару болмас.

Шаһардың тамашасы онан артық,
Еш тамаша болар ма мұнан артық.
Бұ көшеде жат жүрген адам болса,
Орнатқан сиқырлары алар тартып.

- Әлиді аралатқан оның үшін,
Дұшпан болса сонда һәлак болу үшін.
Сиқырменен байлаған мақлұқаттар
1090 Бұғысып жатты, басын қору үшін.

Шаһардың жан көрмеген зинаттары,
Асыл тастан орнатқан қымбат бәрі.
Имам Әли аралап жүрген шақта,
Көшеде жанып тұрған сонда оттары.

Бір көшенің тұсына Әли келді,
Әлиге батырлардың бәрі келді.
Терезенің түбінен өткенінде,
Патшаның жалғыз қызы оны көрді.

- 1100 Әлиді көріп үйден шығады қыз,
Қол қусырып, тағзым қылады қыз.
— Имам Әли, Алланың Арысланы,
Есен-сау келдің бе? — деп сұрады сөз.

Қызбенен амандасып тұрды Арыслан,
Патша қызы екенін білді Арыслан.
Қыз айтты: — Сарайға еніп, қонақ бол, — деп,
Қызға еріп сарайына кірді Арыслан.

- Жауһар табақпенен қыз тағам берді,
Арыслан жауап айтты оған енді:
— Мені қайдан білдің? — деп сұрағанда,
1110 — Түсімде аян берді бабаң, — деді.

Тағамға қолын созды мұнан әрі,
Тәтті жеміс алдына қойғандары.
Сарайдың нақышында жазу көрді,
Мұсылманша тамынан ойған бәрі.

Бұ шаһарды перілер салған екен,
Сүлеймен заманынан қалған екен.
Сол күнде Сүлейменге қараған [шаһар],
Кәпірлер ие болып қалған екен.

- 1120 Сүлейменнің көңліне келген сонда,
Шаһардың зинатлығын көрген сонда.
«Бұ сықылды шаһарға ие болып,
Мұсылман тұрар ма еді» деген сонда.

Сол шақта Сүлейменге пері келген,
«Кәпір ие болады мұнда, — деген.
Сол күнде кәпір ие болса дағы,
Мұсылманға қалады соңыра, — деген.

- Әлденеше патшадан қалар, — деген,
Заманның ақырына барар, — деген.
Мұхаммедтің жолдасы Әли келіп,
1130 Қаққаның заманында алар, — деген.

Қаққа көпір падиша болар, — деген,
Шаһарға ие болып тұрар, — деген.
Имам Әли Арыслан сонда келіп,
Қаққаның әскерлерін қырар, — деген.

Мұсылман болар, — деген, — қалғандары,
Сол болар мұсылманның алғандары».
Осылай уахи келген заманында,
Сүлеймен өз қолымен жазған оны.

Тастағы сөзді көрді имам Әли,
1140 Сүлеймен патшаның сызғандары.
«Мұсылманның некаһында болам» деген,
Есітті және бір сөз қыздан Әли.

Сөйледі Әлиге түс көргенін қыз,
Түсінде сол күн енгенін қыз.
Түсіндегі көргенін баян қылып,
Айтады өз атасын жеңгенін қыз.

Қыздың сөзін есітіп ұқты Әли,
Бұл сөзді көңіліне тұтты Әли.
Тастағы жазуларды және көріп,
1150 Қызбенен амандасып шықты Әли.

Екі жүз ерге Әли қосылды,
Олар тыстан Әлиді тосып алды.
Патшадан біраз кеңес тағы естіңіз,
Тоқтата тұрайық азырақ осыларды.

Ол патша Арысланды білуші еді,
Көңліне қатты қорқыныш кіруші еді.
«Өзім — Тәңірімін» деп тұрған ұлық патша,
Ұялып кісіге айтпай жүруші еді.

Сол үшін дария салған сиқырменен,
Дария жүзін қан қылған бір түрменен.
1160 Шаһардың көшесінің бәрі сиқыр,
Ешкімнің хабары жоқ бұл сырменен.

Жамнұн деген батырға сырын айтқан,
Бұл сырды бүгін емес, бұрын айтқан.
«Әлидің басын кесіп алып келсең,
Қыз берем» деп, уағда қылып айтқан.

Жамнұн Әлиді іздеп кеткен екен,
Арада неше жылдар өткен екен.
Шаһарды Әли аралап жүрген кезде,
1170 Жамнұн батыр оралып келген екен.

Жамнұн батыр сапарға барып келген,
Бір ердің басын кесіп алып келген.
Ол басты патша көріп алдына алып,
«Дұшпанымның басы» деп анық білген.

Патшаның қуанышы судай тасқан,
Көрген жан бәрі қорықты таудай бастан.
«Бір дұшпаным бар еді, өлтірдім» деп,
Шаһарға жария қылып мұны шашқан.

Шаһарға бұл хабарды жаяды тез,
1180 Әр жерге хабаршылар барады тез.
Әлиді еріткен екі жүз батырларға,
Көшеде шапқыншылар болады кез.

— Бір ер батыр бар екен Әли деген,
Патшаның қорқады екен жаны деген.
Жамнұн батыр жеріне іздеп барып,
Өлтіріп келді бүгін, өне, деген.

Хабаршы жүрген жұртын шақырғалы,
Шақырған соң жиылды батырлары.
Тыстан сұрап патшадан рұқсат алып,
1190 Ерлермен бірге кірді тақсыр Әли.

Патша басты алдына алып отыр,
Уәзірлер, жұрт-жамағат, бәрі де отыр.
Үлкендігі адамның кеудесіндей,
Жұрттың бәрі тамаша қылып отыр.

Хазіреті Өлиді көрді патша,
Көрген соң жөн сұрайды енді патша.
— Танымаймын, қай жердің адамысың,
Бұ жерге неге келдің? — деді патша.

Имам Өли патшаға берді жауап,
1200 Мақтанyp отыр патша, көрді қарап.
— Өнерпаз, жаһан кезген ойыншымын,
Ерлігіммен жүремін, — деді, — елді аралап.

Өнерпаз ойыншымын ел қыдырған,
Өнеріме сенбесем, мен қыдырман.
Атым — Қышмаш, ойыншы батырмын, — деп,
Бұл сөзді жалған айтты енді бұған.

Патша сонда: — Сөзіңе сендім, — дейді,
Денеңде белгісі бар ердің, — дейді.
Сиқырменен бекіткен қан дариясын
1210 Қалайша өтіп мұнда келдің? — дейді.

— Жердің жолсызын қыдырып ел іздеймін,
Өзімдей өнерпазды мен іздеймін.
Бір сиқырға өнерім жете алмаса,
Әуре болып бекер неге іздеймін.

Өтіп келдім, өнерім жеткеннен соң,
Не сөз бар, бұзып өтіп кеткеннен соң.
Өнерімнің барлығын көрмеймісің,
Қан дариядан жол салып өткеннен соң.

Патша айтты: — Білмеймісің бір батырды,
1220 Ерлігімен көп жерді ол кезеді.
Мұхаммедтің жолдасы Өли деген,
Өлтіріп келді сол батыр Өлиді.

Өли айтты: — Мен сонымен теңдес, — дейді,
Өлтірдім дегенің ол емес, — дейді.
Құдай оған ат берген Арыслан деп,
Бір кісінің шамасы келмес, — дейді.

Патша айтты Арысланға: — Сен не дейсің,
Жамнұнның өлтіргені өзге дейсің.
Жамнұн батыр мұныға ашуланса,

1230 Сонда өзің қорлық көріп өлмеймісің?

Мұны айтып, патша басын алды алдына,
Көрсетіп Арысланның салды алдына.
Зор адамның басы екен жан көрмеген,
Бас жатты орталықта алдарында.

— Осыны алып келді Жамнұн, — дейді,
Жаһанда теңдесі жоқ оның, — дейді.
Жамнұн батырменен майдан құрып,
Ойнарға келер ме екен халің, — дейді.

Әлидің басын кескен Жамнұн балуан,
1240 Жамнұнның ойыны бар алуан-алуан.
Майдан жасап, той қылам жұртты жиып,
Ойынға қорықпай кірсең балуандардан.

— Дұшпаныңды мұқатқан тойың болса,
Мұндай тойға кез келіп, жолым болса,
Мен неге балуандардан қорынайын,
Құдай деп шыққаным, ойын болса.

Мұнан соң патша жұртын жидырады,
Жар салғызып, барабан ұрғызады.
Сахараға жиылып майдан түзеп,
1250 Патша өзіне мұнара құрдырады.

Майданға жұрт жиылып шыға тұрсын,
Патша мұнарасын құра тұрсын.
Әлиді іздеп шыққан Халид қайда,
Бұ сөз енді осылай тұра тұрсын.

Әли Арыслан түнде үйден шығып еді,
Халид батыр ізімен қуып еді.
Халидтің аты арыды орта жолда,
Күн-түні дамыл алмай жүріп еді.

- 1260 Халидтің аты арыды ара жолда,
Оған қалай ақылды табар жолда.
Арыған атты Халид арқалап ап,
Тоқтамай жүре берді және жолға.
- Арыған атын Халид арқалады,
Алдында не бар, не жоқ байқамады.
Үйінен шыққанына жыл өткенде,
Уәлияның шаһарына тақалады.
- 1270 Шаһарға ат арқалап Халид келді,
Тамаша қылып оны халық көрді.
«Ат арқалап жүрген бір баһадүр» деп,
Патшасының алдына алып келді.
- Патша мұнан жөн-жолдар сұрады енді,
Жауап тыңдап жамағат тұрады енді.
Өзінің қалай жүрген жөнін айтып,
Патшаға Халид баян қылады енді.
- Әуелі Пайғамбарды мадақтады,
Төгіліп тамамдады, жалықпады.
Әлиді іздеп шыққан жөнін айтып,
Ізіменен келгенін анықтады.
- 1280 Бұны естіп орнынан тұрды патша,
Әлидің серігі деп білді патша.
«Тақсырды сүйген көзің осы ма?» деп,
Тұра келіп бетінен сүйді патша.
- Халидке жабылады жанның бәрі,
Бетін, қолын сүйісіп қалды бәрі.
Астына күрсі қойып отырғызып,
Халидті сый-құрметке алды бәрі.
- 1290 Патша бұған Әлидің жайын айтты,
Өзін дінге салғанын, бәрін айтты.
Әбулмұхсин батырды іздеп кеткен,
Халидке бұл хабарын тағы айтты.

Халидтің көңлі бұған орнығады,
Мұсылман шаһарына жолығады.
Аты арып, жүдеп-жадап келіп еді,
Өзіне келіп сонда тынығады.

Тынығып, сонда өзіне келді Халид,
Патшаға жауап айтты енді Халид.
— Арысланды іздеймін, — деді Халид,
Сұрады жүретұғын жөнді Халид.

1300 Патша айтты: — Әскер жиып жүрейік, — деп,
Арысланның хабарын білейік, — деп.
Әбулмұхсин шаһарына біз де барып,
Тізе қосып соғысқа кірейік, — деп.

Көп әскер шықты жолға Халидке еріп,
Халид те жүрді бірге халыққа еріп.
Әбулмұхсин батырдың шаһарына
Жақындап келді түсіп*.

Әбулмұхсин батырға салды хабар,
Әскерден Әбулмұхсин алды хабар.
«Имам Әли тақсырдың әскеріміз»
1310 Деп, жазған осылайша берді хабар.

Әбулмұхсин алдынан өзі шықты,
«Мұсылманбыз» деп жазған сөзін ұқты.
Амандасып көрісіп мұсылмандар,
Бір жерден ықыластары түзу шықты.

Отырды бір-бірінен жөн сұрасып,
Арысланның хабарын көп сұрасып.
Бәрі де дінге енген мұсылмандар,
Білісті бірін-бірі бек сұрасып.

Айтысты Арыслан келген жайын,
1320 Мұсылман дінін қабыл көрген жайын.

* Қолжазбада өшіп қалған.

Екеуі де сөйледі бір-біріне,
Иман айтып, дініне енген жайын.
Халидті айтып, көрсетіп сол арада,
Және айтты Өлиді іздеп жүрген жайын.
Бір-біріне айтысты екеуі де,
Әрқайсы өз-өзінің білген жайын.

Әбулмұхсин орнынан түрегелді,
Халидтің жөнін естіп, біледі енді.
Түрегеліп көрісіп Халидпенен,
1330 Құшақтап беті-көзін сүйеді енді.

Мұнан кейін Өлидің жөнін айтты,
Алыстан іздеп кеткен елін айтты.
Сиқырмен қаннан дария орнаттырған,
Қаққаның қайласының көбін айтты.

— Соны іздеп кетті имам Әли, — деді,
Хабар жоқ сонан бері әлі, — деді.
Неше күн мұнда жатып қонақ болып,
Бірігіп жүрмек болды тағы да енді.

Бірігіп сапар жүрді екі әскер,
1340 Қаққаны іздеп бәрі кетті әскер.
Қанша заман жол жүріп қонып түсті,
Қан дарияға жуықтап жетті әскер.

Әскер келіп дарияға жуықтады,
Жайланып қонып түсіп, жуық барды.
Арысланның хабарын және естіңіз,
Бұл сөз енді осылай тұрып қалды.

Кәпір халқы жиылып шығып еді,
Сахараға мұнара құрып еді.
Имам Әли тақсырмен ойнағалы,
1350 Жамнұн батыр майданда тұрып еді.

Патша шығып отырды мұнараға,
Жамнұн батыр оңаша тұр далада.

— Қышмаш барып Жамнұнмен ойнасын, — деп,
Патша бұйрық қылды сол арада.

Жамнұнға Дүлдүлменен Әли келді,
Әлиді жиылған жұрт бәрі көрді.
— Өтірік «Арысланды өлтірдім» деп,
Қайда барып келдің сен, залым? — деді.

Жамнұн айтты: — Әлиге барып келдім,
1360 Мұсылманға қайғыны салып келдім.
Өтірік деп сен маған неге айтасың,
Өлтіріп басын кесіп алып келдім.

— Әли деген Арыслан — мен, — деп айтты,
Маған қашан жолықтың сен? — деп айтты.
Шаһарыңа қырғалы келіп тұрмын,
Менің не қылғанымды көр, — деп айтты.

— Мақтанба, ұрып сені күл қылармын,
Ұн қылып сүйегіңді сындырармын.
Сен түгіл Әлиңді өлтіргенмін,
1370 Екеуіңнің есінде бір қалармын.

Жамнұн батыр осылай лаң ұрады,
«Сені де өлтірем» деп шарт қылады.
Арыслан қаһары түсіп кетіп,
Зұлпықарын қолға алып ақырады.

Ақырды Әли Арыслан ашуланып,
Жамнұнға: — Тастайын, — деп, — басың алып.
Жер менен көк жаңғырықты айғайынан,
Халидке естілді даусы барып.

Қаққаның есі сонда ауып тұрды,
1380 Есі ауып жұрт тамаша қылып тұрды.
Жамнұнға қаһарланып қатты ақырған,
Есі ауып, ақылынан танып тұрды.

Өзгеге күркіреген күн секілді,
Күркіреген күнменен бір секілді.
Аттанып әскер саулап жүріседі,
Дарияның жағасына келіседі.
Жетіп келсе қан дария жол боп жатыр,
Дүлдүлдің ізін көріп біліседі.

1390 Дариядан өтті жүріп енді бұлар,
Қаққа залым жеріне келді бұлар.
Екпіндеп қатты жүріп келе жатыр,
Жиылған көп әскерді көрді бұлар.

Әли дауысы Расулға және жеткен,
«Жеткер» деп желге Құдай өмір еткен.
Сүйінші сұраттырып Патимадан,
Пайғамбар хабар беріп мағлұм еткен.

1400 «Арыслан бір майданға енді, — деген,
Соғысқа дұшпан жауын жеңді, — деген.
Қаһарланып майданда ақырып тұр,
Дауысы құлағыма келді» деген.

Қуаныш қылды мұны бәрі сонда,
Арыслан майданда тұр барып онда.
Өлгі қаһарланған бойыменен
Сілтеді зұлпықарын Жамнұнға.

Өзі бұрын көпірге ұрғызатын,
Сонан соң кезек алып тұрғызатын.
Жеңіп алған мезгілде дінге енгізіп,
Иман айтып, мұсылман болғызатын.

1410 Арыслан кезек беріп тұра алмады,
Ашу жеңіп, көңліне мұны алмады.
Зұлпықарын сілтеді Жамнұнға,
Мақтанған жауабына шыдамады.

Жәбірейілге бұйрық қылды Құдай:
— Кезек берсін көпірге бұрынғыдай.

Зұлпықарды қолынан түсір жерге,
Денесіне тигізбей бұрдыр былай.

- «Қолынан түсір, — деп, — зұлпықарды»,
Жәбірейіл сол мезгілде жетіп барды.
Арыслан зұлпықарды сілтегенше,
1420 Жәбірейіл шынашағын түріп қалды.

Зұлпықар қолдан түсіп жерге батты,
Құдай пәрмен қылмаса неге батты.
Жәбірейіл зұлпықарды тартып алды,
Қараңыз Арысланға берген бақты.

Зұлпықар жерге батқан екпінімен,
Сілтеудің қаттысының оныменен,
«Көк өгізге зарарың тиер» дейді,
Екпінмен жерге түскен селкілінен.

- Зұлпықарды жібермей тартып алған,
1430 Әли Арыслан қолына қайтып алған.
— Көпірдің кезегін бер әуелі, — деп,
Ұқтырды Хақ пәрменін айтып әбден.

Жамнұнға «сен ұр» деп айтқалы тұр,
Бұрынғы ретіне қайтқалы тұр.
Әуелі кезек беріп Жамнұнға,
Сонан соң зұлпықармен шапқалы тұр.

- Сол мезгілде артынан тозаң шықты,
Жердің жүзін қаптаған бір шаң шықты.
Сап тартып тұра қалды ту көтеріп,
1440 Мұсылманның белгісі сонан шықты.

Ту көтеріп, көп әскер келіп тұрды,
Бұларды Әли Арыслан көріп тұрды.
«Сен ұр» деп Жамнұнға айтқанынша,
Әскерді көріп көңіл бөліп тұрды.

Өлиді көрді Халид майдандағы,
Арманы көп артында қалғандағы.
Көрген соң Арысланды сабыр қылмай,
Халид батыр қасына барған тағы.

1450 Көрісті Арысланға Халид барып,
Атынан түсті Халид шауып барып.
Келіп тұрған әскерінің жөнін айтты,
Білінді Арысланға анықталып.

Әскерге тақсыр Өли өзі келді,
Айтқалы тұрған қазір сөзін көрді.
Уәлияның патшасы тағы да бар,
Келген Әбулмұхсинді көзі көрді.

1460 Көрісті оларменен имам Өли,
Бөрі жолда мұсылман қылғандары.
Екі патша келіпті әскерімен,
Көрісіп, амандасып тұрған бөрі.

Арттан әскер келді тағы бір қол,
Олардың іздегені бөрі бір жол.
Оны көре мұсылман болған зәңгі,
Даусын естіп Өлиді іздеген сол.

Оған дағы көрісті тақсыр Өли,
Жалғыз келіп көп әскер тапты Өли.
Оның да құлағына естіліпті,
Манағы Жамнұнға ақырғаны.

1470 Арыслан оларға айтты өз мәнісін,
Жамнұнның өтірік қылған ісін.
Өтірік айтып келген Жамнұн,
Жекпе-жекке шығып тұрған ісін.

Әбулмұхсин Өлиге келіп айтты,
Қатты соғыс болуын көріп айтты.
— Жекпе-жекке бұған мен барайын, — деп,
Өзінің қуатына сеніп айтты.

- Сабыр қыл, Әбулмұхсин батыр, — дейді,
Істе шала қылмайық ғапыл, — дейді.
«Менен қорқып майданға келмеді» деп,
1480 Мақтанар көңлі өсіп көпір, — дейді.

Өзім барып сүйегін сындырармын,
Сындырып сүйектерін күл қылармын.
Меніменен майданға шығып тұрған,
Әуелі мұның ісін тыңдырармын.

Мұнан соң көп көпірмен ұрысармыз,
Кезекпен майданға шығысармыз.
Көп көпір екеумізге жеткілікті,
Ыңғайына қаратса тұрысармыз.

- Бұл сөзбен Әбулмұхсин бөгеледі,
1490 Әли Арыслан майданға жөнеледі.
Манағы Жамнұн батыр орнында тұр,
Әлиді қайтып келген бұл көреді.

— Сен кеттің манағыдан қайда? — дейді,
Бар екен өзіңде көп қайла, — дейді.
Артыңда жиылған мынауың кім,
Бара ма боялғалы қанға, — дейді.

- Әскерім артымдағы келген, — дейді,
Әлимін, көп көпірді жеңген, — дейді.
Әуелі кезек беріп ұрғызамын,
1500 Қару қыл, келіп маған бермен, — дейді.

Ақырып айғай салып келді Жамнұн,
Майдандағы Әлиді көрді Жамнұн.
— Маған теңдес келетін өзің кімсің,
Бір ұрып көл қылайын, — деді Жамнұн.

Мұны айтып Жамнұн батыр қару етті,
Әлиді күрзіменен салып өтті.
Атының епкінімен ағып өтіп,
Әлиге қайта оралып тағы жетті.

— Нағылып тірі қалдың өлмей? — дейді,
1510 Қылышты қолына алып сермеді енді.
Әли Арыслан қылышын қайыра қағып,
— Ұмтылма, кезегімді бермей, — дейді.

— Ұр мені, кезек беріп тұрам, — дейді,
Мен де сені кезекпен ұрам, — дейді.
Жалғыз ұрып өзіңді өлтірем де,
Әскеріңді сонан соң қырам, — дейді.

Әли айтты: — Мұсылман бол енді, — дейді,
Мақтанып, айтпа бекер сөзді, — дейді.
Айтқаныма көнбесең тез өлерсің,
1520 Ажалыңның уақыты келді, — дейді.

— Мен мұсылман боламын нені көріп,
Қайрат-күшім тасып тұр және келіп.
«Мұсылман бол» деп маған неге айтасың,
Қалғалы тұрсың қазір өзің өліп.

Арыслан ашуланды мына сөзге,
Кәпір артық мақтаныш қылған кезде.
Жамнұнға сілтеді зұлпықарын,
Ат үстінде мақтанып тұрған кезде.

Зұлпықар Жамнұнды жарып өтті,
1530 Өзін жарып атынан ағып өтті.
Жамнұн батыр бөлінді екі басқа,
Кәпірдің жаһаннамға жаны кетті.

Ақырды қаһарланып енді Әли,
Батырды басқа екі бөлді Әли.
— Атым — Әли, Құдайдың Арысланы,
Кәпірлер, майданға шық! — деді Әли.

Бұл сөзді естіп тұрды Қаққа патша,
Биік жерде отырған тақта патша.
«Осының Әли екені шын шығар» деп,
1540 Мойнын бұрып қарады халайыққа.

— Бір балуан барсын, — деді, — жекпе-жекке,
Ұйлығып тұрма, — деді, — бекер-текке.
Бөлен батыр барсын деп атақтамай,
Бұ сөзді тегіс айтып тұрды көпке.

Баруға жалғыз адам бата алмады,
Патшаға жалғыз жауап айта алмады.
Жамнұнға қылғанын көргеннен соң,
Батырлар бөрі жауап қайтармады.

Патшаның өзі дағы қауіптенеді,
1550 Қауіптеніп қорыққанынан сақтанады.
Жау-жарағын асынып, атын баптап,
Мұнарасын жиғызып аттанады.

Патша мұнан кейін әмір қылды,
Жекпе-жекке барар жан жоғын білді.
— Жекпе-жекке барғаныңды тірі қоймас,
Жабыла ат қойыңдар бөрің, — деді.

Кәпірлер бөрі бір жол ат қояды,
Патшаның әмірін тұту шарт болады.
Мұсылманның әскері мұны көріп,
1560 Олар дағы жабыла лап қояды.

Соғысқа Әбулмұхсин, Әли кірді,
Мұсылманның әскері бөрі кірді.
Әрқайсы жүз кісілік балуандар,
Зәңгілер сан жетпейтін тағы кірді.

Кәпірді Әли Арыслан аралады,
Екі жақтан қылышпен сабалады.
Үріккен қойдай қашады кез келгені,
Маңына бірі беттеп бара алмады.

Салып жүр Әбулмұхсин және қырғын,
1570 Халидтің жүрген жері, о да қырғын.
Зәңгілердің бетіне келер жан жоқ,
Олар сала бастады жаман қырғын.

Кәпірлер есебі жоқ қырылады,
Көңілдері қайтысып торығады.
Сөйтіп жүрген мезгілде имам Әли
Қаққа залым патшаға жолығады.

Қаққаны келіп тұтты имам Әли,
«Мұсылман бол» деп үгіт қылған Әли.
Иман айтып, мұсылман болмаған соң,
1580 Шабады зұлпықармен мұнан әрі.

Патшасы өлді, кәпірдің туы құлап,
Қинамай тез өлтірді мұны бірақ.
Қалғандары «мұсылман боламыз» деп,
Арысланның алдында тұрды жылап.

Арыслан қабыл көрді жылағанын,
Берді енді өздерінің сұрағанын.
«Иман айтып, мұсылман болыңдар» деп,
Бәрін дінге кіргізіп жияды оның.

Мұсылман болды халықтың баршалары,
1590 Қырылып өліп қалды қаншалары.
Әли Арыслан бұйырды: «Билеп тұр» деп,
Әбулмұхсин болды оның патшалары.

Көп әскер жиылған малын алды,
Ойласып олжа малды бәрі де алды.
Патша мен Жамнұн қазынасын
Әуелгі уағдасымен Әли де алды.

Қайтысты амандасып енді әскер,
Өз-өзінің жеріне келді әскер.
— Пайғамбардың дидарын көрмек үшін,
1600 Біз дағы еріп жүрейік, — деді әскер.

Әли айтты: — Маған еріп жүре алмассың,
Дүлдүлдің жүрісіне ере алмассың.
Менің онда асығыс жұмысым бар,
Бір жөнелсем қарамды көре алмассың.

Сіздер маған рұқсатты беріңіздер,
Жұмысым бар дегенге сеніңіздер.
Жол-жарағын жабдықтап сайлап алып,
Өздеріңіз жайланып келіңіздер.

— Сенеміз сөзіңізге нанып, — дейді,
1610 Бұл айтқан жауабыңыз анық, — дейді.
Халид бізге басшы боп бірге жүрсін,
Көрейік Пайғамбарды барып, — дейді.

Жөнелді амандасып имам Әли,
Бөгеліп тоқтамайды онан әрі.
«Біз дағы Пайғамбарға барамыз» деп,
Халидті алып қалды мұнда бәрі.

Шыққалы төрт жыл үйден болған Әли,
Төрт жылдай бір сапарда жүрген Әли.
Мұнан соң біраз күнде жетіп келіп,
1620 Өзінің шаһарына келген Әли.

Көрісті бабасына Әли келіп,
Патима, Хасен, Хұсайын тағы келіп.
Хабарын естіген соң жиылысып,
Көрісті шаһар халқы бәрі келіп.

Сөйледі Әли Арыслан жүрген жөнін,
Төрт патша халқы дінге кірген жөнін.
Халидтің кейін қалған жайын айтты,
Басшы қылып барамыз деген жөнін.

Мұсылман болған халықтың адамдары
1630 Келеді Халидпенен тамам бәрі.
— Жомарт тойы өтті ме? — деп сұрады,
Сүндетке отырды ма балалары?
— Балалар жеті жасқа жетіп қалды,
Сенің ұзап кеткен соң жолың, — деді.

Расул айтты: — Бола ма ғажап, — деді,
Той тоқтады Әлиге қарап, — деді.

Үш жастан жеті жасқа сүндет уақыты,
Әлидің кешігуі себеп, — деді.

- 1640 Мұнан соң Садуақас тойын қылды,
Неше күн тамашалы ойын қылды.
Ат жетер жердің халқын мұқым жиып,
Аш-арықтың бәрін де тойындырды.

Бұл тойға шаһар халқы сый апарды,
Әрқайсы лайықтап бұл апарды.
Қаққаның Жамнұнмен қазынасын
Әли Арыслан сый үшін мұны апарды.

- 1650 Садуақас той қылды жиылғанға,
Әр түрлі сый кез болды бұйырғанға.
Мұнан соң той тарқады тамам болып,
Разы болды халайық сый қылғанға.

Артынан бір жылдан соң әскер келді,
Халидті «басшы бол» деп тастап еді.
Бұларды ертіп есен-сау Халид келді,
Әскермен Уәлиядан патша келді.

Әскермен Әбулмұхсин және келді,
Мұсылман бәрі сауап таба келді.
Пайғамбармен көрісіп амандасып,
Оларды сый-құрметке алады енді.

- 1660 Жатып-жатып қайтысты келген әскер,
Ашық боп Пайғамбарды көрген әскер.
Пайғамбардан бата алып қайтып кетті,
Хақ дінге ықыласын берген әскер.

Жеріне және қайтып әскер барған,
Мехнат, реніш көрмей аман барған.
Хазірет Әлидің бір соғысы
Осылайша ақыры тамамланған.

Шорман Білтебайұғлы мұны жазған,
Басқа кісі жоқ екен бұрын жазған.
Қыпшақбай хикаятты естуінше,
1670 Насырдан назым кеңес қылып жазған.

Айыпқа қоспа мені, тыңдаушы,
Шорманға айтсын айып қылған кісі.
Шорманның айтқан сөзін сәтті жазған,
Жоқ шығар назымшының бұзған жері.

Бұзылса қата болып қалған шығар,
Назымшы естігенін жазған шығар.
Естігенін айтқаннан жазып алған,
Қыпшақбайдың сөздері жалған [шығар].

Кітаптан хикаятын Шорман көрген,
1680 Назымла деп қағазын маған берген.
Хикаятта қисса боп жүрген сөз көп,
Айыпты жүргізесің одан неден.

Мен жаздым Шорман айтқан тілін алып,
Көзімнен көргенім жоқ мұны жазып.
Менің жазғанымнан қата болса,
Қалған жерін түзеңіз біліп алып.

... * назым неге сызасың деп,
Насыр сөзді назымға бұзасың деп.
Үш сөзді үйлестіріп он шығарып,
1690 Неше сөз арасына тығасың деп.

Өзімнің қатамды түзеткенін,
Білмеген жөнімді айтып үйреткенін.
Шариғат хүкімінше дәлел беріп,
Білдірмек керек қата күн өткенін.

Бар шығар жетпеген соң білмегенім,
Бір әдет назым жазып үйренгенім.

* Қолжазбада өшіп қалған.

Назымнан наһи қылып тыйса біреу,
Жөн болмас түзу жолға жүрмегенім.

Сыйлап жазған сөз емес бір адамға,
Бахис қылып жазбаймын мұны адамға.
Обал, сауап екенін айыра алмай,
Назым жазып беремін сұрағанға.

Олар назым сөзге көп қарайды,
Көңілін анық беріп, бек қарайды.

... ..* себебі бар,

1706 Қызығып қисса оқиық деп қарайды.

* Қолжазбада өшіп қалған.



قصه أبو شخما

Қисса Әбушахма

Әуелі сөз сөйлейін бисмилладан,
Сауабын бисмилла білмес надан.
Жамағат, құлақ салып тыңдасаңыз,
Азырақ сөз сөйлейін Шахмадан.

Екінші хамду айттым бір Аллаға,
Сөзімде кеше-күндіз бек көп сөна.
Сипатын Әбушахма айтып болмас,
Ұқсаған ұжмақ іші бейне хорға.

10 Салауат пайғамбарым Мұхаммедке,
Шапағат қыл күнәһар біз үмбетке.
Айрылып күнәһтан Шахмадай,
Бар ма екен сапар қылған ақыретке.

Жаһанның тарлығына көзім салдым,
Қолыма мен бір ғаріп қалам алдым.
Ғаріптің ел ішінде көңілін аулай,
Қиссасын Әбушахма жаза салдым.

20 Сөйлесе сөзі тәтті шекер-балдай,
Секілді жаңа өспірім бойы талдай.
Зарланып Құран оқыса Әбушахма
Тартыпты Мұхаммедке үні талмай.

Нұр сипат көркін көрсең, жүзі айдай,
Толықсыр жас баланың көңілі майдай.
Қирағат мақамына мейірің қанар,
Ақ құйрық памилнай көміл шайдай.

- Өнері Әбушахма кеткен асып,
Қайғысын сахабаның жүрген басып.
Дауысын Пайғамбардың сағынғанда,
Шахманы оқытысыпты шуылдасып.
Шахмаға өнер берген Хақ Тағала,
30 Ішінде Лаұх Махфуз нұр сипатын
Құдайым артық қылған шаһизада.
- Жиырмаға жаңа келген нұрдың жасы,
Шахманың Хасан, Хұсейін жан жолдасы.
Далаға Шахма бас боп сейіл құрып,
Тізілген өңшең бағлан сайдың тасы.
- Сөйлейін шаһариарды құрмет етіп,
Барады ғаріп жанға ажал жетіп.
Бұл сырын неш мұсылман біле алмайды,
Кетіпті біраз ғана заман өтіп.
- 40 Қайратын Әбушахма қыла алмайды,
Болғанын халін нешік біле алмайды.
Атына ғазиз сұлтан міне алмайды,
Науқасы бек қинайды ғаріп жанды.
Қарамай өзгелері жүре берді,
Бар еді көпірдің жалғыз үйі
Қалжырап Әбушахма соған келді.
- Баланы жүһүд көріп қайран қалды,
«Жас бала мұсылман» деп ойына алды.
«Омардың баласымын» дегеннен соң,
50 Тезірек сарайына алып барды.
- Ойлайды көпір «қастық қылайын» деп,
«Осы жерде құмарымнан шығайын» деп,
«Бір түрлі жала жауып баласына,
Омардың әділдігін сынайын» деп.
- Барады төубе қылмай күнім өтіп,
Көпір тұр жас баланы құрмет етіп.

«Басыңыз іше қойсаң жазылар» деп,
Бір аяқ шарап алып келді жетіп.

Шарапты шөлдеп тұрған салды жұтып,
60 Жас бала мас болады [мұны] ішіп.
Біле алмай есі-түсін сандалады,
Шаһзада арақ ішкен халі кетіп.

Бар еді сол көпірдің жалғыз қызы,
Ер жеткен адам еді оның өзі.
Қызына тез жүгіріп келе салып,
Жүһүдтің көпірлікпен айтқан сөзі:
— Айналайын, жан балам,
Айтқан тілге нан, балам.
Тамашаға сейіл құр,
70 Сарай жаққа бар, балам.
Ол сарайға кір, — дейді,
Кел, соңымнан ер, — дейді.
Ішінде оның жігіт бар,
Нұр сипатын көр, — дейді,
Өдейі іздеп әкелдім
Күйеулікке мен, — дейді
Көңіліне оның ұнаса
Қалағанын бер, — дейді,
Үйір қылып көр, — дейді.
80 Өмірің өтіп барады,
Азырақ ойнап, күл, — дейді.

Қыз шайтан мұны естіп жүгіріп келді,
Келген соң қуанады жүзін көріп.
Мастықпен Әбушахма біле алмайды,
Қалыпты сол арада ойнап-күліп.

Мастықпен Әбушахма шайтанға ерді,
Бір-екі көпір қызын зина қылды.
Ес-түсін біраздан соң жиып алып,
Аттанып Әбушахма жүре берді.

- 90 Есіне қылған ісі келіп түсті,
Тітіреп өне бойы, зәресі ұшты,
Мүбәрак екі көзі қанға толып
Жылайды: «Көре алман нұр пейішті».

- Әбушахма жылайды,
Көзін жасын бұлайды:
— Кәпірдің қызын кез қылып,
Һәр не қылсаң жарайды.
Зар жыласам Құдайға,
Тәубе қылсам бола ма.
- 100 Жиырмаға жетпей-ақ,
Жолықтым үлкен күнәға.
Кез қылды маған бұ істі,
Қиындық басқа іс түсті.
Не деп тәубе қылайын,
Тәңірім мақұл көрмес-ті.
Біліп қойса атамыз,
Бастан кешкен қатамыз,
Афласонның қолында,
Қамшыда қор боп жатармыз.
- 110 Құдайым кешсе мұнымды,
Қамшы тілсе жонымды.
Жас басымнан ұрындым-ау,
Құмайын өткен күнімді.
Жолықтым үлкен жалаға,
Кез кел[дім] бір сам бөлеге,
Екіншіде мен ғаріп,
Шықпас едім далаға.
- Бір заман кейде толар, кейде солып,
Қалармыз ажал келсе бір күн өліп.
- 120 Әнеукүн Шахмаға қосылғанда
Қалыпты кәпір қызы буаз болып.

Жаратқан Құдай шаһзада . . .^{*}
Ерлерге иман берсін Хақ Тағала,

^{*} Қолжазбада бір сөз түсіп қалған.

Тоғыз ай, он күн тамам болғаннан соң,
Тауыпты көпір қызы бір жас бала.

Ол жүһүд мұны көріп қайран қалды,
Баланы етегіне орап алды.
«Апарып өз қолымен берейін» деп,
Омардай падишаға алып барды.

- 130 Қуанып келе жатыр көпір күліп,
Боларын айтқанының іші біліп.
Сағынып Пайғамбарды шаһариарлар
Үйінде тарқаушы еді хатым қылып.

Бұл жүһүд ниһаятсыз көпір еді,
Бәдбахт ойлағаны ақыл еді.
Омар мен Әбушахма, шаһариарлар,
Мәсжидте хатым қылып жатыр еді.
Құранды-ай Әбушахма оқыр еді,
Батасын молда Оспан қылар еді.

- 140 Бағыштап рухына Пайғамбардың,
Жарандар қайтайын деп отыр еді.

Есіктен көрінеді көпір кіріп,
Келгенін бір жұмысқа Омар біліп.
«Келеді, — деп, — мәсжидке бұ қалайша»,
Жарандар қайран болды мұны көріп.

Күнәға Әбушахма қалған батып,
Кеткені бала болған бір-ақ жатып.
Есіктен келді дағы көпір жүһүд,
Баланы тастай берді шырылдатып.

- 150 Сонда жүһүд сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Айтайын деп бір арыз,
Келіп едім мен дейді.
Сізге деген бұл датым,
Айтайын енді сөз салтын.
Шығып еді жұртыңа,

- Әділ Омар, жақсы атың.
Жұрт билеген падишам,
Әділ Омар, бекзадам.
- 160 Жалғызыңа айтып па ең
Кәпірлерден ал қатын?
Кітабыңа көзің сал,
Келіп тұрмын сөз салып.
Шахма балаң кетті ғой
Жүрегіме мұз салып.
Себеп болған балаға,
Қызымды менің ала ма.
Шыққан екен далаға,
Басы ауырып кез болған
- 170 Біздің жалғыз сарайға.
Қылғаны анық болмаса
Күйдірмейін жалаға.
Екі көздің қарасы,
Адамның не-дүр шарасы.
Осы сөздің түбіне
Көзің салып қарашы.
Әділ Омар, сен едің
Мұсылманның данасы.
Қара қылды қақ жарған
- 180 Дін исламның сарасы.
Әділдігіңе алмасаң
Мұның да бітпес жарасы.
Қатын қылды қызымды,
Құда қылдың өзімді.
Сендей әділ патшамен
Теңдесіп тұрған кезім-ді.
- Өнерім Тәңір берген артық дейді,
Жел сөзге қызыл тілім сәмпылдайды.
«Әкесі жендет болды балаға» деп
- 190 Қуанып, кәпір жүһуд жампылдайды.
- Таранып әділ патша сұңқылдайды,
Жас бала шала-жансар қыңқылдайды.

Әділдік қаһарына мейірі келіп,
Тас мәсжид қорғасындай былқылдайды.

Омардың көпір қорқар қарасынан,
Қорқа-дүр тақсыр ердің қаһарынан.
Ер Омар мойнын бұрып Шахмаға,
Сұрайды «рас па?» деп баласынан.

200 Қорыққаннан Шахма жастың іпші күйді,
Боларын бір сұмдықтың енді білді.
«Бір түрлі қинауменен өлтіремін» деп,
Асхабтың қол астына бәрін жиды.

— Жетті ме жас басымнан ажал, — дейді,
Болды ма көпір жүһүд надан, — дейді.
Өтейін шаһид болып бұ дүниеден,
Әйтеуір тозақ ішінде жанам, — дейді.

— Шыныңды айт, Шахма бала, жетті қаза,
Алданып жалғыз сөзге болма наза.
Менің қаһарым, әй, балам, дәнеме емес,
210 Алдыңда күнәліге — қатты жаза.

Шахма айтты: — Бір іс қате өтті, — дейді,
Түбіме көпір жүһүд жетті, — дейді.
Өлейін жалған айтпай, шынымды айтып,
Бұйрығы бір Алланың жетті, — дейді.

— Жөн болар шын айтқаның, Шахма балам,
Қирағат мақамына көп-дүр сәнаң.
Қинаумен өлтірейін, балам, сені,
Пейішті нәсіп қылсын Хақ Тағалам.

— Өлтірсең ризамын, атам, сізге,
220 Кешіңіз ата хақын сіз де бізге.
Кеттім-ау күнәһлі боп, уа, дариға,
Алданып нәпсі менен жалған сөзге.

Шахмаға бұл бөлені Төңірім салды,
Күнәлі баласына қаһарланды.
Мәсжідтен алып шығып Шахманы,
Жетелеп дар басына алып барды

Мінеді әділ Омар қаһарына,
Тақсырдың кім шыдаған заһарына.
«Баласын әділ Омар асады» деп,
230 Жайылды Мәдиненің шаһарына.

Омардың Шахма зада жалғыз ұғлы,
Ерлердің сайыпқыран қызыл гүлі.
Қамшыгер жазалыға дүре салған,
Бар еді Афласондай жөнсіз құлы.

— Афласон шапшаң мұнда келсін, — [дейді],
Жазасын бұл баланың берсін, — дейді.
Жүз қамшы дүре ұрсын жалаңаштап,
Қор болып қамшы астында өлсін, — дейді.

Афласон тез жүгіріп келді дарға,
240 Омардай кім шыдаған алды тарға.
Жиылып күллі шаһар тітіреді,
Бетіне қарсы келер заман бар ма?

Ашуы ер Омардың болды күшті,
Есітіп Оспан, Әли жүгірісті.
Бұл істі кешу қылып кетер еді,
Тұра тұрса өзелінде хақ өлімі.

Оспанның сұрағаны

Сонда Оспан айтады,
Айтпай енді қайтеді.
Пайғамбарды жоқтасып
250 Қайғы-жапа тартады.
— Шарифатты жөн, — дейді,
Әділ Омар сен, — дейді.

- Нұр иесі* атанған
 Молда Оспан мен, — дейді.
 Жетім қалған біздерді
 Пайғамбардан . . . **, — дейді.
 Тәубе қылса кешірер,
 Осы ашуың бер, — дейді.
 Құрметі үшін бабамның
 260 Төкпе қанын баланың.
 Құтылуға қиын ол
 Тәңірім бөле салғанның.

Сонда Омар айтады:
 — Оспан жарым, жолыңа
 Пида болсын ғазиз жан.
 Бұл істі енді менен сұрамаңыз,
 Қан төкпей кешілмейді күнелары.
 Өкініп молда Оспан болды наза,
 — Бар, — дейді, — рақымымызға йаумул жаза.

- Омардың жаны ашымай баласына,
 270 Шынымен жеткен тағдыр қазасына.
 Барады іші күйіп Әли Арыслан,
 Ағызып екі көзден қып-қызыл қан.

Әлидің кәлимасы

- Шаһимардан сұрайды,
 Қайғы көріп жылайды:
 — Бабам болса бұл іске
 Бір қайланы қылғай-ды.
 Пайғамбардың дауысын
 Мақамына салғай-ды.
 Сағынғанда тыңдайтын
 280 Халіміз нешік бұл, — депті.

* Нұр иесі — үшінші халифа Оспанның теңеуі: Мұхаммед пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң екінші қызы Үммігүлсімге үйленуіне байланысты Оған зун-Нұрайын — «екі шамшырақтың, нұрдың иесі» деген құрметті атақ берілген.

** Бір сөз танылмады.

Жазалы болып қамшы сор,
Өліп бітер қайран ер.
Құрметі үшін бабамның
Тәубе қылып кешіре гөр.
Баланың қанын жүктеме
Осы ашуыңды маған бер.

— Сөзіңе жаным пида Оспан, Әли,
Бұл дүние баршамыздан өтер пәни.
Күнәден сіз де, біз де бейшарамыз,
290 Біздерді-ай асып кетер күнелары.

Жиылып күллі шаһар сұрайды енді,
Зарланып сұраса да болмайды енді.
Баласының қол-аяғын байлап алып,
«Соққын» деп, Афласонға бұйырды енді.

Сықылды апта түнеп туған айдай,
Ұруға құлдың қолы бара алмайды-ай.
Қамшыменен екі қабат ұрып еді,
Шырылдап ғазиз сұлтан жата алмайды-ай.

Шахма айтты: — Уа дариға, ғазиздарым,
300 Барады-ау таяқ өтіп шыбын жаным.
Балаға ата жақын болмай ма екен,
Жан баба, қиналды ғой ғазиз жаным.

— Етіңе қамшы өтті ме, балам, — дейді,
Бұдан да тамұқ оты жаман, — дейді.
Құтылсаң қамшыменен тәуір, — дейді,
Сөйлетпей тез ұрыңыз, жылдам, — дейді.

Афласон сол араға онды салды,
Қиналды бейшараның шыбын жаны.
«Онды соқ және үстіне» дегенінде,
310 Шыдамай сахабалар шуылдайды.

Афласон сол арада отыз ұрды,
Қызыл жүз, ақша етіне қамшы кірді.

Оспан, Әли сөзіне құлақ салмай,
«Тағы да онды соқ» деп бұйрық қылды.

Қырық соқты Афласондай батырлары,
Тұрады иман айтып жақындары.
«Хазірет Фатима үшін бізге бер» деп,
Сұрайды асхабтардың қатындары.

Қамшы өтіп Шахма зарлық қылар,
320 Қызыл гүл бақшадағы шөптей солар.
Әділдік қаһарына мініп алды,
Болмайды не қылса да хазірет Омар.

Омар айтты: — Афласон құлым, — деді,
Батпайды сенің бұған қолың, — деді.
Ер Омар ашуланып Афласонға:
— Жиырма тағы бұған соғың, — деді.

Баласын сол арада және соқты,
Соқпаса ғаріп жанынан өзі қорықты.
«Ішім күйіп барады, сусын бер» деп,
330 Сол жерде Шахманың тілі шықты.

Шахманың сөзі

Жылайды енді бекзада,
Күнәлі болып тұрса да
Өлтірмесе нетеді
Қамшыменен ұрса да.
— Уа дариға, жан атам,
Таудан үлкен көп қатам.
Махшарда күлкі болмайын,
Мен емес пе жас ботаң.
Атасыменен араз дер,
340 Әуелі берші оң батаң.
Неқаһсыз бала туған-ды,
Көзімді кімге саламын.
Ризалық бермесең,
Көзімнің жасын көрмесең,

- Ықыласың бермесен,
Атам бар деп махшарда
Артыңыздан ермесем,
Қайда бардым мен ғаріп.
Ашымайды жаныңыз,
350 Нала болып еңіресен
Жалғыз ұғлың тез өлер,
Ақыретке жөнелер.
Алла деген құлына,
Аңдушы дұшпан кез келер.
Қол-аяғым байлаулы,
Қолымнан менің не келер.
Құдай үшін балаңа
Бір жұтатын сусын бер
Ризалық алып жатайын.
360 Уа, дариға-ай, атеке,
Енді маған батаң бер.

— Жас бала Әбушахма, ақылың зерек,
Күнәнің көп, сусын ішіп неге керек.
Ішерсің ақыреттің шараптарын
«Тағы да онды соқ» деп қылды бұйрық.

Афласон сол арада тағы да ұрды,
Қызыл жүз, ақша етіне қамшы кірді.
«Бір көріп жан барында қалайын» деп,
Анасы жетіп келіп жүзін көрді.

Анасының кәламы

- 370 Анасы келіп салды қол,
— Уа, дариға, жан бұлбұл,
Өсірген сүйіп құлыным
Қамшы астында қалды ма,
Гүл еркін өсіп жүргенде
Сайраушы едің, қызыл гүл.
Әкеңе қарсы кім келер,
Құлыным, енді аман бол.

Махшар күні болғанда
Алдымнан, ұғлым, шығар бол.

- 380 Ер Омар ашуланды анасына
Бір жұтым сусын бермей баласына.
«Тағы да онды соқ» деп қылды бұйрық,
Етінің қамшы кірді арасына.

Афласон сол арада онды соқты,
Етіне қамшы саны сексен бопты.
Жайылып тоқсан қамшы денесіне,
Сол жерде шаһзаданың жаны шықты.

- Көпірлер бұл ісіне қалды күліп,
Мұсылман зарлық етті іші күйіп.
390 Оспан, Әли үстіне қара киді,
Жоқтығын пайғамбардың сонда біліп.

Көктегі періште қара киді,
Ұжмақта хор қыздары зар еңіреді.
Ұшқан құс, жүгірген аң зарлық етті,
Ғаламның он сегіз мың бәрі еңірепті.

Ұжмаққа Әбушахма кетті жаны,
Жүк болды сол арада көпірге ердің қаны.
Қамшыны әділ Омар қолына алып,
Жаны жоқ сүйегіне он ұрғаны.

- 400 Ұжмаққа Әбушахма жаны кетті,
Соңғы ұрған қамшыменен жүзге жетті.
Омардың іші күйіп баласына,
Құшақтап «жалғызым» деп жылағаны.

— Айналайын, жан балам,
Ұжмаққа тура бар, балам.
Пайғамбарға кез келсең
Жарандарға айт сөлем.
Екі көзімнің қарасы,
Бағырымның парасы,

- 410 Алла жазған тағдырға
Пенденің жоқ шарасы.
Енді сабыр қылайын,
Тіл тигізбей жылайын.
Ғарасат майдан болғанда
Үстем болсын талайың.
Періштелер сұрғанда
Бабаң болсын панайың.
Күнәнің қалса мойнында
Ғапу қылсын Құдайым.
- 420 Әгар келсе бір шамам
Көзімнің қырын салайын.
Тәңірім қазы болғанда
Махшарда тауып алайын.
Беріп, алған Аллаға
Шүкірлік қылып тұрайын.
- Омардай жан тумаған неш ғадалат,
Баласын қолмен ұрып қылған опат.
Оспан, Әли көтерді бастарына,
Олардың рухына мың салауат.
- 430 Анасы болып қалды тірі ғаріп,
Қиын екен туғасын жүрек жарып.
Ғазиз жан өшіп кетті дем біткен соң,
Құр сүйек қала берді, төні шіріп.
- Жігіттер, иманыңды боққа сатпа,
Көңіл бөл намаз үшін, ұйықтап жатпа.
Арулап жаназалап Шахма жасты,
Мінгізді табыт деген ағаш атқа.
- Тысқары алып шығып Мәдинеден,
Бұйырған топырағы қойды жерге.
- 440 Әділдік, өнер керек ер жасында,
Өнер бар қызыл тілдің аясында.
Шахманы хазірет Әли түсте көріп,
Расулдың отыр екен тізесінде.

Шахманың сөзі

- Баланың келіп бір үйге,
 Нәпсіге көңіл бұрғаны.
 Бұ жалғанда адамның
 Әкесі екен қорғаны.
 Тоқсан шыбық ұрғанда
 Жанымның ғайып болғаны.
- 450 Перзентіне жуымай
 . . . * келіп тұрғаны.
 Сүйегіме жаны жоқ
 Он қамшыны ұрғаны.
 Бастан-аяқ, әй, тақсыр,
 Баланың осы болғаны.
- Атанғаны осылай әділ Омар,
 Тақсырдың қылған ісі Хаққа ұнар.
 Тысқары шарифаттан бұрылмайды,
 Кісі емес мінез бірлән адам сынар.
- 460 Ұйқыдан Әли Арыслан түрегелді
 Шахманың шаһидтігін енді білді.
 Түсінде пайғамбарды көргендерін
 Омарға айтайын деп келді енді.
- Сүйінші, Омар патша, келдім сұрап,
 Көңілім ояу, көзім ұйқы, жаттым сұлап.
 Көргенін Расул Алла[ны] айтып отыр,
 Көзінің тамам қылды жасын бұлап.
- Бес күндік опасы жоқ мына жалған,
 Жақсы өтіп бұ дүниеден жаман қалған.
- 470 Жамағат, өлмеймін деп ойламаңыз,
 Әкеміз баршамыздың — Адамды ** алған.
- Ағалар, мына жалған жақын қалған,
 Адамдар сұм дүниеге көңіл салған.
 Жігіттер, құлшылық[ты], сірө, қойма,
- 475 Біз түгіл әулиелер оларды алған.

* Бір сөз танылмады.

** Бұл жерде Адам ата сөз боп отыр.



هکایة أبو شاهيما Хикая Әбушаһыма

Өтіпті ілгеріде қанша жандар,
Тыңдаушы, құлағың сал, мұсылмандар.
Өткен ел өз тұсында неше түрлі,
Және де өткен уәли, көп мұрсалдар.

Ақырдың пайғамбары хақ Мұстапа,
Жараны жанындағы төрт шаһариар.
Әли мен Әбубәкір, әзірет Оспан,
Дүниеден өткен ерлер әділ Омар.

Дейтұғын Әбділда мен Әбушаһыма,
10 Омардың сол уақытта екі ұлы бар.
Құс әуез Әбушаһыма молда екен,
Шығатын лебізінен түрлі әуездер.

Оқыса Әбушаһыма «Кәлам Шәріп»,
Келгендей болады екен хақ Пайғамбар.
Дауысын Пайғамбардың сағынғанда,
Құранды оқытушы еді сахабалар.

Бір күні Әбушаһыма науқас болған,
Жолында ата-анасы болды құрбан.
Жазылса осы ұлым деп әзіреті Омар,
20 Тұтуға он ораза уағда қылған.

Бір Алла бұл тілегін қабыл етіп,
Баласы бас көтеріп, тәуір болған,
Аллаға еткен Омар уағдасымен,
Он айда ораза ұстап тамамдаған.

Бір күні келді жиылып сахабалар.
Омарға айтты: — Өтініш, арызымыз бар
Шаһымаға «Кәлам Шәріп» оқытайық,
Сағындық Алла досты — хақ Пайғамбар.

30 Өтінішін падиша Омар қабыл етіп:
— Мешітке, — деді, — кешке барыңыздар.
Шақырып Шаһыманы апарайын,
Оқытып «Кәлам Шәріп» тыңдаңыздар.

Онан соң Шаһыманы барды алып,
Жиналды сахабалар хабарланып.
Мысалы Пайғамбардың даусындай,
Оқушы еді неше түрлі әуез салып.

Көргендей Мұстапаны көп сахаба,
Тыңдады «Кәлам Шәріп» рахаттанып.
Әуезін естігендер тұрды жылап,
40 «Рақымет, Әбушаһыма, — дейді, — шырақ».

Дұғаға қол көтеріп көп жамағат,
Саулығын Шаһыманың Хақтан сұрап.
Жиналып таң намазын оқыған соң,
Жылаумен сахабалар кетті тарап.

Мұнан соң Әбушаһыма үйге кетті,
Жолшыбай көрді бала бір жүһүдті.
Баланы көріп жүһүд айтты сонда:
— Сарғайған жүзің неге мұнша? — депті.

Бала бұлайша жауап берді жүһүдке:
50 — Мен душар болып едім үлкен дертке,
Хақ Жаппар ақырын беріп апу етіп,
Жеткерді жеңілдетіп есендікке.

Жүһүд айтты: — Керек, — деді, — дәрі саған,
Боласың дәрі ішпесең мұнан жаман.
Мен саған ем қылайын дәрі беріп,
Аурудан айықпаған бар ғой шамаң.

Сап қылып сағатында кеселінді,
Жақсылық еткім келеді саған, балам.
Сұрайды Әбушағыма ол жүһүдтен:
60 — Беретін дәріңізді айтшы маған.

Жүһүд айтты: — Беретұғын дәрім арақ,
Кітапта оның аты — «Арақ-шарап».
Шат қылып көңіліңізді көтереді,
Ашуы басылған соң бойға тарап.

Сауығып сағатында кеселіңнен
Минәтте жазыласың бермен қарап.
Егерде тілімді алып ішпесеңіз,
Кеселің көбейеді күн-күн санап.
Елі үшін ішсең бала ештеңе етпес,
70 Ішпесең болар түбі әлің харап.

Бала айтты: — Ішуіме менің арам,
Арамды бұйырмады Хақ Тағалам.
Жүһүд айтты: — Залалы жоқ зәрушілік,
Іше бер, зияны жоқ, — деді, — балам.
Мас болып ішкен заман қызуланып,
Кетуге көшеменен ұрды қадам.

Көшемен келе жатыр бала кетіп,
Бір үйге қызулықпен келді жетіп.
Төрінде толықсыған бір қыз отыр,
80 Қарады бала қызға назар етіп.

Өзілдеп әлгі қызға асылады,
Нәпсінің қалауынша көңіл етіп:
— Қайтсем де мақсатымды орындаймын,
Көнбесең өлтіремін күш көрсетіп.

Қыз айтты: — Қорықпаймысың бір Құдайдан,
Атақты атаң Омар падишадан.
Шәрманда шарифатқа істер істеп,
Не дейсің ақыретте, иә, надан.

- Мастықпен масқараны тыңдатпады,
90 Мақсатын орындады бала тамам.

Балаға ол қыз айтты тағы және,
Қыз екен өзі зипа, ақылы дана.
— Сыртқа бұл сырыңды білдірмеспін,
Еңіретпесе өзі Хақ Тағала.
Білдіріп құпия сырды қойса Құдай,
Жасырып бола алмаймын мен масқара.
Құдайдан әм ата-анаңнан ұялмастан,
Бұл істі қылдың қате сен, жас бала.

- Мұнан соң Әбушаһыма қайтып кетті,
100 Арада жылдан аса күндер өтті.
Бір жақтан Шаһыманың себебінде,
Сұлу қыз екі қабат болды жүкті.

«Қалайша бала туса етермін» деп,
Сарғайып сәнаменен болды күпті.
Осылай уайымда жүргенінде,
Баланың туатұғын күні бітті.

- Толған соң туды бала тоғыз айға,
Таппасқа таптырмады ешбір айла.
Халыққа қаншалықты масқара боп,
110 Кетпестей кір жағылды абыройға.

Үйінде әкесінің бала табу,
Қыздарға қиын жұмыс жеткен бойға.
Көппенен күліп-ойнап қосыла алмай,
Қорғалап бара алмайды жиын-тойға.
Баланы падишаға апармақтың,
Пікірі бір күндері түседі ойға.

- Омарға алып келді қыз баласын,
Кідірмей келіп айтты мұддағасын:
— Арызымды әділдікпен тыңда, тақсыр,
120 Бақ қонған байтақ елге падишасың.

Әлемге әділдікпен атың шыққан,
Аш, тақсыр, бұл жұмыстың ақ-қарасын.
Өткен жыл ұлың Шаһыма бір күндері,
Мас болып келді үйіме сыбап басын.

Отырған үйде жалғыз көріп мені,
Аударды арам жолға ықыласын.
Қайтесің дедім оған ақыретте
Әлемнің он сегіз мың бір Алласын.

Сөзімді қанша айтқанмен қабылдамай,
130 Ұмтылды жайып маған бар құлашын.
Егер де бала туып қалмағанда,
Адамға айтпас едім бұл күнөсін.

Сол күні балаң қыздан пайда болды,
Ей, тақсыр, бұл ұғланды не қыласың?
Балаңнан туған ұлды өзің алып,
Шариғатпен Шаһыманың бер жазасын.

Деп сұлу падишаға айтты бәрін,
Хусусан болған істің маниқасын.
Қалдырмай айтты бәрін болған сырдың,
140 Мазмұндап маниқасын мақлил жырдың.
Естіп әділ Омар қайран қалып,
Күңгірттеп айдын көңілін басты кірбің.

Ол қызға Омар айтты: — Қалай сөзің,
Мен бұрын көргенім жоқ еш мінезін.
Қасаммен сөзіңді рас қыласың ба,
Қалайсың ант ішуге сенің өзің?

Растап сұлу сонда қасам ішті,
«Айғағым Ақ Тағала», — [деп], — өзі күшті.
Оқиғасын өткен істің бәрін айтып,
150 Ант ішіп растады болған істі.

Сөзіне қыздың айтқан Омар нанды,
Ашумен көрмей көзі тірі жанды.

«Қалай, — деп, — бұл қадиса», қапа болып,
Үйдегі баласына өзі барды.

Падиша Омар келді үйіне түйіп қабақ,
Шаһма отыр екен ішіп тамақ.
— Ал, балам, бұл тағамнан әбден тойып,
Ұзақ жол жүретұғын болды себеп.

Айтады әзірет Омар баласына,
160 Көзінің ағы менен қарасына:
— Өткен жыл кімді көрдің жол үстінде,
Мешіт пен өз үйіңнің арасында?

Оларға өтірік айту өте қиын,
Тана алмай келді бала расына.
— Қателік кетті менен, кешір, ата,
Масқара перзентіңді қыласың ба.

Мұнан соң әділ Омар жиды халқын,
Орындап падишалықтың түрлі салтын.
«Күнәһар Әбушаһыма болыпты» деп,
170 Жинады шаһардағы жас пен қартын.
Жиналды Меккеліктің бірі қалмай,
Ерлері айырыпты сөздің парқын.

«Жүз дүре Шаһымаға үкім еттім»
Деп, Омар айтты көпке шама-шарқын.
— Жазасы жазықтының қандай екен,
Көзіңмен көріңіздер тегіс жалпың.

Баланы мұнан кейін қойды керіп,
Жылайды жиылған жұрт мұны көріп.
Үкімі шарифаттың болғаннан соң,
180 Өркімнен кетіп тұрды сөйлерге ерік.

Шақырып Абыланы әзірет Омар,
Шаһымаға келді кезек дүре соғар.
Қашаннан күнәліге дүре ұратын,
Дейтұғын Абыла атты сахаба бар.

Деді де бар киімін шешіндірді,
Жатқызып екпетінен көсілдірді.
Тірліктен күдер үзіп Өбушаһыма,
Жалғанның сарайынан бетін бұрды.

Омарға былай деді сонда Абыла:
190 — Күш-қуат берген маған Ақ Тағала.
Мен егер бар күшіммен ұрар болсам,
Болады тау менен тас пара-пара.

— Ұра бер! — деді сонда әзірет Омар,
Күшінді алып қалып, — деді, — аяма.
Өмірі атасының болғаннан соң,
Жалаңаш дүре астында жатты бала.

Он дүре ұрды әуелі санап тұрып,
Аямай-ақ денесін кетті тіліп.
Бір еткен қателіктің себебінен,
200 Баланың басына түсті қиыншылық.

Зарпына салған дүренің шыдай алмай,
Жас бала жалынады зарлық қылып:
— Жалынам сізге, жан ата,
Жастықпен қылдым бір қата.
Әділдік Хақтың өмірімен
Көрсеттің маған көп жапа.
Аямай ата балаңды,
Ұрғыздың дүре зарлата.
Сабыр бер маған сасқанда,
210 Алланың досты Мұстапа,
Тіледім жәрдем сіздерден.
Адам нәби, Ауа ана,
Алдауымен шайтанның,
Басыңа түскен көп қапа.
Нұх нәби мұрсалдың,
Топанға қауымын алдырып,
Набуд қылдың қирата.
Жасаған, саған жалындым,
Жаратқан жүмлөні егесің.

- 220 Жоқтан бар ғып туғызып,
Барды жоқ қып көмесің.
Ыбыраһым Халелді
Кәпірлер отқа атқанда,
От ішінде жәрдем боп,
Күйдірмей шықтың денесін.
Ысмайыл нәби мұрсалды,
Құрбандыққа шаларда,
Ғайыптан қошқар жіберіп,
Пышақтан сақтап өңешін.
- 230 Жақыптың ұлы Жүсіпті,
Қырық құлаш терең құдықтан,
Қисайтпай шықтың жебесін.
Мысырға падиша ойладың,
Марқабат салып себебін.
Тілегін беріп ақырда,
Көрсеттің ата-енесін.
Сүлейман шаһи сұлтанды,
Қырық күнге дейін зарлатып,
Қайтадан бердің кеңесін.
- 240 Айуб нәби мұрсалды,
Шығарып қауымы тастаған.
Әзиздің ақ бөденін,
Құрт, құмырсқа жегесін,
Тілегін беріп ақырда,
Жеткіздің күнге төбесін.
Маған да сондай жәрдем бол,
Сабырдың қағып шегесін.
Мен құлыңа жәрдем бол,
Өзіңе оңай алуға,
- 250 Тағдырдың салған дүресін.

Деп жылап бала жатты Құдіретке,
Ашуы ұрған таяқтың өтті етке.
«Баршамыз махшарда қауышармыз»
Деп, бала қош айтысты тұрған көпке.

Омарға сахабалар айтты арыз:
— Тыңдамақ ғаріп сөзін сізге парыз.

Қалғанын он дүреден бізге ұрыңыз,
Шаһымаға қияметте емес қарыз.

Бұларға жауап берді патша Омар:
260 — Өтініш етпе бұған, сахабалар.
Күнәсін күнәкардің біреу тартпас,
Сұрайды өз басынан Пәруардигар.

Мұнан соң «ұр!» деп айтты Абылаға,
Он дүре дем алдырмай ұрды және.
Етіне таяқ батып бара жатқаннан соң,
Жалынды атасына сонда бала.

Деді: — Ата, сүйегімнен өтті таяқ,
Ұрсайшы ең болмаса ұлыңды аяп.
Құлының емес пе едім қолыңдағы,
270 Қатты ұрмай қайтеді, ата, ұрсаң жай-ақ.

— Етіңе мен қайтемін өтсе таяқ,
Тұрғанмен лажым жоқ сені аяп.
Осы ұрған жүз дүренің себебінен,
Күнәңнан арыларсың, балам, шаяд.

Патша Омар «ұр!» деп айтты Абылаға:
— Ұрыңыз он дүрені тағы және.
«Бір сағат дем алайын кідіртсең» деп,
Жалынды атасына сонда бала.

— Мұрсат жоқ кідіртуге, — деді Омар,
280 Алланың өмірінен атаң қорқар.
Медет жоқ менен саған тілегенмен,
Болмаса құрметіңе Құдайың жар.

Және де он дүрені ұрғызады,
Бір минөт мойны босап тұрғызбады.
Ұрғанда елу дүре етпетінен,
Көзінен қанды жасын ағызады.

— Атажан, арызым бар, — деді сонда,
Анамды шақыртыңыз, келсін мұнда.
Армансыз боп кетейін төсін иіскеп,
290 Қалмасын ғаріп анам, ол арманда.

Патша Омар баласына айтты сонда:
— Жан балам, жылай берме сөзім тыңда,
Көрерсің бұл дүреден аман қалсаң,
Жолығарсың өліп кетсең махшарда.

Және ұрды он дүрені Абыла ер,
Соққанда солқылдайды бұл қара жер.
Баланың жатты жаны зорға шыдап,
Талықсып ағып жатты маңдайдан тер.

Бала айтты және арыз: — Атажаным,
300 Сүйікті дұғагөйім, мейірбаным.
Енді ұрсаң өлетіндей халге жеттім,
Шығуға жақындады төнде жаным.

Арызым мынау, ата, менің сізден,
Қазірде кетті қуат денемізден.
Күш-қуат маған, ата, болар ма екен,
Бір мәрте иіскетсеңіз жүзіңізден.

Бұл сөзін Омар және тыңдамаған,
Деп айтты: — Қорқамын мен бір Құдайдан.
Ақ Жаппар ақыретте қауыштырсын,
310 Жөнелдің, жан шырағым, бұл дүниеден.

«Ұр!» деді, он дүрені тағы және,
«Ассаламуаләйкум» деді бала.
Кеп тұрған сол жердегі асхабтарға.
— Саламат қалыңыздар, — деді, — аға.

Арасат майданында жолығайық,
Енді мен тірліктен болдым жұда.
Хабарсыз қайран анам қалды менен,
Айтыңдар дұғай сәлем анама да.

Жылайды қойдай шулап сахабалар,
320 — Қайтеміз жылағанмен не шара бар,
Жалындық жанымызды пида қылып,
Болмады сұрағанмен атаң Омар.

«Он дүре тағы ұр, — деді, — кідірместен,
Барлығы ұрған дүрең болды сексен».
Анасына бір сахаба хабар берді,
Бұл жерде патша Омарға білдірместен.

Сахаба анасына айтты барып,
Қайғырып, қатты жылап келді налып.
Баласын келіп көрсе, мажалы жоқ,
330 Сөйлеуге әлі келмей жатыр талып.

Анасы баласына барды жетіп,
Шаһыма қалған екен әлден кетіп.
Ахуалын баласының көргеннен соң,
Жылайды сорлы анасы зарлық етіп:

— Айналайын, жан балам!
Бір көруге зар болып,
Еңіреп келді сорлы анаң.
Өз әкең ұрып өлтіртті,
Болған соң өмір Алладан.
340 Көре алмай жаның барында,
Сорлы анаң келіп зарлаған.
Қозысы өлген саулықтай,
Ғаріп шешең маңыраған.
Қысқа болды өмірің,
Сарқылған судай арнадан.
Тағдырдың керген ауына,
Оралмай ешкім қалмаған.
Күнәсін, Алла, ғапу ет,
Қателік өтер пендеден.
350 Ажалдың қазған орына
Жығылмай кетпес жанды адам.
Перзентінен айрылып,
Талайлар мендей аңыраған.

- Ажалдың алғыр наһаны
Жүз жиырма төрт мың нәбиді
Қоймастан бірін жалмаған.
Сәруардің салып даусына,
Оқысаң Құран тыңдаған.
Құрметі үшін достының
360 Қатасын кешір баламның,
Болмасын таңла шермен қозың.
Кешіріп еткен күнәсін,
Жарылқай гөр, Жасаған.
Қиямет күні таңладан
Жанында жаннат ете гөр,
Кіргізіп бұрын әммадан.
- Шақырып айтты Омар Абыланы:
— Ұрыңыз он дүремен тағы да оны.
Бітіріп кәлимасын өз аузымен,
370 Шаһыманың төнісінен шықты жаны.
- Қайғырып, қара киіп көп сахаба,
Бастығы молда Оспан, әзірет Әли,
«Қайда, — деп, — қайран Шаһыма енді бізге»,
Жылады жиналған жұрт жас пен көрі.
- Әмірін Ақ шариғының орындауға,
Өлген соң он дүрені ұрды тағы.
Барлығын бастан-аяқ санағанда,
Осымен жүз дүреге жетті саны.
- Болған соң Ақтың әмірі амал бар ма,
Әйтпесе, Омардың да өшті шамы.
Жиналып жұрт-жамағат намаз оқып,
Көмілді Шаһыманың әзиз төні.
- Мұнан соң әзіреті Омар алды жатып,
Қайғымен қадам ұруға болмай халі.
Күн-түні күңіреніп жатып алды,
386 Кеудесін көтеруге жоқ мажалы.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚИССА САЛСАЛ

Дастанның ілкі басылымы 1879 жылы, қайта басылулары 1883, 1888 жылдары жарық көрді. Бұдан соң патшалық цензура бұл кітапқа тыйым салған. 1906 жылы Салсал туралы кітап қайта басыла бастады. Кейіннен тағы бес рет шығарылды. Төрт басылымның жалпы таралымы — 23200 дана.

Дастанды ел аузынан жинап, жүйелеп, кей тұстарын өзінше жырлап, баспаға ұсынған Мәулекей Жұмашұлы [Юмачиков].

Шығарма бірнеше мәрте қайта жарияланғанмен, кейінгі басылымдар бастапқы басылымды дәлме-дәл қайталап отырды, яғни олардың бәрі 1879 жылғы жарияланымның көшірмесі [переиздания].

Ал ел арасында тарап, белгілі болып жүрген нұсқаларына келсек, олар көбінесе жыршылар Қазан қаласында жарияланған кітаптан жаттап алып айтып жүрген дастанның толық немесе жартылай үзінділері. Қолжазба қорларында сақталып тұрған нұсқалар да сол Қазан басылымының көшірмелері. Мысалы, Ә.Марғұлан өткізген материалдардың арасынан табылған [ОФК: Ш.8501] және ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақталған [Ш.1089] мәтіндер.

Жоғарыда аталған екі қолжазбаның мәтіні толық емес. Мәселен, Мәулекей жырлаған «Салсал» дастаны, яғни Қазан қаласында (1909) басылған мәтін 6321 жолды құраса, Марғұланды 2000-нан сәл-ақ асады, әрі бұл қолжазба әбден тозған, оқылуы қиын. ӘӨИ-дің ҚҚ-да сақталған қолжазбаның жағдайы да осы тектес.

«Қисса Салсал» дастанының мәтінінде қате жазылған және баспа тарапынан жіберілген бірқатар қателер ұшырасады. Түп-

нұсқаданың 7-жолындағы «тайда» сөзі («Тіл менен жақ сөйлей бер мына *тайда*») — «тойда» деп өзгертіліп берілді. Сондай-ақ, 368-жолда «*жаң*» деп қате басылған сөз (түпнұсқада: «Бұлар бір *жаң* алыстан көрді дейді») — «шаң» болып түзетілді т.б.

Ал бұрынғы Қазан басылымдарында (1888, 1903, 1906, 1909 т.б.) екі түрлі басылып келген түркі сөздері қазақ тіліндегі сөздердің жазылу нормасына сай түзетіліп берілді. Олардың бірқатары мыналар: *йад* — жад, *йақ* — жақ, *йоқ* — жоқ, *йақа* — жаға, *йаратты* — жаратты, *йақшы* — жақсы, *йыл* — жыл, *йуз* — жүз, *бәнім* — менің, *аның* — оның, *өлмәй* — өлмей, *көрмәй* — көрмей, *кимәй* — кимей, *келетұған* — келетұғын, *дигәнлары* — дегендері, *бешінші* — бесінші, *басмашылар* — баспашылар, *асман* — аспан, *шоғұш* — соғыс, *барчесі* — баршасы, *күрәш* — күрес, *ашайтын* — асайтын, *кіші* — кісі, *өлән* — өлең, *дүріп* — тұрып, *ғамын* — қамын, *жүгүрүр* — жүгірер, *құллық* — құлдық, *қоллай* — қолдай, *кегаз* — қағаз, *тиді* — деді, *томыра* — домбыра, *келмаз* — келмес, *тобасында* — төбесінде, *тыңдаш* — теңдес т.б.

Ал түпнұсқадағы Сағид Уа Хас, Әбул-Мұһжин сияқты кейбір кісі есімдері қазақ тіліндегі қолданысына орай: *Сәдуақас*, *Әбілмәжін* деп түзетіліп, қазіргі жазу нормаларымызға сай берілді. Тағы бір ескертетін жайт, мәтінде жиі ұшырайтын «падиша» сөзі дастанның өлең жолдарындағы буын санына орай, бірде *падиша*, болса, енді бірде *патша* делініп берілді.

Сондай-ақ мәтінде орыс деген сөз бір-екі рет кездеседі. VII-VIII ғасырда өткен оқиғаларды баяндайтын шығармада бұл сөздің кездесуі — тарихи анахронизм. Себебі ол кезде орыстар ұлт, мемлекет ретінде тарих сахнасына әлі шықпаған болар тын.

Дастан өте көлемді, оқиғасы шытырман. Соған қарамастан, оны мектеп-медреселерде білім алатын қазақ балалары жатқа оқитын болған. Әдетте, мұндай шығармалар ауыл мектебінде оқитын шәкірттер үшін қосымша діни әдебиет ретінде пайдаланылғаны белгілі. Бұл туралы төңкеріске дейінгі медреселерде білім алған қазақ ақын-жазушыларының көпшілігінің естеліктерінде айтылады. Мәселен, С.Мұқанов: «Мекке мен Мәдинеден басталған ислам діні көрші елдерге соғыс арқылы күшпен тараған. Сол соғыстар қазақша

жарияланған қиссалар «Зарқұм» мен «Салсалда» қамтылған. ... Мен балалық шағымда көптеген қиссалармен қатар «Кербала шөлін» де жатқа айтатын едім¹», — деп жазады. «Салсал» дастанының діни тақырыптағы қазақ фольклорлық шығармаларының арасында алғашқы орындардың бірін иемденгенін айтуға болады.

«Салсал» дастанының сюжеттік желісіне шамамен VII-VIII ғасырларда мұсылмандардың ислам дінін тарату мақсатымен өзге халықтармен жүргізген үлкенді-кішілі соғыстары арқау болған.

Біздің болжауымызша «Салсал» дастанындағы соғыс қимылдарының бәрі де Иран мен Орта Азия өлкелерінде өтеді. Бұған дастанның өн бойында ұшырайтын кісі есімдері мен жер-су атаулары да куә. Мәселен, Жәмшид, Рүстемдерді айтпағанның өзінде, шығармада жиі аталатын Науадир, Хиуаран, Хауарзамин, Сейілзамин, Һажум секілді топонимдік атаулардың түп-төркіні де ежелгі Хорасан, Мары, Мәуаранаһр жеріндегі халықтар мен патшалықтардың тарихынан хабар береді деп ойлаймыз.

Тарихшылардың жазуынша, арабтар көне Иран мен Орталық Азия аймақтарына VII ғасырдың орта шенінде-ақ аяқ басқан. Яғни, 644-жылы олар Хорасанды алып, оны Мәуаранаһрға кіру үшін қолайлы плацдарм ретінде пайдаланған². Ал 673-674 жылдарда Убайдуллаһ ибн Зийад басқарған араб әскері Жейхұннан өтіп, Бұхара маңына дейін жетеді. Түркілер мен бұхаралықтардың біріккен күштерімен арада болған қанды соғыстардан соң, араб қолбасшысы Бұхар патшайымымен бейбіт келісім жасайды. Патшайым арабтарға 300 мың дирхем бітімақы төлейді. Сондай-ақ Убайдуллаһтың әскері кейіннен Самарқан түбінде жеңіліс тауып, әйтсе де, Хорасанға көп олжамен оралған.

Мұндай соғыстардың қайсыбір елестері «Салсал» дастанында да сақталған. Алайда мұнда тарихи дәлдік сақталмаған. Тіпті, өмірде болған адамдар мен олардың басынан өткен түрлі оқиғалар мекендік, мезгілдік тұрғыдан да еш сын көтермей-

¹ Мұқанов С. Халық мұрасы. — Алматы: Қазақстан, 1974. — 141-б.

² Беляев Е.А. Арабы, Ислам и Арабский халифат в раннее средневековье. — Москва, 1966. — С. 190.

ді. Сонымен бірге бұл жорықтар Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.)* өмірден өткеннен көп кейінірек болған еді. Оның көзі тірісінде ислам мемлекетінің шекарасы Египет, Йемен, Сирия, Африка жерлеріне де жетпеген. Дегенмен, бұл құбылыс фольклорлық шығарманың рухына сай келеді. Бұл арада профессор С.Қасқабасовтың: «...Үшіншіден, фольклор тарихи оқиғаларға тікелей де, жанама да байланысты болады. Екінші сөзбен айтқанда фольклор халық тарихындағы маңызды оқиғаларды қамтып, солардың негізінде жаңа шығармалар туындатып, тарихи қайраткерлер жайында әңгімелейді. Төртіншіден, фольклор халықтың өзінің тарихқа қатысын, көзқарасын танытады, маңызды оқиғалар мен көрнекті тұлғаларға берген халықтың бағасын, қарым-қатынасын көрсетеді. Бесіншіден, фольклор әр дәуірге, қоғам өміріне сәйкес өзгеріп, тарихи циклизациядан өтіп отырады³».

Қазақ дастандарын арнайы зерттеген Б.Әзібаева «Казахский дастанный эпос» атты еңбегінің діни дастандарға қатысты тарауында оларды мазмұны, тақырыбына сәйкес төрт топқа жүйелеп, солардың біріне исламның орнығуы мен нығаюы үшін болған қиян-кескі соғыстарды суреттейтін шығармаларды топтастырады⁴. «Қисса Салсал» дастаны — сондай жорықтарды сипаттайтын топқа жататын халық туындыларының типтік үлгісі.

«Қисса Салсал» дастанында ислам қайраткерлерімен қатар өзге елдердің, басқа діндердің, тіпті біздің заманымызға дейінгі дәуірдің белгілі тұлғалары кездеседі. Мысалы, Жәмшид, Рүстем, Асфандияр, Баһрам, Феридун т.б. Бұл есімдердің кездесуі тек тарихи анохрондық құбылыс емес. Себебі олар жай ғана аталып қоймай, оларға байланысты көне мифтік, қиял-ғажайып ертегілік, эпикалық сюжеттер кеңінен пайдаланылады. Нақтылай айтқанда, жоғарыда келтірілген есімдер және соларға байланысты мифтер мен сюжеттер мақсатты,

* С.а.с. — салла Аллаһу аләйһи уас салам: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

³ Қасқабасов С.А. Миф пен әпсананың тарихилығы // Қазақ фольклорының тарихилығы. — Алматы: Ғылым, 1993. — 82-б.

⁴ Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 1998. — С. 32-23.

жүйелі түрде, сөз болып отырған шығарманың идеясына орай қолданылады.

Демек, шығарманың негізгі идеясын — ислам дінін тарату, насихаттау, орнықтыру идеясын жүзеге асыру үшін дастанда Шығыс пен Батыс халықтарының мифологиясы мен фольклорына тән көне сюжет пен мотивтер және исламдық аңыз-әңгімелер кең пайдаланылған. Мұндай құбылыс — діни дастандардың жанрлық ерекшеліктерінің бірі⁵.

Дастанда көрініс тапқан адамның айдаһармен соғысуы — көне сюжеттердің бірі. Айдаһар туралы мәліметтерді біздің дәуірімізге дейінгі шумерлердің «Гильгамеш» батырға арналған эпостарынан ұшырастыруға болады. Сондай-ақ айдаһардың мифтік бейнесі «Авеста» кітабы мен Фердоусидің «Шаһнаме» дастанында да көрініс тапқан.

«Салсал» дастанында тау басында айдаһар Әли Арысланға қарсы соғысады. Әли зұлпықармен оны қақ бөлгенде ішінен жүз мың дию шығып, күні бойы жер шайқалған соғыс болады. Бұл ұрыста Әлидің мерейі үстем болып, диюларды түгел қырады. Ал айдаһар туралы сюжеттер «Айдаһар қатын», «Айдаһар», «Аю дәу», «Жалғыз көзді дәу», «Жалғыз жігіт ұрпақтары» т.б. қазақ ертегілерінде ұшырайды.

Дастанда «сиқыршылық» мотиві кеңінен қамтылады. Мұндағы табиғаттың беймәлім күш-қуатын бойына сіңіріп, адам баласына көмек берушілер, не болмаса қарсы іс-әрекет жасаушылар деп кейіпкерлерді екі топқа жіктеуге болады. Бірінші топқа Баба Омар, Ағиан секілді жағымды тұлғалар жататын болса, екінші топты Шұһбат, Аташ, сиқыршы қыз сияқты жат пиғылдағы кейіпкерлер толықтырады. Бұл сиқыршылардың қай-қайсы да адамды хайуанға, затқа, түрлі мифтік кейіпкерлерге өзгерте алады.

Дастанда Әлидің жорықтарына кедергілердің бірі ретінде — «барсакелмес» мотиві пайдаланылған.

Мысалы, Әли басқарған қалың әскер басында тақта тасы бар бір құдыққа тап болады. Тақта таста осы құдық ішінде бес жол барлығы, оның төртеуі «барсакелмес» екені жазылыпты. Сол түні Әлидің түсінде Пайғамбар аян беріп «Қолды бес бөлекке бөліп, өзінің оң жақ жолмен жүруін өтінеді». Сөйтіп,

⁵ Азибаева Б.У. Аталған еңбек. — С. 58-59.

бұл жолы да Пайғамбар өз үмбеттерін қатерлі сапарға аттандырады.

Қиял-ғажайып ертегілерінде мұндай ауыр сапар — «барса-келмес» жолға кіші бала аттанады. Оның қатерге бас тігуіне түрлі жағдаяттар себеп болады. Мысалы, бас кейіпкердің үлкен ағасы қайтып оралмайды, болмаса, ағалары мақсаттарын орындай алмайды т.с.с. Бұл шығармада Мұхаммед пайғамбар көмекшілерін «барса-келмеске» саналы түрде жібереді, яғни кейіпкерлер әрекеттерінің мотивировкасы мүлде басқа.

Шығармадағы ерекше орын алатын мотивтің бірі — Әли серіктеріне қарсы шабуылдаған құбыжық тышқандар. Бұл жыртқыштар Әбілмәжін әскерлеріне қарсы шығып, түгел қырғынға ұшыратады.

Тышқандар тостағандай иілген құйрықтарына зәр төгіп, қалың әскерге шашады. Зәр тиген жерден өрт шығып, бүкіл әскер көлігімен жанып кетеді. Осыған жақын мотив көне Ханаан мифологиясында кездесетіні жөнінде ағылшын ғалымы С. Гордон зерттеулерінде айтылады. Онда Баал атты құдайға мүйізді құбыжық жыртқыштар шабуыл жасайды⁶. Сондықтан дастандағы бұл мотивтің түп-төркінін біздің дәуірімізге дейінгі көне мифологиялық аңыздардан іздеген жөн сияқты.

Дастанда Әлидің самсам, қамқам, зұлпықар атты үш қылышы жөнінде айтылады. Әсіресе Әли үшін зұлпықардың орны ерекше. Дінсіздермен болған соғыстарда зұлпықарын қолынан бір түсірмейді. Астындағы Дүлдүлі мен қылыштары жөнінде батыр былай дейді:

Соғыстағы бір атым Әли Хайдар,
Қылышым үш — қамқам, самсам, зұлпықар.
Дүлдүлім айшылықты алты басар,
Қайтіп мені аларсың, әй, көпірлер...

Қылыш — қазақтың эпикалық жырларында кездесетін бес қарудың бірі. Бірақ дастанда бұлар жай ұстаның қолынан соғылған емес, көктен, Алланың әмірімен арнайы түскен қарулар.

⁶ Гордон С. Ханаанская мифология // Мифология древнего мира. — Москва: Наука, 1977. — С. 221.

Шығармада оқиға дастанның басты кейіпкерлері — Мұхаммед пайғамбар мен оның сенімді серіктері Омар, Әли, сахабалары — Сәдуақас, Әбілмәжін, Мәлікаждар, Біләл, Қанбар және олардың қарсыластары — пұтқа табынушы патшалармен (Қитар, Науадир, Хиуаран, Қаһмас, Жәмшид, Салсал) арадағы кескілескен соғыстардың негізінде өрбиді. Сондай-ақ шығармада эпизодтық кейіпкерлерге көп орын берілген.

Дастан кейіпкерлерінің бәрі де ғажайып ерлік, батырлық көрсетеді. Бірақ та Әли образы олардан да үстем, жоғары. Оның бейнесі, негізінен батыр, алып күш иесі ретінде сомдалған. Сонымен бірге Әли — ислам батыры, діни шығарманың кейіпкері екені айқын көрінеді. Ол басына қиын-қыстау сәттер түскенде Құдайға мұңын шағып жалбарынады, медет сұрап зар жылайды. Яғни, Әли қанша батыр болғанымен, жорық кезінде өз күшінен гөрі Аллаға сиынғанды жөн санайды. Тіпті, кейде Арыстан көпірлерге: «Алла Арыслан деп ат қойған, Нұр Мұхаммед жәрдемші бабам» деп сес көрсетіп, Құдаймен тікелей байланысты екенін құлаққағыс етеді. Жорық жолында, соғыс алдында кедергілер кездесе, екі ракағат намаз, болмаса «Йасин» сүресі мен «Есім Ағзамды» оқиды. Бұл Алладан көмек тілеумен бірге күш-қуатын жиып, рухтануына әсер етеді. Дастанда Әлиден басқа да кейіпкерлер тек қана бір Аллаға сиынады. Батырлық жырларда кейіпкерлердің атабаба, әулие, әнбиелердің аруағына сиынуы — қалыптасқан дәстүр болса, діни дастандардың кейіпкерлері тек Алла Тағалаға жалбарынады.

Дастанда дінге, Аллаға, періштелерге және Пайғамбарға байланысты жиі ұшырайтын мынандай көріністерді атап көрсетуге болады: жыршы Аллаға мінәжат айтып, жұртты намаз оқуға, имандылыққа шақырады; Мұхаммед пайғамбар Сәдуақас пен Диләфрузды қыздың түсінде аян беру арқылы некелейді; Сәдуақас пен Диләфрузды көпірлердің оғынан Алла Тағала жіберген періштелер қорғайды; Әли Арыслан түнде Әбілмәжінмен соғысып жатқанда, түсінде Пайғамбар аян беріп, екеуін табыстырады; Әли өзінің бағындырған қалаларында мешіт, медресе салдырады; Диләфрузды Хиуаран патшасы әйел етпек болғанда, қыз Аллаға жалбарынады, Құдай Тағала көмекке аждаһаны жібереді; мұсылмандарға

Алла, Мұхаммед, Жәбірейіл періште, ал көпірлерге шайм тан көмекке келеді; мұсылмандар өліктерін жерлейді, ал көпірлер отқа жағады; мұсылмандар ұрыс алдында екі ракағат намаз оқиды; Әли тауға шығар кезде «Есім Ағзам» сүресін оқиды; Әбілмәжін жарадан әлсіреп жатқанда, түнде түсінде Мұхаммед пайғамбар денесін сипап сауықтырып жібереді; Мұхаммед пайғамбарға Алла Жәбірейіл арқылы аян беріп, Хамар Сағиммен күрескенде көпірдің екі қолын жансыздандырып тастайды; Әли алтын күмбезді алу үшін «Фатх» сүресін оққа байлап атады; Әлиді ұйықтағанда періште, ал Салсалды шайтан оятады; алтын шаһардың есігінің құпиясын түсінде Әлиге Мұхаммед пайғамбар айтады; Әли алытын күмбезді жеті рет «Йасин» сүресін оқып құлатады; ай мен күн тұтылып, оны Меккедегі Пайғамбар көріп дұға қылады; Шаһзарат Әлидің нұрлы жүзін көріп, мұсылман болады т.б. Ал көпірлердің құдайы Лат, Манат, яғни пұт құдайы — 400 суреті бар құдай, от немесе дию бейнесіндегі құдай.

Бұл аталған көріністердің бәрі де дінмен тікелей байланысты әрі олар фольклордағы басқа эпикалық жанрларда сирек кездеседі.

Дастандағы Рүстемнің Әлимен дос, мақсаттас адам ретінде сипатталуы — «Салсалға» парсы аңыздарының қатты әсер еткенін көрсетсекерек. Парсы жеріндегі Әлидің жақтаушылары, яғни шииттердің ортасында туған осынау хикая-аңыздардың негізгі идеясы — Әли мен Рүстемді жақындастыру арқылы, алғашқысының беделін асқақтату, абыройын аспандату. Рүстем ала алмаған, немесе Алла Тағала алуға рұқсат етпеген «биіктерге» Әлиді шығару — Әлидің тарихи-фольклорлық образын айшықтай түседі. Керісінше, бұрын Рүстемнің соңынан ерген Иран халқы енді «өзірет Әлидің дініне бағынса, қателеспейді» деген идея көрініс табады.

Қорыта айтқанда, «Салсал» — өн бойына ежелгі мифтік аңыздар, архаикалық сюжеттер мен мотивтер, қазақтың эпикалық жырларының сарындарын, ортағасырлық әдеби ескерткіштердің оқиғаларын, сондай-ақ ондағы кейіпкерлердің тарихи һәм аңыздық бейнелерін ислам қайраткерлерінің басты мақсаттары мен өмірбаяндық жорық жолдарымен ұштастыра жырлаған, қиялға бай діни-батырлық дастан деп бағалауға болады.

Жоғарыда айтылғандай, «Салсал» дастанының төңкеріске дейінгі басылымдары қазандық баспагер Хұсайыновтар әулетінің демеушілігімен әлденеше рет жарық көрді. Олардың кейбіреуі ОҒК-ның ҚҚ-да сақтаулы. Мәтіннің 40 бетін араб әрпінен кирилл әрпіне түсірген Әуесбаева П.

Томға ұсынылып отырған дастан мәтіні 1909 жылғы басылымы бойынша еш түзетусіз беріліп отыр.

*Қосан С.,
Әлбек Т.*

ӘЗІРЕТ ӘЛИДІҢ СОҒЫСЫ

Дастан бұрын еш жерде жарияланбаған, қолжазба күйінде сақталып бізге жеткен. Жырлаушысы — Қыпшақбай Бағдатұлы.

Шығарманың соңғы шумақтарында ақын былай дейді:

Шорман Білтебайұғлы мұны жазған,
Басқа кісі жоқ екен бұрын жазған.
Қыпшақбай хикаятты естуінше,
Насырдан назым кеңес қылып жазған.

Айыпқа қоспа мені, тыңдаушы,
Шорманға айтсын айып қылған кісі.
Шорманның айтқан сөзін сәтті жазған,
Жоқ шығар назымшының бұзған жері.

Бұдан Шорман Білтебайұлы шығармамен араб, я пармсы тілінде жазылған кітаптан оқып танысып, мазмұнын қазақшалап қара сөзбен қағазға түсірген деп пайымдауға болады. Ал одан кейін мазмұнын Қыпшақбай ақынға ауызша айтып берген, себебі ақын бірнеше мәрте оқығанын емес, есн тігенін нақтылайды: «Қыпшақбай хикаятты естуінше», «Наа зымшы естігенін жазған шығар», «Шорманның айтқан сөзін сәтті жазған» т.б.

Жалпы, Қыпшақбай ақын басқа да жырлаған дастандарының сюжеттерін Шорман Білтебайұлынан үйренгенін ескертеді⁷.

⁷ Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 4-том. — Алматы, 1985. — 196-б.

Дастанның негізгі кейіпкері — әділетті халифалардың бірі — Әли ибн Әбутәлиб. Жалпы мұсылман қайраткерлерінің ішінде ең танымал болған әзірет Әлидің іс-әрекеттері түрлі дәріптеліп, көптеген шығармалардың арқауына айналған. Мұсылман сүннилер оны Аллаға берілгендік пен қайырымдылықтың жарқын үлгісі ретінде санады, қазір де содай бағалайды. Шииттер арасында оның тұлғасы бұдан да биік дәрежеде. Ол — «Құдайдың құдіретін әкелуші, таратушы», тіпті «Құдай дәрежесінде» сипатталады.

Ал фольклорлық шығармаларда әзірет Әли тұлғасы дааралана бейнеленеді. Ол өн бойына исламның танымал қайраткерлерінің, эпикалық батырлардың ең жақсы, мақтауға тұрарлық абзал қасиеттерін жинақтаған кейіпкерлердің бірі. Сонымен бірге ол дархан пейілді, қайырымды, жаны жайсаң, көңілі шалқар көлдей кең, бұқара мұсылмандардың ең сүйікті кейіпкері.

Атап айтатын нәрсе, бұл шығармада діни тақырып біраз көмескіленген. Оны Әли образы басқа дастандардан өзгеше тұлғаланғанынан, ол кейде ертегілік, кейде эпикалық, кейіде хикаялық қаһарманға ұқсап кететінінен аңғаруға болады. Одан халық санасында Әлидің дін қайраткері екендігі бірте-бірте ұмытылып, оның дәстүрлі фольклорлық персонажға айрнала бастағанын аңғаруға болады.

Томға ұсынылып отырған мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорында (Ш.128) сақтаулы тұрған қара сиямен, қадым жазуымен жазылған қолжазбадан дайындалды.

Қолжазба өте ескі, қағазы тозып, жыртыла бастаған, оқуы өте қиын; өшіп қалғаннан кейбір сөздер танылмады.

Осы бумада сақтаулы тұрған материалдарды ХІХ ғасырдың екінші жартысында жинаған Шорман ұлдары Арон мен Жүсіп. Қолжазбаны Ғайнидин Мұсабаев ӘӨИ-дің қолжазба қорына 1958 жылы тапсырған.

Әзібаева Б.

ҚИССА ӘБУШАХМА

Бұл шығарма исламның жекелеген өсиеттері мен тыйым-тоқтамдарын, халал мен харамды өңгімелейтін және оларды

бұзушыларды жазалау туралы дастандар тобына жатады. Шығарманың басты кейіпкері Әбушахма — хазіреті Омар халифаның баласы. Ол Құран Кәрімді шебер оқуымен және дауысының Пайғамбар дауысына ұқсастығымен ерекшеленеді. Бір күні сахабалар (Мұхаммед пайғамбардың серіктері) Пайғамбардың дауысын сағынғандықтарын айтып, Әбушахмадан Құран Кәрімнің бірнеше сүрелерін оқып беруін өтінеді. Әкесі оған күні бойы мешітте Құран оқуға рұқсат береді. Одан әрі қайтар жолында Әбушахманың бір өзәзілге еріп шарап ішкені, бұрын шарап ішпегендіктен мас болғандығы, сол үйдегі сұлу қызбен зина жасағаны баяндалады. Қыз жүкті болып, біраз уақыт өткен соң бала табады. Қыздың әкесі сәбиді алып, Омар халифаға келеді. Омар халифа оның сөзін антпен бекіттіріп сенеді де, баласына өте қатал, бірақ шариғат заңына сай келетін «жүз дүре соғу» үкімін шығарады.

Бұл шығарма, тұтастай алғанда, Құранның қағидалары мен өсиеттеріне негізделгені талдау барысында анықталды. Мысалы, зинақорлықпен айналысқандардың жазасы — жүз дүре екендігі Құранның «Нұр» сүресінің екінші аятында көрсетілген: «Зинашы әйел мен ердің әрбіріне жүз дүре соғыңдар. Егер Аллаға, ақырет күніне сенсеңдер, оларға жұмсақтықтарың ұстамасын. Әрі екеуінің жазасын мүміндердің бір тобы көріп тұрсын»⁸. Осы жерде атап айтатын нәрсе: исламда жазалау — мақсат емес, жазаның басты мақсаты — мұсылмандарды күнәдан арылту.

Шарапқа қатысты тыйымдар Құран Кәрімнің бірнеше сүрелерінде көрініс тапқан: мысалы, «Ниса» сүресінің қырық үшінші аятында және «Мәйда» сүресінің тоқсаныншы, тоқсан бірінші аяттарында шарапқа тікелей тыйым салынған.

Дастанның басты тақырыбы мен идеясы — ислам қағидаларын бұзушылармен күрес және күнә істемеуге, зорлық жасамауға үгіттеу, егер жасалған күнде оларды жаза күтетіндігін ескерту. Тіпті, ол халифаның баласы болса да кешірім жоқ. Сонымен, шығарма тұтастай алғанда Құранның қағидалары мен өсиеттеріне негізделгенімен, оның сюжеттік

⁸ Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. — Мәдіне, 1991.

желісін халифа Омардың отбасында болған тосын оқиға, яғни бір ғана нақты факт құрайды.

Ал енді осы хикаялық оқиға, яғни ортағасырлық мұсылман дүниесіндегі тіршіліктің болмашы, бір үзік эпизоды дастанда қалай бейнеленетінін көрелік.

Ең алдымен атап өтетін нәрсе — оқиға желісі өте шымыр, әрі тартымды. Негізгі кейіпкер Әбушахма күнәсіз жас. Оны адал жолдан тайдырған шараптың зардабы болып сипатталады. Табиғатының әлсіздігінен ол шараптың еліктірушілік залалына қарсы тұра алмай қалады. Ал оның әкесі — халифа, бүкіл мұсылман қауымының басшысы ғана емес, мемлекеттің де басшысы. Былайша айтқанда, оның қолында баласын жазадан құтқара аларлық құдірет бар. Оны қасындағы адамдар жақсы біледі. Сондықтан халифаның өз баласын шарифат заңы бойынша жауапқа тартатынына сенімсіздік білдіреді. Халифа да өз шешімінің көптеген мұсылмандар сенімінің бекуі немесе әлсіреуіне әсер ететінін жақсы түсінеді.

Сонымен бірге, ол ұлын жанындай жақсы көретін мейірімді әке. Оның жүрегінде шын берілген мұсылмандық парызы мен баласына деген махаббаты және күнә жасаған жас адамға деген адами аяушылық сезімдер тоқайласып, тоғысып жатыр. Алайда баласының жасаған ісі бұзақылық қана емес, зорлық болып табылатындықтан, Омардың мұсылмандық парызы жеңіп, ең қатал жазаны қабылдайды. Және сол жазаны орындау кезінде де табандылық танытады. Халифаның үкімін іске асыру — ең жауапты сәт. Халифа осындай аяусыз жазаларды орындайтын алып адам Афласонды шақырады. Ол халифаға егер Әбушахманы өзіне Құдай Тағала берген бар күш-қуатымен ұратын болса, шыдамайтындығын, таяқты көтере алмай өліп кетуі мүмкіндігін ескертеді. Халифа Омар оған: «Аяма!» — деп бұйрық береді. Міне, балаға алғашқы он дүре соғылды да, ақ денесі таяқтан тілім-тілім болды. Айналасындағылар халифадан жас жігіттің қалған дүресін бөлісіп көтерісуге рұқсат сұрайды. Бірақ Омар Әбушахманың Алла Тағала алдында жауап беретіндігін айтып, жазасын да өзі тартуы керек деп жауап қатады. Тұщы етіне тиген ащы таяқты ауырсынып, әкесіне

Шахма айтты: — Уа дариға, ғазиздарым,
Барады-ау таяқ өтіп шыбын жаным.
Балаға ата жақын болмай ма екен,
Жан баба, қиналды ғой ғазиз жаным, —

деп шағымданады.

Ал әкесі: «Бұдан да тамұқ оты жаман, — дейді, Құтылсаң қамшыменен төуір, — дейді» де илікпей қояды. Әкесінің илікпейтінін біліп, бала әкесінен бір жұтым су мен оң батасын сұрайды. Алайда әкесі бұдан да бас тартады. Көз жасын көлдете, жан ұшырып келген Әбушахманың анасы баласының ес-түссіз жатқанының үстінен түседі. Келесі он дүреден кейін Әбушахма жан тапсырады. Үкімді орындау үшін Әбушахманың өлі денесіне соңғы он дүре соғылады.

Дастанды оқу барысында жазалау сәтіндегі адам сезімінің алмасып жатқан алуан түрлі сипатын басыңнан кешіресің. Бұл арпалыс пен азапқа, қиналыс пен қасіретке, төзім мен сабырға т.б. сан қилы сезімге толы көңіл-күйін суреттеу арқылы беріледі.

Дастанда әділ төреші де, жазаны орындатушы да — халифаның өзі. Халифа бейнесі аса көркем және әр қырынан көрінеді. Ол Мұхаммед пайғамбардың төрт шаһариарының ішінде «ең әділеттісі» атанған адам. Араб тарихнамасында және араб халифатының құрылуы туралы еңбектерде оның аса көрнекті мемлекет қайраткері ретіндегі қасиеттері мен дарынды қолбасшылық қабілеті, қайтпайтын қайсарлығы, табандылығы туралы айтылады⁹.

Ал фольклорлық шығармаларда Омар болмысының кейінгі мұсылмандар үшін басты мәнге ие болған ұстамдылығы, бірұ беткейлігі, бақ-дәулет, дүние-байлыққа қызықпайтындығы, ислам жолындағы өз парызын жоғары қойған қасиеттері мадақталады. Омардың ислам жолына адалдығы өз парызын терең сезінуімен, ерік-жігерінің қайсарлығымен, тіпті, ереке ше фанатизмімен әсерлі суреттеледі.

Талқыланып отырған дастанда Омар халифаның өз ұлын жанындай жақсы көретін мейірімді әке ретіндегі қыры да танылады. Оның баласына деген әкелік сезімінің нәзік иірімдері дастанда өте шебер тәсілмен, бір ғана көрініс арқылы

⁹ Г.Э.фон Грюнебаум. Классический ислам. — М., 1988. — 52-б.

көрсетілген. Әбушахма дүние салғаннан соң Омар халифа жүрегі қайғы-қасіреттен қан жылап, іші күйіп, баласын «Жалғызым», «Екі көзімнің қарасы, Бағырымның парасы» деп жоқтайды.

Бірақ шешімінің дұрыстығына күмәнданбайды, себебі өз сенімінде — әке парызын адал атқарды. Өйткені, ол исламның шын берілген ұлы, оның тазалығының қорғаны. Халифа шешімінің дұрыстығына Әбушахманың өзі де, шешесі де шексіз сенетіндігін атап өту керек.

Дастанның нақтылы тарихына келсек, Омар халифада Әбушахма емес, Абдолла есімді ұл болған. Ол да шарап ішкен, бірақ зорлық жасамаған. Және оған әкесінің дүре соқтырғанынан оның өлмегені, онан кейін де біраз өмір сүргені тарихтан анық белгілі. Сөйтсе де, Омардың баласының таяқтың астында өлгендігі жайында Қожа Ахмет Иасауи өзінің «Диуани хикметінде» көрсетеді:

Шариғатты бек тұтқан, тариқатты рас тұтқан,
Хақиқатты құп білген, әділетті Ғұмар-дүр.
Ұлын жырлап келтірген, дүре соғып өлтірген,
Әділдікпен жол салған, әділетті Ғұмар-дүр¹⁰.

Демек, Иасауи заманының өзінде-ақ халифа баласы Абдолланың бір рет шарап ішіп, сол үшін жазаланғаны тарихи айғақ ретінде ел арасында кең тарап, түрлі аңыздарға арқау болған. Өйтсе де, діни аңыздардың басқа, өзі іспеттес тарихи аңыздардан үлкен бір айырмашылығы — бұлардың негізгі мақсаты танымдық, мағлұматтық қызметімен қатар тәрбиелік маңызы да бар, яғни олар ислам құндылықтарын насихаттайды. Ал қазақ шайырлары (нәзирашыл ақындар) осындай аңыз, әңгімелерді өзінше жырлап, соны сипат, тың суреттерге толы, сырлы дастандар тудырған.

Дастанның басты тақырыбы — ислам идеяларын үгіттеу, халықты хақ дінге шақыру. Дастанға арқау болған Омар халифа баласының өмірінде тосыннан болған оқиға-сюжет мазмұны мен табиғаты жағынан хикаялық сюжет екені жоғарыда айтылып кетті. Яғни ислам идеяларын дәріптеу,

¹⁰ Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. — Алматы, 1993. — 53-хикмет.

насихаттау үшін хикаялық сюжет мұсылмандық мораль тұрғысынан берілген.

Әбушахма өз күнәсін толық мойындайды, алайда әкесінен кешірім сұрай отырып былай дейді: «Кеттім-ау күнәһлі боп, уа дариға, Алданып нәпсі менен жалған сөзге». Шынында да оны үйіне әдейілеп кіргізіп, әдейі мас қылып, әдейі қызымен қосқан (табыстырған) жүһүд екені, ал ол оны қастық қылу, Омардың әділдігін сынау мақсатымен жасағаны дастанда айтылады. Жүһүдтер, яғни Мұса пайғамбар үмбеті Құран Кәрімде христиандар сияқты «Аһлул кітап»^{*} деп құрметтеледі. Сонымен қатар олардың Мұхаммед (с.а.с.) ұрпақтарына, үмбетіне қастандық жасағандары, қарсы күрес жүргізгендері тарихтан белгілі, әсіресе олар мұсылмандардың өз дініне адалдылығына, берілгендігіне күмән келтіріп, сенімсіздік білдіріп, сынап отырған. Сондықтан жүһүд «әділ патша», «әділ Омар», «Әділдігіңе алмасаң, Мұның да бітпес жарасы», «Сендей әділ патшамен теңдесіп тұрған кезім-ді» деп бірнен ше мәрте қайталайды. Ал бала туғанда ол былай суреттеледі: «Қуанып келе жатыр көпір күліп, Боларын айтқанының іші біліп». Әбушахма дүние салғанда «Көпірлер бұл ісіне қалды күліп» делінген. Демек, біріншіден, жүһүдтің қасақана жасаған дұшпандығы айқындалды, екіншіден, басында қыздың әкесі жүһүд делінсе, соңында ол көпір аталады. Яғни бұл шығармада көпір сөзі басқа дастандардағыдай пұтқа табынушы, көпқұдайшыл, шындықты мойындамаған мағынасында емес, мейірімсіз, жауыз, зұлымдық қылық жасаған адам мағынасында қолданылған.

Шынайы өмірде жүһүд осындай қасақана жауыздық жасады ма, әлде бұл сарын кейінірек қосылды ма — ол бізге беймәлім. Сонымен қатар мұндай оқиғалар ислам тарихының алғашқы кезеңдерінде [мұсылман, иудей, христиандар мен пұтқа табынушылар көршілес тұрып, сауда жасап, тығыз байланыста болғандары тарихтан белгілі] болуы ғажап емес.

Дастан кейіпкерлерінің бейнелері реалистік мәнерде сомдалған. Олардың мінез-құлық ерекшеліктері, ішкі сезімдері жан-жақты баяндалған, яғни жалпы дастан жанрына

^{*} Аһлул кітап /а/ - кітап, жазба иелері; діни ұғым бойынша, жүһүд пен христиандарға Алла Тағаладан қасиетті кітаптар жіберілген.

төн психологиялық белгілер мол көрініс тапқан. Әрине, ХХІ ғасырға қадам басқан өркениетті елдердің көзқарасы тұрғысынан алғанда, жас баланы дүре соғып өлтіру — сөзсіз қатал жаза, алайда біз бұл жерде мынаны ұмытпауымыз керек: біріншіден, бұл дастан ерте заманда, VII ғасырдағы араб қоғамында орын тепкен оқиғаны баяндайды; екіншіден, әкесі баласын өлтіруді көздеген жоқ, яғни жоғарыда айтылғандай, исламда жазалау — мақсат емес, жазалаудың мақсаты — мұсылмандарды күнәдан арылту; үшіншіден, бұл — көркем шығарма.

Бұл дастан Қазан төңкерісіне дейін араб әрпінде жарық көрген. Өкінішке орай, ол басылымның бірде-бір данасы қолымызға түспей отыр. Сонымен қатар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба орталығында дастан мәтінінің микрокөшірмесі сақтаулы: микрофильм № 116, 9 кадр. Микрокөшірме Татарстанның Орталық Мемлекеттік мұрағатында [ЦГА] сақтаулы тұрған дастанның түпнұсқалық қолжазбасынан жасалған*.

Микрокөшірме 1967 жылы жасалса да жақсы сақталған, қаламмен жазылған қолжазба жеңіл оқылды, тек екі сөз таныла мады, бір сөз жазылмай, орны бос қалған. Өкінішке орай, дастанды кімнің жырлағаны, жинағаны, жазып алғаны, баспаға дайындағаны туралы еш мәлімет берілмеген. Тек мәтіннің соңында «Бағданулла Мәкәр әр Рахаб» деген жазу бар.

ОҒК-да «Қисса Әбушахманың» төрт варианты сақтаулы.

1. Әбушаһма. Ш.839, 2-дәп., араб әрпінде, 8 бет. 1938 жылы ел арасынан жинап, жазып алған Мұстафин Ғабиден. Қолжазбаның жазуы қиын, өшіп кеткен жерлері бар.

2. Әбушаһма. Ш.839, 1-дәп., латын әрпінде, 12 бет. 1948 жылы тапсырған Мұсабаев Ғайнидин.

Бұл екі мәтін ел аузынан жазылып алынған. Жоғарыда айтылған микрокөшірме мен кітаптың микрокөшірмесімен басылып шыққан нұсқамен салыстырғанда сюжеті, мазмұны, композициясы бірдей екені анықталды. Бірақ бұларды кітаптың көшірмесі деуге болмайды. Себебі айырмашылықтары, өзгешеліктері бар: кей шумақтардың орыны ауысқан, біраз

* Лаборатория ЦГА Татарской АССР. По заказу Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова АН Казахской ССР. Рукопись № 1304. Конец. Снято 5 октября 1967 г. Кадров 9. Оператор Акшаев.

сөз, сөз тіркестері, жолдары өзгерген, кейбір эпизодтары түсіп қалған, мысалы, Мұсабаев Ғ. тапсырған нұсқада әзірет Әлидің көрген түсі жоқ т.б.

Бұдан айтушы Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген дастанды кезінде жаттап алып, жинаушыларға жадында сақталғанын айтып берген деп болжауға болады.

3. Әбушаһма. Ш.839, 3-дөп., латын әрпінде, 12 бет. «Ғадал ата» атты ертегіден өлеңге аударған Нұрғожин Төлеген. 1946 жылы Қазақстан Жазушылар Одағынан түскен.

Бұл нұсқаның сюжеті мен мазмұны алдыңғылармен бірдей. Дегенмен айырмашылықтары жоқ емес, мысалы, Әбушаһманың аңға шыққаны басқаларға қарағанда ұзақ баяндалады, әкесінен бата алған эпизод қосылған, бірақ анасының жылағаны, Омардың баласын жоқтағаны жоқ.

4. Қисса Әбушаһма. Ш.924, араб әрпінде, 13 бет. 1911 жылы қағазға түсірген Есенжолов Ерғали. Қолжазба қорына 1947 жылы тапсырған Есенжолов К. Бұл мәтін Қазан басылымының көшірмесі.

Томға ұсынылып отырған «Қисса Әбушаһманың» мәтіні микрокөшірмеден еш түзетусіз дайындалды.

Б.Әзібаева

ХИКАЯ ӘБУШАҢЫМА

Дастан ӘӨИ-дің Қолжазба орталығында сақтаулы: Ш.871/6, 2-дөп., араб әрпінде.

Шығарманы жоғарыда сөз болған «Қисса Әбушаһма» дастанымен салыстырғанда екі нұсқаның да сюжетін құрайтын нергізгі, ең маңызды мотив, элементтері бірдей екені анықталды.

Алайда екі шығарманың оқиғасы бір, мазмұны өте жақын болғанына қарамастан, екі нұсқа да өзіндік тілдік жүйесімен өзгешеленеді, яғни әр нұсқаның жырлаушысы белгілі сюжетті өзінше жырлап дамытқан.

Және «Хикая Әбушаһымада» бірнеше мотив пен эпизодтар түсіп қалған, мысалы: қасақана қастық жасаған жүһүд мотиві, Оспан мен Әлидің араша түскені, Әлидің түсінде Әбушаһманы көріп Омардан сүйінші сұрап келгені, кейіпкерлердің моноОлогтары, халифа Омардың жоқтауы.

Оның есесіне бұл нұсқада кейіпкерлердің ішкі жан сезінмін баяндауға үлкен мән берілген, мысалы, халифаның қатал үкімінің орындалу сәтіндегі адам сезімінің түрліше ауыр сәтін сипаттайтын тұс үлкен көркемдік жүк көтеріп тұр. Бұл сәтте Абылдың орасан зор дене күшінің дәл суреті де, Әбушаһыманың адамдық қиналысы, азапты ауыр қасіреті де әсерлі кестеленіп, көз алдыға келтіріледі.

Сондай-ақ мұнда Әбушаһыма әкесіне алдыңғы мәтіндегідей екі емес, үш тілек айтады. Бірінші рет жайырақ ұруын өтінеді: «Құлының емес пе едім қолыңдағы, Қатты ұрмай, қайтеді, ата, ұрсаң жай-ақ». Екінші рет анасын шақыруды өтінеді: «Армансыз боп өтейін төсін иіскеп, Қалмасын ғаріп анам, ол да арманда». Үшінші рет Әбушаһыма әкесіне өзін құшақтап, өбуін өтінеді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, ел арасында кең тараған дастанның екінші нұсқасын да жариялауды жөн көрдік. Мәтінді араб әрпінен кирилл әрпіне түсірген Мақсұт Шафиғи.

Бұл нұсқа ӘӨИ-дің Қолжазба орталығында сақтаулы тұрған мәтіннен [Ш.871/б, 2-дәп.] еш түзетусіз алынды.

Б. Әзібаева

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (өр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»^{*}.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

^{*} Құран Кәрім. 112-“Ыхлас” сүресі.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Өлхамдулилаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Адам ата—діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан **Хауаны** жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп, тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көктен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Айуб—Құран Кәрімде аты аталған ежелгі пайғамбарлардың бірі. Інжілдегі Иов. Айуб (а.с.)* Хаурандағы бай, адамгершілігі мол адам болған. Алла сынайын деп оған шайтанды жібереді. Шайтан жіберген аурудан Айубтың денесіне іріңді жара қаптап кетеді, ол әйелі екеуі адамдардан оқшау тұруға мәжбүр болады. Шайтан жіберген неше түрлі жаңа қырсықтарға қарамай, Айуб Алланың рақымына сенімін жоғалтпайды. Оның көмек сұрап жалбарынғанынан кейін Жәбірейіл оған «аяғыңмен жерді теп» деп бұйрық береді, ол тепкен жерден бұлақ суы атқылайды да, Айубтың жарасын жазып, шөлін қандырады.

Фольклор мен әдебиетте Айуб сабырлылық пен төзімділік, шыдамдылықтың символы ретінде қастерленеді.

Айша—Мұхаммед пайғамбардың сүйікті әйелдерінің бірі, Расул Алланың тілеулес досы және бірінші халифа Әбубәкірдің қызы.

* (а.с.)—аләһиссалам /а/—оны Алла жарылқасын деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Мұхаммедтен (с.а.с.) өзге пайғамбарлардың атына жалғаса айтылып жазылады.

Кейбір ислам зерттеушілерінің дерегі бойынша, Айша хазірет Мұхаммедке (с.а.с.) қосылғанда он жаста болған. Пайғамбар мен Айша хазірет сегіз жыл отасады. Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін Айша саяси қозғалыстарға белсене қатысады. Халифат билігі үшін болған соғыстарда Айшаның үлкен ерлік көрсеткені тарихтан белгілі.

656 жылы Айша Пайғамбардың жақын достарының бірі Талх өз-Зубайрамен жақтасып, бір кезде өзін өкпелеткен қайнысы, әрі күйеу баласы Әлиге қарсы соғысады. Бұл шайқаста Әли Арыслан жеңеді де, халифа боп сайланады. Айша бастаған әскер түйеге мінгендіктен, бұл соғыс — «түйелілер шайқасы» деген атпен тарихқа енді.

Айша өте ақылды, өжет, әрі аса беделді дін қайраткері болды. Кейбір деректер бойынша, Айша Мұхаммед пайғамбардан қалған мың екі жүздей хадисті әңгімелеп, қағаз бетіне түсірткен.

Әбубәкір — Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халифа. Ол құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (с.а.с.) исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып жаңа дінді қабылдаған.

Әбубәкір — Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серіктерінің бірі. Оған адалдығы үшін Сыдық деген атау берілді. Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу бауласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, тақлып қалатын болыпты-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке

ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шәһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Біләл — эфиоптық зәңгі тайпаларынан шыққан тұңғыш мұсылмандардың бірі. Ол — Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар ислам дінін уағыздаған кезде жаңа дінді алғаш қабылдағандардың бірі. Мұсылман халықтары Біләлді дін жолындағы тақуа және алғашқы азаншы — муазин ретінде таниды.

Жәбірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын жеткізуші. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (с.а.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және оның ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зәкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жәмшид — Ежелгі Иранның есімі аңызға айналған патшасы. Аңыз бойынша, 700 жыл билік еткен Жәмшид шарап ішкен ыдысынан немесе сиқырлы шам арқылы бүкіл дүние тіршілігін көріп отыратын болған.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердоуси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы

тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Иса — Иса Мәсіхтің (Иусус) есімі христиан дініндегі сияқты исламда да ілтипатпен еске алынады. Құран Кәрімде Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәриям хазіретке арналған сүре бар. Алайда ислам қағидасы бойынша, Иса (а.с.) — бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шариғат зерттеушілері Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілеген хақшыл пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Қанбар — діни дастандарда есімі жиі кездесетін, Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының бірі. Кейбір фольклорлық шығармаларда, мысалы, «Қисса Салсал» дастанында Қанбар хазіа реті Әли ибн Әбутәліптің атын баптаушы ретінде бейнеленген.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым] — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570*-жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Өмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң нағашы атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң нағашы ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи** рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түсті. Мұхаммед 610-жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Наушаруан — Иран шаһы Хосрой I Анушаруан [531-579].

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі

* Кейбір деректерде Мұхаммед пайғамбардың туған жылы 571-жыл деп көрсетіліп жүр. Зерттеушілер әлі бір пікірге келмегендіктен, біз қалыптасқан пікірді ұстандық.

** Уахи /а/ — Мұхаммедке Жәбірейіл арқылы келген Алланың бұйрығы, жарлығы

кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Омар — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік құқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шарифат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты.

638-жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмында намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифасы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Оспан — араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға «Зун Нурайн» (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Рүстем Дастан — Ежелгі Иран аңыздарының әйгілі бае тыры, «Шаһнама» эпопеясының бас қаһарманы. Ол шығыс халықтарында қаһармандық үлгісі ретінде дәріптеледі.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап,

Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Фатима, Патима (635 ж. қайтыс болған) — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасен мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулетінің ықпалы күшеюіне байланысты туып қалыптасса керек. Фатима — шииттердің діни хикаяларының ең басты қаһармандарының бірі.

Хасан, Хасен — Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туған, Әли ибн Әбутәлибтің баласы, шииттердің екінші имамы. Әли 661-жылы қаза тапқаннан кейін Хасен Иракта халифа болып жарияланды. Әкесімен бірге, басқа бауырлары секілді ол да ислам болашағының беріктігі үшін күрескен тарихи тұлға. Ислам елдері, әсіресе шииттер аса қадірлейтін дін қайраткері. Олар Хұсайын сияқты Хасенді де «ұлы азап шегуші» деп санады. Хасен ибн Әли 669-жылы Мәдинеде қайтыс болды. Кейбір аңыз-деректерге қарағанда, оған қарсыласы халифа Мағауия адамдары қастандық жасап, у берген.

Хұсайын — Мұхаммедтің қызы Фатимадан туған Әли ибн Әбутәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Діни әңгімелерде Хұсайынның есімі Хасенмен бірге аталады. 669-жылы Хасен өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеу ді.

Алайда 680-жылы халифа Мағауия қайтыс болғаннан соң Иракта үмийалықтарға қарсылық күшейеді. Осы кезде куфалық халифа Йазидтың белсенділігі де арта түсті. Оның адамдары Хұсайынның немере інісі Мүслімді дарға асып өлтіреді. Куфаға келе жатқан Хұсайын қайғылы хабарды естісе де, сапарын жалғастыра береді. Оның Кербала шөлінде ат суытқанын білген Йазид Хұсайынға қарсы төрт мың әскерін қарсы аттандырады. 680-жылдың 10-қазанында күші басым жаумен ерлікпен айқасқан Хұсайын жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хұсайын қайтыс болғаннан кейін Кербала шииттер табынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін барша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

Шаддад — оңтүстік араб елдерінің жартылай аңыздық, жартылай тарихи билеушісі. Құран хикаяларының бірінде айтылғандай, ол жер бетінде жұмақ орнату мақсатын көздеп, Ирамбақ деп аталатын керемет бау-бақшалар мен сарайлар салғызды. Құдіреті күшті Алла оны қиратты, себебі, жер бетінде жұмақ болмайды, жұмақ Алланың иелігінде ғана. Шығыс халықтарының фольклоры мен әдебиетінде Ирамбағы ғажайып бақтың символы ретінде айтылады.

Шаһариарлар — [*шаһар* /п/ — төрт, *һар* /т/ — жар, серік] — тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті хал лифа — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын беріліген сенімді серігі, жолдасы болды және ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

Ыбраһым — пайғамбар, Құран кейіпкері, Құдай жолын алғаш уағыздаушы, арабтар мен еврейлердің ортақ атадсы, Інжілдегі Авраам. Ең көп тараған аты — Халил Алла (Алланың досы). Ол жастайынан-ақ өзінің тайпаластары мен әкесі Азар табынған пұтқа сенудің мағынасыздығын түсінеді. Ыбраһым әуелі күнге, айға, жұлдызға сенеді, содан соң бір Аллаға деген сезімі оянады. Ыбраһым өзінің сезімін әкесіне және халқына түсіндіре алмайды; сонан соң қасиетті орындарға кіріп, бірнеше пұтты зақымдайды да, келгендерге мұны ең басты пұт жасады дейді. Олардың өз сөзіне сеніме сіздігін пұтқа сенімдерінің жалғандығынан деп түсіндіреді, бірақ оның уағызын олар түсінбейді. Ыбраһымды патшалаурына алып барады, ол оны өртеп жіберуге бұйырады. Алайда Алла Тағала өзінің пайғамбарын оған сенген Лұтпен бірге құтқарып қалып, Палестинаға апарып орналастырады. Бірүде Ыбраһымға Лұт орныққан қаланың опасыз тұрғындарын жазалауға бара жатқан періштелер келеді. Олар Ыбраһымға өзінің және әйелінің қартайғанына қарамастан ұлды болатынын болжайды. Ол бала Ысқақ болатын... Бірде оған түсінде Алла Тағала өз ұлын құрбандыққа шалу жөнінде аян береді.

Ыбраһым да, ұлы да бұған әзір еді, бірақ Алла олардың сынұнан өткендерін ескеріп, құрбандыққа шалу үшін көк қошқар береді...

Ыбраһым Алладан өлімге жан бітіретін қасиетін көрсетуді сұрайды. Оған төрт құстың қалдығын төрт тауға апарып қою тапсырылады. Алла Тағала шақырғанда әлгі төрт құсқа жан бітіп, ұшып келеді. Алла Тағала Ыбраһымды әр кез жебеп-жед леп отырады, оған бірнеше пайғамбар шыққан ұрпақ сыйлайды.

Ыбраһым есімімен Қағбаға тәжім ету ғана емес, қажылықтың барлық рәсімі байланысты.

Ыдырыс — Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлардың бірі. Ол туралы «Мәриям» сүресінде (56-аят) және «Әнбие» сүресінде (85-аят) екі мәрте сөз болған. Бурханидин Рағбузидің «Қиссасул әнбиесінде» [XIV ғ.] Ыдырыс пайғамбар жайында қызықты хикаялар берілген. Сондай-ақ пайғамбарлар өмірі туралы баяндайтын басқа да діни кітаптарда ол туралы мәліметтер айтылады.

Ысқақ — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Інжілдегі Исаак. Құранда Ыбраһымға Алланың рақымы түсіп, қартайған шағында оның дінге берік, кіршіксіз өмірі үшін ұл сыйлағандығы айтылады. Ұлының дүниеге келетінін қарапайым жолаушылар болып келіп, оның қонақжай дастарқанынан дәм татқан періштелер хабарлайды.

Ысмайыл — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Інжілдегі Исмаил. Ол Алланың әмірімен әкесі Ыбраһым екеуі тасқын қиратқан Қағбаны қалпына келтіреді.

Аңыздарда Ысмайылды Ыбраһымның күңі Ажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы айтылады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ыбраһым Ажар мен Ысмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды шөл далаға тастап кетеді. Бала қатты шөлдеген соң шешесі су іздеп ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығады, оған құдықты, көгалды жер алыстан сағым боп көрінеді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның әмірімен Ысмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті Зәмзәм бұлағы атқылайды.

Ібіліс— діни ұғымда көктен қуылып, адамдарды Алланың ақ жолынан тайдыратын, күнәға ұшырататын перінің есімі. Ібілісті басқаша — шайтан, «Алланың жауы» немесе жай ғана «дұшпан» деп атайды.

Құран Кәрім бойынша Ібіліс Алланың тілін алмаған, Адам атаның алдында тізе бүгуден бас тартып, «мен одан артықпын; сен мені оттан, оны топырақтан жаратқансың» деп қарсы шыққан. Міне, осы әрекеті үшін ол көктен қуылып, тозақ отын на түсуге ұйғарылды. Алайда, Ібіліс Алладан жазасын қиямет қайымға дейін кешіктіруін жалбарынып сұрады және ол өзіне іштей Аллаға жерде қастық істеуге және адамдарды теріс жолға азғыруға уәде берді.

Ражим — «таспен атқыланған» (күнәлі немесе ақ жола дан тайған)— Құранда жиі кездесетін Ібіліске байланысты қолданылатын эпитет.

СӨЗДІК*

Абда /а/ — жабайы; тағы; **абдалық** — жабайылық; тағылық

Азан /а/ — мұсылмандарды намазға шақыру

Ақшам — іңір, апақ-сапақ кез; күн батып, ымырт түскен кезде оқылатын намаз

Ақырет, ахирет, ахират /а/ — о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы; діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық болады. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн.

Алла акбар, Аллаһу акбар /а/ — Алла ең ұлы!

Апу, гапу /а/ — өтіну, кешірім сұрау

Асан /а/ — жеңіл

Ассаламуаләйкум /а/ — сізге амандық тілеймін

Астахари /а/ — таң намазының уақыты

Асхаб, сахаба, асхабина /а/ — серіктер, жолдастар. Мұхаммед пайғамбармен бірге ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға ат салысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтуы бойынша жазылып алынған.

Ахун /п/ — діни ұстаз, жетекші; ислам діні қызметкерлерінің лауазымы, мүфтиден кейінгі діни атақ; білімді, сауатты адам

Әзел /а/ — мәңгілік, бақилық; әуелде, баяғыда, бұрыннан

Әзиз, газиз /а/ — ардақты, қымбат, қымбатты; аяулы

Әслә /а/ — мүлде, еш

* Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Әфсүн /а/ — дуа, сиқыр, арбау

Бағ нығмат — Құран Кәрімде айтылатын бір жаннаттың аты

Бағыр /т/ — бауыр. Көне және орта ғасырдағы түркі әдебиеті мен фольклорында «бағырым езілді», «бағырым пара болды» және тағы басқа сол сияқты сөз тіркестері қайғылы, қасіретті жағдайды білдіреді.

Бамдат, намдат /п/ — таңғы уақыт; таң намазы

Батин /а/ — ішкі, жасырын, құпия; Әл-Батин — Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Батин-заһир /а/ — ішкі-сыртқы; айқын және жасырын

Бахис /а/ — зерттеуші, ғалым

Бахузур /п.а/ — дайындалған, әзірленген

Баһадүр /т/ — батыр, балуан

Башаршады /т/ — жеңе алмады

Бәдән /а/ — дене

Бәдбахт /п/ — бақытсыз

Бәрәк Алла /а/ — бәрекелді; Алланың жақсылығы, нұры түссін

Бек /т/ — өте

Бисмилла /а/ — Алланың атымен. Мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды

Бұл /т/ — қирау, бүліну

Бірлән, білән, илән /т/ — мен, пен, бен, менен, бенен (көмектес септігінің жалғауы)

Губерне /о/ — губерния

Ғадалат /а/ — әділет, адалдық, турашылдық

Ғазат, ғазуат /а/ — дін соғысы, қасиетті соғыс

Ғайып ерен қырық шілтен — [шілтен /п/ — қырық дене] — мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін кил елі бейне. Кейбір аңыздар бойынша, ғайыптан пайда болатын шілтендер құс бейнесінде көрінуі де мүмкін. Олар әдетте алыс сапарда жүрген, арып-ашып жолынан адасқан жолаушыларға жәрдемдеседі.

Ғамкін /п/ — көңілсіз, жабырқау, қайғылы, дертті

Ғарасат /а/ — ғарасат майданы, сот алаңы. О дүниеде адамдарды жазалайтын күні жиналатын орын

Ғасы, асы /а/ — күнәһар, күнәлі; шарифатқа қайшы істер жасаған кісі

Ғаяр /п/ — аяр, мекер, алдамшы

Дамолла /а/ — дін ағартушысы, мұғалім

Дирхем — араб елдерінің орта ғасырдағы көне ақшасы

Ерді /т/ — еді

Есім Ағзам /а/ — Ұлы есім; Алла Тағаланың 99 есімін түгел атап, өз қалауын тілейтін дұға

Жағыпар /а/ — құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жад қылу /п/ — жадына алу, еске түсіру

Жақ /т/ — садақ

Жаллад, жәллад /а/ — жендет, бас алғыш

Жаппар /а/ — ұлы, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жаппар Халық /а/ — құдіретті жаратушы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жапы /а/ — дөрекі, тұрпайы; қатігез; әділетсіз; тұрақсыз

Жаһан /п/ — өлем, дүние

Жаһаннам /а/ — дүние салғаннан кейін күнәға батқандар баратын жер. Жаһаннамға түскен күнәһарлар отқа жанады. Олар Заққұм ағашының улы жемісін қорек етеді. Жаһаннамды күзететін періштелердің басшысы — Мәлік. Аллаға сенімсіздік білдіріп, оған құлшылық етпегендер жаһаннам отында мәңгі жанады.

Жаһил /а/ — надан

Жәду /а/ — жәдігөй, сиқыршы; залым, сұрқия

Жұда — құр алақан, жұрдай, мақұрым

Жұма /а/ — мұсылмандардың ұғымы бойынша, күндердің ішіндегі ең ұлық күн. Бұл күні Адам ата жаралған, Құран түскен т.б.; мұсылмандардың демалыс күні. Бұл күні барлық мұсылмандар жұма намазы мен хұтпа тыңдау үшін мешітке жиналуы тиіс.

Жұмадул ахир /а/ — мұсылман күнтізбесі бойынша 6-шы ай аты

Жұмла, жұмлә /а/ — бөрі, барлығы, түгел

Жұфұт /п/ — жұп, зайып, қосақ, жұбай

Жүһүд — жөйіт, яхуди, еврей; Мұса пайғамбардың үмбеті

Зарар /а/ — зала, кесір

Зарпы /а/ — соққы; қайғы

Заһар /а/ — у, зәр

Зәңгі—зор, үлкен; қара түсті адам; дастандық шығармаларда жиі кездесетін қаһарманға қарсы тұратын сүйкімсіз кейіпкерлер зәңгі аталады.

Зина /а/ — нәпсіқұмарлық; тұрақсыздық, бұзықтық; неке бұзушылық

Зинат /а/ — әшекей

Зипа /а/ — сұлу

Зұлпықар /а/ — сермегенде жетпіс құлаш жерге жетеді деп суреттелетін Әли Арысланның қылышы

Зікір /а/ — еске алу, есте сақтау; ауызбен айту, баян ету; белгі; уағыз, насихат. Көбінесе Алла Тағаланы еске алып, жалбарыну мағынасында. Зікір жүректен (көңіл), сөзбен және дене қимылы арқылы, яғни үш түрлі жолмен орындалады.

Имам /а/ — діни жетекші, мұсылман қауымының басшысы; мешітті басқаратын және намаз оқығанда алда тұратын дін басшысы

Инна фатахна /а/ — шындығында біз аштық [«Фатх» сүресі, 1-аят].

Йасин — Құран Кәрімнің 36-сүресі. Бұл қасиеті зор сүрені ауру-сырқау, бөле-жаладан қорғану үшін, сондай-ақ жан тапсырғалы жатқан мұсылманның иманын үйіргенде оқиды. Пайғамбар бұл сүрені «Құранның жүрегі» деп санаған.

Йаумул жаза /а/ — жаза күні

Кәлам, кәлима /а/ — сөз, әңгіме

Кәміл /а/ — толық, бүтін

Кәнизак /а/ — қызметші

Кәпір, кәуір /а/ — Құран Кәрімде яһуди [жүһүдтер] мен христиандар жазба жұрты, кітап иелері [аһлул кітаб] деп аталған, ал көпқұдайшылдар, яғни түрлі пұтқа — қолдан жасалған мүсіндерге, я отқа, тасқа, тауға, суға т.с.с. басқа да жаратылыстарға табынып құлшылық етушілер, шындықты мойындамағандар көпір делінген. Соңғы дәуірлерде ислам дінін ұстанушылар бүкіл мұсылман еместерді көпір деп атаған.

Кәр /а/ — күш, қаһар, қуат

Кеп /п/ — сөз; ірі әңгіме; хикая; оқиға; бір нәрсенің сыры, мәні; бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі

Керкүдән /т/ — жүйрік жылқы

Күнәһ — күнә

Күрсі /а/ — орын, орындық, тақ

Қадиса /а/ — сыр; жағдай; кездейсоқ болған оқиға

Қадір /а/ — құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қар /п.,т./ — жамандық, аярлық

Қасам /а/ — ант, серт

Қирағат /а/ — оқу; Құранды мәнерлеп оқу

Құбыла /а/ — мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы. Алғашында Мұхаммед пен оның серіктері беттерін шығысқа, Иерусалимге қарай бұратын; кейіннен хижраның екінші жылы қасиетті Қабаны белгілейді.

Құяш, күнәш /т/ — күн

Лагин /а/ — малғұн, лағынет; Алла Тағаланың рақымынан мақұрым болған

Лат, Манат /а/ — ислам дінін қабылдағанға дейін арабтардың табынған ана құдайларының есімі.

Лаухул Махфуз, Лаухул Қалам — [лаух /а/ — тақта; махфуз /а/ — сақталған, жадында ұсталған] — сақтаулы тақта. Діни ұғым бойынша, әр адамның тағдыры күні бұрын жазылып қояды. Сол жазу тақтасы Лаухул Махфуз, Лаухул Қалам деп аталады.

Ләшкер /т/ — әскер

Мағлұм /а/ — белгілі, анық, мәлім

Мажал /а/ — мүмкіндік; әл-қуат, дәрмен

Мақлил /а/ — рұқсат етілген

Манзил /а/ — үй

Маниқа /а/ — таңдаулы; таңдамалы; іріктеп алынған

Мат болу — жеңілу

Махшар /а/ — діни ұғым бойынша, дүние салған адамның күнәсі анықталатын кезең; ақырет

Машғұл /а/ — бір іспен айналысушы, шұғылданушы

Мәсжід /а/ — мешіт

Мұгада, мұддаға /а/ — мүдде, мақсат, ой

Мұрсал /а/ — елші, уәкіл жіберілген

Мұртаза /а/ — мәмілегер; төртінші халифа хазірет Әлидің әпитеті

Мұстафа /а/ — таңдаулы; Мұхаммед пайғамбарға берілген есім

Мұбада /п/ — егер, алда-жалда

Мұбәрак /а/ — берекелі, құтты, сәтті.

Мүмін /а/ — мұсылман

Мінәсіп /а/ — лайықты, жарасымды

Мінжам /а/ — жұлдызшы; астролог

Міскін /а/ — бейшара, мүсәпір

Набуд /п/ — жоқ болып кеткен, жойылған; жою

Назым /а/ — өлең; поэзия; шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі

Намаздігер — күн еңкейіп, ұясына кіруге таянған уақыт

Нар /а/ — от, жалын

Насыр /а/ — қара сөз, проза

Наһан /п/ — алып балық; кит

Наһи /а/ — тыйым

Нәби /а/ — пайғамбар

Некаһ /а/ — некелеу, неке қию

Ниһаят /а/ — шек, шекара

Округ /о/ — аймақ

Ошал /т/ — осы

Памылнай /о/ — атақты, белгілі

Параход /о/ — — параход, кеме

Пәни /п/ — жалған; бұ дүние

Пәруай /п/ — сана, сезім, ес, қапер; *пәруайсыз* — қамсыз, қаперсіз

Пәруардигар /п/ — Жаратушы, Жасаған, құдіретті Құдай

Поп /о/ — поп

Ракағат /а/ — намаз шарттарының бірі; иілу, еңкею

Расул /а/ — елші

Рахмат /а/ — жақсылық, мейірім

Рузе /п/ — ораза

Салауат /а/ — дұға; мінәжат, жалбарыну; Мұхаммед пайғамбарды мадақтау

Сәна /а/ — мақтау, алғыс; қайғы, қасірет

Сәруар /п/ — басшы, жетекші, қожайын

Сұбхан /а/ — жасаған, күшті, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Сыдық /а/ — шыншыл, шындықты айтушы. Бірінші халифа хазірет Әбубәкірдің теңеуі

Тақыт /а/ — ою өрнектеліп безендірілген арқасы және жақтауы бар мүлік (қазіргі диван тектес); патшалар отыратын орын, тақ.

Тахсил /а/ — табу, алу

Таһарат /а/ — дәрет алу, тазалану. Құран Кәрімді оқырда, намазға жығылар алдында жасалынатын бірден-бір шарт — тазалану, яғни дәрет алу. Сумен үсті-басты, денені ғана жуып қоймай, рухани ойды тазалау. Әдеппен, толық құрметпен аңсарды тазалыққа аудару, яғни Алланы ойлау. Біле тұра немесе білместікпен істелінген күнәлар үшін Алладан кешірім сұрау, жарылқау тілеу.

Тәкбір /а/ — ұлғайту, асқақтату; «Аллаһу акбар» сөзін айту, Алланы дәріптеу

Тәңір /т/ — Құдай

Тәсбих, тәсбі /а/ — 33 моншақ тастан тұратын тізбек. Тәсбі тарту — моншақ тастарды тере отырып 34 рет «Аллаһу Акбар», 33 рет «Сұбхан Алла», 33 рет «Әлхамдулилла» деп Алла Тағаланы мадақтап сиыну. Бұл ерекше көркем сөздерді Мұхаммед пайғамбарымыз қызы Фатима анамызға үйреткен; кейіннен мұсылман әлемінде нұр сәулелі Фатиманың тәсбісі деп аталып, әр намаз сайын айтылатын болған.

Тұғры /т/ — тура

Уахи /а/ — сендіру, сырашу; Мұхаммедке Жәбірейіл арқылы келген Алланың бұйрығы, жарлығы

Уәли /а/ — басқарушы

Ұстат /а/ — ұстаз, ақылшы

Үмбет /а/ — ел, қауым, жамағат; Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар

Үшбу /т/ — осы, бұл

Фазыл /а/ — артық, артықшылық

Фатиха /а/ — беташар, кіріспе; Құран Кәрімнің 1-сүресі; мәтіндерде бата мағынасында қолданылады

Хабиб /а/ — сүйікті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хазірет /а/ — жоғары мәртебелі. Пайғамбарлардың, имамдардың, белгілі әулиелердің есіміне қосылып айтылатын құрметті атақ.

Хақ, Ақ /а/ — шын, шындық, күмәнсіз ақиқат; нағыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хақ Тағала [Тағала /а/ — бөрінен жоғары, ұлық] — ең жоғары мәртебелі, Ұлық Алла; Алланың 99 есімінің бірі

Халас /а/ — құтылу, арылу, азат болу

Халел /а/ — сүйікті, аяулы

Хамду /а/ — мадақ, мадақтау, дәріптеу; шүкіршілік

Харап, хараб /а/ — бұзылу, қирау, жойылу; бұзу, қирату

Хаслап — әдейілеп, арнайы

Хатым /а/ — бітіру, аяқтау; соңғы; *хатым* Құран — Құранды бастан-аяқ оқу

Хошуақ, хошуақыт /п/ — хош көңіл, көңілді, бақытты

Хусусан /а/ — әсіресе

Һәлак /а/ — өлім; құрып біту, өлу; өлтіру, құрту

Һәмма, әмма /п/ — бәрі, барлық; сонан соң

Число /о/ — уақыт, күн; сан

Шариғ /а/ — діни заңдар

Шариғат /а/ — заң; исламның негізгі заңдар жинағы

Шариф, шәріп /а/ — текті, қасиетті; Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың немересі Хасеннен тараған ұрпақтарына берілген құрметті атақ.

Шаһарат /а/ — даңқ, атақ

Шаһариар /п/ — төрт жар; төрт серік

Шаһбаз /п/ — сұңқар, қыран

Шаһид /а/ — ислам діні жолында қасиетті соғыстарда қаза болған адамдарды шаһид, яғни шейіт деп атайды

Шаһизада — патшалар мен шаһтардың, имамдар мен халифалардың мұрагер ұлдарын осылай атаған

Шаһимардан /п/ — батырлардың патшасы

Шаяд /п/ — өтірікші, алдаушы, бұзық

Шәрманда /п/ — ар-ұятты; арлы; нысапты

Шәк-шүбһә /а/ — шүбә, күмән; дінге сенбеушілік

Шер, шері /п/ — арыстан

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Бұхар (санскритше *вихара* — монастырь) — б. з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазірде Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Жалытұр (Ялутрасский) — бұрынғы патшалық Ресейдің губерниясы.

Ерамбағы, Ирамбақ — шығыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында кереметтей, ғажайып бақтың бейнесін осы атан умен беру қалыптасқан. Аңыз бойынша, Ирамбақ — оңтүстік Арабия әмірі Шаддадтың жер үстінде жұмақ орнату райынан туған мәуелі бақ.

Қап тауы — Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжүж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Шығыс халықтарында Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Мәдине — арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622-жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдине оның алғашқы астанасы болды.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас меепіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630-жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Науадир — аңыздарда кездесетін жер аты.

Сейілзамин — бүгінгі түркімен жерін айтып отырған болуы мүмкін. Сейіл — шежіре бойынша, түркімендердің арғы атасы. Замин — парсыша жер деген сөз.

Тобыл, Түмен, Омбы — Ресейдегі қала аттары.

Хауарзамин — қазіргі Хорезм өлкесі болса керек.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Жұмашұлы Мәулекей — XIX ғасырдың екінші жартысынр да өмір сүрген қиссашыл ақындардың бірі. Башқұртстанның Уфа облысының Есенғұл аулында 1834 жылы дүниеге келген. Жайық бойындағы Ішкі Бөкей ордасында қазақ ауылдарында бала оқытып, ағартушылық жұмыстарын жүргізген. Ел арасынан қисса-дастандарды жинап, өңдеп, редакциялап, Қазан қаласында жариялаған. Солардың ішінде — «Қисса жұмжұма», «Дариға қыз», «Қисса Салсал», «Қисса Сейітбаттал» т.б.

Бағдатұлы Қыпшақбай — ақын, XIX ғасырдың аяғында Омбы облысы, Москаленко ауданында өмір сүрген. Ақынның шығармалары ОҒК-ның және ӘӨИ-дің қолжазба қорларында сақтаулы. «Мың бір түн» оқиғалары негізінде жырланған «Қаһира-Таймұс» қиссасын Шорман молдадан үйренген. Сондай-ақ «Жүз қоян» атты хикаялық дастаны бар. «Сейітбаттал», «Өзірет Әлидің соғысы» сияқты діни дастандарды жырлаған.

Қыпшақбайдың мұрасын жинаушылар — Омаров Төшен, Бейсенов Әмір, Аянұлы Тоқмағамбет.

Білтебайұлы Шорман — XIX ғасырда Омбы өңірінде өмір сүрген ақын; араб, парсы тілдерін меңгерген, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, насихаттаушы. Ол қазақ қолжазбаларын 1880 жылдардан бастап жинаған. Білтебайдың әкесі Жантұын да ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған. Шорман ұлдары Арын мен Жүсіп әкесінің ісін жалғастырған. Соның арқасында Шорман молданың мұрасы бізге жетіп отыр. 1958 жылы Ғ.Мұсабаев, 1960 жылы Омбы экспедиция мүшелері (басқарған Т.Сыдықов) Шорман жинаған ауыз әдебиеті үлгілерін ӘӨИ-дің Қолжазба қорына тапсырған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі, көне түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Қисса Салсал. — Қазан, 1909.
2. Өзірет Әлидің соғысы. — ӨӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы: Ш.128., араб әрпінде. Жырлаушысы—Бағдатұлы Қыпшақбай.
3. Қисса Әбушахма. — Микрофильм №116, 9 кадр. Микрокөшірме Татарстанның Орталық Мемлекеттік мұрағатынан [ЦГА] алынған.
4. Хикая Әбушаһыма. ӨӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы: Ш.871/б, 2-дәп., араб әрпінде.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

5. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. — Мәдине, 1991.
6. Азибаева Б. У. Казахский дастанный эпос. — Алматы, 1998.
7. Беляев Е. А. Арабы, Ислам и Арабский халифат в раннее средневековье. — Москва, 1966.
8. Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы (Ежелгі дәуірден 1917 жылға дейін). — Алматы: Санат, 1999.
9. Гордон С. Ханаанская мифология // Мифология древнего мира. — Москва: Наука, 1977.
10. Қасқабасов С. А. Миф пен әпсананың тарихилығы // Қазақ фольклорының тарихилығы. — Алматы: Ғылым, 1993.

11. *Массэ А.* Ислам. Очерк истории. Перевод с французского. — Москва, 1963.
12. *Мұқанов С.* Халық мұрасы. — Алматы: Қазақстан, 1974.
13. *Мұхаммед Хейкал.* Хайатул Мұхаммад. — Қайыр, 1947. (қазақ тіліндегі аудармасы).
14. Соңғы Пайғамбар хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны (қазақ тіліндегі аудармасы). — Анкара, 1997.
15. Ислам: Энциклопедия. Бас ред. *Р. Н. Нұрғалиев.* — Алматы: ҚЭ, 1995.
16. Ислам. Краткий справочник. — Москва, 1983.
17. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 4-том. — Алматы, 1985. — 196 б.
18. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов.* — Москва, 1968.
19. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
20. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10-том. — Алматы: Ғылым, 1974-1986.
21. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — Москва, 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова Министерства Образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию томов стотомной серии «Бабалар сөзі», выполняемой в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Пятнадцатый том серии «Бабалар сөзі», также как и предыдущие десятый, одиннадцатый, двенадцатый, тринадцатый и четырнадцатый том, посвящен дастанам религиозного содержания, это — объемный, в 6321 строк «Қисса Салсал» и «Әзірет Өлидің соғысы» (1706 строк), а также небольшие по объему «Қисса Әбушахма» и «Хикая Әбушаһыма».

«Қисса Салсал» широко известен в народе, впервые будучи опубликован в 1879 г., он неоднократно переиздавался [все публикации на арабской графике]. Всего до 1917 г. он издавался девять раз. Причем общий тираж четырех изданий его составил 23 200 экземпляров.

Содержание дастана традиционно составляют войны мусульман с идолопоклонниками. В соответствии с дастанной поэтикой в «Қисса Салсал» широко используются архаические сказочно-эпические мотивы и сюжеты, общие для народов Востока и Запада, мусульманско-кораническая мифология, художественный вымысел светского и фольклорного содержания.

Из широко известных мифологических, сказочно-эпических мотивов в дастане мы наблюдаем: бой героя с айдаһаром, мотивы превращения людей в разных животных и др. объекты окружающего мира, мотив перекрестка четырех дорог, из которых одна обязательно — «пойдешь — не вернешься», сюжеты о неведомых животных, обладающих сверхъестественными способностями и т.д.

Исходя из содержания, топонимики и системы образов дастана можно предположить, что в «Қисса Салсал», по всей видимости, отражены реальные события VII-VIII веков, когда арабы-мусульмане завоевывали Среднюю Азию.

Дастан «Әзірет Әлидің соғысы» подготовлен с рукописи, хранящейся в рукописном фонде (Ш.128) Института литературы и искусства им.М.О.Ауэзова МОН РК.

Завязка действия здесь чисто новеллистического характера, а главный персонаж праведный халиф Али — герой скорее сказочно-эпический, чем религиозный. В целом, этот дастан также насыщен сказочно-фантастическими мотивами и сюжетами.

«Әзірет Әлидің соғысы» был записан в конце XIX в. в окрестностях Омска от акына и сказителя Багдатулы Кыпшакбая, который в свою очередь перенял его от Шормана Билтебайулы, акына, знатока и собирателя фольклорных образцов. Рукопись плохой сохранности, края обветшалые, читается с трудом.

Сюжетную основу дастанов — «Қисса Әбушахма» и «Хикая Әбушаһыма» составляет новеллистический по сути и трагический одновременно [с точки зрения морали] эпизод из жизни сына халифа Омара.

Главная тема их — борьба с нарушителями исламских заповедей: не греши, не насильничай. Нарушителя ждет суровая кара. Он должен быть наказан по всей строгости закона, даже если он сын самого халифа.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Тексты дастанов, вошедших в данный том, подготовлены для печати адекватно первоисточникам.

Объем тома — 21,5 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparing and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural legacy»).

Fifteenth volume of the series «Babalar sozi» like the previous tenth, eleventh, thirteenth and fourteenth volumes is also dedicated to religious dastans. This is a big work, including 6321 lines «Kissa Salsal», «Aziret Alidin sogysi» (1706 lines) and small volume «Kissa Abushahma» and «Hikaya Abushahima».

«Kissa Salsal», is widely spread in people, was first published in 1879 later re-published several times. (All publications in Arabic script). All together before 1917 it was published nine times and total circulation was 23200 copies.

The traditional content of the dastan included wars between Moslem and idolaters. According to the dastan poesy, «Kissa Salsal» includes the archaic fabulous-epic motives and plots common for the peoples of East and West, Moslem-Koran mythology, artistic fantasy of society and folklore content.

The widely known mythological, fabulous-epic motives in the dastan include the following; battle between the hero and aidahar, motives of transformation of people into various animals and other objects of the environment, motive of crossroad of four roads, one of which is- «if you go there, you never return back», plots about unknown animals who have supernatural abilities etc.

According to the content, place-names and system of dastan types, it can be supposed that «Kissa Salsal» reflects real events of the VII-VIII centuries, when Arabs Moslems conquered Central Asia.

Dastan «Aziret Alidin sogisi» was prepared based on the manuscript that is kept at the manuscript foundation (S.128) of the M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education and Science, Republic of Kazakhstan.

The plot has novel character and the main personage righteous Khalif Ali is considered to be a fabulous-epic hero rather than religious. In general this dastan is also full of fabulous-fantastic motives and plots.

«Aziret Alidin sogisi» was recorded in the end of XIX century near Omsk town from the akyn and narrator Bagdatuly Kipshakbai who in his turn learnt it from Shorman Biltebaiuly - the akyn and who knew folklore samples very well and collected them. The manuscript is in a bad shape and is hardly readable.

Plot of the dastan- «Kissa Abushahma» and «Hikia Abushahima» is based on the life episode of the son of Khalif Omar, that has novel character and is at the same time tragic (as for moral aspect).

Multi volumes collection «Babalar sozy» — is a scientific edition. The published texts are presented in the original, adequate versions, i.e. any interpretation of the text is excluded.

The volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

All dastans published in this volume are prepared adequately to the original.

The volume consists of 21,5 printed pages.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
-------------------------	---

Мәтіндер

Қисса Салсал	9
Әзірет Әлидің соғысы	209
Қисса Әбушахма	264
Хикая Әбушаһыма	279

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	293
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	311
Сөздік	322
Жер-су атаулары	330
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы hәм жинаушылар туралы мәлімет	332
Шартты қысқартулар	333
Пайдаланылған әдебиеттер	334
Резюме	336
Summary	338

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

15 том

РЕЛИГИОЗНО-НРАВСТВЕННЫЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*
Редакторы *Ұ. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *Ж. Салтақова*
Компьютерде беттеген *М. Ноғайбаева*

Дизайнын өзірлеген «Баур» баспасы

ИБ № 1968

Теруге 04.07.05 жіберілді. Басуға 21.07.05 қол қойылды. Пішіні $60 \times 90^{1/16}$.

Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 21,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №320.

«Фолиант» баспасы

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Регис СТ — Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-619-20-4

